

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті

ӘОЖ 28-9

Қолжазба құқығында

## ШОҚАЙ ЕРКІНБЕК КЕРІМБЕКҰЛЫ

Такфиризм идеологиясы: тарихи қалыптасуы және теологиялық  
аспектилері

6D020600 - Дінтану

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
Филология ғылымдарының докторы,  
профессор Ш.Т. Керім

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
зан және теология ғылымдарының  
докторы, профессор Р.М. Миқати  
(Триполи университеті, Триполи қ., Ливан)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3</b>
<b>1 «ТӘКФИРЛІК» ҰҒЫМЫ: ПАЙДА БОЛУЫ, ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ДІНИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>12</b>
1.1 Тәкфирлік генезисі, діни нормативтік шарттары, тұлғадағы психо-теологиялық категориялары.....	12
1.2 Такфиризм идеологиясының қалыптасуы мен таралуының алғышарттары және ұстанымдары.....	31
1.3 Тарихтағы ислам ғалымдарының күпірлікке айыптаудан сактандыруы және оның критерийлері.....	46
<b>2 «ТӘКФИРЛІК» ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚӨРІНІСТЕРІ.....</b>	<b>65</b>
2.1 Ислам шариатындағы тәкфирлікке қатысты құқықтық нормалардың ерекшеліктері.....	65
2.2 Мәтуриди мектебі: күпірлік – «нас» пен «иҗтиһад» арасындағы діни үкім ретінде.....	93
2.3 Қазақстандағы тәкфирлік құбылысы: тарихы, болмысы, мәзәнабтық-идеологиялық ерекшеліктері мен салдары.....	105
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>127</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБІЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>132</b>
<b>ҚОСЫМША А «Радикализмге қатысты өзекті теологиялық мәселелер» тақырыбында сауалнама .....</b>	<b>145</b>

## KIPIСПЕ

**Зерттеу жұмысына жалпы сипаттама.** Диссертациялық жұмыста ислам дініндегі құпірлік ұғымы, анықтамасы мен мақсаты, тәкфирлік құбылысының мәні мен тегі, діни-психологиялық, идеологиялық және саяси негіздері, тыйымдардың ересиологиялық шегі мен діни танымдық аспектілері, теологиялық, психологиялық және құқықтық қырларының діни тәжірибедегі көріністері заманауи ғылыми, кешенді методологиялық тұрғыдан зерттелді.

**Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Дін – ұлттық болмыстың, мәдениеттің мәні. Осы мән кешегі кеңестік саясат кезінде жоққа шығарылып, ғылыми атеистік идеология негізінде тыйым салынып, діни таным және діни тәжірибе салаларына ноқта кигізілді. Бірақ діни сенім және діни сана антропологиялық имманентті құбылыс болғандықтан да жеке адам проблемасы ретінде өмір сүріп келеді. Міне, осы мәселе саяси тәуелсіз мемлекет ретінде, ашық қоғамдық сатыға өтуіміздің негізінде қайта жандана бастады. Дінге қатысты қоғамдық негізде, мемлекеттік мәндегі біршама институт қайта құрылып, құқықтық тетіктер зайырлылық принципі шеңберінде жұмыс жүргізуге мүмкіндік алды. Демек, кеңестік дәуірде тыйым салынған діни сала егемендік кезеңінде қайта тіршілігін жалғастырып отыр деп тұжырымдауымызға болады. Қазақ халқының діни тәжірибесі мен діни танымдық ұстывны ислам діні арқылы ұлттық, мәдениет және өркениеттік болмысқа айналғандығы белгілі.

Қазіргі танда ислам құбылысына қатысты геосаяси, идеологиялық және аксиологиялық мәндегі орталықтар мен қабаттардың саяси әрі жаһандық ықпалы аса өзекті проблемаларға жол ашып отыр. Бұл проблемалар, әсіресе діни тәжірибесі жағынан дәстүрлі сабактастырып бар, құқықтық аксиологиялық жағынан құндылықтық бағдары да үзілмеген мұсылмандар іншінде талайдан күрделі түйткілге айналғанында байқап отырмыз. Ал кеңестік атеистік идеологияның құрсауынан шыққанына көп болмаған посткеңестік мұсылмандар мемлекеттерінде де исламның саясилануы құбылысы белең алуда. Бұл құбылыс жаһандық исламофобияға да теріс ықпалын тигізіп отыр. Әсіресе Таяу Шығыстағы Даиш арқылы жаһандық терроризм жаппай типтік ахуалға ие болғаны мәлім. Елімізде де исламның саяси, шариғи құқықтық билік платформасына өзеуреп, туған елі мен жерін тәрк етіп, «хижра» жасағандардың саны артқаны белгілі. Бұл – жаһандық тұрақтылық пен бейбітшілікке төнген қатер. Екіншіден, адам санасы, еркі, жауапкершілігі, болмысы, азаматтық «Мені» сияқты антропологиялық қабаттарға да аса қауіпті зардабын тизігіп отыр. Міне, осындай дін атын жамылған түрлі саяси-діни топтар мен ағымдардың теріс пифылының әсерінен азаматтарды қорғау мәселесі саяси, құқықтық, күштік тұрғыдан реттеумен бірге ең алдымен ғылыми таным тақырыбы ретінде жан-жақты зерделеуге де аса мұқтаж.

Диссертациямыздың тақырыбының өзектілігі де осы құбылыстың мәні, ғылыми танымдық негіздері мен ұстанымдары, мақсаты мен салдары, себебі

мен ортасы, тарихы мен кеңістігі, идеялық бастаулары мен үдерістік сабактастыры туралы кешенді зерттеулерді талдау, сараптау қажеттілігінен туындалап отыр.

Кейінгі уақытта дін құбылысына қатысты жағымсыз анықтамалар мен тұжырымдар белен алғып, «діни экстремизм» мен «діни радикализм», «фундаментализм», «діни фанатизм», «діни сепаратизм», «діншілдік пен діндарлық», «такуалық пен күпірлік», «дәстүрлі дін және жаңа діни ағым», «зайырлы мемлекет», «зайырлы адам», «ширк, бидғат, куфр», «дәр әл-ислам мен дәр әл-куфр», «хижрат» және т.б. ұғымдар мен тіркестер арнайы сараптауды керек етегін проблема ретінде қабылданатын болды.

Тарихи және діни тәжірибе тұрғысынан қазақтар – ғасырлар бойы сұнни ханафи мәзhabы мен мәтуриди ақидасының негізінде «хәл ілімі» орталығында өз болмысын исламнан тауып, түркі мұсылмандығы (араб, парсы, түрік қабаттары) тұғырында мына топырақты иемденіп қана қоймай, ислам өркениетіне бастау болған ұлт. Демек, қазақ болмысы өз мәнін ислам діні негізінде анықтайды. Ал бүгінгі сырттан келген діни топтар идеологиясы қазақ болмысына ислам дүниесінің тысында қалған, енді ғана мұсылмандықты қабылдаған ел сияқты белгілі бір жат мұдделерді көздеген сынаржақ түсіндірмелермен селкеу түсіргісі келеді. Бұл үрдіс қазақтың тарихи және діни тәжірибесін, болмысы мен санасын жоққа шығаратын, өте қауіпті диалектикалық дилемма тудырып отыр. Міне, осындай қауіптің алдын алу мақсатында ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 15 қыркүйектегі №124 қаулысымен «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризме қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» қабылданды.

Қазіргі танда діни экстремизм, діни радикализм құбылысы, бір жағынан, діндегі киелі мәтіндерді ғылыми герменевтикалық тұрғыдан емес, идеологиялық, саяси мұдделерге қасақана бұра тартудан туындалап отыр. Мысалы, исламдағы «күпірлік-тәкфир» ұғымының мәнін интерпретациялаудағы жаңсақ тұжырымдар, соның салдарынан туындаған қате пайымдар, «мұсылман тұлғасында» көрініс беріп отырған агрессиялық акциялар мен амалдарға ұласып жатыр. Елімізде де орын алған экстремизм құбылысы – зерттеу тақырыбымыз «такфиризм идеясына» тікелей қатысты болып отыр. Сондықтан «күпірлік» құбылысының алғышарттарын анықтау; қалыптасу тарихы мен себептерін зерделеу; бүгінгі қоғамдағы көріністері мен ерекшеліктерін тану және саралау күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі еkenі жасырын емес. Жалпы, діни танымдық және діни психологиялық тұрғыдан «күпірлік-такфиризм» құбылысы вертикальды және горизонтальды сипатта елімізде бүгінге дейін ғылыми зерттеу объектісі ретінде жеке алынып арнайы қаралмады. Оның өзіндік себептері де жоқ емес.

Сондықтан диссертация тақырыбы өзекті мәселелердің себептері мен салдарын кешенді методологиялық тұрғыда қарастырады. Атап айтқанда, тарихилық тұрғыдан, исламның қалыптасуы мен өркендеуі үдерісіндегі теологиялық, құқықтық, философиялық мектептер мен олардың өкілдері –

ғалымдардың еңбектері негізінде «тәкфир» ұғымының анықтамасы, діни, құқықтық және моральдық нормалық дәлелдері мен оған қойылатын теологиялық шарттарды компаративистік методология шеңберінде зерделейді. Негізінен, «камал мен иман және куфр» үштігіндегі теологиялық мәселелер, исламның алғашқы кездерінде-ақ маңыздылығын көрсете бастағаны белгілі. Ислам теологтары, жалпы құбылысты, иман, муамалат және ахлақ негізінде саралаған. Иман тақырыбы әлі күнге өзекті. Себебі иман – тек адам мен Алла арасындағы құбылыс емес, тікелей мына әлемдегі, болмыстағы орталық мәселе. Сондықтан ислам теологиясындағы иман және күпірлік мәселелеріне диссертациямызда кеңінен талдау жасайтын боламыз. Бұл – вертикальды ұстаным. Ал бүгінгі қоғамдағы күпірлік құбылысына салыстырмалы, аксиологиялық талдау жасау да – горизонтальды сараптаудан туындаған зәру мәселе. Шаригат бойынша, бір тұлғаны күпірлікке шығару құқы, еркі, дәлелі, үкімі – аса жауапты әрі субъективті жағдай. Бұл нормаларды бүгінгі заманауи құқық және психология ғылымдары түрғысынан сыни, ғылыми танымдық өлшемдермен бағалау да – көкейкесті мәселе. Сол үшін диссертацияда күпірлікке шығарудың діни-құқықтық және сенім салдарына қатысты ислам ғұламаларының ұстанымдары мен бағыттарына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Ислам тарихындағы тәкфирлік сана негізінде пайда болған түрлі діни-саяси топтың астарлары мен алғышарттары жайында тұжырымдар жасалады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Диссертация жұмысының тақырыбына қатысты әлемде біршама зерттеулер жүргізілгенімен, отандық сарапшылар мен мамандардың тарапынан бұл мәселе ғылыми танымдық деңгейде жүйелі әрі кешенді түрде әлі толық шешімін таппаған. Десек те бұған дейін жүргізілген зерттеулер мен жазылған еңбектерді классикалық және қазіргі заманғы деген санаттарға бөліп қарастыруға болады. Бірінші санаттың қатарында ортағасырда тарих сахнасына шыққан, әйгілі «Ихияның» авторы, ойшыл, мутакаллим әрі ислам философиясы тарихында өзіндік орны бар, имам Әбу Хамид Ғазалидің (1058–1111) «Файсал әт-тафриқа бәйна әл-ислами уә әз-зандақа» (Ислам мен зандақаның ара-жігін ажырату) деген еңбегін айта аламыз. Онда мәселені күпірлік құбылысын ажыратудың ұстанымдары, себептері, негіздері, діни нормативтік шегі туралы критерий қалыптастырудан бастағандығын көруге болады. Діни мәтіндерді қоғамдық мәтінмен, яғни қоғамдық санамен үйлестіру және интерпретациялаудың ұтымды әрі қысынды ұсыныстарымен бағалы.

Сондай-ақ тақфиризм проблемасына қатысты еңбек жазған тағы бір ғұлама Ибн Хажар Һәйтәми (1504–1566) болатын. Оның «Иғлам биқауатиғил ислам» (Исламның мызғымас негіздерін білдіру) атты кітабында күпірлік туралы мәселелер жан-жақты талданған. Һәйтәмидің методологиясына сараптама жасағанымызда аталған еңбегінде күпірлікке қатысты айыпталғандарды талдауда көләм емес, фикір әдіснамасына жүгінгендігін көруге болады.

Ханафи мәзһабының ғалымы Бадру Рашидтің (1366 қ.б.ж.) «Жамиғ фи алфази әл-куфр» (Күпірлік сөздерінің жинағы) кітабы да ислам тарихындағы күпірлік туралы жазылған негізгі туындылардың біріне жатады. Ол туралы Мулла Әли әл-Қари де (1606 қ.б.ж.) өзінің «Минах» атты еңбегінде: « ... белгілі ғұлама Бадру Рашид – ханафи мәзһабының көрнекті имамы. Күпірлік сөздердің көпшілігін, қажет болса, ишаратпен айтылатынына дейін жинақтаған...», – деп атап өтеді [1, 352 б.]. Сәлим әл-Бахансауи (1932-2006) «әл-Хукм уә қадияту тәғір әл-муслім» деген еңбегінде мұсылман қоғамындағы тақфиризм құбылысы мен радикалдық топтардың шығу тарихына шолу жасайды. Дегенмен күпірлік құбылысына қатысты үғымдарға терең талдау берілмеген.

Ал қазіргі замандағы зерттеулер тобына тоқталсақ, Әбділмәлік ибн Әбдурахман шигадағы тақфиризм идеясының негіздері мен алғышарттарын зерттеп, «әл-Фикру әт-тәкфири ғинда әш-шиға хақиқа әм ифтира» атты еңбек жазып шықты. Бұл туындыда шигалар мен сұннилердің арасындағы қайшылықтардың себептері мен салдарына тоқталады. Сол сияқты ғалым Мұхаммед Ғаммараның «Фитнат ут-тәкfir бәйнә әш-шиғати уә әл-уәһһәбияти уә әс-суфияти» кітабында бұгінде ислам әлемінде мәзhabтар арасындағы айырмашылықтар мен қайшылықтар сарапталады. Ислам әлеміне танымал доктор Юсуф Қардауи «Жаримату әр-ридда уә ғуқубату әл-муртад» атты кітабында, Ф.Б. Муса «Мәдәрику әт-тәкфири фи әл-ғиқғи әл-исләми уә усул әд-дин» атты ғылыми зерттеулерінде ислам шарифатындағы діннен шығу және діннен шығарудың проблемаларын қарастырады.

Сондай-ақ И.С. әл-Аидтің «әт-Тәкfir ғинда жамагати әл-ғунфи әл-муғасира», М.Я. Идрисидің «Инқаз әл-умма фәтуа муфассала фи исбати энна даиш хауариж уә қиталуһум уәжиб», Н.А. Ғақл «әл-Хауариж әууел әл-ғирақи фи тәрих әл-ислами» атты еңбектерінде тәкфиirlіk көзқарастағы бұрынғы және қазіргі ағымдар мен топтардың радикалдық идеяларының факторларын, себептері мен салдарын талдап, алдын алу жолдарын ұсынады. Батыс ғалымы Stanley Trevor «Kufr – Kaffir – Takfir – Takfiri» атты ғылыми зерттеуінде тәкfiirlіk проблемаларының тарихи және саяси факторларын талдаған. Ресей ғылым академиясының сарапшысы, профессор И.П. Добаев «Исламистский «такфир»: определение «врагов ислама» (Исламдық тәкfir: «ислам дүшпандарын» анықтау) атты мақаласында ислам дінінің негізгі постулаттарын ориенталистік, атеистік көзқарас тұрғысынан сынап жазады. И.П. Добаевтың бұл жұмысы исламның үкімдері мен мәтіндеріне тек қана герменевтикалық тәсілмен талдау жасаумен шектеледі. Сонымен қатар объективтіліктен ауытқуын, сыңаржақ көзқарасқа бой алдырығанын байыптаймыз. Аталған мақаласында автор ислам дінін радикалдық әрі агрессиялық жүйе ретінде дейін тырысып бақкан.

Отандық ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Ш.Т. Керімнің де 2014 жылы 25-26 наурызда Египет Республикасы Уақыптар министрлігінің Каир қаласында «Такфиризм идеологиясы мен білімсіз пәтua берудің үлттық және халықаралық мұддеге қауіп-қатері» атты 23 халықаралық

конференцияның жинағында «әт-Тәкфир уә мауқиғу әл-ислами минһү» атты ғылыми мақаласы жарияланған. Елімізде отандық белгілі теолог ғалым Д.Т. Кенжетай өзінің «Зайырлы ел – қайырлы ел» атты кітабында қоғамдағы салафизм идеологиясының теологиялық негіздерін талдап, күпірлік, ширк, дәр әл-куфр, хижра сияқты түсініктеріне талдау жасайды. Күпірліктің психологиялық және ересиологиялық мәніне қоса, саяси идеологиялық мұддедегі аяттардың бұрманланған интерпретацияларын жайып салады. Тәкфирлік идеяның негізгі идеялық бастауы саналатын ағым туралы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ-сі А. Әбдірәсілқызы, М. Исахан, М. Мұслимовтың құрастыруымен «Салафилік ағым: идеологиялық негіздері, ұстанушыларының келбеті және қоғамға кері ықпалы (әдістемелік құрал)» деген материал шығарды. Елімізде радикалдық-тәкфирлік топтар мен тұлғалардың проблемасын мақала-сұхбаттарда жазып жүрген зерттеушілердің бірі – тарих ғылымдарының докторы А. Избаиров. Ол «Такфиризм – главное зло, которое исходит от религиозных радикалов в Казахстане» (Такфиризм Қазақстандағы діни радикалдардан шығатын зұлымдықтың ең жаманы), «Молодые актюбинские радикалы действовали по приказу идеологов ДАИШ» (Ақтөбелік бозбала радикалдар ДАИШ идеологтарының бұйрығымен әрекет етті) деген мақалаларында проблеманың діни-теологиялық және геосаяси-әлеуметтік аспектілерін, себептері мен факторларын түсіндіруге ұмтылыс жасаған [2]. Сонымен қатар отандық ғалымдар Ш. Керімнің, Қ. Ержанның, М. Исаұлының, Қ. Жолдыбайұлының, А. Әділбаевтың, А. Сабдиннің және басқа да мамандардың осы мәселеге қатысты интернет сайттарында жарияланған мақалалары бар. Ислам тарихындағы танымал мәтуриди мектебінің ұстанымдары негізінде иман мен сенім мәселесін PhD доктор А. Әкімханов «Әбу Мансур әл-Мәтуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тә’үиләт» атты еңбегі негізінде)» атты PhD дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациясында талқылап, саралайды. Десек те отандық зерттеулерде такфиризм проблемасы негізінен геосаяси-әлеуметтік, тарихи тұрғыдан қаралған. Ал ғылыми-теориялық, іргелі-теологиялық, ислам құқығы және дін негіздері аспектілері тұрғысынан тақырыптың зерттелуі кемшін тартып отыр. Диссертациялық зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі де осы ілгеріде сарапталған проблемаларға негізделуінде.

**Зерттеу жұмысының нысаны.** Ислам дініндегі күпірлік-такфиризм ұғымы.

**Зерттеу жұмысының пәні.** Күпірлікке қатысты діни-теологиялық ұғымдар мен ұстанымдар; діни идеологиялық мектептер мен олардың қалыптасуына қатысты проблемалар; бүгінгі қоғамдағы күпірлік анықтамасы мен қайшылықтары, себептері мен салдары.

**Зерттеу жұмысының мақсаты.** Исламдағы күпірлік мәселелерінің генезисі, этимологиясы, негіздері, шарттары, тарихы, әрекшеліктері, мектептері, көріністеріне кешенді ғылыми талдау жасау.

**Зерттеу жұмысының міндеттері.** Алға қойған мақсатты орындау үшін зерттеу жұмысында төмендегі міндеттер қойылды:

1) Ислам дініндегі тәкфирлік құбылысына байланысты ұғымдарға интерпретациялық және теологиялық талдау жасау;

2) Исламдағы тәкфир түсінігінің тарихи алғышарттары, ұстанымдары, негіздері, себептері, критерийлері және нормаларын қасиетті мәтіндер мен діни тәжірибе тарихындағы ғұламалардың жасаған тұжырымдарын саралай отырып нақтылау;

3) Исламның тәкфирмен байланысты діни мәтіндермен бекітілген нормаларын тәуил (интерпретация) жасау мәселесіне талдау;

4) Исламдағы «ридда» үкімінің шарттарын, принциптерін, қауіп-қатері мен муртадтың мәселелерін ғылыми-теориялық және практикалық түрғыдан анықтау;

5) Ислам тарихындағы «ұлken күнә» түсінігіне жасаған анықтамаларды суннилер, харижилер және мутазиле платформасында, мектептік методологиялық, ұстанымдық, идеялық айырмашылықтарын ажырату;

6) Бұгінгі қоғамдағы тәкфирлік құбылысын экстремистік ұстанымдағы топтардың тарихи-діни тәжірибесі ретінде анықтаудың негізdemelerін зерделеу;

7) Қоғамдағы бұгінгі такфиризм идеологиясының тарихи қалыптасуы мен таралуының алғышарттарын көрсету, такфиризм құбылысы мен радикалдық көзқарастағы тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық және діни-идеологиялық кешеніне сараптама жасау.

**Зерттеудің әдістері.** Диссертация жұмысында «куфр», «ридда», «тәкфир», «ұлken күнә», «ширк», «иман» секілді негізгі ұғымдарды талдау барысында семантика-этимологиялық әдістер қолданылды. Құран, сұннет мәтіндерін талдауда интерпретациялық тәсіл, ал ғалымдар мен ағымдардың ұстанымдарын зерттеу кезінде компаративистік тәсілдер пайдаланылды. Ағымдар мен мәзhab өкілдерінің діни дүниетанымын анықтауда әлеуметтік-психологиялық әдістер, жеке тұлғаның қалыптасуына діни дүниетанымының әсерін зерделеуде феноменологиялық әдіс қолданылды. Ағымдар мен мәзhabтарды ұстанымдарына қарай топтастыруда теологиялық жіктеу әдісі, «Жусан» бағдарламасы аясында елге қайтарылған азаматшалармен жұмыс істеу барысында интервью және сауалнама жүргізу әдістері пайдаланылды. Интервью және сауалнама жүргізу барысында респонденттерге қатысты анонимділік пен этика нормаларының сақталуы қамтамасыз етілді.

**Зерттеу жұмысының жаңалығы.** Зерттеу жұмысы бойынша алынған жаңа ғылыми нәтижелер ретінде:

1) Қазақ дінтану ғылымында такфиризмге тікелей қатысты «иман», «куфр», «ширк», «тәжсім», «зәндақа», «нифақ», «илхад», «ридда» секілді ұғымдардың этимологиясы мен мәні төңірегінде дінтанулық сараптамалық талдау жасалды;

2) Ислам шарттарына сай адамды күпірлікке апаратын амалдардың діни нормативтік мәнін талдаپ, мұсылманды діннен шығушы ретінде айыптауға қойылатын шарифи талаптарды анықтап, оның салдары мен жауапкершілігі психологиялық және теологиялық түрғыдан сарапталды;

3) Такфиризм құбылысын кешенді зерттеу докторлық диссертация деңгейінде арнайы нысана ретінде тұнғыш рет қолға алынды;

4) Исламдағы такфиризм құбылысы тарихи, болмыстық, мектептік және ағымдық ерекшеліктеріне қарай кезеңдерге жіктелді және бүгінгі Қазақстандағы орын алғып отырған такфиризм феноменімен сабактастырыла отырып салыстырмалы талдау жасалды;

5) Ислам үмбетінің жетпіс үшке бөлінуіне қатысты хадиске тарихи-теориялық, дінтанулық талдау жасалып, оның сенім мәселесінде діни қағидалар қалыптастыруға негіз болмайтындығы көрсетілді;

6) Ислами мәтіндерді интерпретациялау барысында тарихилық тәсіл мен герменевтикалық әдісті қолданудың қаупі мен бұрыстығы көрсетілді;

7) Қазақстандағы терроризм, экстремизм-радикализм бабы бойынша жазасын өтеушілермен және «Жусан» операциясымен елге қайтарылған әйел кіслермен жүргізілген сұхбаттар негізінде олардың теологиялық-психологиялық портреті жасалды;

8) Дәстүрлі емес діни ағым идеясына шырмалған тұлғалардың райынан қайтуына кедергі болатын іс жүзіндегі факторлар мен себептер тәжірибелік зерттеудің негізінде анықталды. Сол сияқты такфиризм құбылысының негізгі алғышарттары да көрсетілді. Жүргізілген сауалнамалар мен аталған қорытындылардың негізінде елімізде тиімді дерадикализация үдерісін іске асыруға қатысты ұсыныстар берілді.

**Зерттеу жұмысының теориялық-тәжірибелік мәні.** Ғылыми жұмыс барысында жүргізген майдандық сұхбаттар зерттеуге өзек болып отырған құбылыстың еліміздегі көріністерін нақты мысалдар бойынша сараптауға көмектесті. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері Қазақстан ғана емес, жалпы мұсылман жұртшылығын, сондай-ақ халықаралық қауымдастықты аландатқан радикализммен күресу жолдарын жетілдіруге және оны ғылыми түрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді. Жұмыстың ғылыми нәтижелерін еліміздегі ғылыми зерттеу институттары, жоғары оқу орындарының діни білім беру мамандықтары, ұлттық қауіпсіздік, сараптамалық, теология мен дінтану саласы, тәрбие және түзету мекемелерінде қолдануға болады.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар.**

1) Күпірлік құбылысының зерттелу тарихына сүйене отырып, шетелдік және отандық ғалымдардың «такфиризм» мәселесі бойынша жазылған ғылыми еңбектеріне жасалған шолу әлі де терең ғылыми талдануы тиісті қырларының бар екенін көрсетеді. Осы түрғыда кейбір тұжырымдардың мүлде сын көтермейтінін атап өтеміз. Себебі субъективті, бір жақты, мектептік бұрмалаулар мен мұдделерге ынғайланған, саяси, идеологиялық мақсаттары анық көрінетін тұжырымдар кездеседі. Бұл тұжырымдар кітаптарда,

мақалаларда тіпті, интернет кеңістігінде әлеуметтік желілерде сол қалпы сараптамасыз берілуде. Сондықтан өзекті мәселе ретінде «такфиризм» феномені қоғамдық тұрақтылық пен құқықтық санаға, зайырлы ұстанымға қауіпті діни танымдық үрдіс ретінде қалып отыр.

2) Қазақ халқының діни танымдық және болмыстық сипатта қалыптасу тарихында, діни мәтіндерге тәуил (интерпретация) жасау методологиялық ұстанымында Мәтуриди мектебінің орны ерекше. Тәуил теориясының ұстанымы арқылы қазақ даласында ислам кеңінен жайылып сіңген. Сондықтан оның мәтіндерді түсіндірудегі және талдаудағы рөлін әрдайым ескеру қажет.

3) Күпірлік феноменінің пайда болуына, қалыптасуына, таралу аймақтарына, өкілдері мен еңбектеріне, бүгіні мен болашағына жан-жақты зерделеу нәтижесінде такфиризм қазақ қоғамына қауіпті құбылыс деп саналады.

4) Тарихта қазақ даласы ислам арқылы түркі ислам өркениетінің географиялық бастауы болғаны белгілі. Бірақ қазақ мұсылмандық тарихында күпірлік құбылысы бүгінгідей мәнде өзектілігін көрсетпеген. Сондықтан қазіргі таңда елімізде такфиризмге тікелей қатысты «иман», «куфр», «ширк», «бидғат», «тәжсім» және т.б. ұғымдардың мәнін ашу, анықтау, талдау және сараптау мәселесі ғылыми теориялық әрі практикалық қажеттіліктен туындалап отыр.

5) Қазақстан – зайырлы мемлекет. Дін мен мемлекет бөлінген мемлекет. Эйтсе де дін мен мәдениет тұтас болғандықтан, дін де мәдениет секілді мемлекеттің тұғыры. Оның үстіне діни сенім – Алла мен адам арасындағы жеке әрі қасиетті сыр. Сондықтан адамды күпірлікке бастайтын діни нормаларды талдап түсіндіру, мұсылманды діннен шығушы ретінде айыптауға қойылатын шариғи талаптарды анықтау, оның салдары мен жауапкершілігі туралы кешенді ғылыми танымдық тұжырымдама жасау қазіргі кездің зәру мәселесіне айналып отыр.

6) Зерттеу тақырыбының шегі мен саласы негізінде Қазақстандағы терроризм, экстремизм-радикализм бабы бойынша жазасын өтеушілермен және «Жусан» бағдарламасы аясында елге қайтарылған азаматшалармен арнайы кездесу сұхбаттар ұйымдастырылды. Осы арқылы олардың көзқарастары, ұстанымдары, идеялары, діни танымдық методологиялық бағыттары, мәзһабтық болмысы, оқыған кітаптары, діни ұстаздарының шыққан жері мен уақыты да анықталды. Қазақ қоғамының бүгіні мен болашағына қаупі көрсетілді.

### **Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі (апробация).**

Зерттеу тақырыбының аясында ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған республикалық басылымдарда мақалалар жарық көрді. Нақтылап айтқанда, диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 7 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала – Қазақстан

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енетін журналдарда, 1 мақала – шетелдік халықаралық конференцияда, 2 мақала – отандық халықаралық конференцияларда жарияланды.

I. Scopus базасындағы мақала:

1) «Analysis of causes and factors of the spread of takfirism in Kazakhstan» // Pharos Journal of Theology, ISSN 2414-3324 Volume 105 Themed Issue 3 - (2024). <https://www.pharosjot.com/2024.html>.

II. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған және ғылыми танымдық журналдарда жарияланған мақалалар тізімі:

1) «Ислам дініндегі «такфир» ұғымының теориялық мәселелері» // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – 2017. – №1 (59) – 124-131 б.;

2) «Мухаммед ибн Абдулауахабтың көзқарастарындағы тәкфирлік идеяның алғышарттары (Күмәндарды әшкерелеу (кәшф әш-шубуна) трактатының негізінде)» // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – 2017. – №4 (62) – 75-85 б.;

3) «Әбу Мансур әл-Мәтуридидің діндегі «үлкен күнә» ұғымына қатысты ұстанымы және (алғашқы такфириттер) харижиттер мен мұғтазилиттерге жауабы» // Адам әлемі. – Алматы, 2018. – № 3(77) – 136-148 б.;

4) «Гуманистические устои ислама в коммуникации с представителями других религий» // Materiały «XV międzynarodowej naukowi-ptaktycznej konferencji «Kluczowe aspekty naukowej działalności – 2018/2019» 31 grudnia 2018 – 07 stycznia 2019, г.Пшемысьль - Польша, 2018 ж. – 83-89 б.;

5) «Такфиризм құбылысының негізгі алғышарттары» // «Мегаполис жағдайындағы дін атын жамылған экстремизмнің алдын алу»: Алматы ғылыми-тәжірибелік халықаралық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы, 2016. – 186-189 б.;

6) «Жаһандану жайындағы адам санасының дәстүрлі емес діни ағым идеясына улану факторы мен оның алдын алу тетіктері» // «Исламтану және араб филологиясы мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: 2017. – 25-сөүір. – 123-131 б.

Диссертация Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің Дінтану кафедрасында орындалып, осы кафедрада талқыланып қорғауға ұсынылды.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы.** Диссертация жұмысының құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, негізгі 2 тараудан (бірінші тарау 3 тараушадан, екінші тарау 3 тараушадан), 6 тараушадан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Жалпы көлемі – 149 бет.

# **1 «ТӘКФИРЛІК» ҰҒЫМЫ: ПАЙДА БОЛУЫ, ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ДІНИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Тәкфирлік генезисі, діни нормативтік шарттары, тұлғадағы психо-теологиялық категориялары**

Тәкфирлік ұғымының мәні мен мазмұнын анықтауга және ұғынуға көмектесетін бірнеше мәселе бар. Тәкфирлік мәнін ашудан бұрын сол ұғымдарға тоқталып, олардың анықтамасын беру міндепті алғышарт болып саналады. Сондыктан біз зерттеу жұмысымызда күпірліктің анықтамасымен бірге ислам дініндегі «ислам, иман, бидғат, нифақ... т.с.с.» терминдерге алдын ала қысқаша шолу жасауды және олардың кейбіріне қатысты ислам ғалымдарының көзқарастары мен ұстанымдарын келтіруді жөн көрдік.

Солардың басында ислам сөзіне келсек, тілдік мағынада арабтың «сәләм» сөзінен шыққан, амандық, есендік, бағыну, тапсыру дегенді білдіреді. Яғни иман еткен кісі (Алладан) бас тарту мен бағынбаудан аулақ болады [3, 3 т., 90 б.]. Алла елшісі (с.ғ.с.) айтқандай: «Ислам – Алладан басқа тәнір жоқтығына, Мұхаммед оның елшісі екеніне күелік беруің, намазды оқуың, зекетті беруің, рамазан айы оразасын ұстасың, қажылыққа баруың» [4, 1 т., 49-50 б.].

Құранда «ислам» сөзі екі мағынада айтылады. Біріншісі – «Ислам – ол ықылас. Бұған қатысты Алла тағаланың «Қашан оған (Ибраһим пайғамбар) Раббысы ықыласты (тәсілім) бол дегенде, ол: «Әлемдердің Раббысына ықылас (тәсілім) еттім», – дейді» [5, 2:131]. Екінші мағынасы – растау. Құранда бұл туралы: «Оны аспандардағы және жердегі жаратылыстың баршасы өз еркімен және мәжбүр болған халде растады (ислам етті)...» делінеді [5, 3:83].

Ал иман арабтың «әмән» сөзінен шыққан. Мағынасы – аманат, жүректің тыныштығы, растау (тасдиқ) [3, 1 т., 133 б.]. Зәбиди (1732-1790) «Тажул ғаруста»: «Оған иман келтірді дегені оны растады дегенді білдіреді. Растав мағынасын Махмуд Замахшари (1075-1144) «Әсасул балағада» нақтылап айттып кеткен [6, 1 т., 35 б.]. Тіл ғылымдары майталмандарының барлығы осы мағынаны беруге бірауыздан келіскең», – деп мағынасын нақтылайды [7, 34 т., 186 б.].

Бір нәрсені раставан кісіге, яғни ол дүние белгілі не белгісіз, жалпы не жалқы, ақиқат не жалған болсын араб тілінде «иман келтірді. Құранда: «Аллаға, Оның елшілеріне иман келтіргендер, міне солар – растаушылар», – десе [5, 57:19], оған қарсы мағынада: «Жалғанға иман келтіргендер...» [5, 29:52], «...олар пұтқа және шайтанға иман келтіреді...» делінген. [5, 4:51]. Алла тағала соңғы аяттарда пұтты, шайтанды растауды да иман деп атайды. Сол сияқты, Алланы және Оның елшісін (с.ғ.с.) растау да арабтардың әдетімен «иман» деп айтылады» [8, 116 б.].

Ислам мәзіннің арасында іштей (батини) растаудың өзі ғана иман ұғымының жүзеге асуы үшін жеткілікті ме? Раставады тілмен айтудың маңыздылығы қаншалықты? Иманды тілмен айту мұсылмандың қатысты бұл

дүниелік шараларды (жаназасын шығару, мұсылмандар зиратына жерлеу т.с.с.) алу үшін шарт болады ма, яғни ол иман ұғымының бір бөлігі ме? Адам баласының іс-әрекеті иман ұғымынан қандай орынға ие? Ол иманның жүзеге асуы үшін қажетті негізгі шарты болып саналады ма, әлде толықтыруши фактор ғана ма деген сұрақтар тарихта түрлі көзқарастар мен бағыттардың пайда болуына ықпал етті. Кейбір бағыттар мен топтардың көзқарасында иман ұғымы үшін растау, тілмен айту, амал ету мәселелері дәрежелері мен маңызы бірдей шарттар деп есептелді.

Иманның мағынасы – растау. Ал растау – ол жүрекпен бойсұнып қабылдау және тілмен Алланың бірлігін, діннің ақиқатын бекіту. Осылайша, екі растаудан құралады. Бұл екеуі иман ұғымының міндетті түрде орындалуға тиісті шарттары; адамның тілмен айтып бекітуге мүмкіндігі болмаса, иман ұғымы жүрекпен растаумен жүзеге асады; Демек, жүрекпен растау – міндетті шарт, ал тілмен бекіту кейде кешірілуі мүмкін. Бірақ тілмен бекіту тұлғаға қатысты ислам үкімдерін жүргізу үшін керек шарт. Осы көзқарасты имам Әбу әл-Баракат ән-Насафи (1240–1310) «Ғұмдада» дұрыс көреді. Әбу Ханифадан да жеткен пікір – осы. Имам Әбу Мансур Мәтуридидің (852–944) таңдауы және Әбу әл-Хасан Ашғариден (873–935) келген екі риуаяттың бірі [9, 2 т., 241 б.].

Әбу әл-Хасан Ашғари мен имам Әбу Мансур Мәтуриди амал етуді иманның ақиқатынан деп есептемейді. Олар үшін ізгі іс-әрекеттер иманның кемелдігінің шарты. Ізгі амалды мойындағы отыра, жалқаулышпен кейде немесе мұлде орындаған кісі де мүмін болып саналады. Бірақ иманнның кемелдігінен макұрым қалады [10, 135 б.].

Тәжүддин Субки (1327–1370) әкесінің пікірін жалғастыра келе: «Міне, имам әкемізден үйреніп білгеніміз осы еді. Иман ақиқатына кіреді, алайда оның жоғалуымен ақиқаты жоғалмайды дегенді қабылдау қысынға келмейді. Бірақ Шейх Имам осы екінші пікірді таңдаушы еді. Себебі бұл сәләфтің ұстанымы деп білетін. Сонымен қатар бұл имам Шағифидің, Мәліктің, Ахмадтың, Бухаридің, көптеген алдыңғы және кейінгі буынның, ашғарилерден Әбул Аббас Қаланисидің, Әбу Мансур Бағдадидің және Әбул Қасим Қушайридің де көзқарасы», – дейді. Иман мен амалдың арақатынасы мәселесі исламдағы ағымдардың шығу себебі десек те болады: Амал – иманнның ажырамас бөлігі. Амал болса иман болады, болмаса, иман да кетеді. Бұл мутазиләнің көзқарасы; Амал иманнның ажырамас бөлігі, алайда амалдың жоғалуымен иман жоғалмайды. Бұл сәләфтің (алдыңғы буын) ұстанымы; Амал – иманнның сыртқы нәтижесі. Ауыспалы мағынада ғана иманға «амал» деп айттылады. Бұл халафтің (кейінгі ғалымдар) мәзінабы; Амал иманға мұлде қатысы жоқ, тікелей де, ауыспалы да мағынада иманға «амал» деп айттылмайды. Әрине, бұл көзқарас ислам мәзінабтарының ешбірінің ұстанымдарына сай келмейді [11, 1 т., 130 б.].

Имам Кашмири (1875–1933) «Файдул бәриде» бұл тақырыпқа қатысты мәселені көбірек анықтап төрт бағытты айтып өтеді. Олар: **Харижилер** іс-әрекет иманнның ажырамас бөлігі, ізгі амал жасамаған адам иманнан тыс болады деп айтады. Оны иманнан шығарып, күпірліктің шенберіне кіргізеді; **Мутазилә**

да іс-әрекет иманның ажырамас бөлігі, ізгі амал жасамаған адам иманнан тыс болады деп айтады. Алайда одан кейін құпірлікке кіргізбейді, екі деңгейдің арасында болады дейді; **Муржилер** іс-әрекеттің ешқандай қажеттілігі жоқ. Тек жүрекпен растаудың өзімен адам баласы құтылады деп сенеді. Осылайша, олар жоғарыда айтылған топтарға мұлде қарама-қайшы ұстанымды ұстанады; **Әхлу сунна уәл жамағаттың** көзқарасы – орта жолды ұстану. Издің іс-әрекет талап етіледі. Алайда амалы жоқ кісі қәпір емес, пасық деп есептеледі. Харижилер мен мутазилә секілді шектен шықпайды, мұржилер сияқты мұлде немкұрайлық танытпайды. Солай бола тұра, бұл көзқарастың иелері де екі топқа бөлінді. Алғашқылары хадис ғалымдарының көпшілігі иман амалдан тұрады деп санайды. Екіншілері Имам Ағзам және фиқһ ғалымдарының көпшілігі мен кәләмшылар амалды иманнан құрамына кіргізбейді. Бірақ екі тарап та растаудан айырылған адамның «қәпір» болатынына келісе отырып, амалы болмағаннаның «пасық» екенін айтады [12, 1 т., 128-129 б.]. Осылайша, екі көзқарас иелері де нәтижеге ортақ үкім береді. Арасындағы айырмашылық тек түсіндіруде ғана екенін байқаймыз. Сәләфтің көзқарасы бойынша, амал иманнан ажырамас бөлігі бола тұра, ол болмаған кезде де иман толығымен жоғалмайды. Керісінше, амал болмаса да иман қалады.

Әхлу сунна уәл жамағат ғалымдарының «растаяу» дегенінің мақсатын анықтап алу маңызды міндет. Ғұламалардың арасында растау мәселесіне қатысты «иман ұғымының бір бөлігі ме әлде толық иманнан өзі ме? Оның мәні білім мен ілім бе әлде адамның іштей тілдесуі ме?» деген сұрақтар туындаиды.

Тафтазани (1322–1390) растау мәселесіне қатысты: «Растау – білім және түйсікпен тікелей байланысты ұғым. Ал иманнан құрамындағы растаудың іздену, таңдау, бойсұну секілді өз ерекшеліктері мен сипаттары бар. Мұның мысалы ретінде Хазіреті Әлидің «Иман – білім. Білім – бойсұну, бойсұну – растау» деп айтқанын келтіруге болады», – дейді [13, 5 т., 189 б.].

Ибн Җумам (1388–1457) Мусамарада Әбу әл-Хасан Ашғаридің көзқарасы екі бағытта екенін тілге тиек етеді. Ол бірде: «Растау – Алланың бар екенін, тәңірлігін, жаратушылығын білу», – десе, тағы бір риуаяттарда: «Растау – адамның іштей тілдесуі. Алайда бұл біліммен болуға тиіс. Онсыз дұрыс болмайды», – дейді. Мұны Қази Бақыллани да құптаған... [14, 2 т., 196 б.]. Демек, біз Ашғаридің сөзінен растау адамның іштей біліммен тілдесуі немесе сөз бен білімнен тұратын ұғым дегенді түсінеміз. Иман жүзеге асуы үшін білім керек. Яғни Пайғамбардың (с.ғ.с.) сөзінің шынайы өмірмен сәйкестігін танып-білу қажет. Сонымен қатар Жаратушыны ұлықтау мақсатында оның әмірлері мен тыйымдарына толығымен бойсұну.

Ислам ғалымдары іс-әрекеттің иман ұғымының құрамына кірмейтіндігіне қатысты көптеген негізdemені келтірген. Біз, шын мәнінде, ислам шаригатында амалдың иман деп аталғанын көп хадистен көреміз. Солардың мысалы ретінде пайғамбардың (с.ғ.с.) «Зинақор кісі зина (некесіз қатынас) жасаған кезде иманы болмайды» [15, 3 т., 107 б.], «Кімде-кім аманатқа берік болмаса, иманы жоқ, кімде-кім келісімде тұрмаса, діні жоқ...» [16, 19 т., 376 б.], т.с.с. хадистерін

айтып кете беруге болады. Құран бізге іс-әрекет болмаса да тек қана растаумен иманның жүзеге асатынын хабарлаған. Себебі Алла тағала иманды айтқан кезде жүрекпен байланыстырады. Ал жүректің амалы растау екені белгілі [12, 1 т., 131 б.].

Ислам ғұламалары өз кітаптарында тәмендегі дәлелдерді айтып кеткен: Шаригатта «иман» сөзінің мәні растаудан басқа мағынаға ауысқаны еш жерде айтылмаған. Иманның орны – жүрек. Алла тағала Құранда «Міне, олардың жүректеріне иман берілген...» [5, 58:22], Алла тағала Құранда көп жерде иман айтылған кезде, ізгі амалды бөлек атап қосып айтады. Мысалы, «иман келтіргендер және ізгі амал еткендер...» деген аятта ізгі амал бөлек айтылуда. Имам Кашмири бұл тұрғыда: «Егер ізгі амал иманың құрамына кіретін болғанда, оны жеке айтудың мәні болмас еді...», – дейді [12, 1 т., 132 б.]. Алла тағала кейбір жағдайда күнәшар пендениң өзін иманды деп сипаттайды. Демек, иман мен күнә бір кісінің бойында бір уақытта болуы мүмкін [13, 5 т., 195 б.] «Егер мүміндерден болған екі топ өзара соғысса, екеуінің арасын жарастырындар...» [5, 49:9] деген аятта бір-біріне қылыш көтергендерді мүміндер деп атап отыр. Әрине, мұсылмандардың өзара соғысуы күнә іс екені белгілі...» [12, 1 т., 132 б.]. Хадисте Жәбіреіл алайһи сәләмнің иман туралы сұраған Пайғамбарға (с.ғ.с.) жауабы «Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Қиямет күніне, жақсылығы мен жамандығы бірге жүретін тағдырға иман келтіруің» деп растауды айтумен шектелді. Іс-әрекетті қоспады. Сосын Алла елшісі (с.ғ.с.): «Бұл Жәбіреіл, сендерге діндерінді үйретуге келді», – деді [4, 1 т., 56-58 б.]. Сахабалардың діні ретінде растауды нақтыладап айтты деуге әбден болады.

Имам Тафтазани көкейге қонымды тағы бір негіздемені айтады: «Егер ізгі амалды иман деп атайдын болсақ, онда ізгі амал орындалмаса, иман жоғалады. Құлшылықтарды орындаамай тұрып иман келтіріп, растаған кісіні мүмін деп атай алмас едік. Шын мәніндегі жағдай олай емес. Ижмағ үкімінің негізінде амалдан бұрын растап, иман келтірген кісі мүмін мұсылман деп саналады...» [13, 5 т., 196 б.]. Иман ұғымы – құпірліктің антонимі. Құранда: «Кімде-кім шайтанға құпірлік етіп, Аллаға иман келтірсе...», – делінеді [5, 2:256]. Ал құпірлік деген бір нәрсені терістеп, қарсылық білдіру. Оның орны – жүрек. Антонимі болған ұғымның да орны жүрек болуға тиіс. Егер екеуінің орны ортақ болмаса, арасында қарама-қайшылық болмас еді [17, 1 т., 168 б.].

Сәләф ғұламалары: «Иман – сөз бен амал», – деп таниды. Сәләфтің «Иман – жүрекпен растау, тілмен бекіту, дene мүшелерімен амал ету» дегені иманды бөлшектеу болып саналмайды. Имам Субки «Табақатта» кеңінен талдай келе: «Сәләфтің парыз амалдарының барлығы иманды құрайды деп айтқаны дәлелденген емес. Бірақ парыз амалдарды діннің негіздері деп қабылдаған... Иман парыз амалдың орындалмауымен жоғалмайды», – деген [11, 1 т., 98 б.].

Иман мәселесіне қатысты ғалымдар арасындағы мұндай талқылаулардың іс жүзіндегі әсерін намаз оқымайтын мұсылмандың кісіге қатысты берілетін үкімнен көреміз. Себебі намаз ислам діннің ізгі амалдар санатына жатады.

Адамның ізгі іс-әрекетін иманның өзегінен деп санайтын тараптың көзқарасы бойынша намаз оқымайтын мұсылман иманнан айырылады. Ал амал мен иманды ажыратқан топтың ұстанымы бойынша ол иманын жоғалтпайды. Екінші тараптың пікірін ақыл мен нақылдың мантығына сай келеді деп санаймыз. Сонымен қатар мұсылман үмбетінің күнделікті шынайы өмірдегі діннің үкімдерін іске асырудагы жағдайы осы кейінгі көзқарасты растайды.

«Tauhid» – арабтың бірлік деген мағынаны білдіретін «وَحدَة» түбірінен шыққан сөз. Тілдік тұрғыдан «біреу деп үкім беру», «біреу деп білу» дегенді білдіреді [7, 9 т., 266 б.]. Терминдік тұрғыдан бірнеше анықтамасы кездеседі. Мысалы, Тафтазани: «Tauhidтің ақиқаты – көкейге Жаратушыны тәңірлігі мен ерекшеліктерінде ешқандай серігі жоқ деп түю... [13, 4 т., 39 б.] десе, Шейх Сауи: «Құлшылыққа лайықты Жаратушыны болмысында, сипаттарында және ісінде жалғыз деп көкейге түйе отырып бір деп білу», – деп негіздеген [10, 62 б.].

Иbn Тәймия (1263–1328) таухидті «таухид улуния (тәңірлігінде жалғыз), таухид рубубия (жаратушылығында жалғыз) және таухидул әсма уас-сифат (есімдері мен сипаттарында жалғыз)» деп үшке бөліп қарастырған. Таухид улуния – Алла тағалаға ғана құлшылық ету, Оған және Оның елшісіне (с.ғ.с.) бойсұну, оны жақсы көріп, Ол разы болатын істі ғана жасау [18, 10 т., 669 б.]. Таухид рубубия – «Патшалық, жарату, реттеу секілді мағыналар жаратушының рубубиясына тиесілі. Бұл тұрғыда Оның ризық беруін, тұра жолға салуын, жәрдемін, жақсылық жасауын, ізгілігін, реттеуін, жасампаздығын айтуда да болады. Бұған қосымша Оның әрбір істі білуі, барлығына құдіретінің жетуі, естіп-көруі секілді сипаттары бар. Сондай-ақ ешбір есту Оның есту сипатына тең емес, ешқандай жағдай Оны қателестіре алмайды. Ол қаранды түнде қара тастың ұстіндегі қара құмырсқаны көреді. Мұның барлығы да – ақиқат. Міне осы таухид – рубубия» [18, 2 т., 399 б.]. «Tauhid әл-әсма уас сифат» – Алла тағаланы ұлықтау немесе пәктеу мақсатында өзі және елшілері сипаттағанмен ғана сипаттау. Алланың болмысына қатысты өзі бекіткенді бекіту, өзі жоққа шығарғанды жоққа шығару» деген анықтама беріледі [19, 72 б.]. Иbn Тәймия таухид рубубияны жаратылыстың ақиқаты, ал таухид улунияны діннің ақиқаты деп есептеді. Бұл турасында былай дейді: «Бұл мәселеде көптеген қарапайым кісі қателеседі. Қажет болса, олардың ішінде ғылыммен айналысып жүргендері де бар. Олар тағдырға сенеді, жаратылыстың ақиқатын мойындайды, бірақ діннің ақиқатын танымайды. Алла тағаланы барлық нәрсені жаратқан әрі оның раббысы деп біледі. Алайда Алланың тағдыры мен шешімі бола тұра, Ол жақсы көріп разы болатын іс пен Ол жек көретін, ұнатпайтын істің арасын ажыратпайды. Таухид улуния мен таухид рубубияны айыра алмайды. Бүкіл жаратылыстың бақыттысы, бақытсызы, мүміні мен кәпірінің барлығы бірдей мойындайтын ақиқатты ғана таниды.... Олардың барлығы жаратылыстың ақиқатында ортақ көзқараста. Алла тағала өзінің дүшпандары мен достарын ажыратушы етіп үшін қойған белгіні білмейді... Эрине, бұл таухид улуния.... Кімде-кім аталған екі топтың арасын айырып тұратын осы діни

айырмашылыққа күә әрі оның иелерінен болмаса, мұшріктердің қатарынан болады. Ол яудилер мен насранилерден де қауіпті әрі бетер болады» [18, 10 т., 668-669 б.]. Ибн Тәймия таухидті үшке бөлуде өзімен келіспеген мұсылмандарға осылай қатты теріс баға беріп, үкім шығарады. Ибн Тәймияның бұрын-соңды болмаған тәсілмен таухидті бұлай бөлінің салдарынан такфиризм құбылысына апарып соғатын бірнеше теріс нәтиже туындалады.

Бұған оның өзінің сөздерінен кейбір мысалдарды нақтылап келтіруді жөн көріп отырмыз. Ибн Тәймия «Мажмұғ фәтәуда»: «Кімнің бар білген таухиді осы ғана болса (таухид рубубия), онда оның таухиді мұшріктердің таухидіне үқсайды. Бұл – сондай мәселе. Бұған қатысты аяқтан шалу, түйсіктердің шатасуы, мұсылмандардың діні ауысуы орын алды, таухидті жариялайтын, ақиқатты таптық дейтін, білім мен сөз иесі, таухид иелері пүтқа табынушыларға үқсан кетті», – деп сипаттайды [18, 8 т., 103 б.].

Ибн Тәймия «мұсылмандардың діні ауысты, таухид иелері пүтқа табынушыларға үқсан қалды» деген сөздерімен өзінен бұрынғы ғұламалардың ұстанған жолында ақидалық адасушылық, діннің өзгеруі, иманның шатасуы, үмбеттің қателесуі бар деп бағамдаған. Сөйтіп, «таухид» ұғымын құпірлік түсінігімен араластырып қарастырған. Пүтқа табынушылар таухид иелерінің киімін киіп алды деп айыптаң отыр. Шын мәнінде, олар – Ибн Тәймиядан бұрынғы үмбеттің жолбасшылары, имамдары, ғұламалары, ұстаздары, мұфтилері мен қазилары еді.

Ибн Тәймияның мұндай көзқарастары Шейх Мұхаммед ибн Абдулуаһнабқа іс жүзінде қатты әсерін тигізді. Мұны біз Ибн Ғаннамның (1811 қ.б.ж.) «Тариху Нәжд» еңбегінде Шейхтің оныншы өсиетінен анық көреміз. Ол «Мен сендерге өзім туралы айтамын. Алладан басқа тәнір жоқ, мен білім іздедім. Мені көргендер, мені білімді деп ойлады. Бірақ мен ол кезде «Алладан басқа тәнір жоқ» дегенниң мәнін түсінбедім. Алла тағала қазір нәсіп еткен игілікпен ислам дінін де танымадым. Сол сияқты менің шейхтерім де білген жоқ. Кімде-кім Ариз ғалымдарының немесе оның шейхтерінің біреуі осы уақытқа дейін «Алладан басқа тәнір жоқ» дегенниң немесе исламның мәнін білді десе, ол өтірік айтып, жала жауып жатыр. Адамдарды шатастыруда. Өзін лайықты болмаса да, мақтап жатыр... Біліндер, адамның «Алладан басқа тәнір жоқ» деуінде жоққа шығару мен бекіту бар. Тәнірлік сипаттың барлығын тек Аллаға ғана бекіту. Пайғамбарларда, ізгілерде және басқаларда тәнірлік қасиет жоқ деп санау. Сонымен қатар Алладан басқа ешкім жаратпайды, ризық бермейді, реттемейді, тірілтпейді және өлтірмейді деп сену улуния емес. Себебі Алла елшісі (с.ғ.с.) олармен соғысқан кәпірлердің өзі мұндай ұғымдарды мойындастын еді» [20, 309-310 б.] деп өзіне иланғандарды қайрайды. Шейх осылайша өзінің пікірлестеріне таухид улунияны үйретеді. Таухид рубубия иманды болуга жетпейді дейді. Бұл Ибн Тәймияның көзқарасының дәл өзі еді.

Таухидті бөлуге қатысты Ибн Тәймияның ұстанымына қатысты бірнеше сұрақ туындаиды. Сондай-ақ ғұламалар оның бұл тәсіліне қатысты сыни

пікірлерін де бұл тақырыптағы еңбектерде айтып өткен. Сондай сұрақтардың кейбірін мысал ретінде тәмендегіні келтіреміз:

- Таухид ұғымына анықтама беруде оны дін негіздері ғалымдары қалыптастырған ұстанымдарға қайшы көзқарасқа баруына қандай себептер мен факторлар болды?;

- Бұлайша бөлу жүйелі зерттеудің нәтижесінде келіп пайда болды ма, әлде шаригат мәтіндерін толық жүйелі түрде зерттемей тұрып асығыстықпен барған қадам болды ма?;

- Таухидті осылай бөлудегі мақсаты кәләм ғалымдарының түсінігіндегі таухид ұғымын жоққа шығару ма еді? Әрине, мұның нәтижесінде ақида саласында тарихи мұра саналатын, суннилердің ақидалық заңды мирасқорлары – кәләм ғылымын (ашғария, мәтуридия мектептері) жою үрдісі іске асатыны белгілі еді;

- Әлде бұлай бөлуге олардың ұғымындағы Аллаға серік қосумен (өткен кісімен тауассул жасау, истиғаса, тәбәрік алу, әулиелердің қабірінің басында дұға ету, т.с.с.) күресу апарды ма?;

- Алла тағаланың есімдері мен сипаттарын таухидтің үшінші бөлімі етіп жасаудың себебі неде?;

- таухидті осылай бөлу таухид ұғымының барлық қырын қамтиды ма?

Бұлай бөлу Ибн Тәймияның тарапынан әhlу сунна уәл жамағаттың атынан сөйлеуге және әртүрлі діни-философиялық топтар мен ағымдарға қарсы құресуде кәләм ғалымдарының рөлін жоққа шығаруға ұмтылыс әрекеті болғанын байқаймыз. Сондықтан Ибн Тәймия сәләфтің жолын ұстана отырып, өзін сунни пікірдің өкілі екенін және міндетті түрде шаригат мәтіндеріне, (Құран мен сұннет) хадис жазылудан алдыңғы және кәләмшылар пайда болудан бұрынғы кезеңге қайтудың қажеттігін жариялады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мен сахабалардың дәуірінен кейінгілер гректерден алған философиялық принциптер мен логикалық қағидаларды таухидке араластырып жіберді деп айыптады. Ибн Тәймияның бұл бөлуі мәтіндерді жүйелі зерттеудің нәтижесінде іске асты деп айта алмаймыз. Құранда келген «раббы», «иләһ» сөздері оның діттеген мақсатын бермейді. Құрандағы рубубия мен улуния ұғымдарының арасында ажырамас ләзімдік пен ұқсастық бар. Олай бөлудің ешбір қажеттілігі де негізі де жоқ.

Ибн Тәймия айтқандай одан бұрынғы ғұламалар таухид улунияға мән бермеді, оларда тек таухид рубубия болды деп айта алмаймыз. Имам Бақиллани (950–1013) таухидті былай деп түсіндіреді: «Таухид – Алла тағала бар, жалғыз тәнір, құлшылыққа лайықты жалғыз жаратушы, оған ұқсас ештеңе жоқ... Осындай таухид барлық жаратылысқа, балиғатқа толған әрбір кісіге міндет» [21, 34-49 б.].

Имам Бажури (1784–1859): «Таухид – ол бір нәрсені жалғыз деп білу. Шаригаттағы мағынасы, құлшылыққа лайықты Жаратушыға ғана құлшылық жасау. Оны болмысында, сипатында, барлық ерекшелігінде бір деп сену» [22, 20 б.] – деген анықтама береді. Бұл кейбір мысалдарды ғана келтіріп

отырғанымыз. Кәләмшылар құлшылық таухидін мүлде айтпады, таухидке жанжақты қамтылған дұрыс анықтама бермеді деп айыптау ақиқатқа сай еместігі, қисынға келмейтіні осыдан белгілі.

Пайғамбарлар адамдардан тек қана таухид улуһияны ғана талап етті. Таухид рубубия онсыз да бар еді деген көзқарасқа келісу қын. Біз исламнан бұрынғы барлық қауым мен елдің діни ахуалын зерттер болсақ, оларда таухид рубубия болды деген пікірдің үлкен қателік екенін көреміз. Олардың кейбір мысалдарын Құран бізге әңгімелеп береді. Алла тағала Перғауынның рубубияға қатысты «Ол (Перғауын): «Мен сендердің ұлы раббыларыңмын» [5, 79:24] деген сөзін, Ибраһим пайғамбарға зұлымдық жасаған Намруд патшаның «Мен тірілтіп, өлтіремін...» [5, 2:258] дегенін келтіреді. Бұл аяттар бізден бұрынғы қауымдардың таухид рубубиясының ахуалын анық көрсетеді.

Құран «Ағраф» сүресінде адам баласына Жаратушы Ҳақтың «Мен сендерің раббыларың емеспін бе?» – деген кезде, олар: «Әрине, уа раббымыз!» – деп жауап берді» [5, 7:172] деп серт алғанын жеткізеді. Аят адам баласының тек рубубияны мойындаумен мұсылман болуын растап отыр [23, 1 т., 325 б.]. Демек, Ибн Тәймия айтқандай таухид рубубия ғана діннің дұрыс болуы үшін жетпейтін болса, бұл алынған серт дұрыс болмас еді. Сондай-ақ рубубияны мойындаған мұшріктер мұсылман болып саналатын еді. Ислам ілімінде ондай мәлімет байқалмайды.

«Ширк» – тілдік түрғыда негізгі екі мағынаны береді: біріншіден, қосарлану, екіншіден, созылу, ұзару дегенді білдіреді. Ал «ишрак» болса, ортақ қосу деген мағынада жұмсалады. «Аллаға серік қосты», яғни Оның ұлықтығы мен құдіретіне өзге біреуді ортақтастырды дегені [3, 2 т., 65 б.]. Бұл құбылысқа қатысты негізгі үш мәселеге тоқталуды жөн санаймыз: Біріншісі – үлкен серік қосу, яғни Алла тағалаға өзге нәрсені тең деп санау. Бұл серік қосу туралы Алла тағала Құранда: «Шын мәнінде, Алла өзіне серік қосқанды кешірмейді...» [5, 4:48], – дейді. Екіншісі – кіші серік қосу, яғни кейбір іс-әрекетте Алладан басқаны ескеру, адамның бойында басқалар көрсін, екіжүзділік (рия, нифак) секілді қасиеттердің болуы. Бұл турасында Құранда: «Ол екеуі өздеріне берілген нығметте оған серік қосты. Алла олардың қосқан серіктерінен пәк» [6, 7:190], «Ол раббысының құлшылығына ешкімді ортақ етпесін...» [5, 18:110], – делінеді [29, 342 б.]. Алладан басқа дүниелердің разылышын тілеу, көрсін деп ойлау кіші серік қосуға жатады. Сонымен қатар мұшрік деп кітап иелерінен басқа кәпірлерге айтылады деген де пікір бар. Олардың негізdemесі – Құранның «Шын мәнінде, иман келтіргендер, янудилер, насранилер, мәжусилер және мұшріктер...» [5, 22:18] деген аяты. Аятта мұшріктер янудилер мен насранилерден бөлек айтылып отыр [24, 342-343 б.].

Имам Кафауи (1683 қ.б.ж.) ширк ұғымына қатысты өзге ғұламаларды еңбектерінде айтылмаған үлгіде келесідей жіктеу жасайды: «Ширк истиқлал. Бұл – екі жеке дара өзара тең жаратушыны бекіту. Бұған мәжусилердің серік қосу амалы жатады. Ширк табғид. Бұл – Құдайды бірнеше бөліктен құралады деп сену. Бұған христиандардың сенімін жатқызуға болады. Бір құдай үш

құдайдың ішінде, үш құдай бір құдайдың ішінде деп сену секілді. Ширк тақриб. Бұл – Аллаға жақыннатады деген ниетпен өзге нәрсеге табыну. Бұрынғы мұшріктердің пұттарға табынғанда, олар бізді Аллаға жақыннатады деп құлшылық ету осыған ұқсайды. Ширк тақлид. Бұл – мұшірікке ерудің, ұқсаудың нәтижесінде Аллаға серік қосу. Бабалардың жолы деген ұранмен серік қосатындардың ісі осы санаттан болады. Ширк әсбаб. Бұл – өмірдегі себептерге ықпал мен жүзеге асуды байланыстыру. Философтардың, материалистердің қателігі ширктің осы түріне жатады. Ширк ағрад. Алланың разылығын тілеуден басқа ниетпен құлшылық жасауды осы санатқа жатқызуға болады [25, 533 б.]. Талдай келе жоғарыда тізбеленген ширк доктринасының барлық түрі мен санаты ислам іліміндегі тыйым салынатын сенімнің шеңберінде болып саналады. Ширк пен күпірлік ұғымының арасында өзара тығыз байланыс бар. Яғни ислам теологиясы бойынша әрбір ширк күпірлік болады, алайда әрбір күпірлік іс ширк емес. Себебі күпірлік – ауқымы кеңірек ұғым.

«Зәндақа» сөзі – араб тіліне басқа тілден енген сөз. Оның мағынасы заманның мәңгілігіне сену дейді. Зәбиди «Тәжул ғаруста» «зиндиқ» сөзінің тағы бірнеше мағынасын келтіреді. Соның ішінде «Сәнәуи адам», яғни ол нұр мен қараңғылықты құдайлар деп сенеді. Ақиреде пен рубубияны мойындағайды. Жаратушының бірлігін қабылдамайды. Күпірлікті ішінде жасырып, иманды жариялайтын кісі. Соңғы мағынасы екіжүзділікке, яғни нифаққа ұқсайды. «Мәни» деген – мәжуси діндардың кітабы. Бұл еңбекте нұр мен қараңғылықты екі құдай деп біледі. Нұр жақсылықты, қараңғылық жамандықты жаратады деп түсіндіреді [7, 25 т., 318-319 б.]. Бұл сөздің қолданыс шеңбері кеңейіп исламда дінбұзарлықпен айналысқан бидғат иесіне, құдайсызға да айтылған. Әйлу сунна уәл жамағатқа қарсы ұстанымда болған топтарға да айтылған. Тағы бір қолданыс алаңы моральдық тұрғыдан шектен шыққан, азғындаған кісіні де «зиндиқ» деп атаған [26, 36-38 б.]. Ислам ғұламаларының қолданысындағы «зиндиқ» сөзінің мағынасы күпірлік болып есептеледі. Ал кәләм ғалымдарының көзқарасында, егер ол Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) пайғамбарлығын мойындалап, исламның белгілерін жариялай отырып, күпірлік болатын нағымдарын ішінде жасырса, кәпір екеніне дау жоқ. Бұл жағдайда ол «зиндиқ» деп аталады [13, 5 т., 227 б.]. Зандақаның соңғы мағынасы нифақ ұғымына толық ұқсайтынын байқаймыз.

Иbn Ражаб Ханбали (1335–1393): «Нифактың тілдегі мағынасы – айлакерлік, құлық, сыртқа жақсы көрініп, іштей қайшылықта болу», – дейді [27, 1 т., 481 б.]. Сол сияқты «жасыру», «көрсетпеу» деген мағыналарды да береді. Негізі, «нифақ» сөзі ислами ұғымда қолданылады. Нифақ жасаған кісіге «мунафик» делінеді. Ол – өзінің күпірлігін жасырып, иманды жариялаушы тұлға. Исламға бір есікten кірсе, екінші есікten шығып кететін адам [24, 650 б.]. Зәбиди екіжүзді кісінің мунафик деп аталуының бірнеше себебін келтіреді. Нифақ сипаты екіжүзділіктің өтірік айту, уәдеде тұрмау, аманатқа қиянат

жасау, т.с.с. кейбір іс-қымылдарын жасаған кісіге де телінеді. Бұл іс-қымылға қатысты нифақ. Ал ішінде күпірлікті жасырып, сыртымен исламды жариялайтын адамда идеологиялық нифақ немесе үлкен нифақ болады [27, 1 т., 481 б.].

Арабтың илхад түбірі – «اَنْجَلٌ» әріптерінен келіп шыққан сөз. Сөздің түбірі тұра жолдан таю дегенді білдіреді. Адам баласы хақтың, иманның жолынан тайғанда «әлхада әр-ражулу» дейді [3, 5 т., 236 б.]. Илхад жасаған кісіні «мұлхид» деп атайды. Мұлхид – ақиқаттан адасқан кісі. «Аграф» сүресінде: «Алланың есімдері ең көркем. Оның есімдерінде илхад жасайтындарды тастандар....» [5, 7:180], – делінеді. Асфахани (1109 қ.б.ж.) «Муфрадат» атты еңбегінде: «Алланың есімдеріне қатысты илхад ету екі мағынада болады. Біріншісі – Алла тағаланы лайықты емес сипатпен сипаттау. Екіншісі – оның сипаттарын лайықты емес үлгіде түсіндіру», – дейді [24, 577 б.] «Шын мәнінде, аяттарымызға қатысты илхад жасайтындар бізден жасырына алмайды...» [5, 41:40], – делінеді. Ғұлама Әлуси (1802–1854) аяттағы «илхад» сөзінің түсіндірмесінде: «Құран аяттарын түсіндіруде дұрыс жолдан тайып, ақиқаттан адасатындар. Аятқа лайықты емес, қате мағына береді. Ибн Аббас осылай түсіндіреді. Ол илхадқа «сөзді бұрмалау» деген мағына берген. Ал имам Қатада илхадты «жалғанға шығару» деп түсіндірген...» [28, 24 т., 126 б.], – дейді. Бұл ұғым заманауи ғылымда және философиялық тұрғыдан «атеизм» деген атаумен қарастырылады. Алланың бар екеніне сенбейтін адам теориялық тұрғыдан атеист деп аталады. Ал өмірін Құдай жоқ секілді сүретін адамды практикалық тұрғыдан да атеист деп атайды» [29, 1 т., 87-88 б.] делінеді.

«Бидғат» арабтың түбірі «بِدْغَاتٍ» әріптерінен құралатын сөзінен шыққан. Бір нәрсенің басталуы, ұқсасы жоқ нәрсенің жасалуы дегенді білдіреді. Тағы бір мағынасы – үзілү, шалдығу, болдыру [3, 1 т., 209 б.]. Ибн Сиккит (802–858): «Бидғат – әрбір жаңадан пайда болған дұние», – деп анықтама береді. Құранда «бидғат» сөзі «ибтадаға» етістігімен келеді. «Хадид» сүресінде Иса алайһи сәләмнің хауарилері туралы: «Рахбанияны (монахтық) олар өздері шығарып (ибтадаға) алды» [5, 57:27], – делінеді. Пайғамбар (с.ғ.с.) сұннеті туралы Жәбир ибн Абдулладан жеткен хадисте: «Ең қайырлы сөз – Алланың кітабы, ең тұра жол – Мұхаммедтің жолы, істердің жаманы – жаңадан пайда болғаны, әрбір бидғат – адасушылық...» [4, 1 т., 385 б.], – делінген.

Бухари өзінің «Сахихында» Омар ибн Хаттабтың тарауық намазына жамағаттың жиналғаны туралы: «Бұл қандай жақсы бидғат...» [15, 2 т., 252 б.], – деген сөзін риуаят етеді. Ибн Хажар Асқалани Хазіреті Омардың «жақсы бидғат» деген сөзін былай деп түсіндіреді: «Шарифатта «бидғат» сұннетке қарама-қайшы ұғымға қолданылады. Бұл жағдайда жаман іс болып есептеледі. Алайда бидғат мәселе шарифатта құпталған негіздің аясында болса, жақсы болып саналады. Ал шарифатта құпталмаған негіздің шенберінде болса, жаман болады...» [30, 4 т., 253 б.].

Бидғат – кейінгі ғасырларда мұсылман үмбетінің ішінде өзара идеологиялық қайшылықтарға себеп болған мәселелердің бірі. Бұл ұғым

мұсылмандарды өзара адасушылықпен айыптауға, ислам ғұламаларының шариғат мәтіндерін түсіндірудегі әдіснамаларын және жаңадан пайда болған жағдайларға үкім берудегі ұстанған жолын бұрыстауға дейін апарды. Кейбір жағдайларда күпірлікке қатысты айыптауға да барды.

«Зұлымдық» – арабтың «зулм» деген сөзінен енген кірме сөз. Тілдік мағынасы «нәрсені өзінің арнайы орнынан басқа жерге қою» дегенді білдіреді. Бұл кемшілікпен немесе артықшылықпен, өз уақытынан таюмен немесе мекенінен шатасумен болуы мүмкін. Зұлымдық діни танымда: «Ақиқаттың шеңберінен шығып, жалғанға өту. Сондай-ақ үлкен күнәға да, кішкентай күнәға да зұлымдық деп айтылуы мүмкін» [24, 2 т., 411 б.]. Рағиб Асфахани зұлымдықты үшке бөледі. Бірінші – Алла тағала мен адамның арасындағы зұлымдық; оның ең үлкені, күпірлік, серік қосу және екіжүзділік. Екінші – адамдардың арасындағы зұлымдық. Үшінші – адамның өзі мен нәпсісінің арасындағы зұлымдық. Аталған үш зұлымдықтың барлығы, түптеп келгенде, адамның өзіне жасайтын зұлымдығы [24, 2 т., 411 б.]. Себебі бұлардың әрбірінің зияны мен зардабы өзіне қайта аналып келеді. Сол сияқты «Пасықтық» сөзі – арабтың түбірі «ف، س، ق» (фисқ) сөзінен шыққан. Аллаға тағат ету жолынан таю және оның әмірін орындау дегенді білдіреді [31, 4 т., 1543 б.]. Рағиб: «Пасықтық ұғымы күпірлік сөзінен кеңірек. Көп күнә жасауға да, аз күнә жасағанға да қолданыла береді. Алайда көп күнә жасаушыға айтылуы кеңінен танымал. Әдетте, пасық деп шариғат үкімдерін мойындалап, оны сақтағаннан кейін оларға қайшы іс-қимылға барған кісіні айтады», – дейді [24, 2 т., 491 б.]. Яғни әрбір пасықтықты күпірлік емес, алайда әрбір күпірлікті пасықтық деп айтуға болады.

«Тәкфир» – арабтың «куфр» сөзінен шыққан туынды сөз. «Кафара» сөзі жасыру, жасырды деген мағынаны білдіреді. Арабтар тұнгі уақытты адамдарды өз қараңғылығымен жасыратын болғандықтан кейде «кафир» деп атайды. Егінші де дәнді жерге жасыратындықтан «кафир» деп аталағы. Жақсылыққа күпірлік ету – оның қадірін білмеу және иесіне алғыс айтпау арқылы оны жасыру деген сөз [24, 560 б.]. Күпірліктің ең үлкені – Алланың бірлігін, шариғатты, пайғамбарлықты жасыру арқылы жоққа шығару. «Күпірлік» (куфр) сөзінің ислам дініндегі ғылыми түсіндірмесі тілдік мағынасымен байланысты. «Күпірлік» сөзіне дін мамандары: «Алла тағаланы және Оның елшілері әкелген хабарларды түгелдей немесе олардың кейбірін жоққа шығару», – деген анықтама береді [32, 577 б.]. Имам Фахруддин Рази (1149–1209): «Кәләм ғалымдарына «күпірлік» сөзінің нақты анықтамасын қою өте қыынға соқты. Себебі ол – Алла елшісі (с.ғ.с.) Раббысының тарапынан жеткізгеннің барлығын растайтын «иман» ұғымының антонимі. Демек, күпірлік – Алла елшісінің (с.ғ.с.) жеткізгенине құмән болмаған нәрсені растамау», – деп анықтама береді [33, 2:42 б.]. Имам Ғазали: «Күпірлік – Алла елшісі (с.ғ.с.) жеткізген нәрсені жоққа шығарып, оны мойындау», – дейді [34, 25 б.]. Имам Қуртуби (1214–1273): «Шариғат тілімен «күпірлік» сөзі айтылса, ислам дінінде ол – белгілі болған мәселені жоққа, жалғанға шығару», – деп түсіндіреді. Имам Тахауи

(853–935) күпірлікке адамды апаратын жағдайлар мен факторларды қарастыра келіп: «Біздің құбыламызға қараған (Мекке қаласындағы Кағба тарапқа қарап намаз оқыған) адамның Пайғамбарды (с.ғ.с.) және оның жеткізгенін мойындағаны, сондай-ақ оның айтқаны мен хабарлағанын растағаны үшін оны «мұсылман», «мұмін» деп атайды». «Құбылаға қараған адамды жасаған күнәсі үшін «кәпір» деп санамаймыз. Алайда ол күнәні рұқсат етілген деп есептесе, керісінше болады. Адам өзін иманға кіргізген мәселені жоққа шығармағанша, иманнан шықпайды», – деп қорытады [35, 20-21 б.].

Демек, мұсылман адамды күпірлікке қатысты айыптау – үлкен жауапкершілік. Оған өте жоғары деңгейде дәлелденген сенімді негіздеме керек. Мұсылман адамды нәпсікұмарлық, тәқаппарлық, білместік секілді әртүрлі себеппен жасаған күнәсі үшін діннен шығару исламның негізгі принциптеріне қайшы әрекет саналады.

Ислам ғұламалары «күпірлік» ұғымына анықтама берумен қатар оның түрлері мен санаттарын қарастырған. Ғұламалар бұл түрғыда иманға қарсы немесе қайшы жағдайлардың мысалдарын Құран Кәрімнен және Пайғамбар сұннетінен келтіреді. Осының негізінде Мұстафа Сағид әл-Хин және Мухиддин Диб Мусту, т.с.с. ғалымдар күпірлік мен кәпір ұғымдарының негізгі алты типологиясы мен категорияларын атаған. [32, 578-580 б.]. **Куфр инкар (жоққа шығару күпірлігі).** Инкар – мұлде қабылдамау, мойындарын, жоққа шығару және білмеу дегенді білдіреді [36, 795 б.]. «Куфр инкар» – адамның Алланы, исламды жүргімен және тілімен қабылдамауы, Алла тағаланы жалғыз деп тану (таухид) ұғымын мұлде білмеуі. Күпірліктің бұл түрі туралы Құранда: «Қарсы болғандарды (күпірлік еткендер) ескертсөң де, ескертпесөң де бәрібір, олар иманға келмейді...», – делінеді [5, 2:6]. Мұндай сипаттағы адам ислам шариғатында «кафир мункир» деп аталады. **Куфр жуҳуд (ерегісу күпірлігі).** Жуҳуд – жүргімен білген нәрсені тілімен растамау. Яғни тілімен ислам мен иманның негіздерін қабылдамау. Бұл – Іблістің күпірлігі секілді [37]. Ибн Қаим күпірліктің бұл түрін мынадай деп екіге бөледі: «шектеусіз жалпы күпірлік (куфр мұтлақ ғамм) және шектеулі жалқы күпірлік (куфр муқайяд хасс)». Біріншісі – Алла және Оның елшісі тарапынан келгенниң барлығын дерлік жоққа шығару. Ал екіншісі – діндегі міндетті болған (парыз) немесе тыйым салынған (харам) кейбір мәселелерді қабылдамау [38, 1 т., 367 б.]. Ислам ғұламалары аталған сипаттағы тұлғаны «кафир жахид» деп санайды. **Куфр муғанада (қасарысу күпірлігі).** «Муғанада» сөзі қыңырлық, қасарушылық, қарсы әрекет және қарсы әсер деген мағыналарды білдіреді [36, 502 б.]. Ислам ғалымдары муғанада ұғымының шарифи мағынасын Алла тағаланы жүргімен біліп, тілімен растау, алайда көреалмаушылық, тәқаппарлық немесе қасарысуышылық секілді себептермен ұстанбау, мойындарын деп түсіндіреді. Құранда: «Періштегерге Адамға сәждे етіндер дегенімізде, олар сәжде жасады, тек Ібіліс қана бас тартып, тәқаппарлықтан басын имеді. Сондай-ақ ол кәпірлердің қатарынан болған еді» [5, 2:34], – деген аятты келтіруге болады. Ибіліс жағдайдың барлығын жан-жақты жақсы білді,

алайда тәекаппарлықпен Алланың әмірін орындаудан бас тартты. Мұндай сипаттағы адам «кафир мұғанид» деп аталады [32, 579 б.]. **Куфр нифақ (екіжүзділік күпірлігі).** «Нифақ» – арабтың «нәәфақа» сөзінен шыққан туынды сөз. Оның мағынасы – адамның көкейіндегі нәрседен басқаны сыртқа көрсетуі немесе білдіруі [39, 942 б.]. «Куфр нифақ» адамның жүргегімен қарсы бола тұра, тілімен мұсылманшылықты қабылдауы [37]. Демек, бұл – исламды ақиқат діні ретінде жан дүниесімен мойындаамайтын, бірақ тілімен өзін мұсылман деп жариялау. Мұндай ұстанымдағы адам исламда «мунафиқ», яғни екіжүзді деп аталады. Құранда: «Адамдардың арасында Аллаға және қиямет күніне иман келтірдік деп айтатындар бар. Бірақ олар иман келтірушілер (мұміндер) емес...», – делінеді [5, 2:8]. «Шындығында, мунафиқтар (екіжүзділер) тозактың ең төменгі сатысында болады», – деп айтады [5, 4:145]. **Куфр иғрад (бұлтару күпірлігі).** «Иғрад» сөзі араб тілінде «бас тарту, бұлтару, теріс бұрылу» деген мағыналарды білдіреді [36, 469 б.]. Күпірліктің бұл санаты турасында Құранда: «Раббысының аяттары айтылғанда, теріс бұрылып кеткен адамнан артық залым бар ма?...» – деп айтады [5, 32:22]. **Куфр шәк (күмәндану күпірлігі).** Араб тіліндегі «шәк» сөзі біріне-бірі қайшы екі мәселенің теңесуін білдіреді. Бұл екі мәселенің бірінің басымдығын білдіретін айқын деректің немесе белгінің болмағандығынан орын алуы мүмкін [24, 1 т., 349 б.]. Демек, адамның белгілі бір мәселені растауға қатысты екі ойлы яки күмәндану пікірінде болуына айтылады.

Жоғарыда талданған мәселелер бойынша исламда кейбір адамдар күпірлікке ұрынған, кәпір болып есептеледі. Оларды күпірлікке қатысты айыптау немесе кәпір деп үкім шығару белгілі бір себеп пен жағдайға негізделеді. Ондай жағдайлар адамның сеніміне, сөзіне немесе ісіне қатысты болып келеді. Ең бірінші – **сенім (ақида) мәселесіне қатысты жағдайлар.** Ислам дініндегі негізгі әрі белгілі мәселелерді, яғни ислам дінінің негіздерін жоққа шығару, оларға сенбеу және қабылдамау. Мысалы, Алла тағаланың бір екеніне, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлығына, періштelerдің барлығына немесе Алланың кітаптарына иман келтірмеу адамның кәпір болуына негіз болатын сенімдік (ақидалық) жағдайлардан болып саналады [40, 618 б.]. Осындағы мазмұнда Құран: «...кімде-кім Аллаға, оның періштelerіне, кітаптарына, елшілеріне және ақиреде күніне қарсы келсе, күпірлік етсе, ұзаққа адасады», – дейді [5, 4:136]. Бұл аятта айтылып отырған күпірлік адамның сеніміне қатысты орын алуда. Осы тұста айта кететін жайт, Пайғамбардың сұннетін жоққа шығару – оның өзін терістеу, ал Құранның бір аятына сенбеу – Құранның өзін мойындаамау. Аллаға илану – оның тарарапынан келген хабарларға сену дегенді білдіреді. **Сөзге қатысты жағдайлар.** Аллаға, пайғамбарлардың біріне, Алланың кітаптарына немесе исламға тіл тигізу, балағаттау, тілмен кемсіту күпірлікке апаратын факторлар болып есептеледі. Мұндай сөздерді айтқан адамға айтқанынан қайтуы талап етіледі. Айтқан сөздерінен қайтпаса, кәпір болуы әбден мүмкін. **Іс-әрекетке қатысты жағдайлар.** Құранды дұшпандықпен жырту, оны қоқысқа тастау, құлшылық ретінде пүтқа табыну,

құрметтеген халде кресті тағып алуы секілді істерді айтуға болады. Мұндай істердің қайсыбірі болса да, шаригат қоятын шарттарға сай нақтылауды әрі анықтауды талап етеді [40, 619-620 б.].

Осы тұста айта кететін мәселе, Құранда: «Раббысына қарсы шыққандардың (кәпірлердің) мысалы қатты жел тұрган күндегі күл секілді. Олар өз еңбектерінің бірін де сақтап қалуға шамалары жетпеді. Міне, осы – үлкен адасу», – деп айтылады [5, 14:18]. Демек, кәпір адам тек жаман қасиеттерді бойына жинаған тұлға болуы шарт емес. Ол кедейлерге, жетімжесірлерге қамқор, ата-анасын разы етуші, туыстарымен жақсы қарым-қатынасын сақтаушы, т.б. жақсы істерді атқарушы болуы әбден мүмкін. Алайда оның осы өмірде жасаған ізгі амалдары үшін ислам шаригаты бойынша ақиret өмірінде сауап берілмейді деп үкім етіледі. Себебі ол жоғарыда аталған іс-қимылдарды ислам шаригатының шарттары бойынша Алланың разылығы және ақиret өмірінің сауабы үшін жасаған жоқ. Алайда бұл өмірде кәпір тұлғаның жасаған ізгі істері үшін жақсылық беріледі. Ол денсаулық, қауіпсіздік, кең ризық және атақ-данқ секілді өмірдің қажеттіліктерімен қамтамасыз етілуі мүмкін. Құран: «Кімде-кім бұл дүние және оның қызығын қалайтын болса, оған еңбегінің ақысын береміз, оның ешбір ақысы желінбейді», – дейді [5, 11:15]. Демек, ол өзінің бұл өмірде алдына қойған мақсатына жетуі және дүниелік қызықтарға кенелуі рационалдық ұстанымдар мен шаригаттың шарттарына ешбір тұрғыдан қайшы емес.

Ислам дініндегі «тәкфир» ұғымы «куфр» сөзінен бастау алатынын нақтыладық. Демек, «тәкфир» ұғымы өзін мұсылманмын деп санайтын екінші адамды күпірлікке және ислам дінінен шығуына байланысты айыптауды және оған кәпір деген үкімді тағайындауды білдіреді. Олай болса, тәкфир жасаудың үлкен жауапкершілігі бар. Себебі «тәкфир» – шарифи (құқықтық) үкім. Имам Газали бұл тұрғыда: «Күпірлік – шарифи үкім. Мысалы, адамның құлдығы, азат болуы, қанының төгілуіне рұқсат ету, тозақта мәнгі болуы, т.б. салдары бар. Мұның негізі шаригаттан болуға тиіс. Арнайы мәтінмен (насс – Құран аяты, Пайғамбар хадисі) немесе мәтінмен бекітілген үкімге қияспен (үкімі жоқ мәселені үкімі бекітілген мәселемен салыстыру тәсілі немесе компаративтік әдіс) негізделуі керек», – деп түсіндіреді [34, 26 б.].

Айыптау «тәкфир» деп атала, «кәфир» (сенбеуші, терістеуші) деген сөзден негіз алады және «мұсылман болған бір адамның мұсылман емес деп жариялануын» мензейді. Асылында, Ибраһимдік діндердің ерушісін кәпір деп жариялауға құзыреттілігі бар жалғыз топ ғұламалар болып саналады. Бұл үдеріс барлық құқықтық талап ескеріліп, назарға алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады [41, 31 б.].

Күпірлікке қатысты айыпталғанадам исламның негізінде бекітілген құқықтарынан айырылады. Оның мал-мұлкін тәркілеу, діннен шығу жазасын қолдану, некелі әйелінен айыру секілді салдары пайда болады. Сондықтан біреуді тәкфир ету, яғни күпірлікке қатысты айыптау мәселесіне Алла елшісі (с.ғ.с.) өте қатаң қараған. «Сахих Муслимде» Абдулла ибн Омар жеткізген

хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): «Адам өзінің бауырын күпірлікке қатысты айыптайтын болса, өзі соған душар болады», – дейді [42, 2 т., 42 б.]. Ибн Хажар (1372–1449) бұл хадиске берген түсініктемесінде: «ешбір негізсіз біреуді күпірлікке қатысты айыпта, үкім шығарудың үлкен күнә екенін білдіреді», – деген [30, 13 т., 681 б.].

Құран Кәрім: «Уа, иман келтіргендер! Алла жолында жорыққа шықсандар, әрбір істің анық-қанығын біліп жүріңдер. Сендерге сәлем беріп келген адамға дүниелік пайданы көздел «сен мұсылман емессің» деп айтпаңдар», – дейді [5, 4:94]. Яғни адамды күпірлікке қатысты айыптауғаасықпауды, оның кім екенін анықтап біліп алуды деп міндеттеп отыр. Имам Табари бұл аятты: «Жорықта болған кезде оның мұсылмандығын немесе мұсылман еместігін білмеген адамды өлтіруге асықпаңдар! Асығып жазықсыз адамның қанын төгулерің мүмкін. Аллаға, пайғамбарға және сендерге қарсы дүшпандығы анық білінген тұлғадан басқаларға қару көтеруші болмандар», – деп түсіндіреді [43, 7 т., 351 б.].

Имам Бухари келтірген мына хадистерде Пайғамбар (с.ғ.с.): «Қайсыбір адам екінші бір кісіні пасықтықтығына, күпірлігіне қатысты айыптаса, бірақ ол айыптағандай болмаса, бірінші кісінің айыптауы өзіне тағылады», «Кімде-кім мүмін адамды қарғаса, оны өлтіргендей болады. Сондай-ақ кімде-кім мүмін адамды күпірлігіне қатысты айыптаса, оны өлтіргендей болады», – дейді [15, 7 т., 84 б.]. Ибн Абдул Барр (978–1071) аталған хадис жөнінде былай дейді: «Осылай айтқан адам үлкен әрі ауыр күнә арқалайды. Осы айтқан сөзінің кесірінен айтылған жамандықта өзі душар болды. Бұл хадис мұндай сөзді айтудан тоқтататын өте қатаң ескерту және құбылаға қараған адамға «ей, кәпір» деп айтуға түбекейлі тыйым салады» [44, 17 т., 22 б.]. Демек, имам Ибн Абдул Барр өзін мұсылманның деп санаған адамды күпірлігіне қатысты айыптауды тыйым салынған (харам) іс деп есептеп отыр. Алла елшісінің (с.ғ.с.) тағы бір хадисінде: «Уш нәрсе иманың негіздері болып саналады: «Алладан басқа тәнір жоқ» деген адамға тиіспеу, оны жасаған күнәсі үшін күпірлікке қатысты айыптамау және істеген қате әрекеті үшін исламның шеңберінен шығармау», – делінеді [45, 2 т., 221 б.]. Жоғарыдағы хадистердің мазмұнынан адамға кәпір деп үкім берудің, оны күпірлікке қатысты айыптаудың ауыр мәселе екені белгілі болады. Хадис тек қана сол айыптауы өзіне қайтады деп тұрған жоқ, сонымен қатар оны адам өлтірген қылмыскердің ісіне теңеп отыр. Мүмін мұсылманды адамды күпірлікке қатысты айыптау немесе оны діннен шықты деп үкім ету адамның өз иманына қайшы келетіні айтылуда. Осылайша, бұл баптағы мәтіндердің мақсаты мұсылманды күпірлікке қатысты айыптаудың есігін ашылмастай етіп жабуға бағытталған деп санауға болады.

Біз бұл тақырыпқа қатысты ислам тарихындағы атақты ғалымдардың еңбектеріне тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз. Біріншіден, ислам философиясында өзіндік орны бар, үлкен рөлге ие имам Әбу Хамид Ғазали өзінің «Файсал әт-тафриқа» деген еңбегін жазып қалдырды. Күпірліктің анықтамасына кеңінен тоқталды. Күпірлікке аппаратын жағдайлар мен күпірлік

былып есептемейтін ахуалдың ара-жігін бөліп беретін нақты критерийлер қалыптастырыды. Діни мәтіндерді интерпретациялаудың діни принциптерін қойды. Интерпретациялаушылардың арасында кімнің ісін ақтап алуға болатыны турасындағы өлшемді де ашып көрсетті. Имам Ғазалидің бұл еңбегі – біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты тарихи дерек ретінде үлкен маңызға ие. Имам бұл еңбегінде күпірлікке қатысты айыптау үрдісіне қатысты фикір және калам ғалымдарының тәсілімен емес, рационалдық әдістерге сүйене отырып «орта жол» ұстанымымен талдайды. Имамның мақсаты мұсылмандарды өз пікірлеріне деген фанатизмнен, және өзге көзқарастарды сынауда радикалды әрекеттерден сактау әрі қорғау. Сонымен қатар исламға қатысты тараптарды ридда мәселесінде тұра жолдан таюдан, ғылыми қателіктірдің себебінен шарифаттың шеңберінен шығып кетуден сактандырады. Өзара келіспейтін барлық топты айқын ғылыми ұстанымның, кесімді айғақтар мен дәлелдердің шеңберіне шақырады [34, 21-22 б.]. Төменде имамның күпірлікке қатысты айыптау мәселесіне қатысты қалыптастырған қағидалары мен кейбір принциптеріне шолу жасаймыз.

Мәзhabтық айырмашылықтардың негізінде пайда болған күпірлікке қатысты айыптау құбылысы – ерушілік пен фанатизмнің жемісі. Рационалдық ізденістің нәтижесі емес. Сонымен қатар Ғазали «бұл имам Ашғаридің көзқарасына қайшы, мутазиләнің мәзhabына сай емес, ханбалилердің ұстанымына қарсы т.с.с.» деп айтылатын пікірлерді күпірлік ұғымына қатысты жасалған қате анықтамалар деп санайды [34, 23 б.]. Кімде-кім ақиқатты ізденушілердің біреуінің ғана көзқарасын дұрыс деп шектесе, оның өзі күпірлікке және қарама-қайшылыққа жақындау болады [34, 26 б.]. Күпірлікке қатысты нақты анықтама – Алла елшісін (с.ғ.с.) ол әкелген әрі үйреткен діни мәселеде жалғанға шығару. Бұл анықтама исламға қатысты мәзhabтарды күпірлікке қатысты айыптаудан тоқтатуға бағытталған [34, 27 б.]. Күпірлік ұғымы құлдық, азаттық секілді шарифи үкім болып есептеледі. Оны шарифат мәтінімен немесе оған негізделген үкіммен салыстыру арқылы анықтауға болады [34, 28 б.]. Растаудың мәні – Алла елшісі (с.ғ.с.) ол туралы хабар берген әрбір нәрсенің бар екенін мойындау әрі сену. Оның бар екені барлық бес мағынада (болмыстық, физикалық, метафизикалық, рационалдық, аналогиялық) көрініс табады [34, 30 б.]. Әрбір топ аталған бес мағынаны толығымен ескермегендіктен, өзіне қайшы ұстанымдағы топты жоққа шығарушылықпен айыптады. Ал жоққа шығару жоғарыда аталған мағыналардың барлығын мойындағанда орын алады [34, 39 б.]. Өз көзқарастарына мәтіндер мен үкімдерді интерпретациялау (тәуил) арқылы жеткен топтарға күпірлік қатысты болмайды. Себебі әрбір топ интерпретация жасауға мәжбүр болады [34, 39 б.]. Мәтіннің сыртқы (заңири) негізгі мағынасын ескеруге мүлде болмайтындығына айқын негіздеңе бар болса, интерпретациялау деңгейлерінің ешбірі жоққа шықпайды. Олай болмаған жағдайда, мәтіннің негізгі мағынасын өзгертуге тыйым салынады [34, 45 б.]. Ешбір топтың өзіне қайшы ұстаным иесін негізdemесінде қателесуімен күпірлікке қатысты айыптауына болмайды. Тіпті

оны адасуши немесе бидғатшы деп айта алады. Себебі адамның күпірлігін анықтау оңай емес, міндегі емес [34, 46-47 б.]. Интерпретация жасаушыларды айқын негізdemесіз күпірлікке қатысты айыптауға асықпау қажет. Мұндай жағдайда мәселе жіті зерттеледі. Оның интерпретациясы діннің негіздері мен принциптеріне қатысты болмаса, күпірлікке қатысты айыпталмайды. Ал оның интерпретациясы халықтың адасу мен шатасуына апаратын болса, бидғатшы деп танылады. Ал керінше, діннің негіздері мен принциптеріне қатысты болса кәпір болып саналады. Мысалы, өз ойы мен санағына негіздей отырып «қияметте адамның денесі жиналмайды, оларды физикалық жазалау болмайды» деп айтуы секілді [34, 49-51 б.]. Діннің негіздеріне қатысты емес екінші сатыдағы мәселелер бойынша күпірлікке қатысты айыптауғаболмайды. Бірақ екінші сатыдағы мәселені жоққа шығару Пайғамбардан (с.ғ.с.) тауатур жолмен жеткен діннің негізін жоққа шығаруға апарса, оны күпірлікке қатысты айыптауғатура келеді. Мысалы, Айша (р.а.) анамызды арсыздықпен айыптауы секілді. Себебі олай жасау Алла елшісін (с.ғ.с.) және сенімді жолмен келген хабарды жалғанға шығару деп есептеледі. Дін негізін жоққа шығаруға апарған кезде, екінші сатыдағы мәселе болса да күпірлікке себеп болады [34, 56-57 б.]. Хабары тауатур жолмен жетпеген ижмағ үкіміне қарсы болған тұлғаны күпірлікке қатысты айыптауғаболмайды. Ол жалғанға шығарушы емес, надан әрі қателесуші болып есептеледі [34, 63 б.]. Пайғамбардың (с.ғ.с.) «менің үмбетім жетпіс бірнеше топқа бөлінеді, олардың біреуі ғана құтылады» деген хадисіндегі «құтылушы топ» тозаққа кіріптар болмайтын және шапағатқа мұқтаж емес топ дегенді білдіреді [34, 75 б.]. «Мені күпірлікке қатысты айыптағандымен де айыптаймын, мені кәпір демегенді, кәпір демеймін» деген кісіні жазғыруға болмайды. Себебі басқаның күпірлікке қатысты айыптауының себебінен қателескен тұлға кәпір емес. Бұл – шариғи мәселедегі кеткен қателік [34, 93 б.]. Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Мұсылмандардың қайсыбірі бауырын күпірлікке қатысты айыптаса, екеуінің бірі оған кіріптар болады», – деген хадисі, егер ол бауырының Алла елшісіне (с.ғ.с.) сенетінін біле тұра оны кәпір деп айтса, сол күпірлікке өзі кіріптар болады дегенді білдіреді [34, 93 б.].

Осылайша, имам Ғазали ислами топтар мен ағымдардың арасында өзара жатсыну, текетірестер болып жатқан заманда шектен шығушы радикалды және тәкфирші топтарға қарсы пайымдаулар жасады. Мұсылмандардың құқығы мен міндегілерін әділдік таразысына салуға және ридда (діннен шығушылық) шенберін мейлінше тарылтуға тырысты. Тараптардың барлығы жүгінетін зандылықты қалыптастыру арқылы интерпретация иелеріне кешіріммен қараудың үлкен есігін айқара ашып берді. Шариғатқа шәлкес түспеуі және діннің тұстасығы сақталуы үшін күпірлікке қатысты айыптаудың кең шенберін бидғатшылықпен немесе пасықтықпен айыптауға ауыстыра білді. «Айқын күпірлік» деген имам Ғазалидің ұғымында исламға қай тұрғыдан қарасақ та сай келмейтін амал болуға тиіс. Бұлай ету арқылы күпірлік дертіне шипа болар дәріні ойлап тауып, мәзібаралық текетірестен тиімді емдей алды. Имам Ғазали мұның барлығын да мұсылман қоғамын әрдайым өзара қан төгістен, бірінің-бірі

мал-мұлқін тартып алушан, құдандалықтан бас тартудан және мәңгілік тозақта болумен айыптаудан сақтау мақсатында ортаға салған.

Қазіргі діни ортада радикалды сананың өршіп тұрған шағында Ғазалидің бұл еңбегі – ғибратқа әрі ғылыми құндылыққа ие туынды. Байыпты оқып байсалды зерделеуге лайықты шығарма. Такфиризм тақырыбына қатысты фиқхи көзқарасымызды терендетуге көмектесетін шығарма. Бүгіннің ең қауіпті проблемаларының бірі – такфиризм құбылышына қатысты қағидалардың қалыптасуы. Осылайша, мұсылман қоғамын такфиризм апатынан, лаңқестіктен және бүліктің зардабынан сақтау мүмкіндігі артады.

Такфиризм проблемасына қатысты үлкен еңбек жазып, қағидаларды қалыптастыруға тарихи үлес қосқан тағы бір ұлы имам – Ибн Хажар Һәйтәми (1504–1566). Оның бұл тақырыптағы негізгі еңбегі – «Иғлам биқауатиғил ислам» (Исламның мызғымас негіздерін білдіру). Аталған кітап құпірлік ұғымына қатысты сол заманға дейінгі барлық мәселе жан-жақты қарастырылған еңбек. Һәйтәми бұл еңбегінде құпірлікке қатысты айыптауғанегіз болатын жағдайлардың критерийлерін баяндауда кәләмшылардың емес, фиқх ғалымдарының әдіснамасын қолданады. Құпірлікке негіз болатын сөздерді, істерді және сенімдік мәселелерді кеңінен түсіндіреді. Шариғаттың рұқсатынсыз, кейбір сөздер мен істердің ахуалын толық зерттемей тұрып құпірлікке қатысты айыптайтын топтарға ерекше фиқхи негіздемелермен және терең талдаумен жауап береді.

Аталған кітапта төрт мәзhabтың үкімдері мен көзқарастары барынша жинақталған. Сондықтан бұл еңбек пәтуа берушілер мен қазилардың кодексі, дереккөзіне айналды. «Бұл тақырыптың мәселесі кеңінен таралған. Имамдардың көзқарастары мен сөздері түрлі бағытта болып келеді. Көп кісі қателікке де ұрынды. Сондықтан өте маңызды әрі қауіпті сала болғандықтан жеке еңбек етіп жазуға лайықты тақырып деп шештім», – дейді. [46, 70 б.]. Демек шафиги, ханафи мәзhabтары ғалымдарының құпірлікке қатысты айыптауғанегіз болатын жағдайларға қатысты барлық пікірі терең талдау, нақты бағыт-бағдар беру және шатасудан сақтау арқылы бұл еңбекте топтастырылған. Автор өз еңбегін «сиқыр, Пайғамбарды (с.ғ.с.) сөгу т.с.с.» секілді маңызды мәселелерді шафиги және мәлики мәзhabарының дәлелдерін салыстыра отырып талдайды.

Ханафи мәзhabының бұл баптағы танымал еңбегі ретінде Бадру Рашидтің (1367 қ.б.ж.) «Алфазул куфр» (Құпірлік сөздер) кітабын айтуға болады. Ханафи мәзhabының ғұламалары ридда мәселесіне ең көп көңіл бөлгендердің қатарында. Бұл турасында Һәйтәми былай дейді: «Бұл – өте кең тақырып. Мұнымен айналысуға ханафи мәзhabы ғалымдары көбірек көңіл бөлген. Сосын біздің серіктеріміз... (шағифилерді мензеуде)» [46, 101 б.]. Ханафилердің аталған тақырыппен көбірек айналысының себебі тыйым салынған және құпірлікке аппаратын сөздерді, олардан келіп шығатын нәтижені білудің мәзhab бойынша парыз, яғни міндет болып бекітілуінде еді. Ибн Абидин бұл жөнінде өз оқырманына қаратып: «Бес парызды, ықыласты болуды..., тыйым салынған

және күпірлікке апаратын сөздерді білудің парыз екеніне күмән жоқ. Ант етейін, бұл ең маңызды мәселелерге жатады. Себебі сен қарапайым халықтың білместікпен күпірлік сөздерді айтып жүретінін көп естисің...», – дейді [47, 1 т., 126 б.].

Сондай-ақ ханафилердің арасында да күпірлікке қатысты айыптау үдерісінің кеңінен етек алуды – назар аудараплық құбылыстардың бірі. Алайда мұны Ибн Һумам (1388–1457) «Фатхул қадир» кітабында былай деп түсіндіреді: «Мәзhab иелерінің сөздерінде күпірлікке қатысты айыптау көп кездеседі. Алайда бұл мужтанид дәрежесіндегі фикһ ғалымдарының сөздері емес, басқаларына тиесілі. Фикһ ғалымдарынан басқалардың сөздері ескерілмейтіні белгілі...» [48, 6 т., 93 б.]. Ибн Һумам ханафилерге қатысты «олар күпірлікке қатысты айыптауғаженіл қарайды, немқұрайлық танытады» деп тағылған сынға осылай жауап беріп, күмәнді сейілтеді.

Бадру Рашидтің (1367 қ.б.ж.) кітабы туралы Мулла Эли әл-Қари де (1606 қ.б.ж.) өзінің «Минахында»: «Сосын білініз, белгілі ғұлама Бадру Рашид – ханафи мәзhabының көрнекті имамы. Күпірлік сөздердің көшілігін, қажет болса ишаратпен айтылғандарына дейін жинақтады. Енді мен оның рәміздік мағыналарын ашықтаймын. Мән-мазмұнын нақтылаймын. Тылсымын шешемін...», – деп айтып өтеді [49, 352 б.].

Бадру Рашидтің өзі аталған кітапты жазуының себебі туралы былай дейді: «.....Қажет болса ғалым саналатын, үлken орталарда сый мен құрметке ие,... халыққа дәріс оқып, пәтуа берумен танылған кейбір кісілердің надандар мен ақымақтардай өзіне лайықты емес сөздерді айтқанын естіп жүрдім. Ондай сөздер өз иесін кәпір өтеді деп ойлаймын. Имамдар қабыл алған кітаптардағы сөздерді жинақтайын деп Аллаға истихара дұғасын тіледім. ...Мұны әрбір мұсылман ер мен әйел білсін, өзгеге жеткісін, тілінен сақтансын және ізгі амалы бекер болмасын деген мақсатта жинақтадым...» [50, 17-21 б.]. Шейх Бадрудің бұл сөзінен XIV ғасырда халықтың өз діні мен сеніміне қайшы сөздерді айтуға және қолдануға жеңіл қараша құбылысы кеңінен етек алғанын байқаймыз. Шейх бұл құбылыстың қоғам мен адамдар арасындағы қарым-қатынастарға келтірер қаупі мен қатерін жақсы білген. Мұсылман ұмбетін осындай зиян-зардаптан сақтаудың маңыздылығын ескере отырып, аталған еңбекті жазуды қолға алған.

Ислам тарихында күпірлікке қатысты айыптау мәселесіне қатысты сенімдік, фикхи, саяси-әлеуметтік түрғыдан түрлі проблемалар туындарды. Олар өз кезегінде кәләмшылар мен әртүрлі сенімдік топтардың өкілдері қолға қалам алғып тарқататын негізгі діни-танымдық тақырыпқа айналды. Ислами топтардың мұндай жұмысы олардың арасында діннің негіздеріне, басшылыққа (имамат), үлken күнә, т.с.с. мәселелерге қатысты діни-сенімдік көзқарастар мен қорытындыларға қатысты келіспеушіліктердің орын алудына себеп болды. Міне, сондықтан әhlу сунна уәл жамағаттың дін негіздері ғалымдары исламдағы иманның зандылығын, күпірліктің орын алу критерийлері мен принциптерін қалыптастырыды. Бұл өз кезегінде тактиризм проблемасына қатысты дұрыс

ойлау мен түсіндіру үрдісін қамтамасыз етті. Исламды қабылдағаны анық болған кісіні діннен шығару мәселесінде жоғары деңгейде сақ болуды және жан-жақты зерттеуді үйретті. Себебі жоғарыда айтылғандай кісіні құпірлікке қатысты айыптау шариғи үкім болып есептеледі. Олай болса, шариғаттың жазылған талаптарын ескермей, тек қана рационалдық әдістермен оның критерийлерін және қағидаларын қалыптастыруға болмайды. Діннің негіздеріне қатысты сөзбен, іспен, сеніммен, т.с.с. исламнан шығаратын қателікке барған кісінің жағдайын фикіни тұрғыдан толығымен зерделеп, құпірліктің шарттары мен кедергілерін қарап болғаннан кейін ғылыми тұрғыдан лайықты пәтуа беруші тұлға немесе қази оған қатысты үкім (шариғи пәтуа, шариғи сот шешімі) шығарады.

## **1.2 Такфиризм идеологиясының қалыптасуы мен таралуының алғышарттары және ұстанымдары**

Тарихта уақыт өте келе исламды мойындаған ұлттар мен ұлыстардың саны мен түрі артты. Бұрын христиан, яңуди, мәжуси, т.с.с. өзге діннің өкілі, басқа көзқарас пен ұстанымның иесі исламды қабылдады. Олардың санасында Алла тағаланың сипаттарына, болмысина, рационалдық шенберге сыймайтын діннің құндылықтары мен принциптеріне қатысты сұрақтар пайда болды. Құран аяттарына және сұннет мәтіндеріне әртүрлі бағытта түсіндірмелер жасалды. Әрбір топ абсолюттік ақиқаттың иесі деп тек өзін жариялады. Міне осы тұста, исламға қатысты шиғалар, мутазилә, каррамилер, мұржилер, қадарилер, т.с.с. топтардың арасында бірін-бірі құпірлікке қатысты айыптау үдерісі басталды [51, 13-14 б.].

Сахабалардың заманынан басталған кейбір келіспеушіліктер мен қарулы қақтығыстар үмбетті өз ішінде «ақиқат қай тарапта?» деген сұрақтың жауабын іздеуге жетеледі. Бұл турасында Маудуди былай дейді: «Мұндай сұрақтар өз кезегінде түрлі саяси теориялар мен көзқарастардың пайда болуына себеп болды. Бұл жағдай бірте-бірте ерушілерін діни принциптерді қалыптастыруға итермеледі. Осылайша өз пікірлерін нықтап, ұстанымдарын сақтаймыз деп ойлады. Уақыт өте келе бұл саяси ағымдар діни мәзhabтар мен топтарға айналды. Өзара келіспеушіліктер бастапқы кезеңнің өзінде бірін-бірі өлтіру мен дейін апарды. Әмәуилер мен аббасилердің кезінде мұндай айырмашылықтар жалғаса берді, сенім мен идеологиялық шенбермен шектелмеді. Мұсылмандар арасындағы дүшпандық пен алагөздік ынтымақ пен бірлікке қауіп төндірді. Әрбір мәселеде дауласу болатын еді. Ол таластардан жаңа саяси, діни, философиялық проблемалар мен мәселелер өрбиді. Туындаған әрбір мәселенің нәтижесінде жаңа ағым мен топтар шықты. Мұндай келіспеушіліктер ағымдар мен топтардың арасындағы пікірталастармен шектелмей, өзара қақтығыстар мен соғыстарға әкелді. Куфа қаласы осы бүліктің қайнап жатқан отаны тұғын. Тарихта атышулы Жәмәл, Сыффин, Нәһрауан, Хусейн (р.а.) шейіт болған шайқас, т.с.с. біраз қарулы қақтығыстар осы Ирак жерінде орын алды. Сонымен

қатар Ирак жері көптеген діни ағым мен топтың дүниеге келуіне қуә болды» [52, 139-140 б.].

Ислам тарихында Алла елшісі (с.ғ.с.) өмірден озғаннан кейін бірінші халифа Әбу Бәкірдің (р.а.) заманында «ридда соғыстары» орын алды. Бірнеше араб тайпасы діннен шығып, мемлекетке бағынудан бас тартты. Пайғамбарға (с.ғ.с.) беріп жүрген зекетті бермейміз деп жариялады. Бұл оқиға жоғары деңгейдегі «ридда» секілді қауіпті құбылысқа қарсы ислам тарихының таңында іс жүзіндегі кейбір шараларды қабылдауға апарды.

Тарихтағы ридда соғыстарынан кейін ислам әлемінде харижилердің бүлігі орын алды. Бұл ислам тарихында Хазірет Әлидің (р.а.) уақытында пайда болған ең алғашқы бидғат еді. Негізінде, харижилердің бүлігі жай ғана тарихи оқиға немесе жағдай емес-тін. Керісінше, жаңарған халдегі идеологиялық тәкфирлік құбылыс болатын. Ауыр күнәларға, дос тұту, дүшпан болу, билік және басшылық мәселелеріне қатысты мәтіндерді фиқхи зерттеу негіздеріне қайшы сипатта түсінді. Бұлар өзара келіспеген саяси екі тарапты да – Хазіреті Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) және Хазіреті Муғауияны (р.а.) – күпірлікке қатысты айыптады... Сосын бұларға көптеген халық, тайпа қосылды. Тұрлі көзқарас, пікір, бағыт, топ пайда болды... [53, 2 т., 10 б.]. Сосын олар екі тараптың әскерлерін де күпірлікке қатысты айыпта, өзара қантөгіске барды. Өкінішке қарай, бұлардың мұндай көзқарасы тарихи кезеңдердің барлығына әсері тиғен діни-идеологиялық, саяси-әлеуметтік текетірестер мен қайшылықтарға себеп болды.

Аталған топ өздерінің көзқарастары мен пікірін шектен тыс фанаттық жанкештілік сипатта қорғайды. Сонымен қатар сыртқы амалда өзге мұсылмандармен салыстырғанда әлдеқайда тақуа-аскеттер болып көрінеді. Шаригат мәтіндерінің сыртқы (зәнири) мәні мен мазмұнының көбірек көңіл бөледі. Сол сыртқы мазмұнды шынайы дін деп ұстанады. Одан бір елі де ауытқымайды. Ұрандары «төрелік ету тек Аллаға тән» болды. Барлық орында осы ұранды көтеріп отырды. Хазіреті Әлиді (р.а.) көрген жерде осы ұранды айтЫп, оны қаралаумен айналысатын еді. Өздерінің арасында келісе алмай, жиырма тармаққа бөлініп те кетті [54, 58 б.].

Харижилердің принциптері мен көзқарастары көп жағдайда олардың ғылыми-интеллектуалдық және рационалдық-психологиялық түрғыдан таяздықтарын көрсетеді. Әрбір пікірі мен іс-әрекетінде құрайыш қабиласына (руына) қатысты дүшпандықтары мен ашу-ызасы байқалады. Бұл топтың зерттеу тақырыбымызға қатысты кейбір көзқарастары мен ұстанымдарына тоқталуды жөн көрдік.

Хазіреті Осман, Әли, Талха (р.а.) және әмәуилер әулеттік барлық басшыны мойындағады. Оларды жек көру бүкіл жан дүниелері мен ақылдарын билеп алды. Қарсы көзқарастың иесін анықтайтын критерийге айналды. Фанатизме бой ұрғандары соншалықты, кімде-кім жоғарыда аталған тұлғаларға қатысты өзінің дүшпандығын жарияласа, оны өздеріне дос етіп орталарына тартты. Ал кімде-кім сахабаларды жақсы көрсе, олардан бас

тартпаса оны кәпір деп санады. Елдің халифасы кейбір топтардың ғана емес, жалпы халықтың сайлаумен болуы қажет деп есептеді. Халифа әділ болып, шарифаттың шеңберінде елді басқарса, билік құруын жалғастырады. Керісінше жағдайда, оны орнынан алып тастау міндег болады. Халифа арабтардың бір қабиласынан (руынан) немесе әүлетінен болуы шарт емес. Құрайыштан болуы мұлде міндettі емес. Арабтың ағжамиден (араб еместен) артықшылығы жоқ. Адамдардың барлығы бірдей. Керісінше, егер халифа құрайыштан басқа әүлеттен болса, ол қателескен, ақиқаттан тайған кезде алып тастау онайға соғады... Осылайша олар құрайыш емес Абдулла ибн Уаһб Расиби дегенді өздеріне халифа етіп сайлады. Оны «Мұміндердің әмірі» деп атады. Харижилердің ішінде «нәжәдат» деген тобы, адамдар өзара зұлымдық жасамай, әділ болып өмір сүре алса, басшы сайлаудың қажеті жоқ деді. Ал өзара әділдік тек басшы арқылы ғана жүзеге асса, онда оларды ақиқатқа бастайтын басшыны сайлауға болады. Олардың көзқарасында басшыны сайлау шарифаттың жүктеген міндегі емес, жай рұқсат іс болып есептеледі. Күнә жасағанды кәпір деп есептеді. Күнәлардың арасын ажыратып қарамады. Қажет болса, адамның көзқарасында қателесуін күнә деп санады. Сондықтан Хазіреті Әлидің (р.а.) төрелікке жүгінуі оның амалсыз жасаған қадамы болса да, күпірлік деп күйе жақты [54, 62-63 б.]. Бұлар өздерінің көзқарастарына қарсы ұстанымдағы адамның әйелдерін, балаларын да өлтіруге рұқсат берді. Себебі олар да жұбайлары мен әкелері секілді тозаққа түсетін күпірлер болып саналады. Ауыр күнә жасаған (некесіз қатынаста болған, шарап ішкен, өсімге ақша берген) тұлға Алланы бір, Пайғамбарды хақ деп білсе де кәпір болады, оның қанын төгуге рұқсат етіледі. Ол бес уақыт намаз оқып, ораза ұстап, қажылыққа барып, ел қорғау үшін жиһадқа шығып жүрсе де мұсылмандардың қабірінде жерленбейді. Олар Ібіліс, Перғауын, Қарын, Хаманмен бірге тозақта мәнгі қалады деп сенді. Сұннеттің сыртқы мазмұны Құранның аятына қайшы болса, сенімді жолмен жетіп тұрса да тастау қажет деп есептеді. Басшы сұннетке сәйкеспейтін амал етсе, оған қарсы көтеріліске шығуға болады деді [55, 1 т., 114-115 б.].

Осы тұста айта кететін мәселе, олар өз көзқарастарындағы күпірлікке қатысты айыптау идеясын қуаттау үшін Құрандағы: «Кімде-кім иманға күпірлік етсе, амалы бекер болады...» [5, 5:5], – деген аятты бұрмалап тәпсірледі. Алла тағала иман мен күпірліктің ортасында үшінші дәреже бергені жоқ. Кім күпірлік етсе, оның амалы зая кетіп, өзі мұшрікке айналады. Иман – бүкіл ізгі амалдардың бастауы. Сонымен қатар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Зинақор мұмін бола тұра, зина жасамайды. Ұрлықшы мұмін бола тұра, ұрлық жасамайды. Шарапқор мұмін бола тұра, шарап ішпейді» [56, 1 т., 45 б.], – деген хадисін сыртқы мағынасымен негізге алады.

Исламдағы тәкфирлік құбылысының қалыптасу тарихында салафизмнің де орны бар. Бұл бағыт X-XI ғасырларда Андалусия (Испания) жерінде басталып, ары қарай XVIII ғасырда Нәжд өлкесі қазіргі Сауд Арабияның солтүстігінде жалғасын тапты. Андалусия ғұламаларының ашғари мектебінің

тұлектері болғаны белгілі. Бұдан кейін XIII-XIV ғасырларда Шам өлкесінде өмір сурген Ибн Тәймия (1263–1328) аталған идеологияның жалауын көтерді. Ол ислам әлеміндегі дәстүрлі бағыттағы сенім мектептері – ашғари, мәтуриди тәлімдерін адасқан деп сынап, қаралады. Аталған бағытта томдап еңбектер жазып, бұл идеологияны қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Осылайша, кәләм ғалымдары мен Ибн Тәймияның арасында идеологиялық талас-тартыстар басталды. Бұл келіспеушілік те төрт мәзінаб қазиларының бірлесе отырып Ибн Тәймияны жауапқа тартып, соттауымен аяқталды. Сол сияқты Ибн Тәймия мен сопылық мектеп өкілдері арасында діни дауласу орын алды. Ибн Тәймия сопыларды құлышылықта, таухидте адасумен, серік қосумен айыптағы. Сонында ширк амалдар жасады деп оларды кәпірге жатқызды. Оны қолдаушылар қызбаланып, сопылық жолдағыларды ғана емес, шейхтерінің өзін діннен шығаруға барды [57]. Қазіргі таңдағы сәләфілер өздерін біз алғашқы үш буынның жолын ұстанушылармыз, сондықтан біз сәләфілерміз деп жариялауда. Бұл топ өзін қаншалықты алғашқылардың жолын ұстанушы – «сәләфілер» деп атағанымен уаһнабилік қозғалысының жалғасы екенін жасыра алмайды.

Бүгінде өзіміз білетін салафизм идеясы аталған кезеңдерден бастау алғып, XVIII ғасырда қазіргі Сауд Арабиясының солтүстік өлкесінде өмір сүрген Мұхаммед ибн Абдулауахабтың (1703–1791) қолында қайта жаңғырып, өзге діни мектептерге қарсы ерекше агрессиялық үлгіде дамып қалыптасты. Оның көзқарасы бойынша, өзі кәләм ғылыми, мәзінабшылдық пен сопылық бұзған дінді жаңғыртуға және түзетуге ұмтылған. Ол бұл миссиясында Ибн Тәймияның тәлімін бағдарға алды. Аталған екі тараптың ерушілері арасында бітпес дау-дамайлар мен талас-тартыстар орын алды. Сондықтан тарихта бұл бағыт «уаһнабилік» және «уаһнабилер қозғалысы» деген атаумен танымал [58, 141-142 б.].

Мұхаммед ибн Абдулауахаб әт-Тәмимиң (1703–1791) радикалдық және тәкфирлік сипаттағы діни көзқарастары оның «Кәшф әш-шубуhat» (Күмәндарды әшкереleу) трактатында анық байқалады. Келесі кезекте осы трактатты діни-мәтіндік және рационалдық-логикалық тәсілмен зерделеу арқылы нақты айғақтарға қол жеткізуге болады. Оның діни көзқарастарының, атап айтқанда «Кәшф әш-шубуhat» атты еңбегіндегі пікірлерінің ислам әлеміндегі «такфиризм» идеясына қаншалықты алғышарт болғанын объективтілікті ынсаптылықты сақтай отырып, ғылыми тәсілмен анықтап әрі талдал шығуға күш салдық. Автордың көзқарастары мен Ибн Тәймияның тәлімінің арасында үлкен сабактастық пен сәйкестік анық көрінеді. Ибн Абдулауахабтың тәлімінде тәкфирлік идеяның алғышарттары мен негіздемелері көптеп байқалады. Оқырманға өз тәлімін агрессиялық тәсілдермен жеткізеді. Ибн Абдулауахаб өзімен келіспеген мұсылмандардың барлығын, атап айтқанда сопылық жолын ұстаушыларды күпірлікке қатысты немесе Аллаға серік қосқаны үшін ашық айыптайды. Тек айыптаумен ғана шектеліп қалмай, өзінің жолын қуушыларды олардың қанын төгуге ұндейді.

Трактатта ибн Абдулауахабтың тәлімінің қарапайым мұсылмандардың сауаты жете бермейтін қауіпті қырлары байқалады. Оның дін негіздері мен пәтуалық сипаттағы көзқарастарына қатысты мұсылмандардың арасында қарама-қайшы сипаттағы екі пікір бар. Біріншісі – ибн Абдулауахабтың ұстанымы мен көзқарастарын ұлықтайтын, дәріпtep-қастерлейтін бағыт. Бұл – оның жолын ұстанушылар мен оны көзсіз жақсы көруші топ. Олардың қатарында қазіргі Сауд Арабиясы Корольдігінің ғұламаларын, атап айтқанда Абдулазиз ибн Баз (1910–1999), Мұхаммед ибн Салих әл-Усеймин (1929–2001), Салих әл-Фаузан (1935 ж.т.), т.б. тұлғаларды айта беруге болады. Екіншісі – усул мен әhlу сунна үәл жамағат ұстанымының негізінде Ибн Абдулауахабтың ісі мен еңбектеріне сыни пікірмен қарайтын ислам әлемінің ғұламалары.

Ибн Абдулауахабтың агрессиялық сипаттағы көзқарастары мен пәтуаларын сынап, қателікке санап қалам терберен тұлғалар көп болды. Солардың жарқын мысалы ретінде, оның өзінің бауыры Сулеймен ибн Абдулауахаб «ас-Саяғиқ әл-иләһия фир-радди ала әл-уаһhabия» (Үәhhabилерге жауап сипатындағы иләһи наизагайлар) деген кітап жазуын айттар едік. Сулеймен осы еңбегінде Мұхаммед ибн Абдулауахабтың және оған ерушілердің тәкфирлік көзқарастарын қатаң түрде сынайды. Ғұламалар арасында келісілген исламның қағидаларына қайшылығын объективті түрғыдан дәлелдейді. Тағы бір атап айттар еңбек – саудиялық ғалым Хасан ибн Фархан әл-Мәликидің «Дагиятун ләйсә нәбиян: қираатун нақдиятун лимәзhab әш-Шейх Мұхаммед ибн Абдулауахаб фи эт-тәкфир» (Ол дағуатшы, пайғамбар емес: Шейх Мұхаммед ибн Абдулауахабтың тәкфирге байланысты пікірлеріне сынни оқу) атты кітабы. Әл-Мәлики бұл туындысында ибн Абдулауахабтың «Кәшф әш-шубуhat» және «Әд-Дурар әс-сәния» шығармаларындағы мұсылмандарды құпірлікке қатысты айыптауғақтысты сөздері мен көзқарастарына кеңінен тоқтала отырып мінейді. Ибн Абдулауахабтың логикалық, құқықтық қателіктер жібергенін көрсетеді. Сонымен қатар оның шаригат мәтіндерін ортақ қағидаларға сәйкеспейтін үлгіде бұрмалау арқылы ислам әлемінің шынайы жағдайына мүлде керағар пікірлерді ұстанғанына баса назар аударады.

Бүгінгі таңда әлемде Ибн Абдулауахабтың иман мен құпірлікке байланысты көзқарастары мен пәтуалық пікірлері кеңінен тарап отыр. Олай болуының өзіндік саяси және діни факторлары бар екені белгілі. Сондықтан Ибн Абдулауахабтың еңбектеріне алдыңғылардың жолын жалғастырып, сынни сипатта пікір білдіру, жастар мен көвшілік діндарларға көріне бермейтін тұстарын ашып, анықтау қажет деп ойлаймыз. Оның көзқарастарын нақтылау трактаттың шенберінде болғандықтан, айтылатын пікірлерді тізбелегенді жөн көрдік. Себебі кейбір мәселелер түрлі тіркестермен болса да, мазмұны ұқсас болып отырады. Ибн Абдулауахаб өзінің алдына қойған мақсатын орындау үшін пікірлерін қайталап отырып жеткізеді. Осыған орай, трактатқа қатысты сынни пікірлерімді мәселелерге бөліп, нөмірлеп талдауды жөн көріп отырмын.

**Бірінші мәселе.** Әhlу сунна үәл жамағат ғұламалары Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) және әулиелігі мен ізгілігі анық пенделердің Алла тағаланың

құзырындағы дәрежесі мен мәртебесін араға салып дұға етуге (тәуәссул, истиғаса) шариғатымыздың рұқсат беретіндігін айтып кеткен. Соның бір мысалы ретінде, имам Субқидің (ө.с.ж. 1284–1355) сөзін келтірелік: «Біл, Пайғамбарымызбен тәуәссул, истиғаса жасау, Раббысының құзырында оның шапағатшы болуын талап ету рұқсат етілген. Сондай-ақ оның рұқсат әрі қайырлы екенін пайғамбарлардың, елшілердің, ізгі әуелгілердің, ғұламалар мен мұсылмандардың істерінен көреміз. Бұл әрбір діні бар адамға белгілі істерден саналады. Мұны Ибн Тәймиядан бұрын түрлі діндер өкілдерінің ешбірі жоққа шығарған емес. Ешқашан естіген емеспіз. Ол бұл мәселеде әлсіз, санасты төмен адамдарды ғана сендіретін сөзді айтты. Ешбір ғасырда болмаған бидғатты шығарды... Сондықтан мен: «Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) тәуәссул жасау барлық жағдайда, ол (с.ғ.с.) жаратылудан бұрын, жаратылғаннан кейін, көзі тірісінде, өмірден озғаннан кейін барзақ әлемінде, қайта тірілуден кейін қиямет пен жұмаққа ұсынылатын кезде рұқсат», – деп айтамын» [59, 357-358 б.]. Ал Шейх Мұхаммед ибн Абдулауахаб өзінің дағуатында пайғамбарларды, ғұламалар мен әулиелердің шапағатынан үміт ете отырып дұға еткен, олардың Алланың құзырындағы мәртебесінмен дәрежесін алға тарта отырып сұраған адамдарды мұшріктердің қатарына жатқызады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) заманындағы мұшріктерден асқан қауіпті деп санайды. Ибн Абдулауахаб жоғарыдағы пікірімен діннің мәні мен тарихын түсінуінде қайшылықтар бар екенін көрсетеді. Себебі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Аллаға құлшылық ету былай тұрсын, Алланың хақ екенін ұғынып үлгермеген қауымға жіберілгені белгілі.

**Екінші мәселе.** Ибн Абдулауахаб таухидтің анықтамасын былай береді: «Алла сені рақымына бөлесін, біл, таухид – Алла тағалаға ғана құлшылық ету. Ол елшілердің діні, Алла оларды сонымен өзінің құлдарына жіберді...» [60, 4 б.]. Бұл анықтама таухид ұғымын толық қамти алмайды. Дініміздегі таухид ұғымының бір қырын ғана айтып отыр. Әһлу сунна уәл жамағат ғұламаларының бірі имам Бәжури таухидті былай деп түсіндіреді: «Таухид – жаратушыны затында, сипаттарында, істерінде жалғыз деп сенген әрі растаған халде құлшылық ету» [22, 38 б.]. Имам Бажури анықтаманы барлық қырын қамти отырып береді. Алла Тағаланың затын, сипаттарын, істерінің барлығын ескеріп отыр. Ал Ибн Абдулауахаб өз анықтамасын шариғаттың мақсатына емес, өзінің мұддесіне сай етіп анықтама беріп отырғандай. Себебі ол сену және растау мәселелерін былай қоя тұрып, бірден бір Аллаға ғана құлшылыққа баса назар аударуда. Оның бұл трактаттағы мұддесі өзінің ақидасы мен ұстанымына келіспеген мұсылмандарды күпірлікке қатысты айыптап, мұшрік етіп шығару екені анық көрінеді.

**Үшінші мәселе.** Ибн Абдулауахабтың еңбегінде тағы бір байқалатын мәселе – ынсаптың жоқтығы. Өз мұддесіне жету үшін мәселенің тиісті тараптары мен аспектілеріне тоқталмай, өз мұддесіне қызмет ететін тұстарын ғана айтып отырады. Мысалы, трактаттың алғашқы беттерінде былай дейді: «Мұшріктер Алланың жалғыз жаратушы екеніне, серігі жоқтығына, тек Өзи ғана ризық беретіндігіне, Оның бір Өзінің тірілтіп және өлтіретіндігіне, бүкіл

жаратылыстың шаруасын жалғыз Өзі реттеп отыратындығына, аспандар мен ол жақтағылар, жеті қабат жер мен ол жақтағылардың баршасының Алланың құлдары екеніне және Оның әмірі мен қаһарына тәуелді болатындығына күелік етті... Сондай-ақ олар кемшіліктен пәк болған Алла тағалаға күндіз-түні дұға етіп, жалбарынатын...» [60, 4-6 б.]. Ибн Абдулуахабтың мұшріктерді buquerque сипаттауы сол уақыттағы өзіне қарсы пікірдегі мұсылмандарды мұшріктерге теңеуге қызмет етеді. Себебі аталған сипаттардың барлығы мұсылмандарда бар. Оның заманындағы мұсылмандарда Ибн Абдулуахабтың сенім жолы мен ілімі ғана болмады. Ол мұшріктер туралы ғұл мәдениеттің көзқарасында олардың Алла тағаланы тек әлемнің жаратушысы ретінде қабылдайтыны туралы келген Құран аяттарына сүйенеді. Трактаттың келесі беттерінде аталған аяттарды айтЫП та өтеді. Алайда ислам ғұламалары ол аяттардағы мұшріктердің Алла тағаланы Жаратушы ретінде мойындауларын қарсы пікір айта алмағандықтан, амал жоқ орын алған деп түсіндіреді. Мұшріктер әлемді шындығында Алла жаратқан деп мойындаса, пұтқа табынып, Пайғамбарға қарсы шығып, діннен бас тартпаған болар еді. Сонымен қатар мұшріктердің Алла тағалаға күндіз-түні дұға етуі ешбір тарихи дерекке сай емес. Құрайыш мұшріктері турасында келген тарихи деректердің барлығы ғұл мәдениетті жоққа шығарады. Егер олар Аллаға жалбарынғанда, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) мен олардың арасында біз білетін келіспеушіліктердің орын алуы негайбіл еді [61, 39-44 б.]. Автор мұшріктерді өте керемет кейіпте суреттей отырып, олардың бойындағы және ісіндегі теріс қылыштардың біріне де тоқталмайды. Өз еңбегінде ынсанты ұстанған автор екі дүниені салыстыру кезінде жан-жақты ұқсастық пен мәндік-мазмұндық үйлесімділікті ескеруге тиіс. Ал мұнда біз оны көре алмаймыз. Керісінше, автордың кәпірлердің Құранда айтылған бір ғана жағдайын бұрмалап түсіндіре отырып, мұсылмандарды айыптауға әрекет етуін байқаймыз. Оның buquerque сипаттауы – мұсылманды күпірлікке қатысты айыптауғанегіз боларлық жағдай. Автор трактатта осылайша салыстыруға келмейтін екі мәселені салыстыруға, бірін-біріне ұқсамайтын екі жағдайды ұқсатуға тырысады.

**Төртінші мәселе.** Трактаттың алғашқы беттерінен-ақ автордың мақсат-мұддесі мен алдына қойған міндеттінің өзімен пікірлес болмаған адамның қанын төгуге бағытталғаны байқалады. Олай дейтініміз, истиғаса, тәуәссул жасап дұға етудің Аллаға серік қосу екенін айта отырып, Алла елшісінің (с.ғ.с.) өз заманында мұшріктермен соғысуын тікелей осы себеппен ғана байланыстырады. Мысал ретінде «Алла елшісінің олармен дұғаның барлығы тек Аллаға, нәзірдің баршасы тек Аллаға, истиғаса тек Алламен, барлық құлшылық тек Аллаға болуы үшін соғысқанына көзің жетеді. Олардың таухид рубубияны (Алланың жаратушылық сипаты) мойындаулары исламға кіргізбегенін білесің. Сондай-ақ олардың шапағат тілеу, Аллаға жақындау мақсатында періштelerге, пайғамбарларға, әулиелерге жүгінүлері қандары мен малдарын адал етті. Осыдан кейін елшілер уағыздыған, мұшріктер қабылдамай бас тартқан таухидті білетін боласың...» деген қатарларды келтіруге болады [60, 7 б.]. Бұл жерде біз автордың ашықтан-ашық мындаған мұсылманды күпірлікке

қатысты және Аллаға серік қосқаны үшін айыптағанын көреміз. Ол ізгілердің шашағатын тілеуді таухидке тікелей қайшы әрекет ретінде бағалайды. Бұл айыптау тек қана Араб түбегі мен Кіші Азия ғана емес Орта Азия, Мысыр, Ирак, Сирия, Пәкістан, т.б. секілді елдердегі мұсылмандардың барлығына қатысты. Тек айыптаумен шектелмей, мұндай адамдармен соғысуды Пайғамбардың (с.ғ.с.) хақ жолы етіп сипаттайты. Оның: «Алла тағала оны құлшылық ететін, садақа беретін, Алланы көп зікір ететін адамдарға жіберді» [60, 3 б.], – деген сөзін өзіне қарсы ұстанымда болған мұсылмандарды Аллаға серік қосумен айыптай отырып, олардың қанын төгуді ақтап алу әрі негіздеу үшін жасалған әрекеті ретінде бағалауға болады. Осы тұста жоғарыда келтірілген дәйектерді растай тұсу мақсатында, 1954–1969 жылдары Сауд Арабия елінің мұфтиі болған Ибн Абдулауahhabтың ұрпағы Мұхаммед ибн Ибраһим Әл-Шейхтің (1893–1969) әлемдегі мұсылмандар турасындағы пікірін айта кету керек. Бұл кісі өзінің пәтуасында: «Қазіргі таңда көпшілік мұсылмандардың исламы тек аты ғана. Яңудилер мен христиандардан ажырату үшін ғана оларға мұсылмандар деп айтылады...», – дейді [62, 77 б.]. Әрине, бұл пәтуадан Ибн Абдулауahhabтың тәлімі мен оны ұстанатын ғұламалардың әлем мұсылмандарына қатысты тәкfirлік көзқарасын анық байқаймыз. Оларды басқа дін өкілдерінен ажырату үшін ғана мұсылман деп атауға мәжбүр болады екен.

**Бесінші мәселе.** Жоғарыда байқағанымыздай, Ибн Абдулауahhab ислам тарихында өзінің кәләм ғылымиындағы оғаш пікірлерімен танымал тұлға – Ибн Тәймия ілімінің негізінде «таухид» ұғымын негізгі үш санатқа, яғни «рубубия, улуния, әл-әсма уә әс-сифат» (жаратушылық, тәнірлік, есімдері мен сипаттары) деп бөледі [63]. Осы негізде ары қарай мұсылмандарды санаттайты. Өзімен пікірлес болмаған мұсылмандарды таухид улунияны білмейді деп айыпта, исламның шеңберінен шығарып отырады. Бұл турасында Ибн Абдулауahhab трактатының тағы бір тұсында: «Олардың (бұрынғы мұшріктер) тәнір дегені біздің заманымыздағы мұшріктердің «қожайын» (сәид) деген сөзінің мақсаты еді» [60, 8 б.]. Бұл сөзімен олар тек қана жаратушының бар екеніне сеніп, оған құлшылық етуді іске асырған жоқ. Керісінше, олар Алла тағаланы тек қожайын ретінде ғана қабылдайды. Таухид рубубияны мойындалап, улунияны қабылдамады деп сипаттайты.

**Алтыншы мәселе.** Тағы Ибн Абдулауahhab өзінің пікірімен келіспейтін, қарсы ұстанымдағы адамды сынаған кезде, мұшріктермен немесе кәпірлермен қатар қояды. Оның айғағы ретінде автордың: «Егер мұны қәпірлердің надандарының білетін мәселе бола тура, өзін мұсылман санап исламды жариялап жүрген адамның бұл сөздің мағынасын білмеуі ғажап екен...» [60, 9 б.], – деген сөзін айтуға болады. Бұлай ету арқылы өзімен пікірлес болмаған мұсылмандарды Аллаға серік қосушы немесе күпірлік етуші етіп шығаруға ұмтылатыны анық көрінеді.

**Жетінші мәселе.** «Шын мәнінде, сен адам баласының күпірлік сөзді айтуы арқылы кәпір болатынын білдің. Ол күпірлік сөзді білместікпен айтуы

мүмкін, бірақ оның білместігі кешірілмейді. Кейде мұшріктер ойлағандай Аллаға жақыннатады деп айтуы да мүмкін...» [60, 11 б.], – деген сөзін келтірейік. Таухид, яғни Алла тағаланы жалғыз деп тану әрі сену ұғымы ислам дінінің негізі екені белгілі. Бүкіл пайғамбардың барлығының ең алғашқы міндеті таухидке шақыру болған. Аллаға серік қосу – құнәлардың ең үлкені әрі кешірілмейтіні. Құранда: «Шындығында, Алла тағала өзіне серік қосқанды кешірмейді, басқа құнәларды қаласа, кешіреді...»+ – делінеді [5, 4:48]. Сондықтан ислам ғұламалары Алла тағаланың жалғыздығын ғасырлар бойы насиҳаттап, мәні мен маңызы жөнінде сансыз еңбектер жазды. Бірақ аяттың мазмұны, Аллаға серік қосумен өмірден өткен және дағуатты ести тұра таухидті қабылдамаған адамдарға қатысты. Жай білместікпен құпірлік сөзге немесе іске барған, білгеннен соң қатесін түзеткен адамға бұл аяттың мазмұны қатысты емес. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) Алла Тағала пендесінің білместікпен жасаған қателігін кешіреді деген хадис келген. Ибн Мәжә Әбу Зәрр әл-Гифариден (р.а.) жеткізген хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): «Шындығында, Алла тағала менің үмбетімнің білместікпен, ұмытып немесе мәжбүрленіп жасаған қателіктерін кешірді...», – дейді [64, 1 т., 659 б.]. Яғни Ибн Абдулуахабтың бұл сөзін өзіне қайшы көзқарастағы адамның малы мен жанын қиоды халал етуді негіздеуге тырысуы деп бағалауға болады.

**Сегізінші мәселе.** «Сенің міндетің – Алланың дініне қатысты өзіңе қару болатындағы білімді менгеруің. Сол біліммен олардың имамдары әрі қолбасшылары – Алла тағалаға «...Ант етемін, мен сенің тұра жолыңа оларды адастыру үшін отырып аламын...» [5, 7:16] деп айтқан анау шайтандармен құрресесін...» [60, 13 б.]. Бұл тұста автор әрине басқа дін өкілдері туралы әңгіме өрбітіп отырғаны жоқ. Бұлай деуге біз үшін трактаттың алдыңғы беттеріндегі пайғамбарды, періштені немесе ізгі адамдарды ортаға салып тәуәссул, истиғаса жасайтындар жөнінде сөз қозғағаны дәлел. Демек, бұл тұста автор мұсылмандарды өте қауіпті екі нәрсеге теңеп отыр: біріншіден, кәпірлер мен мұшріктерге қатысты аятты тікелей өз қарсыластарына қатысты келтіруі. Екіншіден, бүкіл адамзатқа қаскөй – Ібіліске байланысты Құран сөздерін өзінің ақидасымен келіспейтіндерге тиістіруі. Ібіліс және оның әскерлері ислам шариғаты бойынша әлбетте, кәпір немесе мұшрік болады. Мұның барлығы трактаттың мақсаты автор мен оның жолын ұстаушылардан басқа мұсылмандарды құпірлікке қатысты немесе Аллаға серік қосқаны үшін айыптауға бағытталғанын көрсетеді.

**Тоғызыншы мәселе.** Ибн Абдулуахаб өз еңбегінің мына бір тұсында «Ей, мұшрік, Құран мен Пайғамбардың (с.ғ.с.) сөздерінен сенің айтқаныңды білмеймін. Бірақ мен Алланың сөзі біріне-бірі қайшы келмейді, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сөзі Алланың кәләмінен сәйкеспейді деп кесіп айтамын де. Осы – дұрыс әрі жақсы жауап. Мұны тек Алла тағала нәсіп еткен адам ғана түсінеді. Бұл Алла тағала: «Мұндай (сый) тек сабыр еткендерге ғана беріледі және несібесі ұлық болғанға ғана нәсіп етеді» [5, 41:35], – деп айтқаны секілді...», – деп тақфиризм идеясына толық негіз болатын пікірлерді білдіреді [60, 17 б.]. Демек,

ол жоғарыда өз ұстанымына қарсы мұсылманды ашық түрде мұшрік деп атап отыр.

**Оныншы мәселе.** Ибн Абдулауахаб трактатта ізгілердің Алла құзырындағы құрметі мен мәртебесін алға тарта отырып, тәуәссул немесе истиғаса жасаған адамды Алланың дұшпаны деп есептейді. Мұны автордың: «Алла дұшпандарының елшілердің дініне қарсы келетін уәждері көп. Осылайша, олар адамдарды дін жолынан тайдырады. Соның мысалы ретінде олардың: «Біз Аллаға серік қоспаймыз. Керісінше, біз серігі жоқ жалғыз Алладан басқа ешкімнің жаратпайтындығына, ризық бермейтініне, пайда немесе зиян келтіре амайтындығына күәлік етеміз. Абдулқадир (әулие тұлға) былай тұрғанда, Мұхаммед (с.ғ.с.) те өзіне пайда немесе зиян келтіре алмайды. Бірақ мен күнәшар құлмын. Изгілердің Алла құзырында құрметі бар. Мен Алладан сұраймын» деген сөздерін айтуда болады. Сен оларға былай жауап бер, Алла елшісі (с.ғ.с.) олармен соғысқандар да сен айтқандарды айтушы еді. Олар өздерінің пұттарының қолынан ешнәрсе келмейтінін білді. Алайда олардың мақсаты құрмет пен шапағат еді...», – деп келетін сөзінен көреміз [60, 17-18 б.]. Шаригаттағы «Алланың дұшпаны» деген атаудың мағынасына зер салар болсақ, имам Ибн Касир «Фуссилат» сүресіндегі: «Алланың дұшпандары тозақтың отына қарай жиналатын күні...», – деген аяттың тәпсірін: «Аллаға серік қосуышылар (мұшріктер) тозақтың отына қарай жиналады...», – деп түсіндіреді [65, 4 т., 92 б.]. Олай болса, Ибн Абдулауахабтың бұл тұстағы «Алланың дұшпандары» деген сөзінің мензегенін «мұшріктер» деп түсінуге толық негіз бар.

**Он бірінші мәселе.** Ислам дінінде пұтқа табынушылық қатаң айыпталады. Үлкен күнәларға жатады. Ал алдыңғы өткен ізгі құлдар мен әулие пендelerдің шапағатынан үмітте болу, Алладан солардың шапағатын сұрау мүлде басқа мәселе. Екеуінің арасында үлкен айырмашылық бар. Ибн Абдулауахаб осы айырмашылықтарға қарамастан, екі жағдайды бірге қарастырады. Трактатта «Оған (қарсылас тарапқа): «Алланың пұттарды мақсат еткенді қәпірге шығарғанын білдің ғой, сол сияқты ізгілерді мақсат етушіні де қәпірге қосты. Алла елшісі (с.ғ.с.) олармен соғысты», – деп айт. Егер қәпірлер: «Шын мәніндегі, пайда мен зиянның иесі, барша істі реттеуші жалғыз – Алла. Мен Оның өзінен ғана тілеймін. Издің құлдардың қолында ештеңе жоқ. Бірақ мен Алладан олардың шапағатын ғана сұраймын» – десе,... оған қәпірлердің тура осылай айтқанын жеткіз...», – делінеді [60, 20 б.]. Шаригатта ізгі пендelerдің, шыншылдар мен шейіттік дәрежеге жеткен құлдардың шапағаты ақиқат саналады. Аталған тұлғалар қиямет күні өздері қалаған адамдарға Алланың қалауымен қолдаушы болып, шапағатын тигізеді. Олардың күнәларының кешіріліп, жаннатқа кірулеріне себепші болуы әбден ықтимал. Исламда Алладан ізгі кісілердің, әулие пендelerдің қияметтегі шапағат етуін сұраудың ешбір сөкеттігі жоқ. Себебі ислам шаригаты бойынша әлемдегі әрбір құбылыс Алланың қалауымен ғана болады. Сондықтан қиямет күніндегі шапағат мәселесін Алладан сұрау міндетті. Солай бола тұра, Ибн Абдулауахаб бұл

мәселені пүтқа табынумен теңеп, күпірлікке шығарады. Қажет болса, Алла елшісі (с.ғ.с.) олармен соғысқан деп айтуы арқылы, тәкфирлік үрдіске және мұсылманның қанын төгуте алғышарт жасап беріп отыр.

**Он екінші мәселе.** Ибн Абдулауаһнаб өзінің тәкфирлік көзқарастарын әрдайым өшпендейділік сипатта жеткізуге тырысып бағады. Өзінің пікірімен келіспеген мұсылмандарды мұшрік деп атаумен шектелмей, бұрынғы мұшріктерден де қауіпті әрі қылмыстары үлкен деп сипаттайты. Ибн Абдулауаһнабтың бұрынғы мұшріктер дегені – Пайғамбарға (с.ғ.с.) қарсы шыққан, алғашқы мұсылмандарға дұшпандық жасаған құрайыш мұшріктері екені белгілі. Ибн Абдулауаһнабтың көзқарасымен келіспеген мұсылмандарды истиғаса мен тәүессүлге жүгінгені үшін аталған мұшріктерден қауіпті етіп көрсету исламның әділдігі мен мейірімділік рухына сәйкес келмейді. Біз бұл мәселеде автордың өзімен келіспеген мұсылмандарға қатысты қатігездігі мен өшпендейділік сипаттағы ұстанымын тағы да анық көреміз.

**Он үшінші мәселе.** Ибн Абдулауаһнаб трактатты былай деп түйіндейді: «...Таухид жүрекпен, тілмен және іспен болады. Кімде-кім осылардың біреуін орындамаса, ол мұсылман болып саналмайды. Таухидті біліп, оған амал етпесе, ол Перғауын, Ібіліс және сол екеуіне ұқсайтындар секілді көпір, әдейі қарсыласуышы болып саналады...» [60, 54 б.]. Оның бұлай қағиданы қалыптастыруы, күнә істерді жасаған мұсылмандардың бәрін күпірлікке жатқызуға негіз болады. Бұл пікірді намаз оқымаған мұсылманға қатысты ұстанған имам Ахмад секілді ғұламалардың болғаны белгілі. Алайда олардың ешбірі ісінде иманның талабына қайшы әрекетке барған адамды мұншалықты агрессиялық сипатта күпірлікке қатысты айыптаған. Тәкфирлік көзқарастың иелері қатыгездік көріністерін діни және саяси мақсаттарға жетудің заңды әдістері ретінде қолданады. Таяу Шығыс зерттеулерінің маманы Роберт Баер «тәкфирші» деген атаудың өмірге ақ және қара түсті деп қана қарайтын үаһнабилік бағытты ұстанушыға тиісті екенін айтады [66].

Зерттеу тақырыбымызға қатысты тағы бір ұйым, «Әт-Тәкфир уәл-һижра жамағаты» 1971 жылды Мысырда пайда болды. «Тәкфир» сөзі өзгені көпір, дінге қарсы деп айыптау мағынасын, ал «һижра» сөзі көшу, жырақтау, тастау дегенді білдіреді. Демек, бұл ұйымды «Күпірлікке қатысты айыптау және көшу (қоғамнан жырақ болу) жамағаты» деп атауға болады. Негізін қалаушы Шукри Мұстафа, Мысырдағы «Ихуан Мұслимин» (Мұсылман бауырлар) қозғалысының мүшесі болған. 1965 жылды сотталып, түрмеде көрген қыншылықтары оны тәкфири пікірлерге итермеледі. «Мұсылман бауырлар» қозғалысының көсемдерінің бірі Саид Қутуб пен оның жанындағылардың біразы өлім жазасына кесілді. Мұстафа өзін үлкен реформатор және Мәһди ретінде санады. Осылайша түрмеде оған ерушілер пайда болып, оны «әт-Тәкфир уәл-һижра жамағаты» ұйымының әмірі ретінде мойындаиды [67]. Аталған ұйымның ерушілерін кейбір сарапшылар сәләфілік идеяның қатыгез мұрагерлері ретінде де қарастырады [68, 45 б.]. Сондай-ақ зерттеуші Станли басшыны күпірлікке қатысты айыптаудың түпнегізі ортағасырлық ислам

ғалымы Ибн Тәймияның басқыншы монғолдарға қатысты жиһад жариялаған пәтуасынан бастау алған, бұған себеп олардың жаулап алу әрекеттері емес, олардың күпірлігі болды деп қорытынды айтады [69]. Профессор Эли Поде жиһадшылар секілді тәкфиршілер жанилия, әл-хакимия (Құдайдың жоғары билігі), әл-тәкфир (күпірлікке қатысты айыптау) секілді концептілерді алға тарту арқылы зайырлы билікке қарсы қарулы қресті жақтайды. Дегенмен тәкфиршілер экстремизмге көбірек берілген, олар тіпті бүкіл Мысыр қоғамын кәпір ретінде жариялады, олардан өздерін толығымен бөлектейді. Сонымен қатар жиһадшыларға ұқсамайтын тағы бір қыры – тәкфиршілер қатыгездікті қолдану барысында билік пен қарапайым халық арасында еш айырмашылық жок деген баға береді [70, 55 б.].

Бұл жамағаттың негізге алатын жеке әдебиеттері, дәлірек айтқанда, трактаттары бар. Олардың көшілігін Шукри Мұстафаның өзі жазған. Бұл трактаттарда жамағаттың жүйесі, тәртібі түсіндірілген. Олар: «**Әл-Хужжият трактаты**». Бұл әдебиетте ұйымның негіздері, сахабалардың сөздерін, ижмағ үкімін бағалау шарттары, имамға ерушінің (тақлид, муқаллид) күпірлігі турасында айтылады. Мұнымен ол имамдарға еріп дінін ұстанып келе жатқан ислам үмбетінің барлығын күпірлікке қатысты айыптайды; «**Баян әфкарийм уә әр-радд ғалайға**» (**Олардың көзқарастарының жалпы баяны және жауаптары**). Олар деп отырғаны әhlу сунна уәл жамағат. Бұл әдебиетте үлкен күнәлар үшін күпірлікке қатысты айыптаудың негіздемелері, өздеріне қарсы көзқарастағы адамның кәпір болуы жөнінде ақпараттар келтіріледі. Бұл кітаптың екінші атауы – «**Әл-Исрар**»; «**Әт-Тәуәссумәт**». Бұл еңбекте мұсылмандардың шынайы ахуалы және ақиқат жолындағы топ туралы әңгіме өрбиді. Ислам тарихы, һижраттың міндет екені, Мәһдидің шығуы, заманауи университеттер мен оқу орындарында окуға қатысты пікірлерге тоқталады; «**Әл-Хилафа**». Мұнда мұсылман топтың қияметке жақындағанда жер бетіне ие болатыны, оған жетудің жолдары талқыланады [70, 58 б.]. Шукри өз жамағатының жоспарын іске асыру үшін Пайғамбар (с.ғ.с.) секілді үш кезеңнен өту керек деп сенді. Бұл кезеңдерді былай деп түсіндіреді: Меккелік кезең секілді – әлсіздік кезеңі. Бұл кезеңде қолға қару алуға, жиһадқа шығуға болмайды. Исламның жалпыға көрінетін рәсімдерін ғана орындаумен шектелу; Тәнәббу кезеңі. Бұл кезеңде жамағаттың мұсылманшылығын сақтау үшін қоғамнан жырақ жерге көшу керек; Орнығу, тұрақтау кезеңі. Пайғамбар (с.ғ.с.) Меккеге жеңіспен оралғаны сияқты, жамағат қайтадан жеңіспен қоғамға келеді [70, 61 б.]. Бұл ұйымның мүшелері өздерінен басқа адамдардың бәрін күпірлігі үшін қаралады. Ауыр күнә (арақ ішу, некесіз қарым-қатынаста болу, ата-ананы ренжіту т.с.с.) жасаған адамды кәпір деп санайды. Бұл тұрғыдан көзқарастары харижилердің ұстанымдарына ұқсайды [71].

Мысырдың бұрынғы Уақыфтар министрі Мұхаммед Хусейн әз-Зааби Шукри Мұстафаның пікірі мен оның жақтастарындағы қателіктер мен кемістіктерді сын садағына ілген еді. Осыған қарымта ретінде Шукри 1977 жылы өзінің жақтастарымен бірге министр әз-Заабиді қастандықпен өлтіреді.

Шукри бұл жасаған қылмысы үшін 1978 жылы өзінің 5 жақтасымен бірге Әскери соттың шешімімен өлім жазасына кесілді [67]. Осылайша, тарихтағы бұрынғы харижилердің өздері мен істеріне өте ұқсайтын қазіргі замандағы ең танымал жамағаттың көзі жойылды. Көрші Ресейде бұл ұйымның пікірлері мен ұстанымдары экстремистік және қоғамды бұзушылық деп танылып, 2010 жылы қыркүйек айында Ресей Федерациясы Жоғарғы сотының шешімімен Ресей аумағында толығымен шектеу қойылды [72]. 2011 жылы 6 шілде күні «Российская газета» газетінде Ресейдің Ішкі істер министрлігінің тапсырысымен жарияланған терроризмді қаржыландыратын адамдар мен ұйымдардың тізімінде «эт-Тәкфир уәл-нижра жамағатының» аты келтіріледі. Сондай-ақ 2014 жылғы 18 тамызда Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының шешімімен біздің еліміздің аумағында да аталған ұйымның іс-қимылына тыйым салынды [73].

Шиғалық мәзінаб та ислам тарихындағы саяси-діни бағыт болып саналады. Ислам тарихындағы үшінші халифа болған Хазіреті Османның (р.а.) кезеңінде айтылған бағыттың алғашқы көріністері байқалды. Төртінші халифа хазіреті Әлидің (р.а.) уақытында бұл ағымның пікірі мен идеясы пісіп жетілді. Хазіреті Әлидің тұлғалық ерекшелігі, даналығы мен білімінің тереңдігі халықтың ықыласы мен махаббатына бөлленген болатын. Осыны бұл топ тиімді пайдаланып, елдің арасында асыра сілтеп насихаттаумен айналысты. Әмәуилер дәуірінде хазіреті Әлидің (р.а.) балаларына (Хасан, Хусейн (р.а.) қастандық жасалған соң, оларға деген халықтың ықыласы одан сайын арта түсті. Осындай эмоциялық ахуалдың ықпалы күшейгенде бұл ағым қанатын жая бастады. Бұл ағымның барлық тармағы мен тобы Хазіреті Әлиді Пайғамбар (с.ғ.с.) таңдаған халифа деп сенеді. Сахабалардың ең абзалы деп қабылдайды. Кейде құдай дәрежесіне көтерген де жағдайлар орын алды [54, 32 б.]. Шиға тармақтарының ең танымалы да, кеңінен тарағаны да – имамия бағыты. Ерушілері Иран, Ирак елдерінде өмір сүреді [54, 46 б.]. Бұл тармақтың негізгі қағидалары мен принциптерінің барлығы үлкен және кішкентай күнәлардан пәк болған он екі имамға сенумен байланысты туындаған. Бұл имамдардың біріншісі Әзірет Әлидің өзі болып саналады. Олар өз ойынан сөйлемейді, керісінше оларға Алла тарағынан аян беріледі, түс немесе періште арқылы уахи (хабар) келеді деп иланады. Осы негізде имамдардың атынан айтылған хабарлар Алланың әмірі немесе пайғамбардың (с.ғ.с.) сұннеті секілді қабылданады [74, 25 б.].

Шиғаны күпірлікке қатысты мансұқтаған және діннен шығарған сәләфилерден басқа сұнниттік бағыт жоқ. Алайда шиғалық ұстаным мен көзқарасты, құқықтық платформаны қалыптастыратын осы бағыттағы әдебиеттерге үңілгенде олардың өзінен тәкфирлік үрдістің алғышарттарын кеңінен аңғаруға болады. Шиға кітаптары Алла елшісінің (с.ғ.с.) жұбайларынан, сахабалардан бастап олардың жолын ұстанған ұмбетің барлығын бүгінге дейін діннен шығумен айыптайды [75, 73 б.]. Кейбір зертеушілер тәкфирлік санаға ие болу тұрғысынан харижилер мен шиғаларды өзара ұқсатады. Екеуінің арасындағы айырмашылықты жариялау мен жасыруда

деп есептейді. Шиғадағы радикалдық және тәкфирлік көзқарасты өздерінің түпнұсқа әдебиеттеріндегі мәтіндерден көптең байқаймыз [74, 8 б.]. Шиғадағы тәкфирлік көзқарасты нақтылаң көрсету үшін бұл ағымның түпнұсқа әдебиеттеріндегі кейбір мәтіндерді атап өткен жөн деп ойлаймыз.

Ислам тарихындағы ұлы тұлғалар Әбу Бекір, Омар, Осман (р.а.) сахабаларға күпірлікке қатысты күйе жағылды. Кулайнидің «Усул әл-кәфи» атты еңбегінде шиғаның үлкен имамы саналатын Жағфар Садиктен (699–765) «Шын мәнінде, иманнан кейін кәпір болып, одан сайын күпірлігі артқандар...» [5, 3:90] деген аят туралы сұралғанда, бұл аяттың Әбу Бекір, Омар, Осман (р.а.) хақында түскен және сондай-ақ «Ақиқатты білгеннен кейін де күпірлік етіп теріс бұрылғандар» [5, 47:35] деген аят туралы «олар бастапқы кезде Пайғамбарға (с.ғ.с.) иман келтірді. Содан кейін хазірет Әли ибн Әбу Талибтің әулиелігін қабылдамай иманнан шығып кетті...» деген риуаяттар жетеді [76, 1 т., 420 б.]. Аталған кітап шиға мәзһабының негізге алынатын іргелі еңбектеріне жатады. Жағфар Садиктің мұндай пікір айтуы мүмкін еместігі белгілі. Алайда олар осындағы елеулі туындының өзінде хабарды ұлы имамға тели отырып, өздерінің тәкфирлік көзқарастарын осылайша ашық білдіреді. Имам Бақирден риуаят етіледі: «Алла тағала Әлиді (р.а.) өзі мен жаратылыстың арасындағы ту етіп бекітті. Кімде-кім оны білсе мүмін болады. Ал кім білмесе, күпірлік етсе, адасушылыққа ұрынады» [76, 1 т., 437 б.]. «Әли (р.а.) – жаннат есіктерінің бірі. Кім ол есіктен кірсе, мүмін болды. Кім одан шықса, кәпір болды...» [77, 2 т., 389 б.]. Хазіреті Әлиді (р.а.) құрметтеу және жақсы көруде осыншалықты әсіре сілтеушілікке барады. Сондай-ақ бұл мәселеде өздерімен келіспегендерді күпірлікке айыптаїды. Тағы да «Усул әл-кәфиде» Мәдина мен Мекке мұсылмандарына қатысты баға беріліп былай делінеді: «Шын мәнінде, Медина тұрғындары ашық Аллаға күпірлік жасайды. Медина тұрғындары Мекке тұрғындарынан да жаман. Жетпіс есе артық жиіркенішті» [76, 1 т., 426 б.]. Әрине, бұл риуаят олардың Медина мен Мекке қалаларындағы мұсылмандарға байланысты радикалдық әрі агрессиялық көзқарастарын білдіреді. Сонымен қатар олардың мұндай мәтіндерді өздерінің түпнұсқа кітаптарында келтірулері исламға қатысты басқа топтарды күпірлікке қатысты айыптаушылық әрекеттерін анық білдіреді.

Әхлу сунна уәл жамағаттың басым көпшілігі ашғари ақидасын ұстанатыны белгілі. Ашғари мәзһабы – ислам тарихында үлкен орны мен рөлі бар мектеп. Осы ашғари мектебіне қатысты қатқыл ойын Шейх Нифматулла Жазаири былайша сабактайды: «Ашғарилер раббыларын дұрыс таныған емес. Олардың білімдері мен басқа кәпірлердің білгені арасында айырмашылық жоқ. Жаратушыны тануда ашғарилер мен оларға ерушілердің ахуалы мұшріктер мен насранилерден де жаман. Рубубия мәселесінде біз олардан ерекшелігімізді айтып өттік. Осылайша, өзімізді ажыратып алдық. Біздің раббымыз әуелден бар, мәңгілік сипатымен жалғыз. Ал олардың раббыларының сегіз серігі бар...» [78, 2 т., 278 б.].

Жоғарыда келтірілген айғақтар мен мәтіндер шиға бағытының тәкфирлік көзқарасы мен радикалдық пікірін сипаттайды. Әhlу сунна уәл жамағат оларды құпірлікке қатысты айыптамай, сенімдегі қателіктерін айтумен ғана шектелсе, олар әhlу сунна уәл жамағатын үлкен сахабалардан бастап құпірлікке қатысты кінәлап агрессия көрсетеді. Осы негізде шиизмнің имамиттік бағытының өзі ислам тарихында тәкфирлік көзқарастарымен танылған топ ретінде мәлім. Сондықтан бүгінге дейін жалпы әлемде, Таяу Шығыста жекелей алғанда сунни мен шиға проблемасы жалғасуда. Екі тараптың арасындағы кикілжің тек тарихтың ғана емес, қазіргі заманың да күн тәртібінен түспей келеді.

Ирак және Шамдағы ислам мемлекеті – радикалдық көзқарасты (сәләғи-жиһади-тәкфири) идеологиясын ұстанатын әскери лаңқестік үйым және халықаралық қауымдастық мойындамаған квазимемлекет. Жиһадшыл бағыт XX ғасырдың аяғында Мұсылман бауырлар мен сәләғилердің әсерінен пайда болды. Аталған үйымның жасаған қандықол әрекеттерінің барлығы да осы тәкфирлік идеологияның ықпалымен орын алды деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар сарапшылар бұл үйымның іс-әрекеті мен көзқарастарында харижилердің сипаттарының бар екенін, екі топтың арасында тарихи сабактастықты тілге тиек етеді [79, 17 б.]. Бұл турасында батыс зерттеушілері өз еңбектерінде айтып отырды. Соның бірі Мюллэр Джонатан былай дейді: «...өзге мұсылмандарды құпірлікке қатысты қаралау, әсіресе 2011 жылы Сириядағы азаматтық соғыс басталғалы, мұсылмандардың арасында діни сенімдері өзге топтарға өзара күйе жағудың бір жолына айналып кеткендей» (бұл әдісті шиғалық мұсылмандар сәләғилерге, уаһhabилерге, шиғаларды құпірлікке қатысты айыптайтын кейбір сұнниттік бағыт ерушілеріне қатысты жиі қолданып, ислам құқығына сай оларды өлтіруге рұқсат беріп отырады) [80].

Келесі кезекте ИШИМ-нің өзгені құпірлікке қаралауына қатысты дәлелдәйектерін келтіруді жөн көрдік. ИШИМ белгілі бір топты немесе үйымды ғана емес, өздерінен басқа мұсылман үмбетінің барлығын, олардың әмірлерін мойындап қол бермеген әрбір мұсылманды құпірлікте шенейді. Олардың көзқарасы бойынша, исламда қалған, құтылуши топ – тек ИШИМ мен оның ерушілері ғана. Барлық ел басшыларын, мемлекет қызметкерлерін, оның ішінде мұсылман елдерінің билік өкілдерін толығымен кәпір деп есептейді. Зайырлы мемлекетті мойындауды, демократиялық принциптермен өмір сүретін қоғамда өмір сүруді Алланың кітабынан өзгемен үкім ету, кәпірлерге көмектесу, ұқсау, мұсылмандарға қарсы соғысу, тағутқа бағыну деп санап, осы негізде оның барлығы да құпірлік деп үкім етеді. Үйымның ұстанымы бойынша бұлай жасаған адамның барлығы да кәпірлер болып есептеледі [79, 37-46 б.]. Жоғарыда баяндалған радикалдық және агрессиялық ұстанымдағы ИШИМ ерушілері исламның тәлімі мен қағидаларына қайшы көптеген қылмыстық әрекетке барды. Жазықсыз мындаған мұсылманның, өзге дін өкілінің (әйел, бала-шаға, қарттар т.с.с.) қанын төкті. Қолға түскен кейбір тұтқындарды өртеп өлтіріп жазалады. Мысалы, 2015 жылдың басында олардың қолына түскен иорданиялық ұшқыш Муғаз әл-Кәсәсибаны аяусыз өртеп өлтіріп жазалағанына

әлем қуә болды [81]. Өлім жазасына кесілмеген тұтқындарды шаригаттың ешбір қағидасына сай емес тәсілдермен азаптап, қинаумен айналысты. Кейде қолға тұскендердің бастарын кесіп, оны доп қылып тебетін де еді. Мешіттер мен қабірлерді қиратып, қасиетті құндылықтарды қор қылды. Бейбіт халықты қорқытып, елдің арасында үрей тудырды. Эйелдердің ар-намысын таптап, шаригат тыйым салған әрекеттерді жасады. Ғибадатханалардағы діни қызметкерлердің, ғалымдардың да жанын қиды [79, 23-36 б.]. Әрине, бұл айтылған іс-әрекеттердің ешқайсысының исламның тәліміне, әділдігіне, құндылықтары мен бейбітсүйгіш қағидаларына сай еместігі белгілі. Өкінішке қарай, мұның барлығы да ислам дінінің атынан жасалған исламның өзіне үлкен қиянат болды.

### **1.3 Тарихтағы ислам ғалымдарының күпірлікке айыптаудан сақтандыруы және оның критерийлері**

Адамды күпірлікке қатысты айыптау діни норма қатарында саналады. Діни норманың да сүйенетін негіздемесі мен дәлелі бар, қалыптасқан шаблон. Бұл діни үкімнің жауапкершілігімен қоса қаупті қыры да бар. Сондықтан шаригат мәтіндерінің шеңберінен шығуға, құдайлық негізден ауытқуға қатаң ескерту жасалған. Себебі Алланы бір деп танитын мүмін-мұсылман пендені кәпірге шығару жала жабу мен жалған сөйлеуден де ауыр күнә. Осы түрғыда ислам тарихында өзінің орны мен мәртебесі бар бірнеше ғұламаның тұжырымы мен пікіріне тоқталуды жөн санадық.

Сондай атақты ғұламалардың бірі Имам Ғазали, өзінің «Файсал әт-тафриқати бәйна әл-ислами уа әз-зәндақати» атты еңбегінде: «Күпірлік – құлдық және бостандық секілді шарифи үкім. Оның салдары – адамның қаны адал, өзінің тозақта мәңгілік болуы. Сондықтан оны тек мәтінге (Құран мен сұннетке) сүйеніп немесе мәтінмен қуатталған үкімге ғана қияс (салыстыру) ету қажет» [34, 25 б.], – дейді. Сол сияқты Қази Ияд (1083-1149 ж.): «...бұл мәселенің нақылға сүйенуі шatasудан сақтайты. Сондай-ақ ақылды қолданудың орны жок», – деп нақтылайды [82, 2 т., 507 б.]. Ибн Уазир күпірлікке қатысты айыптаудың негіздемесін былай деп түсіндіреді: «Біреудің кәпірге шығару нақылмен ғана болады. Бұл мәселеде ақылмен шешудің еш қисыны жоқ. Күпірлік пен күнәнәрлықтың таянышы сенімді жолмен жеткен нақыл болуға тиіс» [83, 4 т., 178-179 б.].

Бір мұсылманды күпірлікке қатысты айыптау – оның мал-мұлкін тәркілеуге, қанын төгуге және мәңгілік тозаққа кіріптар болуға апарып соғатын шаригаттың үкімі [84, 345 б.]. Ислам шаригаты нәпсі жетегінде немесе кек алу мақсатымен біреудің кәпірге шығаруды қатаң сыйнайды. Себебі олай ету Алла тағаланың үкіміне қиянат жасау, ақысына қол сұғу және пенделеріне зұлымдық жасау болып саналады. Міне, сондықтан әһлу сунна уәл жамағат уәл жамағат өздеріне ұстанымы қайшы болған кісіні ол әһлу сунна уәл жамағатты қүпірлікке қатысты айыптайтын бола тұра, оны кәпірге жатқызыбаған. Себебі

күпірлік – шарифи үкім. Соны желеу етіп, оның дәл өзімен қарсы тараптан кек алуға болмайды. Мысалы, біреу сізге жалған сөйлеп, отбасыңызға қиянат жасаса да, тұра соны оған қайтаруға болмайды.

Алла тағала Құранда: «Уа, иман келтіргендер, Алла жолында жорыққа шықсандар, дүниелік пайданы көздеген халде сендерге сәлем беріп келген біреуге «мұмін емессің» деп айтпандар. Алланың құзырында көптеген олжалы дүние бар. Сендер де бұрын солай болдындар. Анығына жетіп алындар! Алла тағала сендердің істерінен толық хабары бар» [5, 4:94], – деп ескерtedі. Имам Құртуби бұл аятқа: «Белгісіз мәселенің анығына көз жеткізіндер немесе нақтылап алындар, асықпандар дегеніндегі екі мағына бірдей. Егер анықтамай жатып біреуді өлтіріп қойса, тыйым салынған істі жасаған болады» [85, 5 т., 339 б.], – деп түсіндірме жасайды. Имам Құртуби бұл сөзімен әскери кезенде болса да, адамға қару жұмсаудың жауапкершілігін ескертуде. Мәселенің анық-қанығына көз жеткізбей, шаригат дүшпанның өзіне де қылыш көтеруді харам ететінін айтуда.

Пайғамбар (с.ғ.с.) күпірлікке айыптаудан қатаң ескерте отырып, былай дейді: «Кімде-кім өзінің бауырына: «Ей, кәпір», – десе, екеуінің біреуі оған кіріптар болады» [15, 7 т., 97 б.]. Эбу Зәрр әл-Гифари жеткізген мына хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ешбір адам анық олай болмаған өзгені пасықтықта, күпірлікте айыптамасын...» [15, 7 т., 84 б.], – дейді. Ибн Абдулбарр (978-1071 ж.) жоғарыдағы хадистерді осылайша түсіндіреді: «Әхлу сұнна уәл жамағат уәл жамағат қандай үлкен күнә болса да, мұсылманды исламның шеңберінен шығармайтындығына бір ауыздан келіскең. Айтқан адам үлкен күнә жасап, өз сөзінің мазмұнына лайықты, айыпты болады. Бұл – біреуді күпірлікке айыптауға қатаң ескерту. Сондай-ақ құбыла иесі болған адамға «ей, кәпір» деп шақыруға салынған қатаң тыйым» [44, 17 т., 22 б.]. Жоғарыда байқағанымыздай, бауырынды күпірлікке айыптау – сені діннен шығармаса да, үлкен күнә. Бұл мағынаның айғағын біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Кімде-кім мұмінді күпірлікке қатысты айыптаса, оны өлтіргендей» деген хадисінен табамыз [15, 7 т., 84 б.]. Бейкүнә мұміннің қанын төгу – ислам дінінде ең үлкен күнәлар санатында, яғни Аллаға серік қосудан кейінгі күнә.

Құран аяты да мұсылмандарды өзара бірін-бірі жағымсыз лақаптармен атаудан сақтандырады. Алла тағала «Хужурат» сүресінде: «Өзара бір-біріңе түрлі лақаптарды тақпандар. Себебі ең жаман есім – иманға келгеннен кейін пасықтық ету», – дейді [5, 49:11]. Ибн Абдулбарр осы тұста: «Жағымсыз лақап – адамның өз бауырына «ей, кәпір, ей, пасық» деп айтуды... Құран мен сұннет мұсылманды ешбір айқын айғақсыз күпірлікке, пасықтыққа қатысты айыптаудан қатаң қайтарады», – деп түсіндірме жасайды [44, 17 т., 21 б.]. Біреуді күпірлікке қатысты айыптау – оның ар-намысына тиу. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қоштасу қажылығында мұсылманиң ар-намысына тиуге жол берілмегенін баса айтты. Хадисте: «Шын мәнінде, сендердің қандарын, малдарын, ар-намыстарын – бүгінгі күн және осы ай секілді бір-

біріңе харам...» [15, 10 т., 7-8 б.], – делінеді. Себебі мұсылманды кәпірге шығару ең алдымен оның ар-намысын аяқта таптайты.

Сахабалар мұсылманды күпірлікке қатысты айыптаудың қауіптілігін жақсы білді. Сондықтан олар құбыла иелерін кәпірге шығарудан немесе пасықтықпен айыптаудан қатты сақтанатын. Ибн Абдулларр бұл турасында Эбу Суфияннан былай деп жеткізеді: «Бірде Жәбирден: «Осы сендер құбыла иелерінің біріне «кәпір» деп айтушы ма едіңдер?» – деп сұрадым. Ол: «Жоқ», – деді. Ал: «Мұшрік» деп ше?» – дегенімде, ол: «Алла сақтасын!» – деп шошып кетті» [86, 17 т., 21 б.]. Хазіреті Әли Түйе мен Сыффин оқиғаларына қатысқандар туралы: «Олар мұшрік пе еді?» деп сұралғанда: «Жоқ, олар серік қосудан қашты», – деп жауап берді. Сосын: «Мунафиқтер ме еді?» делінгенде: «Жоқ, себебі мунафиқтер Алланы көп еске алмайды», – деді. Олай болса, «олардың жағдайы қалай?» деп сұрады. Сонда Хазіреті Әли: «Олар біздің бауырларымыз, бізге зұлымдық жасады», – деп айтады [87, 8 т., 300 б.]. Хазіреті Әли мұсылмандардың қанын төккен харижилердің өзін кәпірге жатқызыбады.

Зәнири мәзhabының негізін қалаушылардың бірі Ибн Хазм: «Біреуді кәпір деп айыптауға себеп ретінде ұсынылған айғақ оның мұсылман болуына негіз саналатын дәлелдің дәрежесіне тең келуі шарт. Мұсылман адам исламның шеңберінен шарифат мәтінінің немесе ижмағтың негізінде ғана шығады. Жай ғана жаламен немесе шағымның негізінде мүмкін емес», – деп санайды. Осындай қатаң пікірді ашғари мектебінің имамы Бақилләни де: «Мұсылмандар кәпірдің ғана тарапынан іске асатындығына бір ауыздан келіскең (ижмағ) жағдайда адам баласы өзінің айтқан сөзімен немесе көзқарасымен күпірлік еткен болып саналады. Тек сөзі мен ісі үшін ғана емес, күпірлік бірге жүргені үшін. Олай болмаған жағдайда, кәпірге жатқызылмайды», – деп ашық айтады [88, 2 т., 578 б.]. Мұсылман ғұламалары өте жоғары деңгейдегі сенімді әрі негізделген үкім аясында ғана бірауыздан келісіп отырған. Демек, имам Бақилләни бір адамды кәпірге шығару үрдісіне өте қатаң шарт қойып отыр.

Мәселеде зәредей күмәнді жағдай болса, күпірлікке қатысты айыптауғатыйм салынады. Ибн Тәймияның өзі бұл турасында былай дейді: «Ешкімнің мұсылман адамды қателесіп, жаза басқан жағдайда да толығымен дәлелденбегенше, негізdemесі анық болмағанша, кәпірге шығаруға ақысы жоқ. Иман келтіргені анық болған адам, исламның шеңберінен құдікті жағдаймен шығарылмайды. Айғақ келтіріліп, күмән сейілуте тиіс» [18, 12 т., 501 б.]. Бұл тұста ғұламалардың «айқын әрі анық үкім күмән мен құдіктің негізінде өз күшін жоймайды» деген шарифи қағиданы ұстанатынын белгілі.

Иби Абидин «Минхатул халиқ» еңбегінде: «Кейбір кісілердің: «Пәтуаларда адам баласы мыналарды айтса немесе жасаса, кәпір болады дегені жай ғана сақтандыру немесе қорқыту ғана, шын мәніндегі күпірлікке қатысты айыптау емес», – деп айтқаны – қате сөз. Алла тағаланың аманатын арқалаған тұлғалар – ғалымдардың халал, харам, күпірлік пен ислам секілді ұғымдарға немқұрайлы қарауы немесе ойнауы мүмкін емес. Керісінше, олар Алла елшісінен (с.ғ.с.) жеткен айқын ақиқатты және жүйелі зерттеудің нәтижесін

ғана айтатын еді», – дейді [89, 1 т., 613 б.]. Алайда күпірлікке қатысты айыптауғақтысты пәтуалар кейде фиқһ саласының мамандары мен сарапшыларының талдауы мен сараптауын қажет етеді. Осылайша, пәтуа берілген мәселені анықтап, әлсіз және шетін көзқарастарды таразылап, кейбір жазылмаған шектеулерге назар аударып отыру керек. Күпірлікке қатысты айыптау шешімінде өте мұқият болу керек. Себебі бұның адам баласының екі өміріне де қатысты болатын өте қауіпті әрі ауыр нәтижелері бар. Сондықтан күпірлікке қатысты айыптауғаұмытуға қарағанда, қалыс қалу әлдеқайда абзал [90, 3 т., 45 б.]. Ибн Нужайм бұл турасында: «Күпірлікке қатысты айыптауғаарналған көптеген сөзді қолдануга немесе ол бойынша пәтуа беруге болмайды. Мен өзімді олардың ешқайсы бойынша пәтуа бермеуге міндettедім», – деп өзінің тоқтамын ауызға алады [89, 5 т., 210 б.]. Ибн Нужайм – ханафи мәзhabының ұлы ғалымдарының бірі. Бұл мәселеге абалап, жоғары деңгейде сақтық шарасын берік ұстанған. Ислам ғұламалары шариғат мәтіндерін жүйелі түрде зерттей келе қофамның барлығына ортақ, жалпылық сипаттағы қағидаларды қалыптастырыған. Солардың бірі – Мұхаммед үмбетінің ақиқатқа қарсы пікірде болған құбыла иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптамау.

Мұхаммед Абдулазиз Фархари «Нибраста» былай дейді: «Құбыла иесі деп тілдік тұрғыда Қағбага қарап намаз оқушыға немесе оны құбыла деп санайтын кісіге айтылады. Ал кәләм ғалымдарының ұғымында, ол – діндегі дарурияттарды (міндettі мәселелерді) растайтын адам. Яғни олар шаригатта белгілі, үкімдермен бекітілген. Дарурияттардың бір мысалы, әлемнің жаратылыс екенін, денелердің қияметте тірілетінін, Алла тағаланың әрбір нәрсені білетінін, намаз бен оразаның парыз екенін мойындаған кісінің қаншалықты құлшылығы көп болса да, ол құбыла иесіне жатпайды. Демек, «құбыла иесін күпірлікке қатысты айыптамау » қағидасының мәні мұсылманды жасаған құнәсі немесе айқын емес мәселелерді терістегені үшін кәпірге шығармауды білдіреді». Намаз діннің тірегі болғандықтан бұрынғы ғалымдардың көзқарасында әрбір Алланы жалғыз деп таныған, Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) растаған кісіге құбыла иесі деп айтылады [91, 735 б.].

Дін негіздері саласында бұл қағиданың қалыптасуы – ерекше құбылыс. Осылайша, исламға телінетін, бірақ ақиқат иелерінің ұстанымына қайши көзқарастағы көптеген топтың күпірлікке қатысты айыпталуына тоқтам пайда болды. Бұл «Мәзhabтың мәнімен бірге жүретін жағдай айқын болмағанша, ол мәзhabтың өзі болмайды» деген қағидамен қуаттала түседі. Имам Мулла Али Қари осы мазмұнда: «Бидғат иелерінің кемшіліктерінің бірі – олардың бірін-бірі өзара күпірлікке қатысты айыптауы. Ал әhlу сунна уәл жамағаттың артықшылығы, олар өзара қателікке қатысты айыптаса да, күпірлікке айыптамайды», – дейді [49, 449 б.]. Осы негізде ғұламалар мен ислам мәзhabтарының бұл мәселедегі ұстанымдарын зерттей келе, бірнеше көзқарасты анықтауға болады. Солардың кейбірін талқылап өтуді жөн көріп отырмыз.

**Біріншісі, құбыла иелерінің ешқайсын және ешқашан күпірлікке қатысты айыптамау.** Мулла Али бұл көзқарасты «Минах» кітабында: «... Құбыла иелерінің қатарында екі жұзді мунафиқтер де бар екені белгілі. Олар кейде янудилер мен насранилерден артық Құран мен Пайғамбар (с.ғ.с.) сұннетіне қарсы болуы мүмкін; Кейде құбыла иесі бола тұра діннің бекітілген негіздеріне қарсы шығуы ықтимал. Олар алдымен тәубеге шақырылып, болмаса кәпір ретінде жазаланады [49, 448 б.], – дейді. Шын мәнінде, аталған көзқарастың негізі жоқ екені көрініп-ақ тұр. Егер осындай көзқарасты қағида ретінде қабылдар болсақ, құбыла иесімін деп өзін жариялаған ешбір адамды кәпірге шығаруға болмайды. Ол мунаfiқ, дінбұзар немесе діннің бекітілген үкімдеріне қарсы жан болуы мүмкін. Сонымен қатар бұл ұстаным иманның мәніне қайшы әрі оның жүрекпен растау деген шартын жоққа шығарады.

**Екіншісі, сенім мәселесіне қатысты ақиқатқа қайшы пікірдегі әрбір кісінің күпірлікке қатысты айыптау.** Бұл – кәләм, фиқһ және хадис ғалымдарының кейбіріне тиесілі көзқарас. [49, 448 б.]. Аталған ұстаным бойынша сенім мәселелерінің деңгейлері мен сенушілер жағдайларының арасында айырмашылық болмайды. Ол сенуші өз пікірін негіздел алған қателесуші немесе қасарысып қарсы шығушы тұлға болуы мүмкін. Бұл ұстанымды бірнеше тұрғыдан талқылауға болады. Біріншіден, тәкфирдің негізгі критерийі – Алла елшісінің (с.ғ.с.) жеткізген тәлімін жалғанға шығару. Әрине, сенімге қатысты әрбір бұрыс ұстаным жалғанға шығару болып саналмайды. Өз пікірін негіздел алған кісі – ізденуші. Ол шариғи дәлелге сүйеніп тұрғандықтан, Алла елшісіне (с.ғ.с.) қарсы шығушы емес. Сондай-ақ ол әдейі қасарысқан тұлға болып та есептелмейді. Егер біз сенім мәселесіне қатысты ақиқатқа қайшы пікірдегі кісінің кәпірге жатқызар болсақ, бұл үкімнен әhlу сунна уәл жамағат ғалымдарының өзі аман қалмайды. Мысалы, имам Ашғари мен оның жолындағылар арасында Алланың сипаттары, сөзі және тағдыр мәселелеріне қатысты өзара көптеген келіспеушілік болды. Бұл екі мектептің айттылған мәселелерге қатысты өзара пікірталастары мен даулы мәселелерге қатысты Ибн Кәмәл Пашаның (1468–1536) «Әл-мәсәил әл-хилафия бәйнә әл-ашағирати уә әл-мәтуридия» кітабы және т.с.с. еңбектер де жазылды. Бұл ұстанымның негізінде исламдағы сенім мәселесіне қатысты барлық мәтін мухкама (бірізді мағынаға ие) деп айтуға тұра келеді. Ал бұлай айтуға ешкімнің де батылдығы бармайды [49, 449 б.].

Себебі ислам тарихындағы мәзhabтардың, атап айтқанда, сұнни мектептердің қалыптасуында мәтіндерге байланысты түрлі даулар, пікірталастар, түсіндірмелер мен ұстанымдар болған. Мұның барлығы шариғат мәтіндерінің көпмағыналы сипатқа ие екенін білдіреді. Қажет болса, кейбір көпбағытты түсіндірмелер мен ізденістер сахабалар дәуірінде орын алғып жатты. Бұл ұстанымның іс жүзіндегі нәтижесі харижилер мен мутазилә мәзhabына ұқсайды. Тәкфирлік көзқарастардың шырмауына кіргізері сөзсіз. Сенім мәселесінде қайшы пікірдегі әрбір тұлғаны күпірліктің жазасына

жетелейді. Эрине, бұл көзқарас құбыла иесіне қатысты қарапайым мәселелердің өзін нактылауда шектен шығатыны байқалады.

**Үшіншісі, кәләмшылар, фиқһ ғалымдарының басым көпшілігі діннің мәтінмен бекітілген принциптерін растаушы құбыла иелерінің ешбірін құпірлікке қатысты айыптамау қажеттігін алға тартады [13, 5 т., 227-228 б.]. «Мусамара» атты кітабында Ибн Һумам: «Әбу Ханифа мен Шафиги діннің негіздерінің жалпыға белгілі үкімдерінен басқа мәселелерде құбыла иелерінің ешбірі құпірлікке қатысты айыпталмайды дегенді ұстанады. Бұл – кәләм және фиқһ ғалымдарының көпшілігінен жеткен көзқарас», – дейді [14, 2 т., 214 б.]. Тафтазани былай дейді: «Әлемді әуелден бар және мәңгілік деп сене тұра өмір бойы құлшылық пен тағатта болған құбыла иесінің кәпір екенінде дау жоқ. Алайда Алланың сипаттары, адамның өз ісін жаратуы, Алланы көрудің мүмкіндігі секілді мәселелерге қатысты қателіктер ашғарилердің ұстанымы бойынша құпірлікке фактор болмайды». Имам Әбул Хасан Ашғари: «Пайғамбардан (с.ғ.с.) кейін адамдар көп мәселеде келіспеушіліктерге барды. Бірін-бірі адасуышылықпен айыптады. Өзара бірі-бірінен безуге жетті. Түрлі ағымдар мен топтарға бөлініп кетті. Алайда ислам олардың басын қосып, барлығын жинап отырды...», – дейді. [92, 1 т., 34 б.].**

Жоғарыдағы келтірілген деректердің барлығын талдай келе, былай деп түйіндеуге болады. Ізденісті қабылдайтын мәселелердегі қателіктері үшін ешкімді құпірлікке қатысты айыптауғаболмайды. Дін негіздерінің бірін мойындаған кісінің құпірлігінде құдік жоқ. Эрине, бұл ашғари мектебінің көзқарасына көбірек саяды. Ашғари мектебінің белді екілі имам Науауи былай дейді: «Біліп жүр, ақиқат жолындағы ұстаным – құбыла иесін кейбір күнәсі үшін құпірлікке қатысты айыптамау . Кейбір адасуышылар мен бидғат иелері де кәпір болып саналмайды. Алайда кімде-кім дін негіздерінің жалпыға белгілі үкімдерінің бірін жоққа шығарса, діннен шықты әрі кәпір болды деп саналады. Бірақ ол исламды жақындаған болса, кешірілуі мүмкін» [93, 1 т., 150 б.].

Алла Елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Үш нәрсе иманның негізгі мәселелерінен жатады: «Алладан басқа тәнір жоқ» деген кісіге тиіспеу, оның күнәсі үшін құпірлікке қатысты айыптамау, іс-әрекеті үшін исламнан шығармау...» [45, 2 т., 221 б.]. «Алладан басқа тәнір жоқ» деп сенген кісіге тиіспеудің мәні – оны ғылыми-теориялық немесе практикалық мәселелерде құпірлікке қатысты айыптамау . Ислам дінінде сенімнің шеңберіне анық кірген тұлға, одан тек қана нақты әрі анық себеппен ғана шығады. Себебі сенімді әрі анық мәселенің күші күмәнді әрі неғайбыл жағдаймен жойылмайды. Алла елшісін (с.ғ.с.) мойындаған тұлғаның құпірлігі – шариғаттың анық мәтінімен бекітілген үкім. Ал құбыла иелері әдетте Пайғамбарды (с.ғ.с.) жоққа шығармайды. Мәтінге интерпретациялаудағы қателік құпірлікке негіз бола алмайды. Оған айқын айғақ керек.

**Төртіншісі, Әбу Исхақ Исфираинидің (1027 қ.б.ж.) көзқарасы бойынша, бізді кәпір деп санаған құбыла иелерін құпірлікке қатысты**

**айыптауға болады.** Ал бізді күпірлікке қатысты айыптағандарды айыптауға болмайды. [94, 2 т., 213 б.]. Бұл ұстанымның иесі өзінің көзқарасын мына хадиске негіздейді. Алла елшісі (с.ғ.с.): «Егер бір кісі өзінің бауырына: «Сен – кәпірсің», – десе, біреуіне міндettі болады», – деген [15, 7 т., 97 б.]. Хадистің мағынасы – екеуінің біреуі кәпір болды дегенді білдіреді [94, 2 т., 214 б.]. Демек, күпірлікке қатысты айыптағаннемесе айыпталған адам кәпір болып шығады. Егер мені кейбір кісілер күпірлікке қатысты айыптаса, екеуміздің біріміз күпірлікке кіріптар боламыз. Ал мен өзімнің кәпір емес екенімді жақсы білемін. Олай болса, күпірлік оған қатысты болып шығады [95, 2 т., 226-227 б.]. Күпірлік – шарифи үкім. Ол үкімді берген кісіні, онымен кек алыш жазалауға болмайды. Жоғарыдағы хадисті ғалымдар түйіткілді хадистерге жатқызады. Хадистің тікелей мағынасы оның мақсаты емес. Сондықтан түпкі мағынасын түрлі жолдармен түсіндіруге әрекет еткен. Соның бірі, хадистің мақсаты күпірлікке қатысты айыптауды өзіне шарифат рұқсат берген әрекет ретінде есептеген кісіге қатысты. Тағы бір түсіндірмесі ретінде күпірлікке қатысты айыптағаны үшін адам құнәға батады. Сондай-ақ ол өзінің құнәлі әрекетімен күпірлікке жақындейды дегенді білдіреді [93, 2 т., 49-50 б.].

**Бесіншісі, дәстүрлі діни ұстанымға қайшы пікірді ұстанатын құбыла иелерін кейбір теориялық түрғыдан екінші сатыдағы мәселелер бойынша күпірлікке қатысты айыптау.** Бұл – ашғари мектебінің ғұламаларының кейбіріне тиесілі көзқарас. Аталған мектептің бұл ұстанымының негіздемелері төмендегідей: Алланы танымаған адам кәпір болып саналады. Ал құбыла иелерінің кейбір сөздері – Алла тағалаға қатысты надандық. Мысалы, Алланың сипаттарын растай тұра, ол сипаттардың принциптерін жоққа шығаруы мүмкін; Құран Кәрімді жаратылған деп айтқан кісінің күпірлігі тұрасында хадис келген. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Кімде-кім Құранды жаратылған десе кәпір болды», – деген [94, 2 т., 213 б.]. Көрсетілген негіздемелерге қарсы келесідей сын айтуға болады: Алла тағаланың кейбір сипаттарын білмеу күпірлік болып саналмайды. Құбыла иелерінің арасында Алла тағаланың кейбір сипаттарын білмейтіндер кездесуі мүмкін. Алайда құбыла иелерінің барлығы дерлік Алла тағаланың әуелден бар, мәңгілік өмір иесі, білімі мен құдіреті шексіз деген сипаттарын мойындейды; Құранды жаратылыс деп айтуға қатысты келген хадис сахих (сенімді) емес. Сенімді әрі бекітілген хадис болғаның өзінде, жалқы (ахад) жолмен жеткен болуы мүмкін. Ал жалқы жолмен жеткен хадис исламда сенім мәселесінде негізге алынбайды; Хадисті бекітілген әрі сенімді болғаның өзінде, жаратылыс деген сөздің мақсаты ойдан шығарылған дегенді білдіруі мүмкін. Мәтінді өзге мағынада түсіндірудің мүмкіндігі туғанда, оған үзілді-кесілді халде бірінші үкімді бере алмаймыз. Сондықтан хадис аталған көзқарасқа негіздеме бола алмайды [94, 2 т., 213 б.].

**Алтыншысы, қатғи ижмағ (ғалымдардың бірауыздан келіскең кесімді) үкіміне негізделген мәселелер бойынша дәстүрлі діни ұстанымға қайшы пікірдегі құбыла иелерін күпірлікке қатысты айыптау.** Бұл көзқарас ханафи мәзhabына жалпы тұрде, шафиғи мәзhabының имамдары

**Рафиғи мен Жуайниге және мәлики мәзһабынан имам Лаққаниге тиесілі.** Бұл көзқарастағылар өз ұстанымдарын төмендегілерге негіздейді: Ижмағ үкімінің сәнәді қатиғ (сенімді әрі кесілген тізбек) болып саналады. Ал ижмағ үкімімен бекітілген мәселені жоққа шығару – қатиғ үкімді мойындау. Қатиғ мәселені терістеу Алла елшісін (с.ғ.с.) жалғанға шығару болып есептеледі. Олай ету күпірлік екені белгілі [96, 3 т., 258-259 б.]. Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Алладан басқа тәнір жоқ, мені Оның елшісі деп күәлік еткен мұсылман адамның қаны үш жағдайда ғана төгіледі: бұрын үйленген кісі некесіз қатынасқа түссе, біреудің қанын төксе және жамағаттан бөлініп, дінін сатса», – дейді [97, 2 т., 798 б.]. «Жамағаттан бөліну» деген ижмағ иелеріне, яғни олардың бір ауыздан келіскең үкіміне қарсы шығу болып саналады. Әрине, бұл жай мәселе емес [95, 2 т., 232 б.]. Кейбір ғалымдар бұл хадисті ижмағ үкімін жоққа шығарған кісі кәпір болады деген көзқарасқа негіз етеді [17, 24 т., 41 б.]. Солай бола тұра, кейбір ғұламалар жоққа шығарушысы кәпір болып есептелетін ижмағ үкіміне еki шарт қояды. Біріншіден, ол сахабалардың барлығы өзара келіскең ижмағы болуы, екіншіден тауатур жолмен келуі қажет. Екіншіден, кейбір сахабалардың үндемеуінің нәтижесінде бекітілген ижмағ үкімі болмауы тиіс.

Имам Суюти (1445–1505) ижмағ үкіміне қатысты жоққа шығарушыны төрт санатқа бөледі: Міндетті түрде кәпір деп есептейді. Ижмағтың бұл түріне қатысты анық мәтін бар. Дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі болған. Мұның мағынасы, намаз, зекет, ораза, қажылыш, зинаның харам екені, т.с.с. қарапайым халық пен мамандардың барлығы бірдей білетін исламның айқын үкімдері; Мұлде күпірлікке қатысты айыпталмайды. Ол – тек ғалымдар ғана білетін және оған қатысты шаригат мәтіні келмеген ижмағ [97, 488 б.].

Жоғарыда ұстанымдардың барлығын талдай келе, үшінші мәзһабтың көзқарасы, яғни «діннің дарурияттарын (дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі болған) растаушы құбыла иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптаамау » көкейге қонымдырақ және ұстануға лайықты деп тануға болады. Бұл қорытынды төмендегі дәйектемелерге негізделеді: ислам ғұламаларының мұсылмандарды күпірлікке қатысты айыптаудан барынша қорғау қажет деген берік принципі мен қағидасы бар; Күпірлікке қатысты айыптаудан мүмкіндігінше жырақ болу адасқан ислами топтар мен дәстүрлі діни ұстанымдағылардың арасындағы айырмашылық; негізінде мұсылман адам исламды ұстанушы саналады. Оны діннен шықты деп есептеу үшін анық та айқын айғақ керек; ханафи мәзһабының Тафтазани, Ибн Нужайм және Ибн Абидин секілді беделді ғалымдары осы ұстанымға басымдық береді.

Шафиғи мәзһабының бұл баптағы ұстанымы тұрасында және басқа да имамдардың көзқарастары жөнінде Ибн Хажар Һәйтәми: «Мұфтиге күпірлікке қатысты айыптау мәселесінде барынша сақ болу керек. Себебі оның зияны, қатері үлкен. Әдетте күпірлік сөзді айтқан кісінің мақсаты сөздің мазмұнына сай бола бермейді. Әсіресе ол қарапайым халықтың өкілі болса. Біздің имамдарымыз ілгеріден бері осы жолды ұстанып келеді», – дейді [98, 9 т., 104 б.]. Бұл сөз нақты әрі жүйелі зерттеудің нәтижесінде айтылған.

Һәйтәми осылайша сақтықтың екі тарапын қоса айтып кетіп отыр. **Біріншіден**, зияны үлкен. Әрине, бұл мұсылман адамды құпірлікке қатысты (діннен шығумен) айыптаудан келіп шығатын зардаптарға қатысты. Солардың адам жанына, малына, некесіне, т.б. байланысты кейбірін атап өтелік: оның қанын төгуге рұқсат беріледі, бұл – дінін сатқан кісіге қатысты ижмағ үкімі бар мәселе; оның мал-мұлкіне қатысты құқығы жойылады [48, 6 т., 69 б.]; біреуге ол мұсылман немесе кәпір болсын үйлену құқығынан да айырылады, сол сияқты дінін сатқан әйел де тұрмысқа шығу құқығына ие болмайды [99, 4 т., 336 б.]; әйелімен ажырастырылады [100, 5 т., 48 б.]; дінін сатқан кісінің ісінің барлығы жойылады, Құранда: «Кімде-кім иманға құпірлік етсе, ісі бекер етіледі», – делінген; егер ол өмірден озса, оған намаз оқылмайды, жуылмайды, кебіндемейді, мұсылмандардың қабіріне жерленбейді; оған қатысты шариғаттың үкімі турасында тозақта мәңгі қалады делінеді [101, 493 б.]. **Екіншіден**, әдетте оның мақсаты құпірлік бола бермейді. Бұл айқын құпірлікке барған кісіге емес, керісінше, анық емес немесе арты құпірлікке апаратын жағдайға қатысты. Қарапайым халық көп жағдайда өз сөздерінің түпкі мәніне назар аудармай айтып қалады. Сондықтан түрлі күмәндар мен негізсіз үкімдердің себебімен адамдарды діннен шығарып жібермеу үшін қарапайым мұсылмандарға қатысты үкім шығарудан байқау қажет. Шындығында, біреуді құпірлікке қатысты айыптау өте қатерлі үлкен жауапкершілік. Қателікпен мың кәпірді аман қалдыру, бейкүнә мұсылман кісінің қанын төгуден әлдеқайда абзal. Себебі хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): «Басшының жазалауда қателесуінен, кешіруде қателескенін тәуір санаймын», – деген екен», – деп жауап береді [100, 30 б.].

Ислам ғалымдары бұл бағытта төмендегі негіздерге сүйене отырып, көзқарастарын қалыптастырады. Біріншіден, Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Адамдармен олар «Алладан басқа тәнір жоқ, Мұхаммед Оның елшісі...» дегенше күресуге бұйырылды. Кімде-кім осыны айтар болса, ол менен малы мен жанын хақысын бере отырып сақтайды. Сосын есебін Алланың алдында береді», – дегенін [15, 1 т., 11-12 б.]; Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Мұсылмандарды мүмкіндігінше жазаламауға тырысындар. Егер ақтауға реті келіп тұrsa, ақтап босатып жіберіндер. Басшының жазалауда қателік жасағанынан, кешірім беруде қателескені қайырлы», – деген хадисін [102, 4 т., 33 б.]; Сонымен қатар ««Алладан басқа тәнір жоқ» деп айтатын кісілерге тіл тигізбендер. Оларды күнә істері үшін құпірлікке қатысты айыптамаңдар. «Алладан басқа тәнір жоқ» дейтін кісілерді кімде-кім құпірлікке қатысты айыптаса, оның өзі құпірлікке жақындау болады» деп келетін хадисті [103, 12 т., 272 б.] жатқызуға болады. Жоғарыдағы хадистер «Алладан басқа тәнір жоқ, Мұхаммед – оның елшісі» деген кісіні анық та айқын негізсіз діннен шығару мүмкін еместігін айтады. Керісінше, үкім берушіні қателесіп құпірлік сөзге, іске барған, бұрмалап түсіндірумен дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шығарған мұсылманды құпірліктен арашалап алып қалуға шақырады. Екіншіден, «Адам баласы өзін иманның шеңберіне енгізген дүниені

жоққа шығармағанша, діннен шықпайды» деген қағидаға сүйенеді. Бұл қағида атап айтқанда ханафи мәзhabының имамдарының еңбектерінде айтылған. Мұны Ибн Абидин ханафи мәзhabының көрнекті ғалымы имам Тахаудан жеткізеді. Үшіншіден, «Ридданың орын алғаны айқын әрі анық болса, ридда болып саналады. Ал кішкентай ғана күмән болса, ридда деп есептелмейді. Себебі орын алғаны анық болған ислам күмәнді жағдаймен жоғалмайды» деген принцип тағы бар. Сондай-ақ ықтимал жағдайдың негізінде кісі діннен шықпайды. Күпірлікке қатысты айыптау жазаның соңғы кезеңі. Қылмыстың да ең соңғы түрі саналады. Ал ықтималды жағдайдың соңы болмайды. Екінші мен үшінші негізді Ибн Абидин келтіре отырып: «мен бұл қағидаларды арнайы айтып отырмын. Себебі бұлар мұсылман адамның иманы мен дініне қатысты үкім беруде таразы болуға тиіс», – дейді [47, 6 т., 358 б.]. Төртіншіден, кісінің сөзі күпірлік болғанымен оның бойында оны күпірлікке қатысты айыптауға кедергі болатын фактордың әрдайым болуы мүмкін. Бесіншіден, негізінде мұсылманға қатысты жақсы ойда болып, оны мүмкіндігінше ізгілікпен сипаттау қажет [47, 6 т., 358 б.]. Ықтимал жағдай болғанда, пәтуа беруші барынша күпірлікке қатысты айыптауға кедергі болатын көзқарасты ұстануға тиіс. Әлсіз негізге сүйеніш болса да, оның сөзіне қатысты жақсы үкім берген дұрыс. Егер осы принципті ұстанатын болсақ, күпірлік сөздерінің көпшілігі есептелмей қалады.

Күпірлік болуы мүмкін сөздерді, сенімдерді, істер мен жағдайларды санап-жинап отыру қыын міндет екені белгілі. Себебі діннің негіздеріне қайшы жағдайлар діннің өзіне қатысты емес, адам өмірінің барлық аспектісіне байланысты болады. Сондықтан фикір ғалымдарының мақсаты халықтың күпірлік болар сөздерін жинау болса, орындаі алмас еді. Имам Қарағи (1228–1285) бұл мәселені реттейтін бір қағида немесе зандылық қалыптастырудың қыындығын, ортақ пәтуа берудің және нақты шектеулер қоюдың мүмкін еместігін айта келе, ілгері буын ғалымдардың ұстанымы негізінде нақты фикіни сипаттағы шеңберді сыйып былай дейді: «Аталған мәселеде мақсатқа жетуге көмектесетін негізгі жол, бізге үлгі болар ілгері буын ғалымдардың пәтуаларына көбірек үңілу қажет. Сосын күпірлік деп есептелетін және күпірлік болып саналмайтын мәселелер жөнінде олар берген пәтуалардың табиғатына қарау керек. Терен зерделеу үрдісінен кейін, әрбір жағдай өз ерекшелігіне қарай сол пәтуалардың бірінің санатына қатыстырылады. Егер мәселені нақты бір санатқа жатқызу мүмкін болмаса немесе оның құзіреті мен қабілеті жағдайды зерделеуге жетпесе, тоқтауы міндет болады. Ешқандай пәтуа бермейді. Бұл мәселенің негізгі сақталуға тиіс критерийі осы. Басқаша айтқанда, мұндай мәселе тықырыпты терен біletін мамандардың тілінде қыындық тудыратын жағдай» [104, 4 т., 236-237 б.].

Жоғарыда ғұламалардың пікірлері мен көзқарастарын білу үшін кейбірінің сөздеріне тоқталдық. Жекелеген жайттарды санап немесе жинап бітіру мүмкін болмаса да, оларға жалпылама критерийлер мен принциптерді белгілеуге болады. Осындай критерийлерді негізгі үш санатқа бөліп қараган

жөн. Дінде ұкімі міндettі түрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шығару; Дінде ұлықталған нәрсені кемсіту; Дінде дәріптелген нәрсені жек көру.

Дінде ұкімі міндettі түрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шығарудың мағынасы оны растамау, қабылдамау дегенді білдіреді. Дінде ұкімі міндettі түрде жалпыға белгілі дегені, қоғамның барлық санатына белгілі шариғи мәселесін айтады. Бұл ұғымның негізгі элементтері төмендегідей: діни мәселе болуы; адамдардың барлық санатына хабары жеткен, тараған мәселе болуы. Бұл ұғымды Ибн Хажар Һәйтәми былай деп түсіндіреді: «Мұхаммедтің (с.ғ.с.) дінінде міндettі түрде жалпыға белгілі мәселе мұсылмандармен арасында жалпы қарапайым халықтың өзі билетін Алланың бірлігі, пайғамбарлық, қайта тірілу, есеп-қысап күні, бес уақыт намаздың міндет болуы, мас қылатын ішімдіктің тыйым салынуы, хайыз әйелмен қосылуға болмайтыны, сауданың рұқсат екені, некенің ададығы, т.с.с. ұкімдер мен мәселелер» [105, 157 б.].

Ханафи мәзhabының ғалымы имам Әбул Баракат Хафизуддин ән-Насағи (1240–1310): «Күпірлік деген ұғымның шариғаттағы түсініктемесі – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жариялағаны даусыз анық болған мәселені жоққа шығару», – деген анықтама береді [89, 5 т., 129 б.]; Ибн Абидин өзінің «Хашиясында» былай дейді: «Жоққа шығару – ол Пайғамбардың (с.ғ.с.) жариялағаны міндettі түрде анық болған мәселеге қарсы шығу» [47, 6 т., 357 б.]. Екіншіден, мәлики мәзhabы бойынша: Дусуқи (1815 қ.б.ж.) өзінің «Хашиясында»: «Намаздың парыз болуы, зинаның харам екені сияқты дінде ұкімі міндettі түрде жалпыға белгілі болған мәселені жоққа шығару», – дейді [106, 4 т., 301 б.]; Мұхаммед Алиш (1802–1882) «Минахул жалилде»: «Дінде ұкімі міндettі түрде жалпыға белгілі болған бірауыздан келісілген мәселенің зандылығын жоққа шығару» – деп түсіндіреді [107, 9 т., 206 б.].

Шағиғи мәзhabы бойынша: Сұлеймен Жамал (1790 қ.б.ж.) «Хашиятул жамал» кітабында бұл туралы былай дейді: «кісі дінде ұкімі міндettі түрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шығарумен кәпір болады» [108, 2 т., 129 б.]; Әбу Бәкір Димяти (1811–1893) «Иғанату талибинде»: «Дінде ұкімі міндettі түрде жалпыға болған мәселені жоққа шығарудың өзі ғана күпірлікке ұрынуға жетіп жатыр», – дейді [109, 4 т., 152 б.].

Ханбали мәзhabы бойынша: Имам Бахути (1591–1641) бұл ұкім туралы: «Бейкүнә кісілердің қанын төгуді және мұлқін тартып алуды адал деп санау – ешбір күмәнсіз күпірлік іс. Себебі бұлардың тыйым салынғанына қатысты ижмағ ұкімі бар. Міндettі түрде жалпыға белгілі болған мәселе» [110, 5 т., 149 б.]. Демек, бұл тұжырым исламның негіздері мен өзегі болып саналады. Бұл болмаса, исламның мәні мен мазмұны жоғалады. Оны жоққа шығару немесе қарсы шығу күпірлік екені анық [111, 3 т., 263 б.]. Себебі ислам мен күпірліктің арасында сатылар жоқ. Ал дінде ұкімінің жалпыға белгілі болуы міндettі емес мәселе болмаса да, исламның мәні мен мазмұны сақтала береді. Соңдықтан оны жоққа шығарған кісі мұсылмандық шенберден шығарылмайды.

Ислам құқығы ғалымдары кейбір мәселелердің бір қоғамда ұкімі міндettі түрде жалпыға белгілі болып кеңінен таратынығын, енді бір қоғамда ол

дәрежеде болмайтындығын айтып өткен [105, 158 б.]. Ибн Хажар Һәйтәми былай дейді: «Рауда кітабында ғиддасын (бекітілген мерзім) күтіп отырған әйелге некелесудің харам екені дінде үкімі жалпыға белгілі болуы міндettі емес деп қарастырылған. Бұл – әрине, түсініксіз ұстаным. Хайыз әйелге қосылудың тыйым салынуы мен екеуінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ сияқты. Керісінше, бірінші мәселенің тыйым салынуы екінші жағдаймен салыстырғанда анығырақ болып көрінеді. Мәселедегі олардың кемшілігі – көпшілігінің ғидданың шарттары мен бітуін біле бермеуі. Ал мұндай білместік көп жағдайда ғиддадағы әйелмен некелесудің тыйым салынғанын білмеуге апарады» [105, 158 б.]. Бұл жағдай ислам елдерінде орын алуды мүмкін. Себебі қоғамдағы әрбір адам мәселені бір дәрежеде түсіне бермейді. Бір елде жалпы халықтың арасында кеңінен тараған жағдай, екінші елде олай болмауды мүмкін. Кейде мұның себебі қоғамда ғалымдардың жетіспеушілігімен байланысты болады.

Имам Субки дінде үкімі міндettі түрде жалпыға белгілі мәселені екі бөліп қарастырады. Себебі қарапайым мұсылмандардың барлығы бірдей күнделікті шариғаттың шарттарын орындаі бермейді. Сондықтан олардың барлығына бірдей мұндай үкімдер таныс та деп айту – қателік. Аталған екі шарт келесідей: Арнайы мамандарға да және қарапайым халыққа да белгілі үкімдер бар. Мысалы, исламның адамзатқа жіберілген Алланың жолдауы болуды; Қарапайым халықтың кейбірі шариғаттың шарттарын толық немесе мулде орындағандықтан, дінде үкімі міндettі түрде жалпыға белгілі мәселені білмеуі мүмкін. Шариғатты іске асыру түрлі деңгейде болады. Оның кейбірі міндettі білімге апарады. Мұның мысалы ретінде исламның жындарға да жіберілген Алланың жолдауы екенін айта білеміз.

Бірінші жағдайдағы үкімді жоққа шығарушының күпірлікке душар болатынына ешбір дау жоқ. Алайда екінші жағдайдағы үкімді жоққа шығарушының халі қалай болады? Мұндай мәселеге қатысты мәлімет қарапайым халықтың арасында кеңінен тарай бермейтіндіктен, оны ғұламалар үш деңгейге бөліп қарастырады: 1) үкімді жоққа шығарады, исламды тек адамзатқа ғана жолданған дін ретінде куәлік етеді. Бұл жағдайда күпірлік қаупі бар; 2) үкімді жоққа шығарады, жалпылама куәлік етеді. Исламның жындарға да жолданғаның жоққа шығаруы иманға қайшы екеніне мән бермейді. Бұл халде ол кәпір болмайды. Білмегені үшін тәртіпке шақырылады. Аталған мәселеге қатысты жоққа шығаруға апарып соққан күмәні сейілуі үшін ақиқатты үйренуге бұйырылады; 3) үкімді жоққа шығармайды. Оған қатысты ештеңе де айтпайды. Бұл мәселе оның қаперіне кіріп те шықпайды. Аталған жағдайда ол жазғырылмайды және бұл үкімді үйренуге бұйырылмайды. Себебі оны әрбір мұсылманның білуі шарт емес. Егер аталған мәселе жайында ойланар болса, оны сұрап анықтау және ақиқатты ұстану, сондай-ақ Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қатысты шектеусіз куәлік етіп иман келтіру міндеп болады [88, 2 т., 621-622 б.].

Дінде ұлықталған нәрсені кемсіту және келемеждеу. Әзілдеу фиқһ негіздері ғұламаларының назарында кісінің өз еркімен жеткен әрекеті саналады. Терминдік анықтамасы – кісінің өз қалауымен, түйсігімен және разылығымен

бір сөзді айтуы. Бірақ сөздің түпкі мағынасын емес, әзілдеу және ойын мақсатында ауыспалы мәнін мензейді. Бұл оның жауапкершілігін шектемейді. Керісінше, айтылған сөзінің нәтижесіне өзінің разы болмайтындығын білдіреді. [112, 113 б.]. Әзіл – бір адамның екінші адамды ұялту, сөзге тоқтату үшін айтатын ұрымтал да астарлы, көңілді де қулкілі пікірі. Яғни болмысқа, құбылысқа, нақты оқиғаға қатысты көзқарасты білдірудің, баға берудің бір түрі. Әзілде де сынап-мінеу, іліп-шалып, тәлекек ету ниеті жатады. Тек сол ниет жүрекке ауыр тимейтін етіліп, қалжыңға сүйеп жүзеге асырылады [113]. Кімдекім әзілдеп құпірлік сөз айтса, дінді мазақтағаны үшін кәпір болып діннен шыққан саналады. Бұл қасарысу құпірлігі секілді [110, 5 т., 144-145 б.]. Мұның дәлелі ретінде ислам ғалымдары Алла тағаланың Құрандағы: «Егер олардан сұрап болсан, олар, шын мәнінде, «біз жай ғана әзілдеп, ойнаған едік» деп жауап береді. Оларға: «Сонда сендер Алланы, оның аяттарын және елшісін мазақтайтын едіңдер ме?» – деп айт. Енді сылтауратпандар, сендер иманға келгеннен соң құпірлік еттіңдер» деген аятын келтіреді [5, 9:66]. Имам Рazi (1149–1209) аталған аятың тәпсірінде былай дейді: «Дінде мазақтау қалай құпірлік болды? Әрине, мазақтау деген кемсітуді білдіреді. Иман мәселесінде негізгі тұғыр – Алланы тек ұлықтау. Ал ұлықтау мен мазақтаудың басын қосу мүмкін емес» [33, 16 т., 127 б.]. Құпірлік сөзбен әзілдесудің құпірлік болатыны турасында ғалымдарының арасында ижмағ үкімі де бар. Мұны Әбу Бәкір ибн әл-Араби (1076–1148): «Құпірлікке әзілдеудің құпірлік екені жөнінде үмбеттің ішінде келіспеушілік жоқ....», – деп түйіндейді [114, 2 т., 543 б.].

Келесі кезекте дінде дәріптелген нәрсені жек көру мәселесі. Жек көру – жақсы көрудің антонимі. Дінде ұлықтаған құндылықты жек көру – құпірлік. Ибн Нужайм: «Пайғамбарды (с.ғ.с.) жек көрген адам кәпір болады», – дейді [89, 5 т., 203 б.]. Имам Бахути өзінің «Кашшафында» бұл жөнінде: «...Алланың елшісін (с.ғ.с.) немесе оның әкелгенін жек көрсе, сөзсіз кәпір болады», – дейді [110, 5 т., 145 б.]. Исламның құндылықтары мен үкімдерін ұлықтау оны мойындау мен жақсы көруді талап етеді. Алла тағала Құранда: «Құпірлік етушілердің ісі мен амалдарын бекер қылды. Себебі олар Алланың тұсіргенін жек көрді. Сондықтан олардың істері зая болды», – дейді [5, 47:8-9]. Имам Байдауи (1286 қ.б.ж.) бұл аятың тұсіндірмесін былай деп береді: «Олар Алланың тұсірген Құранын, ондағы таухидті, өздеріне жүктелген және нәпсілеріне ауыр тиетін міндеттерді жек көрді» [115, 5 т., 120 б.].

Осы тұрғыда Алланы денеге балаған «тажсим» көзқарасы туралы мәселелерді талқылап өткен жөн. Мұндай топтардың пікірі үш бағытта қарастырылады: біріншісі, физикалық дене дейді; екіншісі, басқа денелерге ұқсамайтын дене дейді; үшіншісі, басқа денелер секілді дене дейді. Ханафи ғалымдары мужассимдерді құпірлікке қатысты айыптайды. «Раддул мұхтарда»: «Дінде үкімі міндетті тұрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шыгарса, кәпір болады. Мысалы, шын мәнінде, Алла тағала басқа денелер секілді физикалық дене десе немесе басқа денелер сияқты дегенді айтса құпірлікке ұрынады. Бірақ басқа денелерге ұқсамайтын дене десе, кәпір болмайды. Себебі бұл жағдайда

Алланың ұлықтығына нұқсан келтіретін тек дene деген сөзді ғана айтқан. Бұл тек күнә болып саналады», – делінеді [116, 2 т., 301 б.]. Ибн Нужайм үш бағыт хақындағы ойын, пайымдауларын былай білдіреді: «Бірінші дene, екінші басқа денелер секілді дene» деген екі сөзді айтқан кісі кәпір болады. Ал үшінші «басқа денелерге ұқсамайтын дene» дегенді айтқан кісі бидгатшы болып саналады» [89, 2 т., 612 б.]. Осы негізде Алла тағаланы арнайы бір мекенде (аспанда, аршының үстінде) орналасқан деп сену, яғни Алла тағаланы тікелей мағынада аспанда деген кісінің үкімі жөнінде Хадими былай деген: «Кімде-кім Алла тағаланы аспанда деп сенсе, одан мақсаты арнайы мекенді көздесе, күпірлік еткен болады. Бұл сөз Алланы мекенге мұқтаж етеді және мекенге әуелден бар деген сипат береді. Орналасуышының әуелден болуы орынның әуелден болуын талап етеді. Егер бұлай айтқанды оның мақсаты жай ғана әңгіме болса, кәпір болмайды...» [117, 1 т., 225-226 б.].

Мәлики мәзһабындағылардың ойынша, мужассимдердің үкімі жоғарыда айтылған ханафи мәзһабының ұстанымына ұқсас болып келеді. Али әл-Адаудің (1700-1775 ж.) «Хашият әл-адауи» атты еңбегінде: «Алла тағала басқа денелер секілді физикалық дene деп сенген адам кәпір болады. Ал кімде-кім ол басқа денелерге ұқсамайтын дene десе, күпірлік емес, күнәшар болады. Себебі Жаратушы тағала физикалық дene болмайды», – делінеді [118, 1 т., 102 б.]. «Фуруқ» кітабында аталған мәселеғе қатысты: «Біл, кімде-кім басқа денелерге ұқсамайтын дene десе пасық болды. Кейбір шейхтеріміз айтқандай, ол кәпір емес. Қалайша оны кәпір дейміз, «басқа жүздерге ұқсамайтын жүзі бар, қолдарға ұқсамайтын қолы бар» деген сөздерді күпірлік деп санамадық қой... Иә, дene деген сөз туралы хабар жоқ. «Жаратушы тағала жаратылыстың мекеніне ұқсамайтын мекенде» деп айту да осыған ұқсас. Себебі «Керуетке отырғандай үлгіде емес, ғарыша отырды» деген сөз де күпірлікке баланбайды ғой», – деп талданады [104, 4 т., 295 б.]. Мәлики мәзһабы ғалымдарының бұл көзқарастарынан ханафи мәзһабының пікіріне өте жақын екенін нақты көреміз.

Шафии мәзһабының бұл тақырып бойынша маман-ғалымы Ибн Хажар Һәйтәми «әл-Иғлам» еңбегінде өз мәзһабының ұстанымы турасында былай дейді: «Мәзһаб бойынша мужассимдер кәпір саналмайды деген көзқарас танымал. Алайда имам Нәүәүи күпірлікке қатысты айыптаған. Бірінші жағдайда, олар басқа денелер секілді дene деп айтады. Алайда барлық жағынан ұқсатпайды. Мәзһабтың лазым мағынасы мәзһабтың өзі емес екені белгілі. Ал екінші жағдайда жаратылыс, құрам, тұс, т.с.с. тұрғыдан денеге анық ұқсату бар, сондықтан күпірлік болып саналады. Себебі әуелден бар Жаратушыны оның ұлықтығына лайық еместігі ижмағ үкімімен бекітілген және дінде болуы мүмкін еместігі міндетті түрде жалпыға белгілі қасиетпен сипаттады...» [46, 150 б.]. Һәйтәми тақырыпты жалғастырып: «Алла аспанда» деп айтуды бір топ күпірлік деп есептеді, екінші топ күпірлік емес деп баға берді. Бұдан бұрын біз Алла тағаланы белгілі бір тарапқа тәуелділікпен сипаттаған адамның кәпір болмайтынын айтқан едік. Алайда ол өз сөзінен келіп шығатын жаратылыс, физикалық дene, т.с.с. мағыналарды мақсатқа тұтса, ижмағ үкімімен кәпір

болады», – деп мәзһабтағы бұл мәселеге қатысты екі көзқарасты жеткізеді [46, 150 б.]. «Әл-Фәтәүә әл-хадисияда» мәзһабта бағдарға алынатын ұстаным туралы: «Біздің құзырымызда негізге алынатын көзқарас – мужассимдер мен жиһауилерді (тарапқа тәуелділікпен сипаттаушылар) күпірлікке қатысты айыптамау. Бірақ олар мұнымен жаратылысқа тән қасиеттері бар деп сенетін болса, үкім керісінше болады. Мәзһабтың лазым мағынасына қараудың қажеті жоқ. Себебі негізінде мәзһабтың лазым мағынасы мәзһабтың өзі емес...» деп айтылады [119, 108 б.]. Олай болса, шағиғилерде аталған мәселеге байланысты үш көзқарас бар екені анықталады: Мужассимдер кәпір емес; Олар кәпір болып саналады; Әрбір мәселені жеке талдаң қарастыру, мәзһабтың негізге алынатын ұстанымы да – осы.

Ислам тарихында тажсім көзқарасымен Ибн Тәймия, Мұхаммед ибн Абдулауахаб және олардың ұстанымын қолдан, жолын ұстанушылар танымал болды. Екеуі ежелгі каррамилердің пікірлерін қайта жаңғыртушылар ретінде бағаланады. Ибн Тәймияның ойларының қаупі мен зардабын айтып дабыл қаққан ғұламалардың бірі Тақюддин Субки былай дейді: «Ибн Тәймия Құран мен сұннеттің атын жамыла, ақиқат пен жаннатқа шақырамын деп жарияладай отырып, сенім негіздеріне қатысты бидғатты шығарды, діннің негіздері мен принциптерін бұзды. Мұсылмандардың арасындағы ижмағ үкіміне қарсы шығып, бұрын-соңды болмаған пікірді жариялады. Жаратушының болмысына қатысты физикалық, құрамалық қасиеттерді теліді. Жаңадан пайда болатын құбылыстармен сипаттады. Құран жаңадан пайда болған, Алла оны кейіннен айтқан, Ол сөйлейді және үндемейді деді. Жаратылыстың жағдайы бойынша, Жаратушының болмысында қалаулар пайда болады деп сенді. Сонында әлемнің әуелден бар сипатқа ие екенін айтуға барды. Мұнымен жаратылыстың өзі әуелден бар деген сөзді айтуға мәжбүр болды» [120, 7-8 б.]. Ибн Тәймияны бұлай айыптауға қандай себептер болды деген сұрақ туындаитыны белгілі.

Осыған жауап ретінде Ибн Тәймия мен оның пікіріне қосылғандардың өз кітаптарынан кейбір мәтіндерді келтіреміз. Ол «Баян тәлбис әл-жәхмия» еңбегінде көләм ғалымдарының Алла тағалаға «кейіп» қасиетін беруден бас тартқанын сынап отырып: «Олар «кейіп» дегеннің мағынасы мөлшер мен бейнені білдіреді», – дейді. Егер ол, шын мәнінде, солай болуға тиіс болса, бұдан бұрын айтқанымыздай «кейіпті» бекіткендердің мақсаты Алла тағаланы өзіне тән сипаттармен сипаттау болды. Бізben келіспейтіндер айтқандай, бұдан белгілі бір мөлшердің болуы лазым болса, әрбір сипат иесінің өз мөлшері бар. Хадис пен сұннет иелерінің көпшілігі, соның ішінде имам Ахмадтың серіктегі және басқалары «кейіпті» жоққа шығармайды. Керісінше, олар «кейіпті» білмейміз дейді» [121, 2 т., 388 б.]. Бұл мәтінде Ибн Тәймия Алла тағалаға ашық түрде мөлшері белгісіз болса да кейіпті бекітуде. Әрине, бұл Алланың ұлықтығына нұқсан келтіретін көзқарас екені белгілі. Сосын ойын жалғастырып: «Бар нәрсенің өзіне, сипатына және құдіретіне қаралатыны белгілі. Егер оның сипаты мөлшері мен болмысын қамтитын болса, рационалдық тұрғыдан қарағанда оның өзіндік бар болуы, оның ешкім

ортактаспайтын өзіндік қасиеттері болса солай айтылады. Сол сияқты оның мөлшері де болады. Бар нәрсенің бар екенін тек сонымен ғана елестете аламыз. Онсыз бар нәрсенің бар екенін жариялау қарапайым логика мен рационалдық талаптарға қайшы келеді», – дейді [121, 2 т., 390-391 б.]. Ибн Тәймия осылайша, рационалдық қағидалар мен принциптерге сәйкес дей келе, Алла тағалаға мөлшер сипатын да бекітеді; Аталған еңбектің өзінде Ибн Тәймия тағы да: «Бұл үмбеттің сәләф ғалымдары, имамдары және оларды қолдаушылар Жаратушы тағаланың ғаршының үстінде екенін айтады. Бұл мәселеде кәләмшылар айтқандай бөлшектеуді, құралуды қабылдайтын хабари сипат бар. Ілгері буын ғалымдардың Аллаға шектеу сипатын бергені айтылған. Бірақ оны өзінен басқа ешкім білмейді», – дейді [121, 3 т., 591 б.]. Ол бұл мәтін бойынша Аллаға тек өзіне ғана белгілі болатын шектеуді бекітіп отыр. Алла тағалаға физикалық дene қасиетін тели отырып былай дейді: «... Өзімен өзі бар болып тұрған зат міндетті тұрде дene болады. Қайсыбір нәрсе дene болмаса, ол жоқ болады. Әрине осылай түсіну табиғи болмысқа да, ақылға да қонымды екені белгілі...» [121, 1 т., 359 б.]. Тағы бір жерде: «Алланың кітабында, елшісінің сұннетінде үмбеттің ілгері буыны мен имамдарының ешбірінің сөзінде оның өзі де, сипаттары да дene немесе атом емес деген жері жоқ. Шаригатпен және рационалдық талаптармен бекітілген, шаригат та, ақыл да жоққа шығармаған мағынаны жою – надандық және адасу», – деп айтады [121, 1 т., 373 б.]. Демек, оның айтуынша, рационалдық қағидалардың талабына сай, Алла тағаланы дene екенін мойындамау, оның бар екенін мойындамаған болады. Сонымен қатар ол – надандық және адасу екен; «Баян тәлбисте» атты еңбегінде: «Ғаршыны көтеретін періштелер өздерінің жеке құштерімен көтеріп, ғаршыны ұстап тұрмады. Алайда олар Алланың құдіретімен көтерді. Бізге Жаббар сипатына ие болған Алла тағала оның үстінде болған ғаршыны көтерген кезде, «құдірет те, құш те тек Алладан», – деген сөзді айтпағанша, олардың әлсіздік танытқаны, майысқаны, тізерлеп отырып қалғаны тұрасында хабар жетті. Сосын ғана Алланың құдіретімен, қалауымен өздері жеке ғаршыны көтере білді. Ол болмаса, ғаршы да, көтеруші періштелер де, аспандар да, жер де және ондағылар да жеке өздері тұра алмас еді. Ол (Жаратушы тағала) қаласа, масаның арқасына орналасады. Масаның өзі Алланың құдіретімен, мейірімімен, рубубиясымен оны көтере алады...», – делінеді [121, 2 т., 388 б.]. Бұл сөзімен Ибн Тәймия Алланың болмысы мен ұлықтығына нұқсан келтіретін, мүмкін емес ахуалды мүмкін етіп «Алла тағала масаның арқасына орналасар еді» деп отыр.

Ибн Тәймия – тарихта халықтың ықыласы мен мақтауына ие болып, «шейхул ислам» деген лақапқа ие болған тұлға. Екінші жағынан үлкен сынға ұшырап қарсыластары оны тажсимге жатқызды, әлемнің әуелі жоқ деді, ғұламалардың ижмағ үкімдеріне қарсы шықты деп күпірлікке қатысты айыптауга дейін барған. Біз жоғарыдағы келтірілген мәтіндерден Ибн Тәймиядан екі тәсілді байқаймыз. Біріншіден, жалпылау әдісі. Ибн Тәймияның айтатын мәлімдемелері мен ұрандары өз ерушілерінің көзқарасы бойынша оны

теологиялық мәселелерде сәләфтің жолын нағыз ұстанушы ретінде көрсетеді. Мысалы, ол: «Үмбеттің сәләфі мен имамдарының жолы – Алла өзі бекіткен сипаттарды ешбір кейіпсіз, ұқсатусыз, өзгертусіз, бекер етусіз бекіту және оның есімдері мен аяттарына қатысты ақиқаттан таймай өзін пәктеген сипаттардан оны пәктеу. Олардың ұстанған тәсілі – жаратылысқа ұқсастықтан пәктей отырып есімдері мен сипаттарын бекіту», – деп өзінің әдісін жариялайды [122, 7-8 б.]. Екіншіден, өте шиеленіскең әдіс. Ол дін негіздері ғалымдарын ғылыми терминдерді қалыптастыруда сәләфтің жолы сақтамайды деп жазғырады. Оларды сынай отырып, бүкіл терминдерді, анықтамаларды, әдіснамаларды жоққа шығарады. Аристотельдің тәсілдерін сынға алып, сосын өзі Алланың бар екенін, бірлігін, әуелден бар екенін, т.с.с. сипаттарын дәлелдеуде оларды қолданады. Логика ғылымын жоққа шығара отырып, логикалық тәсілдерді пайдаланады. Өзі философияның тілімен сөйлей отырып, философияны, ежелгі грек ілімін сөгеді.... Міне, осындай тәсілдері оны сынаушылардың айғағына айналды. Оның тұлғасы мен әдістеріндегі осындай шиеленісті ахуал мен қарама-қайшылық зерттеушілерді қайран қылды. Бір қауым үшін ол – шейхул ислам, сәләфтің ақидасын үйретуші, ал келесі біреулер үшін мужассимдердің көсемі. Тағы бір қауым оны жаратылысты түсіну мәселесінде философтардың жолындағы деп санады. Енді біреулер оны бүлікші шатақ тұлға деді. Ал тағы біреулер оған ислам тарихындағы үлкен реформатор деп қарады. Кейбіреулер оны дін негіздері мен тарауларында да имам мұжтанид деп есептеді. Оны зиндиқ, мунафиқ екі жүзді, билікке ұмтылған тұлға ретінде көргендер де болды [123, 1 т., 180-182 б.].

Біздің тақырыбымызға қатысты тағы бір өзекті мәселе – қидамул ғалам. (Бастауы жоқ әлем). «Қидам» сөзі – арабтың «ر ‘د، ق» түбірінен шыққан туынды сөз. «Ескілік», «көне» деген мағынаны білдіреді. Яғни бір нәрсенің ескі болуы. Оның антоним мағынасы – жаңа, жаңадан пайда болу [124, 2 т., 1305 б.]. «Қидам» сөзі үш полисимия мағынада да қолданылады: Қидам замани – бастаудың жоқ болуы; қидам зәти – басқаға мұқтаж болмауы; қидам идафи – бір нәрсенің бар болуы екінші дүниеден бұрынырақ болуы. Негізінде, «қидам замани мен зәти» ұғымдары жаратушының бар екенінің міндетті болуын дәлелдеу үшін философтардың ойлап тапқан классификациясы. Ал көләм ғұламаларының түсінігіндегі «қадим» терминің мәні – бастауы жоқ, әуелден бар, ешқашан жоқ болмаған дегенді білдіреді [124, 2 т., 1306 б.]. Философтардың көзқарасында Жаратушы тағала қадим зәти және замани болып саналады. Ал ғаламшар, материя, хайуанаттардың, өсімдіктердің, түрлери қадим замани ғана болады. Бұлардың бастауы жоқ, ешқашан жоқ болмаған [106, 4 т., 302 б.]. Аталған мәселеге қатысты әһлу сунна уәл жамағаттың ұстанымы жөнінде Әмиди (1156–1233) былай дейді: «Ислам иелерінің ішіндегі ақиқат жолындағылар, бұрынғы шаригат иелері, алдыңғы өткен хакімдер әуелден бар жаратушыдан басқаның барлығы жоқ болған, содан кейін пайда болған деп білді. Ақыл иелері әуелден, мәңгілік болу мәселесінде жаратушымен ешнәрсені ортақ деп қабылдамады. Жаратушы тағала болды,

басқа ештеңе болмады. Ол бар болды, басқаның бәрі жоқ болды. Оның жаратқан нәрсесі өзімен бірге болған жоқ. Мәнгілік, дайымдық сипатқа ие өзі ғана. Барлық жаратылысты жоқтан бар қылды. Күл болып кеткеннен кейін қайтадан бар қылады. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді» [125, 216 б.]. Әhlу сунна уәл жамағат ғалымдарының көзқарасы бойынша, бұл мәселеге қатысты адасушылар екі бағытқа бөлінеді: 1) Жаратушы мен жаратылыстың арасында айырмашылық жоқ деп білетіндер. Бұл пікірді қолдайтындар табиғи уахдатул ужуд (Құдай табиғаттың өзі) принципін ұстанатындар және иләһи уахдатул ужуд (табиғат Құдайдың көрінісі) принципіне сенетіндер болып екіге бөлінеді; 2) Әлем Жаратушыдан келіп шығады дейтіндер. Бұл топ та негіздің бастауы жоқ, тармақ жаңадан пайда болады дейтіндер және негіз бен бейне әрдайым өзара кезектесіп уақытымен өзгеріске ұшырап отырады дейтіндер деп екіге бөлінеді [126, 63 б.].

Имам Заркаши (1344–1392) жоғарыда айтылған мұндай көзқараста болған тұлға турасында шариғаттың үкімін баянdap былай дейді: «Мұндай пікірдің барлығы да дұрыс емес. Мұсылмандар оның адасу екенін айтып, күпірлікке қатысты айыптаған. Олар: кімде-кім жаратылысты әуелден бар десе, оны Алланың жаратылысы деген шенберден шығарады. Бұл христиандардың сөзінен де қауіпті. Себебі олар жаратылыстың шенберінен бір немесе екі адамды ғана шығарады. Ал бүкіл әлемді әуелден бар деген кісі жаратылыстың жоғарғы, төмен жағын, барлық періштені Алланың жаратылысы болу шенберінен шығарады. Ал біздің имамдарымыз көптеген негізdemені келтіре отырып әлемнің жаңадан пайда болуын дәлелдеген» [127, 4 т., 633 б.].

Такфиризм идеологиясын зерттеудің негізгі алғышарты ретінде исламдағы күпірлік құбылысының генезисі, діни нормативтік шарттары, тұлғадағы психо-теологиялық категорияларына шолу жасау маңызды. Сол сияқты такфиризм идеологиясының қалыптасуына, таралуының алғышарттарына және оған қатысты ұғымдарға талдау жүргізілді. Бірінші бөлім бойынша осы үрдістердің нәтижесінде төмендегі тұжырымдарды алға тартуға болады.

Ислам дереккөздеріндегі мәтіндердің және ғұламалардың көзқарастарын талдап-сарапаудың нәтижесінде адам баласының іс-әрекетінің оның бойындағы иман ұғымына кірмейтіні тұжырымдалды. Ибн Тәймияның «таухид» ұғымын үшке бөліп қарастыруының жүйелі зерттеудің негізінде іске аспағаны көрсетілді. Мұндай түйінге арқау болар тарихи және ғылыми негізdemелер келтірілді. Мұсылман адамды күпірлікке қатысты айыптау – үлкен жауапкершілік. Оған өте жоғары деңгейде дәлелденген сенімді негізdemеме керек. Мұсылман адамды нәpsікұмарлық, тәқаппарлық, білместік секілді әртүрлі себептермен жасаған күнәсі үшін діннен шығару исламның негізгі принциптеріне қайшы әрекет саналады.

Ең алдымен тәкфирші деген аттың өзі – дүниеге мынау ақ, мынау қара деп қарайтын yahhabilіk бағыттың ұстанушысына тән мінез-құлық. Мол сияқты шиғадағы имамиттік бағыттың өзі ислам тарихында тәкфирлік

көзқарастарымен танылған топ болып саналады. Соңдықтан да бүгінге дейін жалпы әлемде, Таяу Шығыста жекелей алғанда сұннилер пен шиганың проблемасы жалғасуда.

Бір мұсылманды күпірлікке қатысты айыптау – оның мал-мұлкін тәркілеуге, қанын төгуге және мәңгілік тозаққа кіріптар болуға апарып соғатын шарифаттың үкімі. Ислам ғұламалары шариат мәтіндерін жүйелі түрде зерттей келе қоғамның барлығына ортақ, жалпылық сипаттағы қағидаларды қалыптастырыған. Солардың бірі – Мұхаммед ұмбетінің ақиқатқа қарсы пікірде болса да, «діннің дарурияттарын (дінде үкімі міндепті түрде жалпыға белгілі болған) растаушы құбыла иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптамау. Себебі ислам дінінде сенімнің шеңберіне анық кірген тұлға, одан тек қана нақты әрі анық себеппен ғана шығады. Аталған негізdemелерді басшылыққа ала отырып, исламдағы діннен шығуға негіз болатын критерийлерді негізгі үш санатқа бөліп қарадық: Дінде үкімі міндепті түрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шығару; Дінде ұлықтаған нәрсені кемсіту; Дінде дәріптелген нәрсені жек көру.

## **2 «ТӘКФИРЛІК» ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ**

### **2.1 Ислам шариғатындағы тәкфирлікке қатысты құқықтық нормалардың ерекшеліктері**

Ислам шариғатында мұсылман адамды айқын негізсіз күпірлікке қатысты айыптаудан тыятын және оның қауіпті іс екенін баяндайтын мәтіндер жетерлік. Біз зерттеу жұмысы барысында ол мәтіндерге кеңінен тоқталдық. Алайда бұл мәселеге қатысты бірнеше ескертулерге тоқталу қажет деп санаймыз.

Мұсылманды күпірлікке қатысты айыптаған адамға қатысты қатаң ескерту оның әрекетінің негізі болмаған жағдайда ғана мәні болады. Ал егер мұсылман кісі күпірлікке шындығында барған жағдайда оны айыптаған адам жазғырылмайды. Зерделей келе, бұл ескерту абай болуды, жан-жақты қарастыруды және мұқият болуды талап ететінін байқаймыз. Нақты біреуді күпірлікке қатысты айыпташ үкім шығарудың екі негізгі мәселесін ескеру қажет: күпірлік деп саналатын сөздің, істің немесе сенімнің өзі анық күпірлік болуы қажет. Мұны білу әдетте аса қынға соқпайды. Эрбір мұсылмандың айқын «Пайғамбарды сөгу, Аллаға тіл тигізу т.с.с...» дінде үкімі міндетті турде жалпыға белгілі мәселе болуы мүмкін. Кейде даулы жағдай орын алғып, сөздің түпкі төркініндегі мағына секілді әрбір кісіге анық болмайды; күпірлік жағдайлардың біріне ұрынған кісіні айыптау бойынша шарттардың орындалғанын, кедергілердің жоқтығын анықтап алу керек. Бұл асықпауды, сұрастыруды және мұқият зерделеуді қажет етеді. Негізінде, күпірлік әрекетке барған кісіге қатысты оның сөзі не ісі не сенімі күпірлік деп көкейге түю мұсылманды адамға жетеді. Оны міндетті түрде сөзбен, жариялады, оның өзін жазғыра отырып күпірлікке қатысты айыптауы шарт емес. Себебі оны айыпташ үкім шығару ислам құқығы мәселесі. Оны құзіреті бар кісі қарауға тиіс. Күпірлік әрекетке барған адамның жағдайын, кедергілері мен шарттарын жіті зерттең, сосын үкім шығарады. Оның кәпір екеніне қатысты шарифатта нақты мәтін (аят, хадис) келмеген адамды кәпір деп санау міндетті емес. Бұлай ету Алла елшісінің (с.ғ.с.) тәлімін жоққа шығару болып есептелмейді. Шарифаттан күпірлігіне қатысты нақты дәлел табылған адамды кәпір деп тану міндетті. Егер олай деп сенбесе Алла елшісінің (с.ғ.с.) тәлімін, ол әкелген дінді жоққа шығарған болып саналады. Мысалы, Перғауынды, Қарынбайды, Әбу Лаһаб пен әйелін, Азарды, Жалутты, Лұт пен Нұх пайғамбарлардың әйелдерін кәпір деп сену әрі білу [47, 6 т., 369 б.]. Шарифатта кейбір топтардың, елдердің яңудилер, христиандар, мұшріктер, т.с.с. күпірлігіне қатысты ашық мәтіндер келген. Оларды кәпір деп білу де міндетті. Олай етпеу Алла елшісінің (с.ғ.с.) өзі мен тәлімін жоққа шығару болып есептеледі [58, 274-276 б.].

Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисіндегі құтылуышы топ мәселесі. Мұсылман үмбетінің бөлінуі және солардың арасында тұра жолда болатын бір топтың бар екені туралы ислам тарихында мазмұны кеңінен тараған Алла елшісінің (с.ғ.с.)

белгілі хадисі бар. Аталған хадис бірнеше жолмен және түрлі сахабалар арқылы жеткен. Хадистің аясында түрлі пікірлер пайда болып, оның негізінде ондаған еңбектер жазылды. Сол риуаяттардың бірінде тұра жолда болатын, Алланың қаһарынан құтылатын топтың саны мен сипаты жөнінде ештеңе айтылмайды. Енді кейбірінде кейбір қосымша мәліметтер келтіріледі. Осы хадистердің негізінде исламға қатысты топтар өзара адасушылықпен айыптастып, әрқайсы өзін құтылуши топ деп жариялауда бір-бірімен жарысты.

Бірінші кезекте құтылуши топ туралы қосымша мәліметтері жоқ риуаятты келтірейік. Ибн Хибан сахаба Әбу Хурайрадан жеткізетін хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Яһудилер жетпіс бір топқа бөлінді. Христиандар жетпіс екі топқа бөлінді. Ал менің ұмбетім жетпіс үш топқа бөлінеді» [128, 14 т., 140 б.]. Екіншіден, құтылуши топтың саны мен сипаттары жөнінде баяндайтын хабарлардың негізгі ерекшеліктері төмендегілер: Барлығы тозақта, тек біреуі ғана құтылады. Алайда шейх Шуғайб Арнаут бұл риуаятты жеткізушілердің арасында «Нумайри» деген кісінің сенімсіз тұлға екенін алға тартады [16, 19 т., 241 б.]; Тек бір топтан басқасының барлығы – адасуши. Ислам және олардың жамағаты [129, 1 т., 207 б.]; Тек бір топтан басқасының барлығы тозақта болады. Ислам және олардың жамағаты [103, 17 т., 13 б.]; «Уа, Алланың елшісі (с.ғ.с.), ол қандай топ?» деп сұрағанда, Пайғамбар (с.ғ.с.): «Жамағат», – деп жауап береді [103, 17 т., 70 б.]; «Уа, Алланың елшісі (с.ғ.с.), олар кімдер?» деп сұрағанда, Пайғамбар (с.ғ.с.): «Олар – жамағат иелері», – деп жауап береді [130, 2 т., 100-101 б.]; «Қалың қөвшіліктен басқасының барлығы тозақта болады» деп келеді [103, 8 т., 321-322 б.]; «Қалың қөвшіліктен басқасының барлығы адасушылықта болады» делінеді [131, 1 т., 125-132 б.]; «Уа, Алланың елшісі (с.ғ.с.), қалың қөвшілік кімдер?» деп сұрағанда, Пайғамбар (с.ғ.с.): «Менің және сахабаларымның жолын ұстанғандар. Олар Алланың дінінде дауласпайды. Кешірілетін күнәсі үшін таухид иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптамайды», – деп жауап береді [103, 8 т., 178-179 б.]; Бір тобынан басқасының барлығы жаннатта болады. «Уа, Алланың елшісі (с.ғ.с.), олар кімдер?» – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.ғ.с.): «Зиндиқтар», – деп жауап береді; «Уа, Алланың елшісі (с.ғ.с.), ол қандай топ?» – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.ғ.с.): «Менің және сахабаларымның бүгінгі жағдайында болған кіслер», – деп жауап береді [132, 4 т., 381 б.].

Жоғарыдағы хабарларды талдай келе бірнеше мәселені аңғарамыз. Біріншіден, мұсылман ұмбетінің жетпіс үш топқа бөлінетіні айтылып отыр. Бұл христиандардың бөлінуінен бір топқа, яһудилердің бөлінуінен екі топқа артық. Екіншіден, құтылуши топтың саны біреу ғана, сонымен қатар барлық топ құтылады, тек бір топ қана тозақта болады деген де мәліметті байқаймыз. Үшіншіден, бұл бапта келген риуаяттар құтылуши топтың сипаттары ретінде, «ислам және олардың жамағаты, жамағат, жамағат иелері, қалың қөвшілік, Алла елшісінің (с.ғ.с.) және оның сахабаларының жолын ұстанған қалың қөвшілік. Олар Алланың дінінде дауласпайды. Кешірілетін күнәсі үшін таухид иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптамайды, Алла елшісінің (с.ғ.с.)

және оның сахабаларының жолында болған» деген ерекшеліктерді атайды. Төртіншіден, құтылмайтын топтарды адасушылықпен, апатқа ұшыраумен сипаттайтын. Бұлардың барлығының ақыры тозақта болады деп хабарлайды. Демек, бұл баптағы келген хабарлардың шешілмеген біраз түйіні бар деп айтуда болады. Хадисті сенімді әрі дұрыс деп қабылдаған жағдайда, аталған түйіткілді мәселелерге жауап болады ма? Апатқа ұшырайтын топтар мен ағымдарды аталған хадистің негізінде белгілеу немесе нақтылау мүмкін емес міндет. Сондай-ақ хадистердің мәтіндерінен байқағанымыздай, құтылуши топтың сипаттары мен белгілері көп жағдайда жалпылама мазмұнмен «Жамағат, жамағат иелері, ислам және оның жамағаты т.с.с.» айтылады. Ал мұндай сипаттамаларды әртүрлі етіп түсіндіру мен нақтылаудың шегі болмайды.

Исламға қатысты топтардың әрбірі бұл хадисті өзінің мұддесіне қарай интерпретация жасап, өзінің тәсілі мен әдісін ғана нағыз ақиқаттың таразысы етіп шығарады. Ал бұл мәселедегі критерий дін негіздеріне қатысты дұрыс ізденістер мен көзқарастардың негізінде болуы тиіс. Себебі барлық ислами топтың мақсаты мен көздегені – Пайғамбар (с.ғ.с.) мен оның сахабаларының жолында болу. Олай болса, аталған хадис әрбір топқа қатысты көңілдегі күдікті жоя алмайды. Бұл турасында Фаһми Жадған былай дейді: «Шын мәнінде, құтылуши топ жөніндегі хадис бұл мәселедегі проблеманы шеше алмайды. Себебі хадисті алға тартып өзара бәсекелесіп жүрген топтардың әрбірі өзін ақиқат жолындағын және хадис мензеген топтанмын деп санайды» [133, 40 б.].

«Қалың қөпшілік» ұғымы жалғыз топтың исламға қатысты болуина емес, құбыла иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптамау принципіне көбірек қызмет етеді. Өзара бөлінген топтар кейінгі замандарда орын алған келіспеушіліктердің нәтижесінде пайда болған тәжірибе аланындағы ұғымның мағынасын хадистегі «фирқа» сөзіне берді. «Фирқа» сөзінің шын мәніндегі мақсатын ашу үшін терең ізденіс пен зерттеуді қажет ететіндігі белгілі. Осыдан қандай да бір мәселенің негіздемесін беру үрдісінде пайда болған келіспеушіліктер, міндетті түрде мәзінабтық бөлінушілікке апаруы керек пе деген сұрақ туындаиды. Олай болса, әhlу сунна уәл жамағаттың ақида бабындағы «тағдыр» мәселесіне қатысты өзара келіспеулеріне не айтамыз? Сол сияқты Алла елшісінің (с.ғ.с.) «Үмбетім» деген сөзі, мұның мақсаты «Жауап берген үмбет» пе, әлде «Дағуат етілуі қажет үмбет» пе?

Сонымен қатар топтардың санының жетпіс үшпен шектелуі тарихтағы пайда болған топтардың саны мен сипаттарына қатысты ізденістің есігін айқара ашады. Себебі жай мутазилә мен шиғалық бағыттағы топтардың өзі хадисте аталған санның асып жатыр. Демек, тарихта және бүгінде пайда болған топтардың бәрін хадисте көрсетілген сан-мөлшердің шенберінде болады деп айту «тисе терекке, тимесе бұтаққаның» кері деп санаймыз. Хадистің мақсаты мен міндеті бұлайша арифметикалық санақтан әлдеқайда жоғары болуға тиіс. Олай болса, бүгінге дейін пайда болып жатқан топтардың ондаған саны мен хадистегі айтылған мөлшердің арасындағы үйлеспеушіліктің өзі үлкен күмәнді тудыратыны сөзсіз.

Шындығында, ислам ғалымдары бұл мәселедегі хадисті дұрыс деп санап, қажетті интерпретацияны жасаған. Бөлінушілікке қатысты хадистің мазмұны мен мақсаты жөнінде зерттеушілер қойған көптеген сұраққа жауап та бергені белгілі. Алайда біз жоғарыда айтып өткен қарама-қайшылықтар бұл хадистің діни қағидаларға қатысты шешуші мәтін болуына мүмкіндік бермейді. Ал ол қағидалардың негізінде мұсылмандардың ақида, дін негіздері және таласушылардың жағдайы секілді мәселелер бойынша өзара келіспеушіліктеріндегі ақиқат пен жалған, күпірлік пен имандылық, сұннет пен бидғат арасы ажыратылады.

Аталған хадис сенім бабында тұра жолды ұстанып, адасуши топтардан сақ болуға шақырады. Бұл тұрғыда діннің негіздеріне қатысты ұстанымда ақиқатты іздеуге ұмтылмастан, тек қана құтылуши топтың (жамағат, әхлу сунна уәл жамағат, жамағат иелері, т.с.с.) қасиеттеріне ие болу ғана жетпейді. Олай болса, хадис ақиқат иелерінің сипаттарын жалпы баяндайды. Оларды нақты тағайындал, белгілемейді. Сондықтан белгілі бір топтың ұстанымын заңдастыру үшін бұл баптағы хадисті алға тарту негізгі талаптан таю дегенді білдіреді. Исламға қатысты көптеген ағым мен топ осы хадистің негізінде үмбетті ыдырататын әрекетке барды. Әрбір топта өзіне қайшы ұстанымда болғандарды қияметте апатқа ұшырауына және тозаққа түсүіне қарай айыптады. Алланы бір деп таныған құлға тіл тигізбеу қажеттігін баяндайтын және оларды құрметтеуді міндеттейтін хадистерді ұмытты. Сонымен қатар олардың көпшілігі бұл хадисті жеке қорғаныс және өздерінің ұстанымдары мен көзқарастарын ақиқат иелерінің талдауынан сақтау үшін де пайдаланды. Осылайша, әрбір топ өз дәлелімен қанағаттанаپ, басқаның көзқарасымен, пікірімен санасудан бас тартқандықтан және өзіне қайшы ұстанымдағы адамды күпірлікке қатысты айыптаумен әуре болғанының кесірінен құбыла иелерінің арасында өзара пікіралмасу жоғалды.

Имам Хаттаби (931–998) өзінің «Магалим сунан» атты еңбегінде: «Хадисте айтылған топтардың ешқайсы исламның үмбетінің шенберінен тыс жерде емес, керісінше – «Құбыла иелері». Себебі Алла елшісі (с.ғ.с.) жетпіс үші топтың барлығын мениң үмбетім деп айтып жатыр. Ал тәуил жасаған мұсылман тұлға (дінде үкімі міндетті тұрде жалпыға белгілі мәселеден басқада) өз ісінде қателессе де, діннен шыққан болып саналмайды», – дейді [134, 4 т., 295 б.]. Имам Ғазали хадиске қатысты тұрлі риуаяттарды келесідей біріктіруге әрекет етеді: «Бір ғана топ апатқа ұшырайды дегені – тозақта мәңгі қалатындар топ. Апатқа ұшырайтын топ – азаптан құтылуы мүмкін емес. Міне, солар Алла елшісіне (с.ғ.с.) қарсы шығып, оның атынан жалған сөйлеуді рұқсат еткендер. Ал құтылатын топ дегені – хадисте айтылған жаннатқа ешбір есеп-хисапсыз, ешкімнің қолдауынсыз кіретіндер» [34, 85 б.].

Сангани (1687–1768) өзінің «Ифтирақул умма» кітабында: «Егер бұл мәселеге қатысты хадис сахих болса, онда Пайгамбардың (с.ғ.с.) үмбетінің көпшілігі апатқа ұшырайды деген нәтиже шығады. Әрине, олай болуы қисынға келмейді. Сондықтан бұған екі тұрғыдан жауап беру керек дейді: апатқа

ұшырайтындардың хадисте айтылған сан мөлшері олардың санын емес, адасушылық жолының көптігі мен ақиқат жолының біреу екенін білдіреді [135, 66-67 б.]; Хадистің мәні Алла елшісі (с.ғ.с.) айтқан уақыттан қияметке дейін үмбеттің бөлінушілігі және апатқа ұшыраушылардың жағдайы жалғасатынын білдірмейді. Олай болғанда, апатқа ұшырайтындар көбейе түсіп, құтылатындар азая беретін еді. Керісінше, мәселе маусымдық жағдайда орын алады. Хадистерде қияметке жақын бұзықшылықтар мен ақиқаттың жоғалуы баяндалады. Бөлінушілік пен апатқа ұшырау сол уақытта орын алуы әбден ықтимал» [135, 72-75 б.].

Имам Каусари (1879–1952) бұл хадистегі айтылған сан мөлшері мен оны қабылдауға қатысты көзқарасын бірнеше түрғыдан түйіндейді. Біріншіден, хадисте келген сан мөлшері жай ғана көбейтіп көрсету үшін айтылған. Екіншіден, сан мөлшері әдетте шарифат үкімдерін тағайындау үрдісінде негізге алынбайды. Әдетте шынайы жағдай мәтінде келген сан мөлшерінен артық болуы ықтимал. Ең бастысы кем болмауға тиіс. Үшіншіден, бұл сан топтардың тармақтарының емес, негіздерінің саны болып есептеледі. Төртіншіден, көрсетілген сан белгілі бір топтарға ғана қатысты, алайда сарапшылардың арасында сол топтардың санына қатысты ортақ ұстанымның болуы мүмкін емес. Бесіншіден, Алла елшісінің (с.ғ.с.) мақсатын айқын дәлелсіз нақты кесіп айтуға болмайды. Алтыншыдан, құтылуыш топ – дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі мәселелерге қатысты сахабалар ұстанған жолды ұстанып, қалың қөшпілікпен бірге болғандар. Басқалары адасушылықта болып саналады [136, 112-113 б.].

Шейх Бути (1929–2013) өзінің «Мазаһиб таухидия» кітабында аталған хадистің мазмұны мен мақсатына қатысты төмендегілерді баяндайды: Алла елшісінің (с.ғ.с.) «менің үмбетім...» дегені дінді қабылдаған емес (уммату әл-ижаба), дінді қабылдауға тиіс (уммату әд-дағуа) үмбет болып саналады; Алла елшісінен (с.ғ.с.) кейін қияметке дейін жердің бетінде болған адамдардың барлығы мұсылманы мен басқасының барлығы уммату әд-дағуа болып есептеледі. Аталған негізде хадисте айтылған үмбетінің ішінен шығатын топтар исламға қатысы жоқ адасқан діндерге қатысты. Мұндағы меңзелген мутазилә, мұржилер, жахмилер, харижилер секілді ислами ағымдар емес. Бути мұның барлығына келесі екі дәлелді келтіреді: хадистің имам Тирмизи өзінің кітабында келтірген нұсқада Алла елшісі (с.ғ.с.): «тек бір міллеттен басқасының барлығы тозақта...» дейді. Біздің дінімізде мілlet деп діннің өзін айтады. Мілlet деп ағымды айтпайды. Ислам мілletі өзіне қатысты болған топтардың барлығын да қамтиды. Хадистің басында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Янудилер жетпіс бір топқа бөлінді. Христиандар ... бөлінді...», – деп айтады. Егер ары қарай исламға қатысты топтар меңзелгенде хадистің мәтіні «үмбетім» емес, «мұсылмандар жетпіс үш топқа бөлінеді» деп жалғасқан болар еді. Алла елшісі (с.ғ.с.) ол бірізділікті сақтамады. Мұсылмандар емес, үмбетім деді. Демек, бұл тек ислам үмбеті ғана емес, айтылғаны – жалпы уммату әд-дағуа екенін білдіреді [137, 25-26 б.].

Мұхаммед Ғаммара аталған хадистің иснады мен мәтініне де қатысты өзінің сын көзқарасы бар ғалымдардың бірі. Бұл турасында доктор Ғаммара: «Бұл хадистің сәнәдіне қатысты айтылатын бір ескерту болса, мазмұнына қатысты бірнеше ескерту бар...», – дейді [138, 77 б.]. Бұл хадисті жеке дара жолмен (ахад) жеткен есептейді. Сондықтан оған интерпретация жасаған кезде негізгі мына принциптерге сүйенеді: бірінші, саяси идеологиялық пайғамбарлық хабар; екінші, бұл пайғамбарлық хабар ғайыптан келіп отыр; үшінші, елшілер мен пайғамбарлардың өздеріне ғана тән артықшылықтарына байланысты хабар. «Алла елшісі (с.ғ.с.) ғайыпты біледі ме? Оның ғайыптан хабар беруі мүжизасы болады ма?» деген сұрақтарды сараптайды. Сосын төмендегі дәйектермен жауап береді: Пайғамбар (с.ғ.с.) Құраннан басқа мүжизамен өз қауымын бәсекеге шақырған емес. Пайғамбардың (с.ғ.с.) өмір жолы ғайыптан хабар беруге көп жағдайда қатысы бола бермейді. Құран елшінің (с.ғ.с.) Алла хабар бергеннен өзге ғайыпты білмейтінін хабарлайды. Ал Алланың ешқандай күдік жоқ хабары ол Құран екені мәлім. Бұл турасында Құранның «Жын» сүресінде: «Ол ғайыпты біледі. Оны Өзі разы болған елшіден басқа ешкімге білуге жол бермейді», – делінеді. Демек, Алла тағала өзі қалаған елшіге күмән жоқ кітап – Құран арқылы ғайыптың хабарын білдіреді [138, 88-90 б.].

Пайғамбарлық хабарды Ғаммара Пайғамбардың (с.ғ.с.) адамзат қоғамындағы тәжірибелі талдауының нәтижесінде әлем халықтарының саяси-идеологиялық болашағын болжауы деп түсінеді. Бұл турасында: «Алла елшісінің (с.ғ.с.) үмбеттің бөлінуі және өзара келіспеушілігі туралы пайғамбарлық хабар беруін жоққа шығармаймыз. Себебі әдетте адамзат тарихында қандай да бір халықтың немесе дін өкілдерінің бір ғана топ болып өмір сүре беруі мүмкін емес жағдай. Құнделікті өзгеріп отыратын өмір ағымы түрлі проблемалар мен қыыншылықтарға соқтырады. Сондықтан адамзат қоғамының бірде тоғысатын, енді бірде тоғыспайтын мүдделер аясында өзара келісіп немесе тартысып жатуы табиғи жайт», – дейді. Ғаммара тағы бір көзқарасында болашақтың хабары тек Құранда деп шектейді. Осылайша, Пайғамбар сүннетінде келген сенімді мәліметтерді негізге алынбайтындығына сілтеме жасайды [138, 90 б.]. Құрандағы «Өзі разы болған елшіден басқа ешкімге» деген сөзді төмендегі екі жағдайда ғана дұрыс деп санайды: бірінші, ол жағдайдың өмірде жүзеге асқанын емес, оның жай ғана болуы мүмкіндігін білдіреді; екінші, бұл жеке мәселе, яғни Алла тағала пайғамбарға (с.ғ.с.) ғайыпты білдіреді, сондай-ақ бұл білдіру тек Құранда ғана болады. Ғаммара Алла тағала пайғамбарға ғайыпты Құранда ғана білдіреді деген сөзіне нақты дәлел келтірмейді. Мұнымен ол кісі Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетін қабылдауға қатысты даулы жағдайды мензеп отыр. Әрине, бұл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіне қатысты ислам ғалымдарының ұстанымы емес. Ең берісі Ғаммараның бұл әрекетін сүннеттің бізге жету шынайылығына күдік келтіру ретінде қабылдауға болады. Сонымен қатар ол Алла тағаланың ғайыпты білдіруге тек

қана біздің пайғамбарымызды (с.ғ.с.) таңдағанының және ғайып мәселенің сұннетте айтылмай, тек Құранда айтылғанының себебін түсіндірмейді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің хадистерінде ғайыптан көптеген хабарды айтады. Ақиредтің белгілері туралы сұннетте келген көптеген мәлімет бар. Алла елшісі (с.ғ.с.) сол дәуірдегі шайқастар және қаза табатын сахабалардың жағдайы туралы алдын ала айтып береді. Періштер мен жындар әлемі жөнінде қаншама хадистер келген. Мұның барлығын Гаммарап қалай түсінеді, қалай түсіндіреді, қалай жауап береді? – деген сұрақ туады. Әрине, бұларға оның жауабының болуы негайбіл. Егер біз Алла елшісінің (с.ғ.с.) болашақты болжауы деп қабылдасақ та, Пайғамбардың оларға қатысты «біреуінен басқасы барлығы тозақта...» деп беретін үкімін қалай деп түсіндіреміз? Сондықтан бұл мәселені Алла елшісінің (с.ғ.с.) шариғат үкімін жеткізуі, бұл жерде рационалдық тәсілдерге негізделген ізденіс-зерттеулерге жол жоқ деп қабылдануға тиіс.

Алла тағаланың кітабынан басқамен үкім жүргізу мәселесі. Бұл мәселе – әлемдік мұсылман қоғамын үкіметтерімен бірге әбден тұралатқан проблемалардың бірі. Қatal идеологиялық талас-тартысқа себеп болып келеді. Тарихтың кешесі мен бүгінінде де түрлі қантөгістер мен қақтығыстарға да апарып жатыр. Оның мысалы ретінде бұрынғы тарихта харижилердің, ортағасырда yahhabiler қозғалысының, бүгінде ИШИМ-нің қолымен болып жатқан бүлікті айтамыз. Аталған проблема билік басындағыларды оларға бағынышты топпен қоса құпірлікке қатысты айыптауғажетеледі. Кейбіреулер биліктің басынан бастап, министрлерді, депутаттарды, сотты, әскерді, полицияны, әрбір мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметкерлердің барлығын құпірлікке қатысты айыптауғабарды. Шейх Бути бұған қатысты проблеманы сипаттап: «Бұгінде олар тек қана өздері оларды Алла түсірген шариғатқа қатысты билік жүргізбейсіндер деп құпірлікке, риддаға айыптайтын басшылар мен биліктегілерге қарсы қарулы қақтығыстарға шығудан шектелмей отыр. Олардың қанды қолдары полиция қызметкерлеріне, әскерилерге жұмысшыларға, қызметкерлерге дейін жетіп жатыр. Бұған негізде әлеуметтік ретінде олар өздеріне «олар – әскерилер, жұмысшылар, қызметкерлер залымдардың, яғни билік басындағылардың көмекшілері. Басшыларына қатысты үкім, оларға да жүреді, тиісті болады» деген пәтуаны беріп алған», – деп жанайқайын жеткізеді [139, 159 б.].

Ислам әлемінде өзі өмір сүріп жатқан мемлекетті мойындағы мемлекеттің оларға қарсы әрекеттерге баратын түрлі топтар, партиялар мен жамағаттар пайда болды. Билікті құлату және шариғатқа жүргіну керек деген ұранмен осындай топтардың кейбірі билікке қарсы қарулы қимылдарды жүзеге асырды. Қазіргі замандағы билік құрылымдарына олар ислами кейіпі басым болып, исламды халықтың дәстүрлі діні ретінде мойындағы қолдау білдірсе де, XX ғасырдың заманауи надандығы (жәһилият) деген баға берді. Сонымен қатар бұл елдерді ислам елі (дәрүл ислам) емес, құпірлік елі (дәрүл куфр) деп жариялады.

Билемешілерінің барлығы діннен шыққандар, үкіметі кәпір және қоғамы надан қоғам деді.

Әрине, бұл мәселе ислам құқығы саласының проблемаларына жатады. Әхлу сунна уәл жамағаттың ауыр құнә жасаған кісіні құпірлікке қатысты айыптамайтыны белгілі. Әрине, оның үлкен құнәні адапт деп есептемеу немесе шариғат үкімін кемсітпеу шартымен. Ал кейбір зерттеушілер Құрандағы «...Кімде-кім Алланың жіберген шариғатымен билік жүргізбесе, міне солар – кәпірлер» [5, 5:44] деген аятты тікелей мағынада түсінді. Шариғатқа жүргінбеген адамның кәпір екенін хабарлайтын аят деп қабылдады. Сондықтан бұл мәселеге қатысты проблеманың аспектілерін талдау, көмексі жақтарын ашу, әхлу сунна уәл жамағат ғалымдарының көзқарасын жеткізуі зерттеу тақырыбымыздың өзекті міндеттерінің бірі деп санаймыз. Жоғарыда айтылған аятқа ұқсас «Мәида» сүресінде тағы да: «...Кімде-кім Алланың жіберген шариғатымен билік жүргізбесе, міне солар – залымдар», «... міне солар – пасықтар» [5, 5:45], – деп келеді. Бұл аяттарды тәспір ғалымдары қалай түсінген, түсіндірген? Сондықтан тәменде осы аяттарға ғұламалар берген түсіндірмелердің негізгі бағыттарына тоқталамыз. «Кімде-кім..» деген сөздегі меңзелген – аяттың барысында айтылған топ. Олар – яһудилер. Себебі Алла тағала осы аяттан бұрын яһудилерді жазғырып: «Менің аяттарымды арзан бағаға сатпаңдар...» [5, 5:44], – деп ескертеді. Олар Тәураттағы Алланың тас ату, кек алу, т.с.с. үкімдерін жоққа шығарып, мойындаамады. Сондықтан аяттағы меңзелген үкім сол топқа бағытталған [140, 6 т., 210 б.]. Сонымен қатар Ибн Аббастан (р.а.) да «арнайы яһудилерге қатысты түскен» деген хабар жеткен. [28, 6 т., 146 б.].

Әбу Жағфар Наххас (949 қ.б.ж.) бұл мақсаттың көзделуін дәлелдеп, келесі негізdemelerdі айтады: аяттың өзінде яһудилер арнайы айтылып отыр. Сондықтан аяттың мазмұны соларға тікелей қатысты; келесі аятта «оларға міндетtedік...» [5, 5:45] деген сөздегі «олар» есімдігінің иесі аятта айтылған яһудилер екені белгілі; яһудилер тас ату, кек алу секілді үкімдерді қабылдамады [85, 7 т., 498 б.]. Аяттағы «кімде-кім..» сөзінің мағынасы – яһудилер мен христиандар. Бұған қатысты Ибн Жәрир мен Даҳхактан бұл аяттың кітап иелеріне қатысты түскендігі турасында хабар келген [141, 5 т., 325 б.]. Имам Шағби: «бірінші аяттағы «.. кәпірлер..» сөзінің меңзегені – мұсылмандар. Екінші аяттағы «... залымдар...» сөзінің меңзегені – яһудилер. Үшінші аяттағы «... пасықтар...» сөзінің меңзегені – христиандар», – дейді [142, 2 т., 366 б.]. Аяттағы «кімде-кім» сөзінің мақсаты – мұсылмандар. Ибн Аббастан (р.а.) бұл аят мұсылмандарға қатысты деген риуаят жеткен. Сондықтан ол «құпірліктен тәмен құпірлік яғни діннен шығармайтын құпірлік» деген баға берген [142, 2 т., 366 б.]. Ибн Абдулбарр былай дейді: «Кітап иелеріне қатысты түскен. Хузейфа мен Ибн Аббас (р.а.): «Бұл барлығымызға қатысты аят. Үмбеттің ішінен бір кісіге қатысты болса, ол діннен шығаратын құпірлікке барған болып саналмайды. Сондықтан ол кісі Аллаға, перштегерге, кітаптарға, ақиред күнін терістеп, құпірлікке түспегенше кәпір болмайды» деп хабар береді. Осы мағынада көптеген ғалым өз пікірлерін айтқан» [44, 5 т., 75

б.]. Аяттың тұспалы жалпы яһудилер мен мұсылмандарға да қатысты. Имам Құртуби бұл жөнінде: «аяттың мағынасы жалпыны қамтиды. Ибн Масғуд пен Хасан (р.а.): «Аят Алланың жіберген шариғатына жүгінбейтін мұсылман, яһуди, кәпірлер, т.с.с. әрбір кісіге қатысты. Ол соған сенеді және халал деп санайды. Ал харам екенін біле тұра жасайтын болса, онда мұсылмандардың пасықтарынан болады. Алла тағала қаласа, оны азаптайтын, қаласа кешіреді», – дейді [85, 7 т., 497 б.].

Бұл келтірілген көзқарастар негізгі екі бағытта. Біріншісі – аяттардың мақсаты яһудилерге қатысты. Екіншісі – жалпы баршаға тиісті. Сонымен қатар бұл аяттарды ғалымдардың: «Құбыла иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптамаймыз», – деп бекіткен қағидасының шеңберінде түсіндіру қажет болады. Аталған аяттар тек қана яһудилерге қатысты деген көзқарасты сынаған имам Рази былай дейді: «Бұл көзқарас әлсіз. Себебі мәтінде оқиғаның салдары емес, сөздің жалпы мағынасы ескерілуге тиіс» [33, 12 т., 7 б.]. Харижилер бұл аяттардың сыртқы мағынасын ұстанып алды. Себебі өздерінің тәкфирлік көзқарасын қуаттау үшін оның маңызы ерекше болды. Бұл турасында Ибн Зубайр әл-Фарнати (1229–1308) бізге былай деп хабар береді: «Олар: «Аталған аяттар Алланың түсірген кітабымен үкім етпеген әрбір адамның кәпір екеніне негіз болады. Әрбір күнә жасаған кісі Алланың шариғатынан өзгеге жүгінген болып саналды. Сондықтан ол да кәпір» деп айтты. Осылайша олар үлкен күнәға барған адамды күпірлікке қатысты айыптау үшін осы аяттың және ұқсас аяттардың жалпы мағынасына жабысып алды. Әрине, бұл оларға негіз болмайды, сынға ұшырайды» [143, 1 т., 133 б.].

Әхлу сунна уәл жамағат ғалымдары аталған аяттарды дұрыс түсіндіру жолында екі тәсілді ұстанды. Біріншіден, аяттың жалпы сыртқы мағынасымен түсіну. Сыртқы мағынасы – діннен шығаратын күпірлік. Алайда мақсаты діннен шығарушы күпірліктен төмен күпірлік болып саналады. Ол мұсылманды діннен шығармайды. Мұның негізdemесі – әхлу сунна уәл жамағат ешбір құбыла иесін күнәмен діннен шығармайды. Алланың шариғатынан басқамен үкім етуші нәпсіге еру секілді әртүрлі себеппен жасауы мүмкін. Мұндай жағдайда күнә болып есептеледі. Риддаға себеп болмайды. [140, 6 т., 211 б.]. Екіншіден, аятты шартты мағынада түсіну әрі түсіндіру әдісі. Мысалы, кімде-кім Алланың түсірген кітабымен (оған қарсы болған, қасарысқан, халал еткен, кемсіткен, тіл тигізген халде) үкім етпесе, нағыз кәпір болады. Ал кімде-кім тыйым салынғанын мойындағы отырып, ондай қадамға барса, мұсылман күнәһар болады [85, 7 т., 497 б.].

Біздің заманымызда да харижилердің көзқарасын ұстанып, оны жаңаша үлгіде насиҳаттап әрі жүзеге асырып жатқан топтар мен тұлғалар жоқ емес. Харижилер Хазіреті Әлидің заманындағы шешімі қын күрделі проблемалы топ болумен қатар, біздің заманың да үлкен бәлесіне айналды деуге болады. Осындай топтар туралы Шейх Мұғтасим Бағдади былай деп әңгімелейді: «Харижилердің пайда болуымен басталған, «Төрелік тек Аллаға тән» деген ұранды көтерген «хакимия» атты теріс идеология соңғы екі ғасырда жаңаша

улгіде бой көрсөтті. Кейбір ислами қозғалыстар Алла тағаланың мына «Кімдекім тағутқа күпірлік етсе, Аллаға иман келтірсө....» аятында иманнан бұрын айтылған «Тағутқа қарсы шығу (күпірлік ету керек)» деген принциппен одан әрі дамытты. Осының негізінде таухид рубубия мен улуһияға теңестірілетін «таухид әл-ахкимия» деген термин де пайда болды...» [144, 184 б.].

Жиырмасыншы ғасырда Мысырда Мұсылман бауырлар үйымының көсемі Саид Қутуб (1906–1966) хакимия мәселесінде өзінің ашық тәқfirлік көзқарасымен танылды. Ол «Зилал» атты тәпісірінде аталған аят туралы: «Аят кесіп шешіп нақтыладап отыр. Мағынасы ешқандай күмәнсyz, заманмен немесе мекенмен шектелмеген. Алланың түсірген кітабынан басқамен билік жүргізген қайсы буынның, тайпаның немесе ұлттың өкілі болмасын, әрбір тұлғаға қатысты екені белгілі. Себебін айтып өттік. Алланың кітабынан басқамен билік жүргізетін адам Алланың тәңірлігін мойындамайтын болып саналады. Кімдекім Алла түсірген үкімнен басқамен билік жүргізсе, ол бір жағынан Алланың тәңірлігін, сипаттарын жоққа шығарған, екінші тараптан өзіне тәңірлік пен оның қасиеттерін иемденіп жариялаған болып есептеледі. Егер осы күпірлік әрекет болмаса, не нәрсе күпірлік болады? Иман мен исламды тілмен жариялағаннан не пайда? Оның ісі тілінен қаттырақ айқайлап күпірлікті білдіріп тұрса? Осындай кесілген, шешілген жалпыны қамтитын үкімді бұрмалап сөзбүйдалыққа салыну – ақиқатқа тіке қараудан қашу. Ауыспалы мағына беріп, түсіндірме жасау сөздің мазмұны мен мәнін бұрмалаудан басқа ештеңе емес...» [145, 2 т., 898 б.] деп күпірлікке қатысты айыптау көзқарасын қatal түрде білдіреді.

Осы аталған көзқарасының негізінде екінші бір жерде хакимия жөнінде тағы да былай дейді: «Бұл – иман мен күпірліктің, ислам мен жәнилияттың, шариғат пен хауастың мәселесі. Бұл мәселеде орта жол, келісім, компромисс жоқ. Алланың кітабымен билік жүргізетін мұсылмандар бір әріп өзгертіп, ештеңені ауыстырмайды. Кәпірлер, залымдар және пасықтар Алланың жіберген шариғатымен үкім жүргізбейді. Егер билік басындағылар Алланың шариғатын толығымен қабылдап негізге алса, иманың шенберінде болады. Ал Алла рұқсат етпеген басқа шариғатпен билік жүргізсе, кәпірлерге, залымдарға және пасықтарға айналады. Қарапайым халық өздерінің істерінде биліктен және сottan Алланың үкімі мен шешімін қабылдап мұмін болуы керек, керісінше болған жағдайда олар мұміндер емес. Бұл мәселеде орта жол жоқ. Ешбір сұлтау, үзір, айғақ немесе мұддені ескеру деген қабылданбайды» [145, 2 т., 888 б.]. Әрине, мұндай ұстаным харижилердің көзқарасы мен бағытына толығымен ұқсайды. Қажет болса, олардың бұзық ғылыми тәсілдерін, қандықол тәқfirлік жолын жаңғырту болып саналады. Барлық мұсылманды діннен шығумен, риддамен айыптау үлкен жала әрі қиянат екені белгілі.

Батыс зерттеушілері де Маудуди мен Саид Қутбың өздерін мұсылман ретінде жариялаған мұсылмандарды шынайы мұсылман емес, кәпірлер деп айыптауда Ибн Тәймияның идеясына жүгінетінін айтады. Саид Қутб өзінің атақты «Мағалим фи эт-тариқ» кітабында маңыздысы мұсылмандардың басым

көпшілігі мұсылман ретінде қабылданбауы керектігі емес, әлемдегі мұсылман жамағатының шарифатқа бойсұнбауы мұсылмандардың бірнеше ғасыр кері шегініп, қараңғылық пен күпірлік дәуіріне (жәһилятқа) қайта келуін білдіретіндігін айтады [146].

Сайд Қутубтың бұл ұстанымы әхлу сунна уәл жамағат ғалымдарының көзқарасына саймайды. Бұл турасында Қутуб шыққан мектептің тәрбиесін көрген доктор Қарадаудің өзі сұхбатында былай дейді: «Сайд Қутубтың өмірінің соңғы кезеңдеріндегі пікірлері оның әхлу сунна уәл жамағаттың шеңберінен белгілі бір деңгейде шығып кеткенін көрсетеді. Әхлу сунна уәл жамағат харижилерге қатысты да оларды күпірлікке қатысты айыптауда орта жолды ұстанады. Менің ойымша, Қутуб ұстаз бұл мәселеде әхлу сунна уәл жамағаттың тұра жолынан тайып кетті» [147]. Сонымен қатар Қарадауди хакимия мәселесі Пәкістанда Маудудидің, ал Египетте Қутубтың пікірі дегенді жоққа шығарады. Бұл дәстүрлі фикір негіздері саласында жан-жақты қаралып кеткен мәселе дейді. Абсолюттік тұрғыдан билеуші ол Алла – Жаратушы екені тарихтан белгілі [148].

Исламдағы «әл-уәлә уә әл-бара» (дос немесе дұшпан тұту) да – мұсылмандардың иманы мен діндарлығына үлкен сынақ болған мәселелердің бірі. Алланың кітабынан басқамен билік жүргізуді күпірлік деп санаған ислами топ кәпірлердің діндерін қабылдамаған, риза болмаған халде болса да, оларға жай ғана іс-қымыл тұрғысынан көмек көрсетуді анық күпірлік деп есептеді. Мұның критерийі – күнәсі үшін адамды күпірлікке қатысты айыптау. Осындай жағдайға баға берген Ибн Хажар Һәйтәми былай дейді: «Дұшпанның еліне кіру, олармен шарап ішу, доңыздың етін жеу ауыр күнә жасаған болып саналады, бірақ ол күпірлікке риза болу емес. Ол адамның бойынан иман атауы жоғалмайды. Алайда тақуа, діндар, әулие, ықыласты, жолы болған, т.с.с. жақсы аттың жоғалуы мүмкін. Ал кәпірлердің дініне разы болса, оған бүйрекі бұрып тұрса немесе исламды менсінбесе, ол күпірлікке килігері анық» [46, 135 б.].

Мұның іс жүзіндегі мысалдарының бірі – кәпірлердің, дұшпанның пайдасына мұсылмандардың ұстінен тыңшылық жасаған мұсылман тұлғаның жағдайы. Имамдарымыздың ешбірі мұсылман тыңшыны тек дұшпанның пайдасына тыңшылық жасағаны үшін күпірлікке қатысты айыптағанемес. Имам Сарайхи (1009–1090) «Шарх әс-сияр әл-кәбирде»: «Шәйбәни былай дейді: «Ол өлтірілмейді. Себебі ол өзін исламға кіргізген нәрсені тастамады. Сондықтан оны исламға кіргізген нәрсені тастамағанша, біз оны діннен шықты деп есептемейміз. Оны мұндай әрекетке сенімдегі адасуы емес, бойындағы жеке амбициясы, нәпсікүмарлығы жетеледі. Әрине бұл ұстаным екі жағдайдың дұрысырағы саналады. Құранда «Олар жақсырағына ереді...» [5, 39:17] делінеді. Ал Алла елшісі (с.ғ.с.) «Бауырының аузынан шыққан сөзден жақсылық байқай алсақ, одан жамандық іздеме» дейді [149, 10 т., 559-560 б.]. Сонымен қатар ғалымдар Хатиб Әбу Балтага туралы хадисті негіздеме ретінде келтіреді. Хадисте Хатиб Құрайышқа Алла елшісі (с.ғ.с.) сендерге жорыққа шығайын деп жатыр деген хат жолдаған болатын. Кейін бұл ісі ашылып қалған

кезде, Алла елшісі (с.ғ.с.) «Уа, Омар, ашуынды бас! Алла Бәдір иелерін кешірген шығар», – деп хазіреті Омарды сабырға шақырады. Ол тыңшылығы үшін кәпір болатын болса, Алла елшісі (с.ғ.с.) оны жаза ретінде өлтіруге бұйырған болар еді», – дейді [150, 5 т., 229 б.].

Мәзһаб мәселесі фиқһ негіздері бабында талқыланып, ғалымдардың тарапынан оған өз бағасы берілген. Кувейттік фиқһ энциклопедиясында: «**Мәзһабтың лазым (міндетті) мағынасы мәзһабтың өзі емес.** Бұл – фиқһ негіздері және ислам құқығы ғалымдарының қағидасы. Кімде-кім бір сөз айтса, оның сөзінің лазым (міндетті) мағынасы күпірлік болса, бірақ оның мақсаты күпірлік болмағанша, кәпір болмайды», – делінеді [151, 35 т., 240 б.]. Ғұламалар бұл мәселеге қатысты пікірлерін кеңінен талқыладап, көптеген мысал келтіріп отырған. Себебі талқылау ұдерісінде фиқһ ғалымдарының және кәләмшылар сөздерінің мазмұны емес, әрдайым қарапайым кісілердің тілдері мен тіркестерінің лазым мағыналары негізге алынады. Жалпы бұл – діннен шығаруы мүмкін сөздерді айтып қойған мұсылмандарға қатысты үкім ету үрдісінде мұфтилер мен қазилардың сүйенетін негізгі қағидасы.

Күпірлік ұғымы бұл тұрғыда «илтизами және лузуми» болып екі санатқа бөлінеді. Илтизами күпірлік – дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шығарып, қайшылық іске бару. Бұл жағдайда жоққа шығарушы немесе қайшылыққа барушы тұлғаның өзін-өзі кәпір екендігін растауы шарт емес. Керісінше, ол қанша кәпір емеспін, мұсылманмын деп жариялағанымен, күпірлік онымен бірге болады. Лузуми күпірлік – жоққа шығарушы тұлғаның айтқан сөзінің күпірлікке апаруы. Сөздің өзі күпірлік болмауы мүмкін. Ол күпірліктің лазымдығын өзі растамайды. Алайда тұпкі нәтижеге жету үшін алғышарттар мен мән-мазмұнын аяғына дейін толықтырад болсақ, дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі мәселені жоққа шығаруға апаруы мүмкін [152, 151-152 б.]. Логика ғылымында «тәләзум» сөзі бір нәрседен екінші дүниенің ажырамауын білдіреді. Бір нәрсенің екіншіден ажырмадына «лазым», ал оның өзіне «лазым болған» деп айттылады. Демек, тәләзум – екі тараптың өзара ажырамауы [124, 2 т., 1405 б.].

Имам Тафтазани былай дейді: «Сөздің бір нәрсеге атау ретінде қойылуының нәтижесінде қатыстылығына қарай оның белгілі мағынаны білдіруі лазым қатынасты білдіреді. Мысалы, «адам» сөзінің «сөйлеуші хайуан» деген сөзден шыққан білімді үйрене алушыға қатысты айтылғаны секілді. Себебі мақсатқа нақтыланған мағына атау ретінде қойылған сөзге лазым мағына болып отыр» [153, 125 б.].

Демек, лазым – сөздің негізгі мағынасынан тыс мәнді білдіруі әрі оған қатысты болуы. Лазым жалқы мағынадағы анық лазым, жалпы мағынадағы анық лазым және анық емес лазым болып үш түрге бөлінеді: жалқы мағынадағы анық лазым – лазым нәрсе айтылғанда міндетті болған лазым. Мысалы, «соқырлық» санаға келгенде, «көру» ұғымының еске түсіү лазым болғаны секілді; жалпы мағынадағы анық лазымда лазым нәрсе мен екеуінің арасындағы қатыстылық санаға келгенде нақты болады. Мысалы, төрт әйел,

үйлену және арадағы байланыс айтылған кезде адам баласының санасы төрт адамға үйленуге лазым екенін нақтыладп біледі; анық емес лазым – лазым нәрсе мен оның екеуінің арасындағы қатыстылық санаға келгенде, лазымдық анық болмайтын жағдай. Мысалы, әлемнің жаңадан пайда болған құбылыс болуы [154, 82-83 б.].

Адам сөзді өз ойын жеткізу, пікірін айту немесе көзқарасын білдіру мақсатында айтады. Алайда оның айтқан сөздерінен мақсатына, ойна немесе сеніміне сай емес басқа мағыналар келіп шығуы немесе қосылуы ықтимал. Олай болса, айтушының мақсатына сай емес, анық айтылмаған мағына есептеледі ме? Әлде тек анық айтылған сөзі ғана ескеріледі ме? Атап айтқанда, ислам ғалымдарының пікірінше, мұндай лазым күпірлікке қатысты сөз тіркестерінде саналады ма? Сөйлеушінің өзі айтқан тіркестерінің күпірлік мәніндегі нәтижесін жоққа шығара тұра, оның сөздерінің нәтижесіне қарай оны күпірлікке қатысты айыптау қажет пе? Мысалы, кімде-кім Алла тағаланы жоғары тарапта деп санаса, мұндай ұстаным негізінде күпірлік болғандықтан ашық кәпір болады ма? Оған: «Сенің сөзіңнен Аллаға физикалық қасиет, шектеу және жаңадан пайда болу сипатын беру лазым болады», – деп ескертілсе, ол менің мақсатым мүлде олай емес деп бас тартуы мүмкін [155].

Бұл мәселеге байланысты ислам ғалымдарының ұстанымдары мен көзқарастары бірнеше бағытқа бөлінеді. Мәзhabтың лазым (міндетті) мағынасы лазымдылығы анық немесе көмекі болса да мәзhabтың өзі мүлде болмайды. Абдулхамид Шируанидің (1884 қ.б.ж.) «Хашиясында» «Дұрысырақ ұстаным, мәзhabтың лазым мағынасы мәзhabтың өзі емес» деген қағидаға пікір ретінде былай делінеді: «Лазым мағынаның сыртқы мәніндегі лазымдылығы айқын болса да, сөйлеушінің мақсаты басқа болуы мүмкін болғандықтан саналмайды. Қысқаша айтқанда, тек лазымдытың өзімен үкім етілмейді. Ал егер, ол көкейіне түйіп сөйлесе, оның мәзhabы болып есептеліп, оған тиісті үкімі беріледі» [156, 9 т., 102 б.]. Шируани бұл тұста анық лазымдық бола тұра, атап қағиданың ешбір шектеусіз ескерілетінін баса айтады.

Иzz ибн Абдуссалам өзінің «Қауагидул ахкам» кітабында: «Егер бір кісі Алла тағала белгілі бір тарапта ма деген мәселеге қатысты даудан ол жаңадан пайда болушы сипатқа ие деген мағына лазым болады ма? – деп сұраса, оған біз мәзhabтың лазым мағынасы мәзhabтың өзі емес, – деп жауап береміз. Себебі мужассимдер (Аллаға физикалық қасиет берушілер) Алланы белгілі бір тарапта деп кесіп айтады. Сонымен қатар ол әуелден бар, мәңгілік, кейіннен пайда болмаған деп те сенеді. Сол үшін оның сөзінен келіп шыққан әрі міндетті мағынаны, оған мақсатты көзқарасы ретінде қатыстыра алмаймыз», – дейді [157, 1 т., 203 б.]. Ибн Әмир Хажж (142–1474): «Әhlу сұнна уәл жамағат ғалымдарының кейбірі оларды (мужассимдер) мәзhabтың лазым мағынасы мәзhabтың өзі емес деген негізде күпірлікке айыптамаған. Ал кім шынында кәпір болса, оған кәпір емессің демеген. Бұл – Имам Рazi, Иzz ибн Абдуссаламның ұстанымы», – дейді [158, 3 т., 319 б.].

Қарафи былай деп түсіндіреді: «Ғалымдар бидғатшыларды күпірлікте айыптауда өзара келіспейді. Олардың көзқарасындағы айқын күпірліктің болуына назар аударады. Осылай қарап, мәзhabтың лазым мағынасын мәзhabтың өзі деп санаған топ бидғатшыларды күпірлікте айыптайды. Ал мәзhabтың лазым мағынасы мәзhabтың өзі емес деп есептеген топ айыптамайды. Ал бұл соңғы қағида Мәлик, Шафиғи, Әбу Ханифа және Ашғари секілді имамдарға тиесілі» [159, 263 б.].

Мәзhabтың лазым (міндетті) мағынасы айқын болған жағдайда, ол мәзhabтың өзі болады. Дусуки (1815 қ.б.ж.) өзінің «Хашиясында»: «...олардың «Мәзhabтың лазым мағынасы мәзhabтың өзі емес» деген сезі көмекі лазым мағынаға қатысты айтылған...», – дейді [106, 4 т., 301 б.]. Имам Мұхаммед Зәнид Каусари (1879–1952): «Мұнда лазымның мағынасы айқын. Мәзhabтың лазым мағынасы мәзhabтың өзі емес деген қағида көмекі лазымға қатысты айтылған. Алайда айқын лазым ақыл-есі дұрыс тұлғаның ұстанымына байланысты. Ал кімде-кім айқын лазымды жоққа шығара отырып, лазым мағынаны айтар болса, бұл лазым оның мәзhabы саналмайды. Оның бұлай жоққа шығаруы өзін ақыл иелері қатарынан шығарады. Мәзhabта лазымға қатысты түйін пікір – осы...», – дейді [160, 33 б.].

Бұл мәселе бойынша Кашмири былай дейді: «Лазым мәселесін қорытындылап келгенде айтарымыз, өзі байқамағанымен, біреудің айтқан пікірінен күпірлік лазым болса және оған о турали ескертілгенде осы ойды жоққа шығарса, ол кәпір саналмайды. Сонымен қатар діннің дарурияттарына жатпайтын және лазымның жағдайы айқын емес мәселеде ол кісі кәпір болып саналмайды...» [161, 73 б.]. Кашмири бұл ұстанымның иесі ретінде Қази Әбу Бәкір Бақилланиді және имам Ашғариді атап өтеді.

Егер сез ақиқат, яғни тікелей мағынада болса, мәзhabтың лазымы мәзhabтың өзі болады. Ал тікелей мағынада болмаса, мәзhabтың лазымы мәзhabтың өзі емес. Бұл ұстаным – ханбали мәзhabының өкілі Ибн Тәймияның көзқарасы. Ол өзінің «Фатауа кубра» атты еңбегінде: «Адам баласы сезінің лазымдығы екі түрлі болады: а) тікелей мағынада айтылған сезінің лазым мағынасы, ол мұны ұстанып, іске асыруға тиіс. Себебі тікелей мағынадағы сезіндің лазым мағынасы ақиқат. Егер сез иесі жағдайынан оның сезінің лазымы өзіне белгілі болғаннан кейін ұстанудан бас тартпайтындығы білінсе, оған телінеді. Имамдардың мәзhabына лазым көзқарастың қатыстырылуы осындай болады; ә) тікелей мағынада емес сезінің лазым мағынасында оның сезінің лазымдығы ескерілмейді. Сонымен қатар мұндай жағдайда көбіне қарама-қайшылықтар болады. Қарама-қайшылықтарға тұсу – пайғамбарлардан басқа ғалымдардың барлығына да тән қасиет» [162, 4 т., 27 б.].

Ибн Тәймияның лазымды тікелей мағынада болса ескеріледі, ал егер олай болмаса, ескерілмейді деп бөлуі – қисынга келмейтін әрекет. Сөз иесінің дұрыс айтуы немесе қателесуі – мәзhabта лазымға еш қатысы жоқ мәселе. Мысалы, лазым жалған болуы мүмкін, алайда ол – айтушының мензегені. Сондай-ақ айтушы оны ұстанбайды және іске де асырмайды. Ибн Тәймия бұл

көзқарасында ақиқат емес лазымды айқын болса да, ұғым санатынан шығаруға ұмтылады. Әрине, бұл ғылыми әрекет емес. Осылайша, ол сенімге атап айтқанда, әлем түрі бастауының (қидаму алам науғи) және жаңадан пайда болған істердің бастауының жоқтығына, т.с.с. қатысты мәселелерде өзін қате ұстанымдарымен айыптастын қарсыластарына жауап бергендей болады.

Ілгеріде айтылған ұстанымның барлығын сараптай келе, мынадай түйін жасауға болады. Айқын лазымды субъективті мағынада мәзһабтың мәніне кіргізу – ақыл-есі дұрыс кісілердің сөзін ескеру түрғысынан лайықты әрекет. Себебі айқын лазымды ескермеу – сөздің және көзқарастың ұғынықты мазмұнын бекер ету. Бұлай ету стилистикалық және семантикалық қағидаттарға қайшы екені белгілі.

Шәриф Журжани (1340–1413) Құтбұддин Разидің (1295–1365) «Айқын лазым ұғынықты екені даусыз» деген сөзіне пікір білдіріп, былай дейді: «Сөз әрбір айтылғанда мәні түсінікті әрі бұдан оның айқын лазымдығы субъективті мағынада белгілі болады. Осының нәтижесінде лазым мағыналы сөз айтылған кезде ұғынықты болады» [163, 1 т., 139 б.]. Сондықтан сөзбен бірге жүретін оның лазым мағынасын мүлде ескермеу діннің үкіміне жеңіл қарап, ережелерін бұрмалайтындарға жол ашып беретін еді. Мәзһабтың лазымы есепке алынбайды деген қағиданы алға тарта отырып, қарапайым халықтың сенімі мен діни көзқарасының бұзылуына апаруы мүмкін. Каусари мен Кашири ұстанған көзқараста мұсылман қоғамын өзара күпірлікке қатысты айыптаудан және діннің негіздеріне қатысты шатасудан сақтайдын өте нәзік заңдылық бар.

**Ислам шариғатындағы «ридда» үкімінің шарттары мен мұртадтың мәселелері хақында.** Ислам шариғаты өзіне ерушінің құқықтарымен қатар, олардың міндеттерін де қарастырады. Солардың бірі ретінде исламды қабылдағаннан кейін діннен шығу мәселесі үлкен жауапкершілік болады. «Ридда» – «иртадда» етістігінен шыққан туынды сөз. «Бет алған бағытын басқа жаққа өзгерту, бұру» дегенді білдіреді. Ал ридда жасаушы «мұртад» деп аталады [164, 101 б.]. Ал шариғи мағынасы – күпірлікке апаратын ниетпен, сөзбен немесе амалымен исламнан бас тарту. Дәлірек айтқанда, исламнан күпірлікке қайту [24, 1 т., 255 б.]. Бұл мәселеге дәйек ретінде Құранның төмендегі аяттарын келтіруге болады. Құран: «Шын мәнінде, тұра жол анықталғаннан кейін, артына кері қайтқандарға шайтан өзінің ісін әсем етіп көрсетті...» [5, 47:25], «Уа, иман келтіргендер, кімде-кім дінінен қайтса, Алла тағала Өзі оларды жақсы көретін, олар Оны жақсы көретін қауымды алғып келеді...» [5, 5:54], «Сендердің қайсыбірің дінінен қайтса, сонаң соң кәпір болған халде өлсе, міне, осылардың дүниеде және ақиrette амалдары хабт (бекер) етіледі...» [5, 2:217], – дейді. Бұл аяттың тәспірінде имам Құртуби: «Алла тағаланың «қайсыбірің дінінен қайтса» дегені исламнан күпірлікке қайтса, олардың ісі бұзылады, бұлінеді дегенді білдіреді. «Хабт» сөзі малдың ішін бұлдіретін деріт деген мағынада жұмсалады. Мал шөпті көп жегендіктен іші кеуіп кетеді. Соның салдарынан өліп те кетуі мүмкін. Бұл аят мұсылмандарға исламда берік болуды ескертеді», – деп түсіндіреді [85, 3 т., 428

б.]. Имам Құртуби ридданың мұсылманның амалын бекер ететініне баса назар аударған. Ал Нәйсәбури: «Кімде-кім дінінен қайтса, күпірлік етіп риддасында қалса, міне, солардың ісі дүние мен ақиредте бекер болады. Ісі бұл дүниеде бекер болуы ислам иғлігінен мақұрым қалуынан орын алады.... Ал ақиредте бекер болуын растауға «міне, солар тозақта болады, олар онда мәңгі қалады» деген аят растайды», – деп тәпсірлейді [165, 1 т., 598 б.].

Тағы мына аяттарда: «Иманға келгеннен кейін күпірлік етіп, одан сайын күпірлігін арттырғандардың тәубесі қабыл болмайды...» [5, 3:90], «Бір жұз ағарып, енді біреулері қарайып жатқан кезде, қарайған жұздің иелеріне сендер иманнан кейін күпірлік еттіңдер, күпірліктеріңің жазасын алып, азап дәмін татындар» [5, 3:106], «Шын мәнінде, иман келтіргеннен кейін күпірлік еткендер, сонан соң қайта иманға келіп күпірлік етіп, күпірлігін арттыра түскендерді Алла тағала кешірмейді әрі тұра жолға салмайды» [5, 4:137], – делінеді. Құран аяттары «иртиад», «куфр» сөздерін қолданады. Алайда «иртиад» сөзі жалпы қайту мағынасында қолданыла береді, ал «ридда» тек исламнан кейінгі күпірлік дегенге айтылады [24, 1 т., 255 б.]. Ридда мәселесіне қатысты Пайғамбарымыздан көптеген хадис жеткен. «Қайту», «куфр», «ауыстыру» немесе «дінін тәрк етуші» деген мағыналарымен қатар «иманнан кейінгі күпірлік» деген терминдік сипаттағы мағынада да келеді [166, 30 б.].

«Ридда» ұғымының иманнан кейінгі күпірлік деген мағынасы төмендегі хадисте келеді. Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбар (с.ғ.с.) Бәйт әл-мақдиске (Иерусалим қаласы) түнде апарылды. Сол түннен кейін ол өзінің сапары, Бәйт әл-мақдистің белгілері және түйелері тұрасында әңгімелеп берді. Риуаятшылардың бірі былай дейді: «Біз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) айтқанын растадық, бірақ басқалар кәпір болып иртиад жасады. Сол үшін Алла тағала оларды Әбу Жәһлмен бірге жазалайтын болады», – деп жеткізеді [16, 5 т., 476-477 б.]. Фатима бинт Қайс риуаятында: «Алла елшісі (с.ғ.с.) маған былай деді: «Ол саған нәпақаны да, баспананы да қамтамасыз етуге міндетті емес, сені өзіне ридда (қайтару) жасай да алмайды...»», – дегенін жеткізеді. Имам Нәуәуи ридда мәселесіне қатысты былай дейді: «Қасақана әрі дінді ашық келеке ету мақсатында іске асатын әрекеттер – күпірлікті міндетті ететін амалдар. Мысалы, пұтқа немесе құнгемен сәждे ету, Құран кітапты қоқысқа тастау. Сондай-ақ күпірлік сөзімен де ридда орын алуы мүмкін. Бұл әдейі әрі шынайы түйсікпен немесе келеке етумен болсын барлығы бірдей саналады. Эрине, бұл жалпылама айтқанда осылай» [167, 7 т., 283-284 б.].

Алайда мұсылман адамға қатысты ридда тұрасында үкім шығарудан бұрын фиқһ ғұламалары қойған шарттар бар. Бұл шарттар екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа фиқһ ғұламалары өзара бірауыздан келіскең «ақыл, еріктілік немесе ықтияр» деп аталатын екі шарт кіреді. Ал екінші топ ғұламалар арасында даулы болған «балиғат жасына толу, мастықтан сау болу, қасақана жасау, мақсатты тұрде көңілдің құлауы және біліммен болуы» деп аталатын бес шартты қамтиды.

**Ғұламалар өзара келіскең шарттар.** Ілім иелерінің арасында риддаға жататын кісінің ақыл иесі болу қажеттігіне қатысты ижмағ үкімі бар [168, 175 б.]. Демек, есінен адасқан (жынды) және ақылы кірмеген сәбидің риддасы есептелмейді. Себебі адамның ақылы – шариғат бойынша оның құзыреттілігі болуының шарты. Бұл шарттың орындалуы сенім және нағым мәселесінде қатаң талап етіледі [169, 9 т., 526 б.]. Әрине, ислам құқығы ғалымдарының ақыл иесі емес деп берген үкімі тұрақты әрі әрдайым есінен адасқан кісіге қатысты. Мұндай адамның сөзі мен амалы есепке алынбайды. Ал кейде есінен танып қалатын кісінің риддасы ақылы орнында болғанда есептеліп, есінен адасқанда саналмайды. Сол сияқты мас қылатын ішімдікті қабылдаудың салдарынан ақылынан адасқан кісінің риддасы да ханафи мәзһабының пәтуасында есепке алынбайды. Бұл – ашық компаративистік салыстырмалы тәсілдің (қияс жәли) негізінде емес, көмекі компаративистік салыстырмалы тәсілге (қияс хафи немесе истихсан) сүйене отырып берілген пәтуа. Мас адамның тілімен айтқан сөзінің ақылы орнында болмауымен қатар, оның ішкі түйсігімен сәйкестігі жоқ болғандықтан мағынасы болмайды [169, 9 т., 526 б.].

Имам Шафиғи өзінің «Умм» кітабында: «Егер адам мастықтан емес, басқа себептен ақылынан адасқан халде діннен қайтатын болса, риддасы есептелмейді. Оны басшы түрмеге қамамайды. Ол сол жағдайда өмірден озса да, мұсылман мұрагерлері мирасынан қағылмайды. Себебі оның риддасы оған қаламның үкімі жүрмейтін кезде орын алды. Оның жағдайы мастыққа ұшыраған кісінің халіне ұқсамайды», – дейді [170, 7 т., 399 б.].

Бұл тұрғыда өзінің үлкен енбектерімен танымал Ибн Хажар Һәйтәми былай жазады: «Егер кісі күмәнға салынып, иман мен Жаратушыны шатастырса немесе жүргегінде (Жаратушыны) кемсіту не сөгу сияқты дертке шалдықса, оны қатты жек көрсе, алайда бұл құбылыс оның еркінен тыс болса, оған ешбір жаза тағайындалмайды және күнәшар болмайды. Бұл шайтанның азғыруы деп есептеледі. Одан арылуда Алладан жәрдем тілеуі керек. Себебі өз еркімен болса, жек көрмеген болар еді» [46, 103-104 б.]. Демек, ислам негіздеріне қайшы әрекетке немесе сөзге барған мұсылман кісі риддасының есепке алынуы үшін оның ақыл-есінің орнында болуы және мақсатты түрде іске асуы – ғұламалар арасында бірауыздан келісілген шарт. Бұл шарт орындалмаған жағдайда мұсылман адам діннен шыққан болып саналмайды.

Фиқі ғалымдары мұсылман адамның өзі қалаған әрі ерікті түрде барған риддасы ғана шариғат бойынша есептеледі дейді. Бұл жөнінде имам Құртуби өзінің тәспірінде: «Ислам ғалымдары күпірлікке баруға мәжбүрленген, соның салдарынан өміріне қауіп төнген, алайда жүрегі иманға байланған халдегі кісінің күпірлік ете тұра, күнәшар болмайтындығына бірауыздан келіскең. Яғни ижмағ үкімі бар. Шариғат бойынша кәпір болып саналмайды. Бұл – имам Мәліктің, куфалықтардың және имам Шафигидің сөзі» [85, 12 т., 435 б.]. Демек, мәжбүрленген кісінің тілі күпірлік сөзін айтқан немесе күпірлік әрекетке барған кезде оның жүрегі иманға байланып және Раббысын ұлықтап тұрса риддасы есептелмейді. Әрине, бұған Құран кәрімнің мына аяты негіз болады: «Жүрегі

иманға байланған тұрып күпірлікке баруға мәжбүрленген адам Аллаға шындығында күпірлік еткендердің қатарынан емес....» [5, 16:106]. Аятта баяндалған мәселе айқын. Алла тағала мәжбүрленген мұсылмандың негізгі үкімге қатысты еместігін сөз еткен. Яғни риддасы есептелетін кісілердің қатарына жатпайды. Мұндай жағдайда ол құнғаш болып саналмайды. Бұл аят Алла елшісінің (с.ғ.с.) сахабасы Аммар ибн Ясирге қатысты түскен. Имам Құртуби: «Бұл аят тәпсір ғалымдарының көзқарасында Аммар ибн Ясирге қатысты. Ибн Аббас былай деп әңгімелейді: «Мұшріктер оны, экесін және анасы Сумаяны, Сухайбы, Хаббабты және Сәлимді ұстап алады. Оларды барынша азаптап, қинайды. Сумаяны екі түйеге байланап сүйрейді... Ол да, күйеуі Ясир де қаза табады. Ал Аммар болса, олардың мәжбүрлеген халде талап еткенін айтып береді. Сонын Алла елшісінің (с.ғ.с.) келіп болған жайтты айтып шағымданады. Сол кезде Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жүргегін қалай?» – деп сұрайды. Ол: «Иманға байланып тұр», – деп жауап береді. Мұны естіген Алла елшісі (с.ғ.с.): «Егер олар қайталаса, сен де қайтала», – деп бұйырады», – дейді» [85, 12 т., 432-433 б.]. Аталған оқиғада Алла елшісі (с.ғ.с.) күпірлікке мәжбүрленген мұсылмандың риддасы егер оның жүрегі иманға байланған болса есепке алынбайтындығын анық айттып отыр. Мұндай кісі күпірліктің барлық шартын сақтаса да, күпірлігі есептелмейді, кешіріледі. Имам Тәхәнәуи: «Алла елшісінің (с.ғ.с.) біреуді жайғана занияри (сыртқы халін ғана ескеріп) жағдайда кәпір деп есептеп, әйелін ажыратып, оған кәпірлерге тиісті үкімдерді қатыстырған кезі болған емес», – дейді [171, 12 т., 653 б.].

Осы тұста айта кететін мәселе – ғалымдар мәжбүрленген кісінің саналмайтын күпірлігі оның тек сөзіне ғана қатысты ма әлде ісіне де қатысты болады ма деген өзара пікір алуандығы. Бұл турасында Ибн Атия Әндәлуси (1088–1146) былай дейді: «Одан пұтқа сәждे жасау секілді іс талап етілген жағдайда, ғалымдар арасында әртүрлі көзқарас бар. Бірінші топтағы ғұламалардың көпшілігі мәжбүрленген тұлға өзін сақтау үшін талап етілгенде орындаиды дейді. Ал ғалымдардың екінші тобы мұндай талапты орындаиды, өзін тапсырады деген пәтуа береді. Ал үшінші пікір иелері, егер пұт құбыла тарапта тұрса, талапты орындаиды, бірақ Аллаға сәжде етуді ниет етеді дейді». Алайда Ибн Атия үшінші пікірді қатты сынайды. Сонымен қатар сөз бері істі ажырату қажет дейтін топтың да көзқарасын жоққа шығарады [169, 3 т., 423 б.]. Бадруддин Айни (1361–1451) бұл мәселеде сөз бері істі ажыратып қарауды заниярилердің мәзінабы деп есептейді. Сөз бері істің айырмашылығы жоқ, екеуі бірдей жағдайда деген көзқарасты дұрыс көреді. Бұл көпшілік ғалымдардың пікірі екені белгілі. Себебі адамның амалы оның дene мушелерімен бірге ісін, жүргінің ниетін және сөзін қамтиды [17, 24 т., 98-99 б.].

Сол сияқты мәжбүрлеудің кез келген түрі мұсылман кісіге аталған жеңілдікті пайдалануға рұқсат береді ме? Әлде мәжбүрлеу үрдісі адамның тандау құқығынан айыру үшін ең жоғары дәрежеде болуға тиіс пе? Олай болса, мұсылманды сөз немесе іс күпірлігінің жауапкершілігінен босатуға негіз болатын мәжбүрліктің шегі қандай деген сұрақтар туындаиды.

Имам Кәсәни мәжбүрлеудің екі түрі болады дейді. Біріншісі, адамды табиғи шарасызыққа апарады. Мысалы, кісінің өміріне немесе дене мүшесіне қауіп төндіретін жағдайдағы өлтіру, кесу, ұру секілді әрекеттер. Бұл «толық мәжбүрлік» деп аталады. Ол адамды таңдау құқығынан толық айырады. Екіншісі, адамды шарасызыққа жеткізбейді. Мысалы, кісінің өміріне қауіп төндіре қоймайтын деңгейдегі, алайда оны қын жағдайға душар ететін қамау, шектеу, байлау, соғу секілді істер. Бұл «нұқсанды мәжбүрлік» деп есептеледі. Кісіні таңдау құқығынан толығымен айырмайды. Керісінше, оның өз еркі бар адам. Егер мәжбүрлеуші тарап мақсатын орындай алатындей мүмкіндікке ие болса, мәжбүрлеудің алғашқы түріне жатады. Мәжбүр мұсылманның күпірлік сөзі мен ісі жан дүниесінің иманға байланған халде болу шартымен кешіріледі [169, 10 т., 103-104 б.].

**Ислам ғұламалары арасында ридданың орын алуына қатысты даулы шарттар.** Діннен шыққан мұсылман кісінің балиғат жасына толуы. Ислам құқығы ғалымдары бұл шартқа қатысты талқылағанда мүмәниз (есі кірген, алайда балиғат жасына жетпеген) баланың риддасының есептелуі мен оның мұсылмандығының дұрыстығын бірге қарастырады. Себебі екі мәселенің арасында қатты ұқсастық бар екені белгілі. Ғұламалар арасында аталған мәселеде үш пікір бар. Біріншіден, шафиги мәзhabы, имам Зуфар және имам Ахмад: «Мүмәниз баланың мұсылмандығы мен риддасы есептелуі үшін балиғат жасына толуы міндетті» деген пікірді айтады. Бұл негізде есі кірген баланың риддасы мен мұсылмандығы саналмайды [173, 4 т., 177 б.]. Бұл пікірдің иелері Алла елшісінің (с.ғ.с.) «Үш кісіден қалам (құнә жазушы) көтерілген: ұйқыдағы кісіден оянғанша, сәбиден балиғат жасына толғанша және есі ауысқан адамнан ақылы қайта кіргенше» [45, 3 т., 135 б.] деген хадисін негізге алады. Хадистегі негізгі мәселе, мумайиз баладан қалам көтерілген. Соңдықтан оның бұл өмірдегі сөзі мен ісі негізге алынатын айғақтарға жатпайды. Сонымен қатар мумайиз бала есі кірмеген бала мен жынды кісіге ұқсайды. Екеуіне де шарифат ешбір міндет жүктемеген. Бұл өмірдегі исламның ұқімдері сөзге сүйенеді. Ал адамның сөзі раставу немесе куәлік болып есептеледі. Ал балиғат жасына толмаған кісіге мұның қатысы жоқ. Имам Сарайхи бұл пікірді баяндай келе, «Мүмәниз баланың мұсылмандығы ескерілмейді деген сөздің ешбір мәні жоқ. Мұны жалған немесе бос сөз деп есептейміз. Егер ол бала Алла тағаланың жалғыз екенін мойындаса, ешкімнің оны өтірікші немесе бос сөйлеп тұр деп айтуға құқығы жоқ. Керісінше, оның шынайылығын қабылдалап, соның негізінде үкім етіледі», – дейді [174, 10 т., 120-121 б.].

Екіншіден, ханафи мәзhabынан Эбу Юсуф, Эбу Ханифа мен имам Ахмад тағы бір көзқарасында: «Балиғат жасына жету мұсылмандықтың дұрыс болуына шарт емес, алайда ридданың саналуы үшін шарт» деген ұстанымды айтады [174, 10 т., 122 б.]. Бұл ұстанымның иелері, «Жоғарыдағы хадис мүмәниз баладан құнә жазатын қаламның көтерілгені тұрасында айтып отыр. Егер риддасы есептелетін болса, құнә ретінде жазылады. Ал исламның жағдайы басқа, ол құнә емес, сауап ретінде саналады», – деп түсіндіреді. Баланың

мұсылмандылықты қабылдауы мен оның риддасын салыстыруға болмайды. Балиғат жасына толмаған баланың сыйлықты қабыл алуына болады. Себебі сыйлықтың баланың құқығына келтірер зияны жоқ. Исламды қабылдауы да сол секілді. Ал оның өз мүлкінен шығарып сыйлық бергенде зиян шегетіні сияқты, риддасының да ол үшін зияны бар [175, 12 т., 266 б.]. Имам Саражи мумәииз баланың риддасының есептелмеуін компаративистік тәсілге сүйенген шешім ретінде қабылдайды. Себебі оның риддасы зиян. Оның ақылы мен білімі оған пайда әкелер жағдайда ғана ескеріледі [169, 9 т., 526-527 б.].

Ушіншіден, Әбу Ханифа өзінің негізгі ұстанымында имам Мұхаммед ибн Хасан Шәйбәни және мәлики мәзhabында мумәииз баланың мұсылмандығының, риддасының да есептелуі үшін балиғат жасына толуы шарт емес [169, 9 т., 526 б.]. Мұндай тұжырымды жасағандар Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Әрбір сәби таза болмысымен туылады. Сосын тілімен айтылғаны оның бағытын білдіреді. Тілінің негізінде шүкірлік немесе күпірлік етуші болады» [16, 23 т., 113 б.], – деген хадисін негізге алады. Есі кірген баланың мұсылмандығы дұрыс болғаны секілді, риддасы да есептеледі. Оның сенім негізінде қабылдаған дінінің саналғаны сияқты, осындағы негізде дінді тастағаны да балиғат жасына толған, ақыл есі орнында болған кісінің әрекетіндей ескеріледі. Хазіреті Али де бала күнінде ислам дінін қабылдады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның дінін дұрыс деп санады. Ол балиғат жасына толмай тұрып пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге намаз оқыды. Егер оның мұсылмандығы саналмайтын болғанда, оның ислам дінін қабылдағаны бізге тарихи оқиға ретінде жетіл, оны мұсылман деп ешкім айтпаған болар еді. Егер мумәииз бала ислам дінін қабылдаса, ислам дінінің раставу және бекіту секілді ақиқатын орындаған болып саналады. Сондай-ақ күпірлік еткенде де риддаға қарсы шығу секілді ақиқатты жасаған болады. Ал хақиқи әрекеттер іске асқаннан кейін, оны жоққа шығару мүмкін емес [176, 6 т., 130-131 б.].

Біздің ойымызша, ислам мен ридда екеуі де – адам баласының ақылы мен есіне тікелей қатысты құндылықтар. Шаригатта мумәииз баланың кейбір діни әрекеттерінің саналатыны белгілі. Мысалы, оның балиғат жасына дейінгі намазы мен оразасы Алланың құзырында қабыл болады. Сол сияқты ханафи мәзhabының негізін қалаушы имам Әбу Ханифа айтқандай, оның мұсылмандығы мен риддасы да есептелуі қажет деп санаймыз. Осы тұста айта кететін жайт, мумәииз бала риддасының ескерілуі ғұламалар арасында даулы мәселе болғандықтан, төрт мәзhabтың ешбірінде ол өлім жазасына кесілмейді. Алайда «балиғат жасына жеткенше, райынан қайтпаса, жазаға тартылады ма?» деген сұрақ туады.

Шағиғи мәзhabы мумәииз баланың мұсылмандығын дұрыс деп санамағандықтан, балиғат жасына жеткеннен кейін ол жазаға тартылмайды деп шешеді [170, 7 т., 400 б.]. Ханафи мәзhabында да ол жазаға тартылмайды. Себебі ғалымдардың арасындағы даулы мәселе жазаны кешіруді міндеттейтін күмәнді жағдай саналады [174, 10 т., 123 б.]. Ханбалилер бойынша, өлім жазасына кесіледі. Себебі оған кедергі болған жайт – оның сәбилігі. Бұл кедергі

балиғат жасына толғаннан кейін кетеді. Келесі кезекте ридданың жазасы міндettі болады, – дейді [175, 12 т., 266-270 б.]. Имам Мәліктің жолын ұстаушылар да: «Егер тәубеге келмесе, балиғат жасына жеткеннен кейін жазаланады», – деген көзқарасты ұстанады [177, 8 т., 62 б.]. Ислам мәзhabындағы ойлар мен тұжырымдарды талдағанда, мұмәиз баланы балиғат жасына толғаннан кейін жазаға тартуды қолдау қыынға соғады. Себебі аталған мәселеге қатысты мәзhabтар арасындағы өзара ортақ ұстанымның болмауы күмәнді күшайтеді.

Балиғат жасына толған кісінің мастықтан сау болуы. Мұсылман адамның ішімдік ішіп, масайған кезінде айтқан сөзі немесе ісі риддаға апаратын болса, есептеледі ме? Оның ақылы мен есіне қатысты теріс өзгеріс ридда үкімдерін жүзеге асыруға немесе асырмая әсері бар ма? Бұл мәселеге қатысты осындағы сұрақтар туындаиды. Ислам құқығы ғұламаларының арасында бұған қатысты екі ұстаным бар. Біріншісі, ханафи мәзhabы, имам Ахмад бір пәтуасында және имам Шафиги өзінің бір сөзінде: «Мас адамның риддасы саналмайды, себебі мұсылман риддасының есепке алынуы үшін оның мастықтан сау болуы шарт», – дейді [174, 10 т., 123 б.]. Бұл пікірді ұstanушылар Алла елшісінің (с.ғ.с.) заманында болған мына бір оқиғаны негізге алады. Үлкен сахабалардың бірі мас қылатын ішімдіктерге шарифат тыйым салмай тұрып, ішімдік ішіп мас болады. Сонында Алла елшісінің (с.ғ.с.) өзіне: «Сендер менің құлдарымсындар және менің бабаларымның құлдарысындар», – деген сөзді айтуда дейін барады [178, 3 т., 1568 б.]. Алайда Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл істі күпірлікке баламады. Хабарда оқиғаға қатысты болған сахаба Хамза ибн Абдулмутталиб екені айтылады. Біз тарихта Хамзаның мұсылман болғаннан кейін, қайта діннен шыққанын білмейміз. Сонымен қатар бұл ұстанымның иелері «ридда әдетте жүрекке байланысты мақсатты түйсікке сүйенеді» деген рационал негізді де ескереді. Ал мас кісінің сөзі арнайы мақсатта айтылмағаны белгілі.

Екіншісі, мәлики, шафиги және ханбали мәзhabарының көзқарасында ридда саналуы үшін мастықтан сау болуы шарт емес. Мас кісінің риддасы есептеледі [58, 169 б.]. Мұндай пікір иелері сахабалардың бейкүнә әйелге жала жапқан мас адамға жаза тағайындағанын дәйек етеді. Демек, олардың бұл ісі мас кісінің сөзі айғаққа алынатынын білдіреді. Сол сияқты мас адамның айтқан талағы (ажырасу шешімі) да саналады. Салыстырудың негізінде екеунің арасында үлкен ұқсастық бар деп айтуда әбден болады. Соңдықтан мас кісінің риддасы да есептеледі. Бұл турасында әл-Мәуәрди былай дейді: «Мас кісінің кейбір үкімдерде ажырата алушы, ал енді кейбірінде ажырата алмаушы болып саналуы рационал және теориялық қағидаларға да қайшы». Сонымен қатар бұл көзқарастың ұstanушылары мас кісінің ақыл-есі толық жоғалмайды. Ол ұйықтап жатқан немесе қалғыған адамға ұқсайды. Бұл тұргыда мас кісіні жынды адаммен салыстыруға болмайды. Себебі жынды адам өз есінен толық айырылады дегенді алға тартады [179, 13 т., 176 б.].

Алайда, қорыта келгенде, мас адамның риддасы есептеледі деп айтуда қысынға да және шарифат мақсатына да сай келмейді. Себебі мас кісінің түйсігі

жоғалады немесе жоғалудың шегінде тұрады. Жоғарыда айтылған ескертулерге сүйеніп, оны діннен шықты деп санауға болмайды. Діннен шығарудың нәтижесі мен оған ілеспе үкімдері ауыр екені белгілі. Мұндай үкімдерді айқын емес айғақтарға негіздеуге келмейді. Себебі мас кісінің құпірлік сөздері мен істері мақсатты сипатта емес екені анық. Сондай-ақ мас адам үйқыдағы немесе қалғыған кісіге қарағанда жындыға көбірек ұқсайды. Мастықтың да деңгейі болмайды ма? Балиғат жасына толған кісінің мақсатты тұрде, яғни қасақана жасауы.

Кейде мұсылман кісінің аузынан қатты қуаныштың немесе таңырқаудың немесе қорқыныштың, т.с.с. психологиялық түрлі ахуалдардың салдарынан құпірлік сөз шығып кетуі мүмкін. Бұл мақсатты тұрде немесе әдейі жасалмайды. Ислам ғұламалары осы мәселеде шариғаттың үкімін зерттеген. Олардың кейбірі діннен шықпайды деген тұжырымға келсе, енді бірі діннен шығады, риддасы есептеледі деген тоқтамға келген.

Бірінші пікір – ханафи [89, 5 т., 136 б.], шафиғи және ханбали [110, 6 т., 169 б.] мәзhabтарының еншісінде. Олар: «Кімде-кім қателесіп, құпірлік сөз айтып қойса, діннен шықпайды», – дейді. Бұлар пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Шын мәнінде, Алла тағала менің ұмбетімнің қателескенін, ұмытқаның және мәжбүрленгенін кешірді» деген хадисін тірек етеді [128, 16 т., 202 б.]. Демек, ұмбеттің қателескен жағдайының кешірілуі түйсік мәселесіне қатысты қателескен кісі риддасының есептелмеуін білдіреді. Яғни байқамай, жаңсақ құпірлік сөз айтқан кісінің риддасы саналмайды. Атап айтқанда, Құран аяты да бізге: «Уа, Раббымыз, біздің ұмытқанымыз бен қателескенізді кешіре көр!» деген дұғаны үйретеді [5, 2:286]. Аталған аяттың түсіндірмесінде имам Құртуби былай дейді: «Бұл мәселеде күнә жазылмайтыны тұрасында ешкім бөтен пікір айтқан емес. Алайда шариғат үкімдеріне қатысты ғалымдар арасында даулы жағдай орын алған. Қателескен кісіге ешнәрсе міндетtelмейді ме әлде оған кейбір үкімдер жүктеледі ме деген мәселеде түрлі көзқарастар бар. Дұрысы, бұл мәселе орын алған оқиғалардың табиғатына байланысты. Айыппұл, құн төлеу, парыз намаздар, т.с.с. мәселелерде міндеттер жүктеледі. Кек алу, құпірлік сөз айту, т.с.с. жағдайларда толығымен кешіріледі....» [85, 4 т., 501-502 б.]. Айта кететін маңызды мәселелердің бірі – құпірлікті жеткізуіші кісі көпір болады ма, әлде жоқ па деген сұрақ. Мысалы, құпірлік сөзді өзі ұстанбайды, алайда жайғана әңгімелеп беруші немесе жеткізуі тұлға діннен шықпайды. Эрине, бұл мәселеде ижмағ үкімі бар [110, 6 т., 169 б.]. Осыған орай, бұл тұрғыда арнайы «Кұпірлікті жеткізуіші көпір емес» деген қағида қалыптасқан. Құпірлікті ауызға алушы оны насиҳаттау үшін емес, кемсіту және қаупін түсіндіру мақсатында әңгімелеуге тиіс. Мұсылман адамның құпірлік сөзі мен ісін осындаидай игі мақсатты көзdemеген халде қозғауы дұрыс емес. Өкінішке орай, қазіргі таңда барлығын білу керек, өзгелермен жағымды қатынаста болуымыз қажет деп құпірлікті жай жеткізіп қана қоймай, насиҳаттау үрдісі де орын алып жатады.

Мысалы, пайғамбарды (с.ғ.с.) сөгуді әңгімелеген, яғни жеткізген кісінің ахуалы төмендегі үш жағдайдың бірі болады. Ғалымдар өз кітаптарында дін

дүшпандары мен кәпірлердің жағдайын баяндап, қаупі мен зиянын түсіндіріп кеткені секілді оның әңгімесі сөгушіні таныстыру немесе оны жазғыру мақсатында болады. Бұлай етуге ислам діні рұқсат берген, қажет кезде міндетте болып саналады; ешбір игі мақсатсыз жай ғана бос әңгіме-сөз ретінде айтылуы да мүмкін. Бұл жағдайда әңгімелеуші кәпір болмаса да, күнә жасаған болып саналады. Ислам құқығында мұндай адамды жазаға тарту қажеттігі айтылады; оның әңгімесінің түпкі діттегені – пайғамбарды (с.ғ.с.) кемсіту, оған қатысты мұсылмандардың көкейіне құдік салу немесе адамдарды құлдіру үшін мазақтау, ал ол – анық ридда. Пайғамбарды (с.ғ.с.) сөгуді осылай әңгімелеген адамның ісі оны діннен шығаруға фактор болатындығына ешбір күмән тудырмайды [46, 273-274 б.].

Балиғат жасына толған кісінің білмей (жәһл) күпір жасауы. Мұсылманның өзі білмеген халде кейбір күпір сөз айтып немесе іс жасауы оны ақтайды ма? Өз еркімен күпірлік жасаған кісінің білмей жасадым деп ақталуы оны ридданың үкімдерінен құтқарады ма? Білімсіздік араб тілінде «жәһл» деп айтылады. Оның анықтамасы – біліммен игерілетін нәрсені білуге қарсы әрі кедергі болатын ұстаным. Егер ол білімге тікелей антоним сипатында болса надандық. Басқаша айтқанда, бір нәрсенің шынайы жағдайына мұлде қарама-қайшы қөзқарасқа ие болу. Ал мұлде қөзқарасы жоқ болса, оны жай білімсіздік дейді [180, 361 б.].

Ислам құқығы негіздері ғалымдары білімсіздікті адамның құзыреттілігінен айыратын себептерге жатқызады. Шейх Мустафа Зарқа (1904–1999) білімсіздікті адам құзыреттілігін жоятын факторлар санатына қоспайды. Алайда кейбір міндеттерді орындауға немесе үкімдерді іске асыруға кедергі болуы мүмкін. Ол кісі: «Білімсіздік кісіні құзыреттілігінен айыратын себеп болмайды. Бірақ кейбір жағдайда оны міндеттерін атқармағаны үшін жауапқа тартуға кедергі келтіретін үзір болуы әбден мүмкін. Ислам жерінен (Дәр әл-іслам) ұзақта болған өлкеде мұсылман дінін қабылдаған білімсіз кісі кейбір шаригат міндеттерін орындаған болса, оны жауапқа тартуға білімсіздігі кедергі болады... Сондықтан білімсіздік адамның құзыреттілігін жоятын емес, үзірлі құбылыс болып саналады. Оның әңгімесі сөгушіні таныстыру немесе оны жазғыру мақсатында болады», – дейді [181, 2 т., 856 б.].

Имам Әбул Юср әл-Бәздейи (1030–1100) жәһілді негізгі төрт түрге бөледі. Үзір ретінде қабылданбайтын білімсіздік. Мысалы, кәпір кісінің күпірлігі. Оның мұндағы қарсылығы қаншалықты айғақтар бола тұра, білімсіздік емес, керісінше тәкаппарлық, менмендік; жоғарыдағы айтылған санаттан сәл тәменгі сатыдағы, алайда үзір ретінде қабылданбайтын білімсіздік. Мысалы, адам баласының Алланың кейбір сипаттарына және ахиреттің жағдайларына қатысты білімсіздігі секілді; күмәнді (шубба) жағдай ретінде есептелетін білімсіздік. Мысалы, дұрыс ізденіс (ижтиһад) үрдісіндегі білімсіздік; үзір ретінде қабылданатын білімсіздік. Мысалы, ислам өлкесіне көшіп үлгермеген мұсылманның шаригат мәселелеріне қатысты білімсіздігі.

Себебі ол мұсылман жерінде болмағандықтан, шарифаттың үкімдеріне қатысты мәліметтен жырақ болуы әбден мұмкін [182, 338-339 б.].

Мұсылман өлкеде өмір сүретін білімсіз мұсылман кісінің «дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі» (әл-мағлуму мин әд-дини бид-дарура), яғни қалың жұртшылық пен арнайы мамандарға да бірдей мәлім мәселелерден бейхабарлығы кешірілмейді. Себебі мұсылман өлкеде дәрүл қуфрге қарағанда шарифаттың негізгі үкімдеріне қатысты ақпарат әдетте кеңінен тарайды [183, 357-359 б.]. Егер кісі ислам дінін жаңадан қабылдаса немесе діни ақпарат өте аз тарайтын ауылда өмір сүрсе, дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі болған мәселелерге қатысты білімсіздігі кешіріледі. Мұндай кісіге дінге қатысты дұрыс ақпарат үйретіледі, егер күпірлік райынан қайтса, ескеріледі. Ал егер содан кейін де қайтпаса, риддасы саналады [46, 185 б.].

Қазіргі заманда халық ішінде ақпарат тарату жолдары мен тәсілдерінің дамығаны белгілі. Діннің негізгі үкімдері ғана емес, жалпы халыққа айтылмайтын мәселелердің өзі мұсылман емес елдердегі қарапайым жамағат арасында кеңінен таралып жатыр. Мұндайда білімсіздікті қаншалықты кешіреміз деген сұрақ туындауы мұмкін. Алайда біз ақпараттық құралдардың жоғары деңгейде дамығаны мен жетілгенін көре тұрсақ та, әрбір жағдайды жекелей зерттеген жөн деп санаймыз. Мақсатты түрде және көңілдің қалауымен болуы. Құранда былай делінеді: «Кімде-кімнің жүрегі иманмен тыныш таба тұрып, күпірлікке мәжбүрленсе, күнә арқаламайды. Алайда иманға келгеннен кейін көңілдің қалауымен күпірлікке бет бұргандар Алла тағаланың ашуына ұшырап, жантүршігерлік азапқа салынады» [5, 16:106]. Міне, осы аятты негізге ала отырып, сириялық доктор Салахуддин Идлиби секілді кейбір ғалымдар күпірліктің орын алуына адамның мақсаты мен көңілінің қалауын шарт етеді. Ол өзінің «Күпірлікке қатысты айыпталуға тиісті емес кісіні күпірлікке қатысты айыптау» (Тәкфиру мән лә ястахиққу әт-тәкфир) деген еңбегінде: «Нақты түйсіксіз, мақсатсыз және көңілдің қалауынсыз күпірлік сөздерді айтқан адамды кәпір деп есептеуді Алла тағала кітабының бағдарын түсінбеу және пайғамбар (с.ғ.с.) сұннетінің мазмұнын ұқпау деп санаймын», – дейді [184, 23 б.].

Идлиби Алла тағала аталған аятта күпірліктің ғилласы (себебі) ретінде көңіл қалауының болуын меңзеп тұр. Көңілдің қалауы болмаған жерде оның мақсаты да болмайды. Адам жүрегінің иманды жақсы көріп, оны ұлықтап және онымен тыныш табуы – күпірліктің антонимі. Ал күпірлік – сенімге селкеу, имандылықты кемсіту немесе оған қарсы түйсікке көңілдің толуы. Егер көңілдің қалауы күпірліктің орын алуына қатысты болмағанда, мәжбүр болған кісіге байланысты ғилла етілмес еді. Шарифат өзгенің баласын қателікпен иеленгенді және Алланың атымен берілген бекер антты есепке алмайды. Себебі олар мақсатсыз халде іске асқан болып саналады. Сондықтан көңілдің қалауын тек мәжбүрленген кісіге ғана шарт ету қысынға келмейді [184, 24 б.]. Олай ету сөздің өзімен ғана шектеліп, мағынасына мән бермеу, істің мақсатын ескермеу деп айтқысы келеді.

Идлибидің бұл ойын ешбір тәпсірші ғалымның қолдайтынын байқай алмаймыз. Олар аталған аятты қалай түсінді? Аяттың тәпсіріне қатысты негізгі мәселелерді көлтірелік. Аятта діннен шыққан адамдардың бір тобы айтылады; олардың қатарынан мәжбүрленген кісінің жағдайы қағидадан тыс болып саналады; мәжбүрленген кісі екі халде болады: жүргегі иманнан тыныш таба тұрып, риддаға ашық түрде сөзбен немесе іспен барады; көңілдің қалауымен риддаға ашық түрде сөзбен немесе іспен барады. Мәжбүрленген халде көңілдің қалауымен риддаға барған кісінің үкімі өз еркімен діннен шыққанмен тең; күпірлікке мәжбүрленген адам иманын сақтаған мүмкін мұсылман болып саналады, сондай-ақ діни және дүнияуи тұрғыдан жауапқа тартылмайды. Идлибидің мұндай көзқарасына жауап ретінде Сәмин Халабидің (1355 қ.б.ж.): «Аяттағы «мәжбүрленген тұлғаның жағдайы бөлек» деп көрсетілген ерекше жағдай барлық діннен шыққандарға қатысты деген ой келуі мүмкін. «Жүргегі иманмен тыныш таба тұра» деген сөз оны растайды. Алайда мұның алды алынған жағдай...», – деп жазғанын келтіруге болады [185, 7 т., 290-291 б.].

**Муртадтың жазасы.** Ислам ғұламалары діннен өз еркімен шыққан кісінің өлім жазасына кесілетініне бірауыздан келіскең. Бұл қылмысты заманауи сарапшылар қазіргі таңда мемлекеттік сатқындыққа ұқсатады. Ал ридданың жазасына қатысты шешімді елдің басшысы немесе оның тікелей орынбасары қабылдайды. Екеуінен басқа ешкімнің мұндай шешімді қабылдауға құзыреті жоқ. Егер кімде-кім басшының шешімінсіз бұл жазаны өз бетінше жүзеге асыруға әрекет жасаса, занды үкіметтің тарапынан жазалануға тиіс [186, 208 б.]. Алайда муртад әйел жазасының үкіміне қатысты ғалымдардың көзқарасы негізгі екі бағытқа бөлінеді. Біріншіден, мәлики [106, 4 т., 304 б.], шафии [179, 13 т., 155 б.] және ханбали [112, 6 т., 174 б.] мәзһабтарының ғұламалары муртад әйел немесе ер кісі болсын тәубеге келіп, райынан қайтпаса, өлім жазасына кесіледі дейді. Негіздеме ретінде төмендегі хадистерді келтіреді: Алла елшісі (с.ғ.с.): «Кімде-кім дінін ауыстырса, өлтіріндер...», – деген [15, 8 т., 50 б.]. Хадистің мазмұны жалпы жағдайды мензеп тұр; Айша (р.а.) анамыздан риуаят етілген: «Ухуд ғазауаты кезінде бір әйел діннен шықты. Сонда пайғамбар (с.ғ.с.) әйелді тәубеге келтіруге бұйырды. Тәубе етпесе, өлтірілетінін ескертті», – деген хадис [187, 4 т., 128 б.]; Жәбир (р.а.) мына оқиғаны әңгімелейді: «Мединалық Үмму Маруан деген әйел исламды тәрк етті. Алла елшісі (с.ғ.с.) оған: «Исламды қайтадан жеткізуі тапсырды. Райынан қайтса, қайтты, болмаса өлім жазасына кесіледі», – деген [187, 4т.,128 б.]; Муғаз ибн Жабалды (р.а.) Иемен халқына жіберіп жатқанда оған Алла елшісі (с.ғ.с.): «Қайсыбір ер кісі ислам дінінен шығып жатса, оны қайтадан уағызда. Егер райынан қайтса, жақсы. Болмаса, көзін жой. Қайсыбір әйел ислам дінінен шығып жатса, оны қайтадан уағызда. Егер райынан қайтса, жақсы. Болмаса оның да көзін жой», – деп бұйырады [86, 12 т., 272 б.]. Әрине, бұл хадис муртад болған әйелді де жазалау қажеттігіне анық таяныш бола алады; Пайғамбардың (с.ғ.с.): «Мұсылман адамның үш себепте ғана қанын төгуге болады: .... иманнан кейін күпірлікке барса...», – деген хадисі [188, 2 т., 191 б.]. Бұл хадисте өлім

жазасының себебі – иманнан кейінгі айтылған күпірлік; Муртадты өлім кесімімен жазалау – Алла тағаланың құқығы. Бұл – жаза. Ер мен әйел зина жасау, ұрлық, шарап ішудің жазасы бойынша тең үкім болғанында, аталған қылмыстың жазасы бойынша да әйел мен ер кісі тең [174, 10 т., 109 б.].

Екіншіден, ханафи мәзhabының ғұламалары: «Муртад әйел өлім жазасына кесілмейді. Алайда қамауға алынып исламды қайтадан қабылдағанша немесе өз ажалымен өлгенше қабылдауға мәжбүрленеді», – деп тұжырымдайды [174, 10 т., 108 б.]. Бұл ұстанымдары бойынша ханафилер төмендегі негіздемелерге сүйенеді: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әйелдерді өлтіруге түбекейлі тыйым салған. Ол муртад кәпір әйел немесе бұрыннан кәпір әйел болсын, айырмашылығы жоқ. Абдулла ибн Омар (р.а.) мына хадисті жеткізеді: «Алла елшісі (с.ғ.с.) өзі қатысқан бір шайқаста әйелдің өлтірілгенін көрді. Сол кезде әйелдер мен балалардың жанын қиоға тыйым салды» [15, 4 т., 21 б.]; Рабах ибн Рабіф (р.а.) оқиға туралы әңгімелейді: «Бірде Алла елшісімен (с.ғ.с.) бірге жорықта болдық. Ол адамдардың бір жерге жиналып қалғанын көріп, себебін білу үшін бір кісіні жіберді. Ол өлтірілген әйелдің жанында жиналып тұрганын айтты. Сонда Алла елшісі (с.ғ.с.): «Ол әйел ғой, соғыспайды ғой», – деді. Жиналғандардың басында Халид ибн Уалид болатын. Бір кісіні жолдап, оған: «Халидке айт, әйел мен жұмысшыны өлтірмесін», – деп әмір етті» [45, 2 т., 258 б.].

Хадистерде әйелдерді өлтіру олардың қаупінен сақтану мақсатында ғана болатынын байқаймыз. Әйелдер де қылыш көтеріп шайқасқа түссе, олардың тарапынан қауіп төнеді. Ал әдетте әйелдер соғыспайды. Бұл мәселеде муртад әйел немесе бұрыннан кәпір әйел болсын айырмашылық жоқ. Демек, хадистегі «дінін ауыстырғанды өлтіріндер» деген әмір жауынгер болып соғысатындарға қатысты, яғни хадис мазмұны осылайша ер кісілермен шектеледі [174, 10 т., 109-110 б.]. Себебі Муғаз ибн Жабалды (р.а.) Иемен халқына жіберіп жатқанда Алла елшісі (с.ғ.с.) оған әйелдерді өлтірмеуге бұйырады. Хадистің мәтіні Табараниде былай деп келеді: «Қайсыбір ер кісі ислам дінінен шығып жатса, оны қайтадан уағызда. Егер райынан қайтса, жақсы. Болмаса көзін жой. Қайсыбір әйел ислам дінінен шығып жатса, оны да қайтадан уағызда. Егер райынан қайтса, жақсы. Болмаса тағы да тәубеге шақыр» [103, 20 т., 53-54 б.].

Бірінші көзқарастың иелері ханафи мәзhabының дәлелдерін төмендегіше сынайды. Жалпы шариғатта кәпір болған адамның жанын қиоға тыйым салынған. Бірақ бұл принцип ол діннен шыққаннан кейін оны өлім жазасына кесуге кедергі болмайды. Мысалы, шариғат кәпір қарияны, соқыр кісіні, монахты, созылмалы ауруға шалдыққанды өлтіруге тыйым салған. Алайда олар исламды тәрк етсе, өлім жазасына кесіледі. Демек, бұрыннан кәпір болған кісіні өлтірмейді, ал ридданың себебімен өлімге бұйырады; жалпы кәпір әйелді өлтіруге болмайды деген сөзді қабылдау қыын. Себебі соғыс кезінде жауынгер, сиқыршы, әскерді шабыттандырып тұратын патша әйел өлтіріледі; уа ханафилер, сендер бұрыннан кәпір болған әйелді шайқастан кейін қамауға бұйырмайсындар, керісінше оны олжа ретінде аласындар. Ал муртад әйелді қамауға бұйырасындар [174, 10 т., 109 б.]; бұрыннан кәпір болған әйелге өз

күпірлігін жариялауға рұқсат. Сондықтан оның қаны төгілмейді. Ал муртад әйелге күпірлікті жариялауға рұқсат емес. Бірақ оның қанын төгіле алу үшінде жауап береді: Кәпір қарияның, соқырдың, созылмалы ауру кісінің соғыс кезінде айттар пікірі мен ойы болса, өлтіріледі. Ал риддада адамның көзқарасы міндепті турде болады. Өз кожайындары секілді құлдардың да қаны төгіледі. Бірақ оларды құлдыққа алу, оларға берілген амандық іспеттес. Ал монахтық исламнан кейін болмайды. Себебі ислам дінінде оған тыйым салынған. Ол әйелдің жанын сақтауға кедергі болатын фактор жойылғандықтан, оны өлтіруге рұқсат етіледі; негізінде жауынгер, сиқыршы, патша әйелдің қаупінен сақтану үшін өлтіріледі. Бұл мақсат муртад әйелдің өмірін қимай-ақ, оны қамаумен, мәжбүрлеп ислам дініне қайтарумен орындалады; муртад әйелді қамау оның күпірлігі немесе жауынгерлігі үшін емес. Өзі жариялаған істен бас тартқан әрбір адамды қамап жазалауға болады. Ал соғыстан кейін әйелді құң етіп тұтқынға алғаннан кейін ол иесінің мұлкіне айналады; исламды қабылдағаннан кейін күпірлікке қайту, одан бұрын күпірлікте болудан ауыр дегенге келісу қыын. Себебі мұшрік араб әйелдің күпірлігі одан ауыр болса да, өлтірілмейді. Сол сияқты муртад әйел де аман қалдырылады [174, 10 т., 110-111 б.].

Екі тараپтың да уәжін талдағаннан кейін келесі қорытынды келіп шығады. Біріншіден, бұрыннан кәпір болған ер мен әйелдің жазасына қатысты айырмашылық шарифат мәтінімен бекітілген. Яғни қауіп төндірмейтін кәпір әйел соғыста өлтірілмейді. Бұл кейіннен пайда болған күпірлікке қатысты да сақталуға тиіс. Екіншіден, бұл мәселеге қатысты келіспеушіліктің өзі: «Кімдекім дінін ауыстырса, өлтіріндер...», – деген хадистің жалпыға қатысты еместігін білдіреді. Әбу Даудте келген хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): «Ол әйел ғой, соғыспайды ғой, – деп өлім жазасының себебін түсіндірген. Үшіншіден, негізінде, адам ісінің өтемі ақиretке қалдырылуы керек. Алайда бұл дүниеде қоғамның мұддесін, адам өмірін, ақылын, намысын, тегін және мал-мұлкін аман сақтау қажеттігі ескеріліп, кек алу, зинаның, ұрлықтың жазасы, т.с.с. кейбір үкімдер жүзеге асады. Сол сияқты оның өмірге төнетін қаупінен сақтану үшін муртад күпірлігі үшін емес, риддасы үшін өлім жазасына кесіледі. Ал әдетте әйелден мұндан қауіп күтілмейді [48, 6 т., 67-68 б.]. Жоғарыда айтылған негіздемелер мен уәждерді саралай келе, ханафи мәзhabының ұстанымы шарифаттың мақсаты мен ақылдың талабына жақындау көзқарас деп санаймыз.

**Муртадты тәубеге шақыру мәселесі.** Фиқһ ғалымдары діннен шыққан кісіні тәубеге шақыру (иститәбә) қажеттігіне өзара келіскең. Алайда олар мұның үкімі мен мерзіміне байланысты өзара пікір-таласқа түседі. Иститәбә термині адамнан тәубе етуді талап ету дегенді білдіреді. Тәубенің мағынасы – кісінің өз жасаған күнәсіне өкініп, одан қайтуы, оны қайтадан жасамауы. Муртадтың қателіктерін түсіндіре отырып, тәубеге шақыру [7, 2 т., 78 б.]. Тәубеге шақыруда шарифат үкіміне қатысты негізгі екі пікір бар. Соның

біріншісі, ханафилер [47, 6 т., 378 б.], шафиғилер [189, 4 т., 177 б.] және имам Ахмад бір сөзінде [175, 12 т., 266-267 б.] муртадты тәубеге шақыру мустахаб – іс, міндетті емес дейді.

Бұл топтың негіздемелері: аяттар мен хадистегі муртадты өлім жазасына кесуге қатысты келген әмірлер шектеусіз айтылған. Тәубеге шақыру туралы нақты сөз жоқ. Бұл тәубеге шақырудың міндетті (үәжіп) еместігін көрсетеді [190, 3 т., 284 б.]; Муғаз ибн Жабал (р.а.) бірде Әбу Муса Ашғариге (р.а.) келеді. Оның алдында бір кісі байлаулы жатыр екен. Ол: «Мынау кім?» – деп сұрайды. Ол: «Яңуди еді, қазір исламды қабылдады. Сосын өзінің дініне қайтып яңуди болып кетті», – деп жауап берді. Сонда Муғаз: «Алланың және Алла елшісінің (с.ғ.с.) әмірімен бұл өлтірілмегенше, отырмаймын», – деп үш рет қайталады. Содан кейін оны өлім жазасына кеседі [15, 8 т., 49 б.]. Муғаз (р.а.) діннен шыққан яңудиді тәубеге шақырмай-ақ, өлім жазасына кесуге бұйырды. Әбу Муса (р.а.) мұны естіп тұрса да, қарсы болмады. Демек, тәубеге шақыру үәжіп емес. Егер үәжіп болғанда Әбу Муса үндемей келіспеген болар еді; кәпірге исламды таныстырып ұсынғанда, оған дағуатты жеткізу – мақсат. Ал муртадқа діннің хабары жетіп қойған. Діннің хабары оған жеткен адамға, қайтадан дін туралы айту міндет емес, жайғана мустахаб болып саналады; егер муртадты тәубеге шақыру міндетті іс болғанда, одан бұрын оның қаны қорғалған болуға тиіс еді. Олай болмағандықтан, мустахаб болып саналады [179, 13 т., 158 б.].

Екінші көзқарастың иесі – мәликилер, ханбалилер муртадты тәубеге шақыру міндетті уәжіп амал дейді. Бұған келесі негіздемелерді келтіреді: Алла елшісі (с.ғ.с.) Үмму Маруанға исламды қайта уағыздауды бұйырды. Райынан қайтпаса, жазалауға тапсырды [175, 12 т., 268 б.]; Имам Мәлік «Муаттада» хазіреті Омардың (р.а.) муртад адамды үш күн уақыт күтпей, тәубеге шақырмай тұрып өлім жазасына кескен кісіні жазғырғанын келтірген [191, 4 т., 1066 б.]. Егер тәубеге шақыру уәжіп болмағанда, Хазіреті Омар олардың ісін жазғырмас еді. Мұны білген сахабалардың ешбірі өзге ой айтпады. Демек, үндемей келісілген ижмағ үкімі іспеттес [175, 12 т., 268 б.]; «Тәубе» сүресінде: «Егер олар тәубеге келсе, намазды орындаса, зекетті берсе оларға тимендер, қоя беріндер...» [5, 9:5], – деген аят келеді. Аяттың мазмұны жалпы сипатта. Кәпірлердің барлығына қатысты. Сол сияқты кейіннен күпірлікке барған адамды – муртадты да қамтиды. Қашан тәубесі анықталған кезде, оларды қоя беруге бұйырған [157, 12 т., 270 б.]; мұсылман емес дүшпан елдің өкілдерімен соғысадан бұрын оларды исламға шақыру – міндет. Муртадтың жағдайы осымен теңестіріліп, тәубеге шақыру – уәжіп; муртадтың жазасының мақсаты – оның риддасын қофамнан жою. Ал оны тәубеге шақыру сол мақсатты жүзеге асырады. Сондықтан тәубеге шақыру бірінші міндет болып саналады [179, 13 т., 159 б.]; ридда көп жағдайда адамның санасында пайда болған күмәнді көзқарастың себебінен туындейды. Егер ол күмән сейілсе, ол адам исламға қайтады. Оны түзету мүмкіндігін қарастырмай тұрып, жазалауға болмайды [186, 5 т., 322 б.].

Екі таралтың уәжі мен негізdemесін талдай келе, соңғы таралтың көзқарасы адам жанын сақтауға және қорғауға көбірек кепіл болады деп санаймыз. Себебі жер бетіндегі ең құнды әрі құрметті жаратылыс – адам баласы. Адам баласының өмірін, мал-мұлкін, ақылын, ұрпағын, дінін сақтау шарифаттың негізгі мақсатына жатады. Аталған тақырыпқа қатысты «ислам шарифаты бойынша муртад адам құпірлігі үшін өмірін қиоға кесіледі ме, әлде жай қылмысы үшін бе» деген сұрақ туындаиды. Асылында, ислам дініндегі жаза – қылмыскердің күнәсін жуатын, кешіруге себеп болатын каффарат. Бірақ муртадтың жағдайы басқа, ол тек қылмысы үшін емес, құпірлігі үшін жазаланады. Оның шарасы күнәсін кешіруге себеп болмайды.

## **2.2 Мәтуриди мектебі: құпірлік – «нас» пен «ижтиһад» арасындағы діни үкім ретінде**

Бұгінгі таңда әлемде және елімізде белгілі деңгейде белен алған «такфиризм» құбылысының діни-идеологиялық тұғыры дәстүрлі сұнниттік исламға кереғар харижи және мутазилә сана және ілім екені даусыз. Бұл сұннит доктринасына да, Қазақ елінің дәстүрлі діни дүниетанымына да – түбегейлі сәйкеспейтін діни сана және ілім. харижи және мутазилә санадан бастау алған діни радикализм мен экстремизм ислам тарихында мұсылмандар арасында алауыздық туғызумен қатар, қақтығыстар мен қанды оқиғалардың орын алуына тұрткі болғаны белгілі. Сонымен қатар мұндай аса қауіпті үрдістің кейінгі буын мұсылмандарға да азды-көпті әсер еткені сөзсіз. Қазір кейбір діни топтар мен ұйымдардың «нео харижи» деп аталуының өзі – соның айғағы. Мұның ең басты себебі олардың сенім мәселесіне келгенде алғашқы харижилер сынды «кім кәпір?» деген сауалды алдыға тартып, өздерімен пікірлес, сенімдес болмаған мұсылмандардың бәрін жаппай кәпір санауы, сондай-ақ оларды өз бетінше мұсылмандық құқықтан айырып, қаны мен мал-дүниесін өздеріне адал санауы еді. Өкінішке орай, санасы харижилік идеологияға уланып, өздерін ғана кәміл мұсылман, өзгелерді жаппай кәпір санайтын радикалды ұстанымдағы жекелеген тұлғалар мен топтардың әр жерде лаң салып жүргеніне күә болудамыз. Тіпті олардың кейбір геосаяси күштердің қолшоқпary мен ойыншығы болып жүргенін де айтып жүрген діни-саяси сарапшылар бар. харижилер мен мутазилә «үлкен күнә» және «иман» мен діндегі амалдар мәселесіне қатысты радикалды пікірлерін алға тарқанда көбіне-көп соғыс жағдайында немесе белгілі себептерге қатысты тұсken Құранның әр жеріндегі жекелеген аяттарына жүгінетін еді. Сол себепті Мәтуриди де аталған екі топтың көзқарасын терістегенде солардың әдісін қолданып, негізінен Құран аяттарына сүйенді. Алайда Мәтуридидің олардан ең айқын ерекшелігі – Құранды сүрелері мен аяттары арасында тығыз байланыс болған бір тұтас иләhi кітап ретінде қолға алып, Құранды Құранмен пайымдауы, яғни Құран аяттарын Құран пәлсапасына сай интерпретациялауы еді [192, 145 б.].

Ислам тарихында ең алғаш харижилер тарапынан көтерілген үлкен күнә және құнәхар (муртакиб әл-кабира) мәселесі негізінде туындаған «иман» мен діндегі амалдардың арақатынасы әрі «иман» ұғымына қатысты өзге де мәселелер ислам каламының өзекті тақырыбына айналды. Бұған дейін де айтылғандай, харижилер мен мутазилә адамға ішкі сенімінен ғөрі, сыртқы іс-әрекеттеріне қарап баға беретін болған.

Олардың түсінігі бойынша адамның нағыз кәміл мұсылман болуы үшін жүректегі сенім/иман жеткіліксіз, жүректегі иманмен бірге, соған лайық іс-әрекеттердің/амалдардың болуы және құнәлардан тыйылу. Сондықтан да олар діндегі амалдар мен үкімдерге, яғни діни тәжірибеге ерекше мән берді. Бұл, әрине, сұнниттік сенімге негізделген дәстүрлі ислам/дәстүрлі дін түсінігіне түбекейлі қайшы келеді. Осы құбылыстың нәтижесінде ғалымдар теологиялық тұрғыдан «иман» мен «амал» ұғымдарының арақатынасын айқындауға кірісті.

Алдыңғы буын кәләмшылар исламдағы «ауыр құнә» түсінігіне толыққанды талдау жасамаған еді. Олар мұны белгілі бір деңгейде ашылмаған күйде қалдырыды. Олар өздерінің бар күшін мұсылман ұмбетінің арасындағы «ауыр құнә» жасаған тұлғаның шаригаттағы жағдайын анықтауға салды. Атап айтқанда олар «ауыр құнә» ұғымы емес, ауыр құнә жасағандардың (муртәкиб әл-кабира) мәселесіне назар аударды. Негізі оларды мазалаған сұрақ мынау болатын: Ауыр құнә істеген мұсылман адам шынымен мұсылман болып қалады ма?! Егер олай болмаса, оны сенім-иман тұрғысынан қайсы санатқа жатқызымыз?!

Ауыр құнә жасаған мұмін мәселесіне қатысты мұсылмандар арасында әртүрлі көзқарастар болды. Нәктырақ айтқанда, ислам теологиясы тарихының алғашқы кезеңдерінде жазасы ауыр құнәхарға қатысты жалпы алғанда төрт түрлі көзқарас қалыптасты: Ауыр құнә жасаған мұмін – кәпір, тіпті мұшрік болады (харижилердің көзқарасы); мұсылман, мұмін болып қалады (муржия және әһлу сұнна/әһлу хадис, мәтуридилер және ашғарилердің көзқарасы); мұсылман да емес, кәпір де емес, екеуінің арасындағы өз алдына бөлек категорияға жатады (мутазилә көзқарасы); мұнафық болады (Хасан Басридың көзқарасы). Харижилер жалпы алғанда ауыр құнә жасағанның барлығын бірдей кәпірге шығарады, қажет болса, ауыр құнәні қойғанда кішкентай құнә жасаған адамның өзін кәпірге жатқызуға дейін барды [193, 121 б.]. Солай бола тұра Изутсу мұндағы көзқарасты харижилердің бәріне бірдей телу дұрыс емес деген пікірді айтады. Себебі харижлер тобының барлығы бұл мәселеге қатысты бірдей ұстанымда болмағаны тарихтан мәлім [77, 57-60 б.]. Ал харижи көзқарасына керегар муржилік доктринасын айтсақ, «ауыр құнә жасаған мұсылман иманы бұзылмаған кәміл мұмін, мұндағы адам өмірінде ешбір ізгі амал істемеген және бірде-бір жамандықтан тосылмаған болса да нәтиже өзгермейді» [194, 4 т., 229 б.]. Негізі үлкен құнә жасаған мұсылман адамның мәселесіне қатысты муржилік доктрина харижилік ұстанымға қарсы пайда болған төзімділік пен толеранттылықтың көрінісі еді. Дегенмен алғашқы кезде бұл доктринаның теологиялық мәніне қарағанда, саяси маңызы басым болды.

«Иржа» доктринасының негізгі мәні арнайы бір субъектінің мүмін немесе кәпір екеніне қатысты берілетін «кесілген үкімді кешіктіру немесе тоқтата тұру» дегенді білдіреді. Алғашқы кезде бұл доктрина әділетсіз танылған саяси билік өкілдерін құпірлікке қатысты айыптауғақарсы болуды немесе мұндай мәселелерге мұлде араласпауды білдіретін еді. Муржиялар осы ұстанымдары үшін қарсыластарының қатаң сынына ұшырады. Уақыт өте келе муржилік көзқарасы тек кәләми-ақиди сипатқа ие бола бастады. Нақтырақ айтқанда, муржиялар «иржа» (үкімді кешіктіру, шегеру немесе тоқтатып қою) ұстанымын негіздеу әрі нақтылау үшін жүйелі түрде «иман» ұғымының түпкі мәні мен болмысына (хақиқат әл-имән) қатысты өздеріне тән жеке теория қалыптастырып дамытты. Харижилермен салыстырғанда муржиялар анағұрлым парасатты әрі талдау жасау қабілеті жоғары теоретиктер болатын. Осылайша, олар ислам теологиясының негізін қалады [77, 60-61 б.].

Мутазиләнің ауыр күнә жасаған мұсылманға қатысты ұстанымы «әл-мәнзилә бәйнә әл-мәнзиләтәйн» (бір-біріне керекар екі санат арасындағы тәуелсіз жағдай) деген тезиске сүйенетіні белгілі. Яғни мутазиләнің көзқарасы бойынша ауыр күнә жасаған кісі мүмін де, кәпір де емес, екеуінің ортасынан орын алатын өз алдына бөлек үшінші санатқа жатады. Басқаша айтқанда, ауыр күнә көп жасаған мүмін тұлға иманынан айырылады, алайда толық кәпір болып саналмайды. Ендеше оған мүмін немесе кәпір деп емес, «пасық» деп айтылады. Егер ауыр күнә арқалаған «пасық» бұл дүниеден күнәсі үшін тәбуеге келмей өтетін болса, тозақта мәңгі-бақи азапталады. Мутазилә ауыр күнә жасаған тұлғаға қатысты мұндай біржакты үкімді Құран Кәрімдегі күнәхарларға қатысты айтылған қатаң ескертуді білдіретін аяттарға (әяэт әл-уәғид) сүйеніп шығарған [193, 124 б.]. Харижилер мен мутазиләнің ауыр күнә жасағанға берген атауы түрлі болғанымен, нәтиже тұргысынан алып қарағанда екеуінің тұжырымдары бірдей. Мутазилә күнәсі ауырларды харижилер сияқты кәпірге шығармаса да, тәубеге келмеген жағдайда ақиредтегі жазасының мәнгілік тозақ азабы болатынын алға тартып, харижилердің ұстанымын қолдауда. Ал күнәсі ауыр (пасық) мүмін де, кәпір де емес, мунафика дейтін топтың байламы мутазиләнің ұстанымына ұқсайды. Мутазилә да күнәсі ауырды мүмін немесе кәпір деп емес, «пасық» деп атап, екеуінің ортасындағы тәуелсіз санатқа жатқызған болатын. Ауыр күнә жасағандар мұнафика деген түйінді ең бірінші болып айтқан алғашқы буын мұсылмандарының маңдайалды өкілі әрі белгілі ойшил, тақуа ғалым Хасан Басри (642–728) еді. Бұл көзқарас ислам шариғаты тарихының ерте кезеңдерінен бастап Хасан Басриге қатысты болып келді.

Дегенмен профессор Ханс Риттердің пайымдауынша, бұл тезис Хасан Басри тарапынан емес, одан кейінгі кәләмшылардың тарапынан, тақуа ойшилға тән «діндар адам» ұғымы негізінде алға тартылған болса керек. «Діндар адам» түсінігі – Хасан Басридің терең, ауқымды діни тәжірибесі мен білімінен туындаған ұғым. Әhl әл-хадис, мәтуридилер және әшғарилерден құралған сұнниттердің ауыр күнә жасаған мүміннің жағдайына қатысты ұстанымын Ләмиши былай баяндайды: «Мүміндерден ауыр күнә жасағандар егер күнәні

адал деп есептеп (мустахиллән), күнәдан қайтарушыны елемей, менсінбей (мустахиффән) немесе оған әдейі қасарысып, қарсы шығу мақсатында (ғала қасдый әл-ғисян) жасаса, ондай күнәһар пенде Аллаға құпірлік еткен болады. Ал егер күнәға нәпсікүмарлыққа бойалдыру, жалқаулық, ашу-ыза, тараптарлық немесе тәкаппарлықтан баратын болса, сондай-ақ күнәһар жасаған күнәсі үшін Алланың өзіне беретін жазасынан іштей қорқатын әрі оның рақымынан, кеңшілігінен үміттенетін болса, онда оның аты күнәһар мүмін (мүмин фәсик) болады. Оның үкімі егер тәубе етсе, күнәсі кешіріледі, ал егер тәубе етуден бұрын қайтыс болса, жағдайы Алланың қалауына байланысты болады. Қаласа, шексіз шарапатымен, мейірімімен немесе пайғамбардың (с.ғ.с.) немесе әулие құлдарының шапағатымен оны кешіреді, қаласа, (әділдігімен) жасаған күнәсі мөлшерінде азаптап, кейін жаннатқа кіргізеді» [193, 121 б.]. Ләмишидің бұл көзқарасы имам Мәтуридидің үлкен күнә жасаған мүмінге қатысты тұжырымына толықтай сай келеді [195, 5 т., 153 б.].

Мәтуридидің ауыр күнә жасаған мүмін (мұртакиб әл-қабира) мәселесіндегі көзқарасы одан бұрынғы ханафи мәзһабы ғалымдарының пікірлерімен толық сәйкес келеді. Алайда ол бұл мәселеде қалыптасқан ханафиттік доктринаны қайталап қана қоймайды. Ол өзіне тән ғылыми-полемикалық тәсілмен бұл мәселеге қатысты қалыптасқан доктринаны нақылға (насс) және ақылға негізделген дәлелдермен қуаттап, қарсыластарының ұстанымдарын терістейді. Мәтуридидің бұған қатысты басты оппоненттері мутазилә мен харижилер екені белгілі. Мәтуриди (852–944) «Китәб ат-таухидтің» ақырғы екі тақырыбын осы мәселелерге, яғни үлкен күнә жасаған мүмін (мұртакиб әл-қабира) мәселесі мен «иман» мәселелеріне арнаған. Бұл еңбегінде ханафиттік доктринаны қуаттап, оппоненттерінің көзқарастарын теріске шығарғанда ең алдымен Құран аяттарына жүгінген, содан кейін рационалдық сипаттағы дәйекті дәлелдерге де сүйенген. «Китәб эт-тауилат» кітабында да дәл осы тәсілді қолданып отырған.

Мәтуридидің аталған еңбектеріндегі ауыр күнә жасаған мүмінге қатысты тұжырымдарынан, оның өзара тығыз байланысты үш тезисті немесе принципті басшылыққа алғанын көруге болады.

Мүмін құпірлікке жатпайтын қандай ауыр әрі үлкен күнә жасаса да иманынан айырылмайды, мүмін болып қалады [195, 1 т., 421-422 б.]. Бұл принцип бойынша, ханафилердің басты қарсыластары – харижилер мен мутазилә. Алғашқы топ ауыр күнә жасаған мүмін кәпір болады деп тұжырымдаса, соңғысы иманынан айырылады, бірақ кәпір болмайды, иман мен құпірліктің арасындағы орынды алады деп айтқан [195, 2 т., 452-453 б., 4 т., 57 б.];

Екінші тезис бірінші принципке негізделеді. Егер мүмін ауыр күнә жасаған жағдайда иманың шенберінен шықпайтын болса, онда ол ақиредте күнәсінің жазасы ретінде тозаққа кіріптар болған күннің өзінде онда мәңгілікке қалмайды. Өйткені мәңгілік азап кәпірлерге ғана беріледі [195, 2 т., 113-114 б.];

Алдыңғы екі тезистен үшінші принцип келіп шығады. Егер күнәхар мүмін иманнан шықпайтын әрі мәңгілік азап шекпейтін болса, онда ол күнәхар мүмін ретінде пайғамбардың (с.ғ.с.) шапағатынан үміт етуіне болады. Бұл тұжырым да харижилер мен мутазиләнің ұстанымына қайшы болады. Өйткені олар пайғамбардың (с.ғ.с.) шапағатына тек кішкентай күнә жасаған мүміндердің ғана лайық болатынын алға тартты, тіпті шапағатты мұлдем жоққа шығаруға дейін барған [196, 3 т., 359-361 б.; 9 т., 272-273 б.].

Мәтуридидің жазасы ауыр күнәхарға қатысты ұстанымын білдіретін осы үш тезис пен принципті «Китәб әт-тәуиләт» еңбегінде қалай дәйектеп, негіздегенін көрейік. Мүмін күпірлікке жатпайтын қандай ауыр әрі үлкен күнәға барса да иманнан шығарылмайды. Яғни Аллаға иман келтірген адам күнә жасаған жағдайда күнәхар деп аталса да, жүргегіндегі шынайы сеніммен қол жеткізген мүмін атынан айырылмайды. Мәтуриди бұл тұжырымды дәйектеп, негіздеу үрдісінде Құран аяттарына жүгінген.

Мәтуриди Құранда мұсылмандарға қарата айтылған: «Сендерге не көрінген?! Жазықсыз жапа шеккен әлсіз, шарасыз бір топ ер, әйел және бала-шаға үшін Алла жолында неге соғыспайсындар?!» [5, 4:75] және «Уа, иман келтіргендер, сендерге не көрінген?! Сендерге: «Алла жолында (Тәбукке) жаппай аттанындар», – делінгенде, дүниеге алданып, бейне бір жерге жабысып қалғандай отырған жерлеріңнен қимылдамадындар. Әлде ақиretke қарағанда дүниенің тіршілігіне разы болып, соны артық көрдіңдер ме?!» [5, 9:38] – деген сияқты қатаң сөгісті білдіретін аяттардың тәpsіrінде былай деген: «Негізі мұндай аяттар мұсылмандардың діндегі маңызды бір мәселеге қатысты немқұрайлық танытуына сөгіс ретінде түсірілген. Десек те мұндай қатаң сөгісті қамтитын аяттар оларды мүмін деген атаудан айырмайды. Оларға (сол кезде) Алла жолында соғысу міндет еді. Ал бұл аят ауыр күнә жасаған адамды бірден иманнан/діннен шығаратындардың сөзін құптамайды» [195, 3 т., 256 б.].

Жоғарыдағы аятта мүміндер Алланың алдында қаншалықты айыпты болса да, Жаратушы тағала оларға «уа, иман келтіргендер» деп үндеу тастайды. Егер күнә жасау арқылы мүмін иманнан шығарылатын болғанда оларға аяттағыдай «мүмін» деген атау айтылmas еді.

Кісі өлтірудің қай дінде болмасын ауыр күнә екені мәлім. Соған қарамастан Алла тағала Құранда кісі өлтіргендерді де «мүміндер» деп атайды. Кісі өлтірген күнәхар мен өлтірілген адамның жақындары арасында діни бауырластықтың сақталатынын жеткізеді. Мұны «Уа, иман келтіргендер, кісі өлтіруде сендерге қысас (яғни қанға қан, кек алу ұстанымы) жүктелді», – деп басталатын аяttan анық көруге болады. Мұнда кісі өлтіргеннің бұл дүниедегі жазасының «кек алу», яғни қанға-қан ұстанымы екенін білдіріп, артынша кісі өлтірген мұсылманға қатысты: «Ал кімге бауыры (яғни өлген мұсылманның мұрагері, туысы) кешірім берсе, кінәлі тарап (өлген кісінің) құнын оның жақындарының көңlінен шығатындей етіп өтесін» [5, 2:178], – делінген. Мәтуриди бұл аятты былайша түсіндіреді: «Бұл аят үлкен күнәнің иман атауын (исм әл-имән), яғни мүмін деген атты жоя алмайтынына дәлел. Өйткені Құран

кісі өлтірген қылмыскерді өлген мұсылманның мұрагерімен ет жақын туыстығы болмаса да оның бауыры деп атаған. Бұл діндегі бауырластықты білдіреді. Сондай-ақ Алла: «Егер мүміндерден екі топ өзара соғысса, уақыт созбай араларын жарастырындар. Ал егер олардың бірі екіншісіне жөнсіз шабуыл жасаса, онда шабуыл жасаған топқа қарсы соғысындар, осылайша шабуыл жасаған топ Алланың үкіміне бойсұнғанға дейін оларға қарсы бірігіп шайқасындар. Егер райынан қайтып, Алланың үкіміне токтаса, онда уақыт өткізбей екі топтың арасын әділ түрде жарастырындар әрі әркез әділетті болындар» [5, 49:9] деген аятында да мұсылмандарға шабуыл жасау және қан төгу ісінен кейін де оларды мүмін деген атаудан айырмаған. Бұл – ауыр күнә жасаудың мүмінді иманнан шығармайтындығының дәлелі. Сәйкесінше бұл мутазиләнің сөзін теріске шығарады. Өйткені олар: «Кімде-кім ауыр күнә жасайтын болса, сол күнәсі оны иманнан айырады», – деп түйіндейді [172, 1 т., 39 б.].

Жоғарыда «қысас» аятынан көргеніміздей шарифтта белгіленген «хад» немесе «қысас» – жасалған күнәнің өтемі. Яғни Алла тағала қысасты кісі өлтірген адамның күнәсінің төлемі қылған. Өтемі ретінде арнағы «хад» жазасы белгіленген өзге күнәларда да солай. Ал күпірліктің қайтарымы жоқ. Сондықтан да адамның қанын төгу сынды үлкен күнә жасаған мұсылман өзіне жаза ретінде берілетін «қысас» немесе құн төлеу арқылы күнәсін жуады, мүмін деген аятынан айырылмайды. Міне, осындай Құран аяттары ауыр күнә жасаған мүміннің діндегі статусының өзгермейтіндігін анық көрсетеді.

Екінші принцип. Күнәһар мүмін бұл дүниеде жасаған күнәлары үшін ақиремте азапқа душар болған күннің өзінде кәпірлер сынды мәңгі-бақи жазаланбайды. Жасаған күнәсі мөлшерінде қинау көрген соң жүрегіндегі иманы себепті жұмаққа кіреді. Бұл қағиданы да растап, қуаттайтын Құран аяттары баршылық:

«Бақара» сүресінің 217 аятында: «Олар сенен харам (қасиетті) айларда соғысадың үкімі жайлы сұрайды. Оларға: «Ол айларда соғысу үлкен күнә», – деп айт. Алайда ел-жұртты Алланың жолынан қақпайлау, Аллаға күпірлік қылу және (мүміндерге) Харам мешітін зиярат етуге тыйым салу һәм (Харам мешітінің) халқын ол жерден қызып шығару Алланың алдында одан да ауыр күнә», – деп айтылған. Мәтуриди бұл аятың тәспірінде жазасы ауыр күнәһардың мәңгі-бақи тозақта қалатынын алға тартатын мутазиләға былай деп жауап қатады: «Бұл аят мутазиләнің көзқарасын құптамайды. Мұнда (Алла) соғысты/кісі өлтіруді (ауыр күнә ретінде) тілге тиек етіп, күпірлікті одан да ауыр күнә қылған. Егер соғыс/кісі өлтіру дәл күпірлік сияқты тозақта мәңгі-бақи қалуды міндетті қылатын күнә болса, онда екеуі бірдей дәрежедегі күнә болар еді (яғни екеуінің арасында ешқандай айырмашылық қалмас еді), мұнданда жағдайда күпірлік соғысу мен кісі өлтіруден ауыр күнә болмайды (ал аятта күпірліктің соғысып, кісі өлтіруден де ауыр күнә екені анық айттылған). Олай болса, ауыр күнә дәл күпірлік сияқты тозақта мәңгі қалуды міндетті қылмайды» [195, 2 т., 113-114 б.].

Алла тағала Құранда мысқалдай болса да жақсылық жасаған адам істеген ізгілігінің қарымын міндетті түрде алады деген [5, 99:7]. Ал мутазиләнің пікірінше, ауыр құнә жасаған мүмін күнәсінің жазасы ретінде мәңгі-бақи тозақта қалады, демек, ол жасаған жақсылығының бірде-бірінің сауабын көре алмайды. Бұл көзқарас Құранға және ондағы Алланың пенделеріне берген уағдасына қайшы келеді. Осыған орай, Мәтуриди «Алланың разылығын көздең, бұл дүниеде өздерің үшін қандай да бір жақсылық жасап, (акыретке) жолдасаңдар, соны Алланың дәргейінен міндетті түрде табасындар» [5, 2:110] деген аяттың тәпсірін белгіліктердің: «Бұл аят мутазиләнің сөзін терістейді. Өйткені олар: «Қандай да бір ауыр құнә жасаған адам намаз оқыса, зекет берсе, Алла жолында курессе, Алланың үйіне барып, қажылық парызын өтесе және тағы басқа көптеген игілікті іс істесе де жасаған сол иғі амалдарының қарымын ала алмайды. Ал істеген жамандықтарының өтеуін толық алады», – деп айтады. Бұл, әрине, әл-Кәрим және әл-Жәууәд (кең, кешірімді, мейірбан) болған Алланың ісі емес. Алла өзін (мутазилә айтқанындай) сипаттап танытқан да емес. Керісінше Алла өзін олардың сипаттағанына қайшы мағынада сипаттап, танытқан. Ол (мүміндер жайлы) былай деген: «Міне, олар – сондай ізгі жандар, Біз олардың істеген иғі амалдарын қабыл алышп, қарымтасын ең иғі істеріне қарай қайтарамыз һәм күнә-қателіктерін толық кешеміз» [5, 46:16]. Ал мутазилә болса, Алла олардың (яғни күнәхар мүміндердің) жасаған жақсылығын қабыл алмайды және күнәларын кешпейді дейді. Олардың мұнысы – сөзде шектен шығу» [195, 1 т., 539 б.].

Байқағанымыздай, Мәтуриди ауыр құнә жасағандарға қатысты екінші принципті Құран аяттарының әзгегетикасы негізінде дәйектеп қуаттағанда бәрінен бұрын мутазиләнің ұстанымын нысананаға алған. Мұның себебі мутазиләнің ауыр құнә жасаған мұсылманды харижилер сияқты кесімді түрде кәпір деп атамастан, тозақта мәңгі қалады деген пікірді алға тартуы еді. Сондықтан олардың бұл ұстанымы көптеген аяттың астарлы мәнін айтпағанда, тұра мағынасының өзіне үйлеспейді. Мәтуриди тиісті аяттардың тәпсірінде осы қайшылыққа, яғни мутазиләнің бұл тұжырымының қисынсыз екеніне баса назар аударған.

Ушінші қағида шапағат мәселесіне қатысты. Жалпы шапағаттың хақ екені Құран мен хадистерден белгілі. Сондықтан бұл мәселе төнірегінде мұсылмандар арасында келіспеушілік жоқ деуге болады. Негізі шапағат ұғымының өзі күпірлікten өзге күнәлардың кешірілуінің мүмкін екенін білдіреді [198, 535 б.]. Дегенмен шапағат мәселесіне қатысты талас оның басқа қырына қатысты, нақтырақ айтқанда, «оған кімдер лайық болады» деген мәселе төнірегінде өрбіген. Ауыр құнә мәселесіндегідей бұл мәселеде де сунниттердің басты оппоненттері мутазилә мен харижилер болды.

Мутазиләнің көзқарасы бойынша, шапағатқа тек ауыр құнәдан ада болған немесе ауыр құнәсі үшін тәубе еткен шынайы мүміндер ғана лайық болады. Олар бұл пікірді алға тартқанда мына аятқа жүгінген: «Ғаршыны арқалаған және оны айнала қоршағандар (періштелер) Раббыларына мадақ айтады, Оған

кәміл сенеді және иман келтіргендер үшін Одан кешірім тілеп, былай дейді: «Уа, Раббымыз! Сениң шексіз рақымың мен ілімің барлық нәрсені толық қамтыған! Олай болса, тәубеге келіп, Өзіңнің жолыңа тұскендерді кешіре гөр, оларды жаһаннам азабынан сақтай гөр!» [5, 40:7]. Мутазиләнің айтуынша, бұл аятта періштерек тек тәубеге келген әрі Алланың жолына тұскен шынайы мүміндер үшін ғана Алладан кешірім тілеп, шапағат сұрауда. Егер бұл дүниеде шапағатқа тек тәубеге келіп, Алланың жолына тұскен шынайы мүміндер ғана лайық болса, демек, ақиредте де шапағатқа тек солар ғана лайық [195, 2 т., 236 б.].

Мәтуриди олардың бұл уәжіне былай жауап қатады: «Біздің көзқарасымыз бойынша, шапағат тек қана күнәхарларға арналады. Өйткені күнәдан пәк адам шапағатқа мұқтаж емес» [195, 2 т., 236 б.]. Сонымен қатар Мәтуриди періштердің: «Тәубеге келіп, Өзіңнің жолыңа тұскендерді кешіре гөр», – деген дұға-тілегінің бір мәні «Аллаға серік қосудан (күпірліктен) тәубе етіп, дініңе ергендерді кешіре гөр» деген мағынаны білдіреді деген [195, 9 т., 7 б.]. Яғни мұнда мутазилә айтқандай күнәлардан емес, күпірліктен тәубе ету мензелуде. Егер осы тәпсірді негізге алсақ, онда мутазиләнің «шапағат тек ауыр күнәдан ада мүміндерге ғана арналады» деген көзқарасының қисынсыз екені өздігінен анықталады. Мәтуриди «Китәб ат-таухид» және «Китәб эт-тәуиләт» атты еңбектерінде күпірлікке жатпайтын ауыр-женіл қунә жасаған мүміннің иманынан айырылмайтынын Құран әзгегетикасы және хадистер негізінде дәлелдеумен қатар, ақылға негізделген қисынды дәлелдермен де қуаттауға тырысқан.

Күпірлікке жатпайтын қунә белгілі бір уақыт шеңберінде ғана, яғни белгілі бір уақыт ішінде бірқатар психологиялық факторлардың салдарынан, соның ішінде нәпсікүмарлыққа бойалдырудың нәтижесінде жасалады. Демек, оған берілетін жаза да шектеулі болуы керек. Ал күпірлікке келсек, ол – бәрінен бұрын мызғымас берік сенім. Сенім белгілі бір уақытта шектелмейтін, үздіксіз жалғасатын ұғым болғандықтан оған берілетін жаза да шексіз болуға тиіс [195, 3 т., 202-203 б.];

Шарифатта үкімі тыйым салынған істер мен нәрселердің кейбір зәру жағдайларда харам деген шешімі уақытша жойылуы мүмкін. Ал күпірліктің өзі харам (харам ли ғайнин) болғандықтан оның үкімі әсте жойылмайды. Сондықтан оның тәубесіз кешірілуі мүмкін емес және жазасы да соған лайық болады [198, 581 б.].

Мәтуриди қунә жасау мәселе сінде адамның психологиясын, жаратылысы мен табиғатын да ескеру керектігіне баса назар аударған. Өйткені адам баласының табиғаты қунә-қателікке бой алдыруға бейім келеді. Дегенмен шынайы мүмін қунә жасағанда немесе өз міндептін толық орындаған алмаған жағдайда Алладан іштей қорқады, қобалжиды, жан дүниесін үрей билеп, іштей мазасыз күй кешеді. Сонымен қатар мүмін қандай қунә болмасын негізінен білмestікпен, нәпсікүмарлыққа бойалдырғандықтан, яки қунәнің артынша тәубе етемін деген байламмен немесе Алланың шексіз мейіріміне, шарапаты

мен кешіріміне үміт артқан күйде болады. Қандай себеппен жасаса да, артынша іштей өкініп, тәубеге келеді [195, 3 т., 202-203 б.; 5 т., 153 б.; 7 т., 260 б.].

Сұнниттік бағыттағы мәзhabтардың барлығы «ауыр күнә» жасаған мүмін мәселесінде ортақ ұстанымда. Ешбірі күнәхар мүмінді иманнан айырмайды. Арапарында «иман» ұғымының түпкі мәні мен ақиқатына және өзге де «иман» мәселелеріне қатысты әртүрлі, тіпті бір-біріне керегар көзқарастар болса да, үкімі ауыр күнә мәселесіне келгенде бәрінің ұстанымы – бір. Бұл да өз кезегінде харижилер мен мутазилә ұстанымының қате әрі дәстүрлі исламның діни-идеологиялық тұғыры болған сұнниттік доктринаға түбекейлі қайшы екенін көрсетеді.

Ислам құқығы негіздерінің мамандары «Мәтін (насс) келген тұста ижтиһадқа (талқылауға, ізденуге) жол жоқ» деген тірек қағиданы бірауыздан бекітіп келіседі [199, 148 б.] Мәтін, яғни «насс» сөзі араб тілінде үш мағынада қолданылады. Біріншіден, ол – сөздің айқындығы тұрғысынан деңгейлерінің ең жоғарысы. Анықтамасы – айтылған кезде бірден ешбір сыртқы негізге сүйенбей тілдік мағынасы ең бірінші ойға келетін сөз. Сонымен қатар мәтіннің бұл санаты интерпретацияға жатады. Екіншіден, ол – жақыннан немесе ұзақтан өзге ықтималды мағынасы болуы мүмкін емес сөз. Мысалы, «бес» деген – санды білдіретін сөз. Бұл сөз – өзінің белгілі сан мөлшерін білдіретін мағынаның мәтіні. Бұл сөздің алты немесе төрт деген мәнді білдіруі мүмкін емес. Үшіншіден, белгілі бір дәлелге сүйенетін ақылға қонымды ықтимал мағынасы болуы мүмкін емес сөз [200, 2 т., 48-49 б.].

Жоғарыда айтылған қағидада «мәтін» (насс) сөзі екінші және үшінші анықтамалардағы мағынада келген. Ешбір ықтималды басқа мағынасы болуы мүмкін емес муфассар (айқын, интерпретацияға жатпайтын мәтін) немесе мухкам (айқын, интерпретацияға жатпайды және пайғамбарлық кезеңде күші де жойылмайды) болған мәтін. Мұның ашықтығы мен айқындығы кәміл. Осындай дәрежедегі айқын мәтін өзінің мағынасында кесімді болады. Мұндай мәтін интерпретацияға, шектеуге, жалқылауға, ауыспалы мағынаға көшіруге жатпайды. Себебі қатғи (кесімді) сипатта болған мәтіндер интерпретация құралына бағынбайды. Сондықтан мухкам мәтіндер тұрғанда ижтиһадқа жол жоқ. Мысалы, Алла тағаланың Құрандағы «Міне, осы толық он...» [5, 2:196] деген аятында он саны – айқын әрі нақты мөлшер. Басқаша болуы мүмкін емес.

«Тәуіл» сөзі араб тілінде бір істі өзінің негізіне, түбіріне қайтару дегенді білдіреді. Надр ибн Шумаил (740–818) «ияла» сөзінен алынған, ал оның мағынасы саясат дегенді білдіреді», – дейді. Яғни тәуіл жасаушы сөздің саясатын жүргізетін билеушісі дегендей. Ибн Фәрис өзінің «Фиқхул арабия» еңбегінде: «Тәуіл – істің соңы және ақыры. Алла тағала Құранда: «Оның тәуілін Алладан басқа ешкім білмейді», – деді ғой [5, 3:7]. Яғни түпкі мағынасын және белгіленген мөлшерін өзі ғана біледі деген сөз», – дейді. Ал ұғымдық анықтамасы: «Сөздің сыртқы мазмұнынан ауытқытып, оған ықтимал өзге мағына беруі», – деп келтіріледі [201, 3 т., 437 б.].

Тәуил төмендегі екі санатқа бөлінеді. Бірінші – дұрыс тәуил. Бұл жағдайда интерпретация негізге сүйене отырып, басымдыққа ие емес ықтимал мағынаны береді. Екінші – бұрыс тәуил. Бұл жағдайда интерпретация негіз деп есептелгенге сүйене отырып басымдыққа ие емес ықтимал мағынаны білдіреді. Алайда ол негіз емес немесе мүлде ештеңде де емес. Бұл жай ғана ойын, тәуил емес. Ислам құқығы негіздері ғалымдары қатғи емес мәтіндерді интерпретациялаудың бірнеше шарттын белгілеген. Солардың ішінде интерпретацияның тіл зандалықтарына, қолдану талаптарына, шариғат қағидаларына сай болуы. Егер бұл шарттар орындалмаса, дұрыс тәуил болмайды [201, 3 т., 443 б.].

Тәуил жасаушы кейбір топтар мәтіннің мағынасына мүлде қатысы жоқ тәсілдерді негізге алды. Исламның негіздерін өзгеріске ұшыратып, діннің қатаң қағидаларын бұзғысы келгендер осындағы интерпретацияны іске асыру мақсатында әрекет етті. Ислам құқығы негіздері саласында шарттары айқын белгіленген тәуилді кейбір философиялық әдістермен шатастырып жіберді. Қарапайым діни мағлұматтарды өз заманындағы қоршаған ортаның қоғамдық жағдайының әсерінен пайда болған тарихи ахуал ретінде қарастырды. Келесі кезекте, заманның талабын алға тарта отырып, модернизациялауга, эволюцияға ұшыратуға немесе дамытуға әрекет етті. Осылайша, құбыла иелерінің арасындағы ортақ ұстаным жоғалуға жақынады. Мұндай нәтиженің негізгі екі себебіне тоқталуға болады: діни мәтінді тек тарихи әдіспен ғана түсіндіру. Мұндайдан тәсілден Құранның, сұннеттің, діни пікірдің, шариғаттың, тәпсірдің тарихилығы келіп шығады; діни мәтіндерді герменевтикалық әдіспен оқып, түсіндіру (герменевтикалық талдау).

**Бірінші әдістің** негізінде ислам шариғатының мәтіндері белгілі бір заман мен мекенге және өз заманындағы өзіндік географиялық ерекшеліктері бар ортаға ғана тиісті болып шығады. Мысалы, Құран Кәрім – тарихи құбылыс. Оның тәлімінің барлығы сол уақыттағы тарихи жағдайларға ғана қатысты. Ол тарихи жағдайлар оны жалпыға қатыстыруға негіз бола алмайды. Ислам дінінің сенім жүйесі мен мәселелері де тарихи қасиетке ие. Өзінше жеке мәңгілік ақиқат емес. Діни үкімдердің жиынтығы да белгілі қоғамға әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси сипат алады. Қысқасын айтар болсақ, әрбір шариғи мәтінге қатысты мәселе өзі пайда болған тарихи кезеңмен және жеке себеппен шектеледі. Мәтіннің жалпылық қасиеті есептелмейді [202, 332-334 б.].

Мұның айғағы ретінде қазіргі замандағы діни ұғымдар мен үкімдерге тарихи сипат беріп жүрген Мұхаммед Аракунның (1928–2010) сөзін келтіруге болады. Ол өзін «Араби ислами пікірдің тарихилығы» деген еңбегінде: «Осы қасиетті тәлімдердің құндылығы қаншалықты болса да, олар іс жүзінде белгілі бір оқиғаларға және тарихи жағдайларға қатысты», – дейді [203, 126 б.]. Осылайша, Аракун діни ұғымдарды тек сол кезеңдегі заманмен ғана байланыстыруға әрекет жасайды.

Осы сарында Марзук Умари былай дейді: «Мәтіннің тарихилығы оны өзінің түсу жағдайымен ғана байланыстырады. Келесі кезекте аяттың түсу

жағдайы – оның тұпкі мағынасының ғилласы (себебі). Филла жойылған кезде мәтіннің міндеті тоқтайды». Тағы бір тұста Умари: «Барлық аяттың тұсу жағдайы бар. Олар шаригат үкімдеріне, фундаменталдық қағидаларға, этикалық ережелерге немесе идеологиялық мәнге ие болуы мүмкін. Олай болса, Құрандағы шаригат үкімдері уақытша белгілі бір орын мен мерзімге ғана қатысты. Жалпылық мағынаға ие емес», – деп жазған [204, 13 б.].

Жоғарыда айтылған тарихилыққа қатысты пікірдің негізінде ислам дінінің тұп-тамырына балта шабатын төмендегі қорытындыларды шығаруға болады. Барлық мәтін тек тұсу оқиғалары мен себептеріне ғана қатысты; тұсу оқиғалары – үкімдердің шынайы себептері, яғни ол бар болса үкім болады, жойылғанда үкім де жоғалады деген сөз; тарихилыққа бағынбайтын жалпы мағынадағы үкімдер мен қағидалар жоқ деп есептеледі; тарихи ахуалдың өзгеруі оған қатысты діни үкімдердің күшін жояды; бұл қорытынды теріс интерпретацияға, діннің мәтінмен бекітілген принциптерін жоққа шығаруға жетелейді.

**Екінші тәсіл** – діни мәтіндерді герменевтикалық әдіспен оқып, тұсіндіру (герменевтикалық талдау). Герменевтика грекше *hegteleutikos* сөзінен шыққан. Мағынасы – тұсіндіру, талқылау. Классикалық тұсініктегі мәтіндерге (текст) тұсінік беру өнері. Герменевтика ежелгі антикалық дәуірде көне ақындардың (ең алдымен, Гомердің) шығармаларындағы рәміздерді, таңбаларды, құпиялап айтылғанды тұсіндіру тәсілі ретінде қалыптасқан. Орта ғасырларда Інжілдегі көркем бейнeler мен меңзеп айтуларды тұсіндіруге байланысты герменевтиканы діни өкілдер жан-жақты қолданған. Қайта өрлеу дәуірінде герменевтика антикалық мәдени мұралардың тілін тірі, сол замандағы мәдени тілге аудару мақсатында пайдаланған. Ф. Шлейермахер (1768–1834) еңбектерінде герменевтика Қасиетті Жазу мәтіндеріндегі астарлы тілді жаңаша тұсіндіру үшін кеңінен пайдаланылды. Ол үшін докторлар мен рәміздер діндарлық сезімдер болады, дамушы діни тәжірибе сенімінің субстанциясына айналды. Шлейермахер қазіргі философиялық ұғымдарды қолдану тәжірибесі арқылы ескі діни мәтіндерге жаңа мазмұн беруге болады дейді. Қазіргі мәдениеттануда герменевтика «*тұлғалық тұсінуши тәжірибемен*» (Г. Гадамер) байланыстырылады. Гадамер бойынша, тарихи құрылымдар мен мәдени деректерді тұсіндіру тіл мүмкіндіктеріне негіз болған [205, 128 б.].

Герменевтиканың жоғарыдағы анықтamasы мен ұғымына талдау жасай келе, оның бірнеше ерекшелігі мен мәселесін қарастыруға болады. Мәтін мен мәтін авторы арасындағы байланыстың үзілі. Герменевтикада мәтінді тұсіндіру үрдісінде тек тіл мүмкіндіктері мен ережелеріне сүйенеді. Сөз иесінің мақсаты мен мұддесіне қарамай, оқырманға мәтінді тұсіндіру мен тұсінуге мүмкін болған барлық еркіндік беріледі; Мәтін толығымен оқырманның меншігіне бағындырылады. Мәтін – оқырманның туындысы, ал оның окуы мәтінді пайда етуші секілді болады. Мәтіннің иесі барлық денгейде ескерілмейді. Оқырманның оку үрдісі – негізгі фактор; Мәтінді оку үрдісі туындарманның санасына тиісті түйсікті қалыптастыру жолында оқырманның

қиялына сүйенеді. Басқаша айтқанда, екінші мәтінді туындану жолындағы адам қиялының еркін ойыншысы іспеттес; Мәтіндердің өзара ықпалдасу теориясы. Мұның мағынасы – мәтіннің қалыптасуына ықпал еткен алдыңғы мәтіндер мен мәдени факторлар әсерінің оның мәні мен мазмұнында болуы. Яғни әрбір мәтін басқа бір мәтіннің туындысы дегенді білдіреді. Ал алдыңғы мәтіндер мен факторлар бұларды өзара тартыс пен қарама-қайшылыққа кіргізеді; Нұксандық теориясы. Мұның мағынасы, әрбір мәтіннің кемшілігі мен айтылмай қалған тұстары бар. Оқырман сыншы осыны толықтырып айтуы қажет деп ұғынылады. Бұл түсінік ешбір мәтін толыққанды мағына бере алмайды дегенге апарып соғады.

Жоғарыдағы мәселелерді саралай келе, ислам шарифаты мәтіндеріне қатысты герменевтикалық әдісті қолданудың нәтижесін төмендегідей түйіндеуге болады: шаригаттағы үзілді-кесілді шешілген және бекітілген ұғымдар, қағидалар мен сенім принциптері қирату үрдісі орын алады; абсолюттік сенімге қол жеткізуден үміт үзіледі; қатғи (үкімі айқын, кесімді) сипатта болған мәтіннің бірізді мағынасын жоққа шығару. Керінше, оны уақыт пен мекеннің түрлілігіне қатысты тұрақсыз факторларға бағынышты етеді [58, 250-252 б.].

Осы тұста туындаитын күрделі мәселе дінде үкімі міндетті түрде белгілі болған, яғни мәтінмен бекітілген принциптердің дәрежесіне жеткен мәселеге өз мағынасынан бөтен мәнге бұрып интерпретация жасаған кісінің үкімі қалай болмақ? Бұл турасында Кашири (1875–1933) былай дейді: «Мағынасы –анық болған шаригат мәтініне интерпретация жасау оны толықтыру немесе айқын емес деп санау. Бекітілген мағына интерпретация иесінің сөзі болады. Бұл – шүбесіз күпірлік. Кімде-кім шаригаттың ақиқатын, негізін және мақсатын шаригат иесінен артық білемін десе, кәпір болады. Тауатур дәрежесіндегі мәтінді негіzsіз интерпретациялау шаригат иесін білместікпен айыптау және оның кемшілігін түзету секілді есептеледі. Ал мұндай ұстанымды күпірлікке қатысты айыптау бойынша үшінші тараптың көзқарасына жүгінудің қажеті шамалы. Себебі оның өзі – күпірлік» [161, 120 б.].

Мағынасы қатғи болмаған мәтіндерді интерпретациялауға қатысты мәзhabтардың көзқарасы екіге бөлінеді. Біріншісі, әhlу сунна уәл жамағаттың фиқh ғалымдары мен кәләмшыларының бір тобы күпірлік деп таниды. Атап айтқанда, қатғи мәтіндерді тәуил жасағандарды күпірлікке қатысты айыптайтын топ. Алайда әhlу сунна уәл жамағаттың екінші ұстанымы негізгі көзқарас болады. Бұл ұстаным мәтінмен бекітілген принцип емес мәселеде интерпретацияға ұрынған, құбыла иелеріне (құбылаға қарап намаз оқушылар) жататын бидғатшы топтарды күпірлікке қатысты айыптамайды [25, 766 б.]. Имам Ғазали өзінің «Файсал әт-тафриқа» кітабында тауатур мәтіннің мазмұны мен мәніне қайшы жасалған интерпретацияға мынадай мысал келтіреді. «Мұның мысалын мен кейбір батиниттердің сөзінен көрдім. Олар: «Алла жалғыз, мұның мағынасы – ол жалғыздықты береді әрі жаратады. Ал өзінің затында жалғыз болуы, сонымен сипатталуы мүмкін емес», – дейді. Әрине, бұл

– анық күпірлік. Себебі жалғыздық сипатын жалғыздықты пайда етуші деп түсіндіру ақылға қонбайды. Араб тілінің қисынына келмейді», – деп сабактайды [34, 66-67 б.]. Себебі бұл жағдайда олардың әрекеті күмәнді іс деп есептеледі. Сонымен қатар әhlу сунна уәл жамағат ғалымдарының басым көпшілігі бидгат иелерін діндегі қатғи мәселелер бойынша күпірлікке қатысты айыптауға бармаған. Оларды қате тәуил жасағаны үшін күпірлікке қатысты айыптау ақылға қонбайды. Әрине, бұл дінде үкімі міндетті түрде белгілі болған мәселеге қатысты болмауы қажет.

### **2.3 Қазақстандағы тәкфирлік құбылысы: тарихы, болмысы, мәзhabтық-идеологиялық әрекшеліктері мен салдары**

Дін мемлекеттен бөлінгенін қаншалықты ескерсек те, дін мәселесі бүгінгі таңда күрделенген әрі саяси мәселеге айналып отыр. Қоғам ішінде өз идеяларын таратуға дәстүрлі емес діни ағымдар белсененді әрекет етуде. Олардың адам санасына әсер ету әрекеттері мен белсенділігі заманауи тәсілдерге жүгінуде. Қазіргі таңда елімізді аландастып отырған негізгі ахуалдың бірі – тақфиризм идеологиясының жастар арасында көрініс табуы деп ойлаймыз. Олардың өзге пікірге төзбеуі, басқаларға агрессиялық көзқараста қарауы, алдына қойған мақсаттарына қандай жолмен болса да жетуді көздеуі – барлығына ортақ сипат.

Теріс діни ағымдар идеясының адам психологиясына кері әсерін тигізері сөзсіз. Теріс діни ағым жетегіндегі адамның тұла бойын қоршаған ортасына қарсы агрессия билейді. Өзінен және оны қолдаушылардан басқа ұстанымдағы адамдардың барлығын, соның ішінде туыстарын, ата-анасын адасқан, тозақы деп таниды. Мысалы, өзін қоршаған ортага қатысты мұндай агрессиялық көзқарас сәләфілік идеяның өкілін мейірім және жанашырлық деген қасиеттерден айырады. Соның нәтижесінде ол басқаларға қатысты түрлі қатыгез іс-әрекеттерге баруы да ықтимал. Сондай-ақ ата-ананың қызметі, туыстарға жаны ашу және қоғамның қамқоршысы болу секілді адами моральдық құндылықтардан жүрдай болады [206]. Дәстүрлі емес діни ағым жақтаушысының мұндай көзқарасы ел ішіндегі қоғамдық-туыстық қатынастарды ыдыратып, оның құлдырауына апарып соғады. Бұл өз кезегінде қоғам институтының әлсіреуіне және оның құндылықтарының жойылуына себеп болып, сондай-ақ мемлекет қауіпсіздігі мен оның болашағына қатер төндіреді.

Елімізде дәстүрлі емес діни ағымдарға ерушілер тарапынан орын алышп отырған мұндай үрдіс қазақ халқының ғасырлар бойы жалғасын тапқан әрі үлттық сақтап келе жатқан діни танымы мен құндылықтарының және үлттық мұдденің тамырына балта шабады. Қазақ халқының тарихына қарап отырсақ, бүгінгідей дінге бөлінбегенін көреміз. Сонымен қатар біздің халқымыздың діни негізде ешқашан қақтығысып, бірін-бірі жоққа шығарғанын да тарихтан көре алмаймыз. Өзіміз білетін Қожа Ахмет Ясауи, Мәшіүр Жүсіп, Абай секілді дін

тақырыбында өз орны болған тұлғаларымыздың еңбектеріндегі олардың діни көзқарастарында ешбір қарама-қайшылықтарды кездестірмейміз. Олардың барлық діни пікірі мен ұстанымы бүгінгі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұстанатын «ханафи» мәзһабы мен «мәтуриди» мектебінің тәліміне негізделеді.

Бүгінде дінді үлкен саяси құрал етіп отырған тараптар бар. Кеңес одағының тұсындағы іске асқан дінге қарсы саясаттың салдарынан қоғамда дінсіздену немесе діни сауатсыздық орын алды. Мұны діни, яғни рухани вакуум деп те атап жүрміз. Бұл турасында «*islam.ru*» сайтының талдау мақаласында: «Кеңес үкіметі мұсылман халықтарын жаппай араб графикасынан латын графикасына, кейінрек толығымен кириллицаға ауыстыру арқылы ислам дініне ауыр соққы берді. «Әліпби төңкерісі» кезінде араб тіліндегі көптеген кітап, ең алдымен діни кітаптар жойылды», – деп келеді [207].

Жоғарыда айтып өткен жымысқы саяси тәсіл осындай өтпелі кезеңде тұрған қазақ қоғамына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында белсенді қолданылды. Жан-жақтан әртүрлі діннің атын жамылып ағылып келген ағымдар мен уағызшыларға әлі есін жия алмай, рухани шөлдеп тұрған қоғамның арбалып қалуы орын алып жатты. Сарапшылар: «Қазіргі таңдағы қоғам ішіндегі дінге бөлінудің басты себебі – осы», – деп топшылайды. Діни негізде бөлінген қоғам мүшелерінің біріне-бірі жаны ашуы мүмкін емес. Сол секілді, ондай қоғамда ауызбірлік пен ынтымақтың болуы неғайбіл. Ал сыртқы күштердің қалайтыны да, мақсаты да ел ішіндегі алауыздық екені белгілі. Себебі олар «бөліп жар да, билей бер» принципін ұстанады.

Ислам дінінің қазақ жеріндегі тарихы сопылық мектеп тәлімімен тығыз байланысты екені белгілі. Қожа Ахмет Ясауи тәлімінің қазақ халқының діни-дүниетанымындағы орны мен рөлі айрықша болды. Ал сәләфилік-уаһабилік ілім сопылық мектептің тәлімін толық дерлік жоққа шығарады. Біз мұны Мединалық Али ибн Мұхаммед ибн Синанның «әл-Мажмұғ әл-муғид мин ақидатут-таухид» (Таухид ақидасынан алынған пайдалы жинақ) кітабындағы мына жолдардан көре аламыз: «Уа, мұсылмандар, сопылық тариқаттарына қарсы жаппай соғыс жариялад, оларды толық жоймағанша, сендердің исламдарыңың пайдасы жоқ. Оларға қарсы яңудилер мен отқа табынушыларға қарсы құресуден бұрын соғысындар». Эрине, бұл сөздер автордың сопылық мектепке қатысты көзқарасының қаншалықты агрессиялық сипатта екені көрінеді. Бұл тек сопылыққа ғана қатысты емес. Олар мәтуриди мектебін де жоққа шығарып, айыптайды. Бұл бағыттағы уағызшылар мен мамандарды тындауға үзілді-кесілді тыйым салып, оны құнәға балайды [208, 12 б.].

Мұндай көзқарас жалпы салафизм идеологиясын ұстанатын барлық топқа ортақ. Осының салдарынан қазіргі таңда елдегі мешіттерде және басқа да діни орталарда салафизмнен санасы уланған азаматтар тарапынан әртүрлі бүлік туындал жатқаны мәлім. Олар тек сопылық тәлім мен тариқаттарды ғана емес, дәстүрлі ханафи мәзһабы мен мәтуриди мектебі тәлімін ұстанатын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын да адасушылықпен айыптайды. Батыс

өніріндегі облыстарда болған оқиғалар – осының айғағы. 2011-2012 жылдары Таразда, Атырауда және Ақтөбеде орын алған қанды оқиғаларды сәләфилік идеологияның және «Мұсылман бауырлар» қозғалысынан бөлініп шыққан «эт-Тәкfir уәл-һижра» жамағаты әрекеттерінің тікелей нәтижелері ретінде қарастыруға болады [209].

Аталған идеологияны басшылықта алған тәкfirші экстремистік үйымдардың қатарына «Пәкістандағы ислам жамағаты», «Египеттегі ислам жамағаты», «Лашкер-е-Тайба», «әл-Каїда», «Жамағат әс-сәләфия лид-дағуати уәл-қитәл», «Имарат-Кавказ» үйымы, «Мужахид жастар жамағаты» және де басқа көптеген үйым кіреді. Ал Қазақстанда орнығуға тырысқан сәләфилік бағыттағы тәкfirші ағымдар қатарына «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Ислами жиһад одағы», «Жунд әл-халифат» секілді үйымдарды жатқызуға болады. 2014 жылы сот шешімімен «эт-Тәkfir уәл-һижра» үйымы экстремистік деп танылып, оның Қазақстан аумағындағы қызметіне тыйым салынғаны белгілі. Сол сияқты содырлық әрекеттердің елімізде іске асырылуы осы идеяны ұстанушылардың тарапынан орын алғып жатуының өз себебі бар. Шетін діни көзқарастар уаһабилік діни-саяси қозғалыстың негізін қалаған Мұхаммед ибн Абдулауahhabтың түрлі кітаптары мен шығармаларында кездеседі. Бұл кітаптардың бірқатары бүгінде Қазақстанда сот шешімімен тыйым салынған әдебиеттер қатарын толықтырып отыр [208, 8-10 б.].

Бұл идеологияның елімізде таралуы мен дамуына өздерінің уағыздарымен, дәрістерімен үлес қосқан бірнеше тұлға бар. Олар – Дильмурат Махамадов, Дағын Мұбаров, тәжікстандық Назратулла Абдулқадиров, Октам Зауырбеков, Абдухалил Абдужаббаров, Зайнуллин Ринат, т.б. [208, 17-19 б.]. Бұлардың ішінде А. Абдужаббarovтың радикалдық тәkfirлік көзқарасы ерекше байқалды. Ол Орал және Атырау қалаларында насиҳат жұмыстарымен айналысып, жүздеген жастардың діни радикалдық көзқараста қалыптасуына себепші болды. Әсіресе Атыраудағы қазіргі «эт-Такуа», бұрынғы «Дәр әс-Сәләм» мешітінде имам болып жүргендеге тәkfirлік ұстанымдағы жамағаттың арасында үлкен ықпалға ие еді. Кейіннен Сауд Арабиясына қашып кетті. Ол жақта 2015 жылы тәkfirші көзқарасы үшін аталған елдің қауіпсіздік қызметі тарапынан қамауға алынды. 2017 жылы Қазақстанға қайтарылып, 2018 жылдың тамыз айында экстремистік идеяларды насиҳаттағаны үшін 8 жылға бас бостандығынан айырылды [210]. Сол сияқты Дильмурат Махамадов та экстремистік іс-қимылдары үшін 2019 жылы Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының шешімімен 8 жылға бас бостандығынан айырылып сottалды [211].

Мұсылман үмбетінің негізгі мақсаты – ауызбіршілік, қоғамды тұтастыру. Осы мақсатқа қайшы сипаттағы әрбір құбылыс мұсылман үмбетінің мұддесіне қарсы болады. Мұның айғағы – қазіргі заманда мұсылмандардың арасында орын алғып жатқан өзара күпірлікке қатысты айыптау құбылысы. Бір Аллаға сенген, бір құбылаға қарап намаз оқып, бір пайғамбарды мойындаған екі адамның бірін-бірі алакөздеуі – үмбеттің ең үлкен трагедиясы. Бүгінге дейін

түрлі күштер мен ықпалдың арқасында әлемге етек жайып таралып бара жатқан Мұхаммед ибн Абдулауәхабтың ілімі осы залалды құбылыстың негізгі факторларының бірі болып отыр. Біз аталған тұлғаның қарапайым мұсылмандар байқай бермейтін тұстарын талдау, ашу арқылы оның қаупі мен қатерін көрсетуді бүгінгі таңда қоғамдық мәні бар зәру іс деп бағалаймыз. Себебі қазіргі мұсылман қоғамы өзара іштей күпірлікте айыптасу арқылы, жауласуға барып жатыр. Әке мен баланың, ана мен қыздың арасы бұзылды. Билік пен билік басындағыларды күпірлікте айыптаудың нәтижесінде мемлекеттік құрылымдарға қарсы қарулы іс-қимылдарға бару фактілері орын алды. Мысалы, 2016 жылы маусым айында Ақтөбе қаласында орын алған лаңкестік оқиғаның үйымдастырушылар жөнінде еліміздің Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев: «Біз мұның салафизм дәстүрлі емес діни ағымының зұлымдық әрекеті екенін білеміз», – деп мәлімдеді [212]. Қазіргі біз білетін салафизм діни ағымының Мұхаммед ибн Абдулауәхабтың ілімінен бастау алатыны барлық сарапшыға белгілі. Экстремистік әрекеттері үшін темір тордың арғы жағында отырған қандастарымызды оңалту жұмыстарымен айналысып жүрген елімізге танымал теолог А. Сабдин де: «Елімізде 600-ден аса лаңкес сотталған, оның көбі өзін салафитпін деп таныстырады», – деп пікір білдіреді [213]. Демек, Ибн Абдулауәхабтың тәлімі жалпы ислам әлеміне, соның ішінде біздің қазақ қоғамына үлкен қауіп төндіріп отырған діни факторлардың бірі деп сенімді айта аламыз.

**Негізінен, Қазақстандағы такфиризм идеологиясының негізгі факторларының бірі ретінде «бувализмді» айтуға болады.** Мұсылмандар арасындағы діни қарым-қатынастың болашағына көлеңке түсіріп, мешіттердегі намазхан жамағаттың өзара алауыздығы мен бір-біріне жағымсыз пікірлер айтуының факторлары көп. Солардың ішінде, тәуелсіздік жылдары «таза таухид» деген ұранның аясында буквалистік тәсілге негізделген діни идеологияны атап айту керек. Демек, діни буквализмді, оның қоғам санасы мен діндар адамның көзқарасына кері әсерін жеке қарастыру – маңызды міндет. Дін саласындағы буквализм көп жағдайда сол діннің мәтіндері мен қасиетті кітаптарын тікелей түсінуге байланысты. Діни мәтіндерді басқа тәсілдермен кең түсіндіруге және терең түсінуге тыйым салады [214]. Сондай-ақ діни ұғымдарды тікелей немесе сыртқы мағынасымен қабылдай отырып, соған қатысты көзқарас қалыптастырады. Сол көзқарастың негізінде басқалармен қарым-қатынаста болады. Дін саласындағы буквализм мәселесі – ғасырлардан бері көптеген қауым мен қоғамды діни негізде бөлінуге апаратын факторлардың бірі. Мысалы, біздің заманымыздың үшінші ғасырында христиан әлемінде буквалистер кеңінен танымал болды. Тәурат пен Інжілдің мәтіндерін тұра мағынада түсінбеген топтарды биліктің күші арқылы қудалаумен айналысты. Олардың барлығын дінбұзарлықта айыптады. Төртінші ғасырдың сонында Рим империясында буквалистер гностиктер мен антикалық дүниетаным ұстанушыларын толық жоюға әрекет жасады. Көпқұдайшылық сеніміне тән архитектуралық құндылықтарды қиратты. Бірнеше ғасырдан бері

қалыптасқан тарихи кітапханаларды өртеді. Өздерімен келіспеген ойшылдарды, әйел абыздар мен ғалымдарды түрлі жолмен азаптау арқылы өлтіруге дейін барды. Қазіргі таңда батыс әлемінде кеңінен дәріптелетін еркін ойшылдықты сол заманда осылайша тұншықтырды деуге болады [215].

Ислам әлемінде де буквализм құбылысы қөптеген қақтығыс пен келіспеушілікке әкеп соқтырды. Хазіреті Әлидің (р.а.) кезінде билікке қарсы шыққан харижилердің негізгі ерекшелігі – Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін қазіргі сәләфілер секілді тұра мағынада ғана қабылдап түсінетін. Шарифат мақсаттары мен араб тілінің ерекшеліктерін ескере отырып берілген түсініктемелерді қабылдамайтын. Олар Құрандағы «Төрелік ету тек Аллаға тән...» [5, 4:57] деген аятты тұра мағынасында ғана түсініп, адам баласына ешбір жағдайда төрелікке жүгінуге болмайды деп ұғындырды. Хазіреті Әли (р.а.) мен Мұғауия (р.а.) екеуі өзара келіспеген саяси жағдайлар бойынша, Мұғауия (р.а.) сол кездегі Мысырдың әміршісі Амр ибн әл-Фасқа (р.а.), ал хазіреті Әли Әбу Муса әл-Ашғариге (р.а.) төрелікке жүгінейік деп шешкен болатын. Бұл екі сахабаның төрелікке жүгіну жөніндегі шешімін олар күпірлікке балады. Ал шын мәнінде, жоғарыдағы аятты олай тұра мағынасында түсіну шынайы өмірдегі жағдайлар мен Құранның басқа аяттарына қайшы келеді. Мысалы, Құранда «Ниса» сүресінде «Алла тағала өзара келіспеген жұбайларды әр тараптан бір төрешіге жүгініп ымыраға келуге...» [5, 4:35]. шақырады. Сондай-ақ пайғамбар (с.ғ.с.) шарифат шарттарымен сахабалардың арасында талай мәрте қазылық жасады. Харижилердің буквалистік көзқарастарының кесірінен мұсылмандардың арасында өзара туындаған келіспеушіліктер Алланы бір деп танитын мындаған мұсылмандардың қанын төгуге себеп болды. Сол ғасырдағы бұлардың шығарған бүліктерін тоқтату мақсатында Хазіреті Әли (р.а.) төрт мынға жуық харижилердің көзін жоюға мәжбүр болды [54, 58-70].

Бұдан кейін ханбали мәзһабының Әбу Яғла, Ибн Әз-Загун, Әл-Барбахарі секілді кейбір ғалымдары X-XI ғасырларда Алла тағалаға қатысты ауыспалы мағынада келген мәтіндерді тұра мағынада ғана түсіндірді. Олар «қол», «көз», «сирақ», «тұсу», «отыру», т.б. негізінде физикалық денеге тән ұғымдарды Аллаға тұра мағынасында қатыстырды. Тұра мағынада түсінбегендерді Аллаға серік қосушылықта немесе күпірлікте айыптады [216, 348-352 б.]. Осылайша, тарихта «ханбалилер бүлігі» деген оқиға тіркелді. Ислам әлемінің Имам Ибн Жәрир Табари секілді кейбір ұлы имамдары аталған бүліктің құрбаны болды. Сонымен қатар осы ғасырларда ханбали мәзһабының буквалистік көзқарастармен санасы уланған өкілдері мешіттерде журіп жатқан дәрістердің барысында ашғары мектебінің тәлімін жоққа шығарып, дау-дамай тудырып, бүлік шығаратын еді. XIII-XIV ғасырларда Дамаск қаласында өмір сүрген Ибн Тәймия, оның шәкірті Ибн әл-Қаим алдыңғы буквалистердің жолын жалғастырды. Құрандағы «Алла аршыға истиуа етті (менгерді)» [5, 20:5] деген аятты тұра мағынасында «Алла аршыға отырды, орнықты» деп түсіндірді. Осылайша, Алла тағаланы физикалық дененің қағидаларына бағындыруға дейін

барды. Мұнымен қоймай, өздерімен келіспеген мұсылмандық мектептерді ширкте, күпірлікте айыптады. Ислам әлеміндегі кеңінен тараған сенім мектептері – ашғари, мәтуриди тәлімдерін адасқан деп сынап, қаралады. Сөйтіп, аталған бағытта томдап еңбектер жазып, буквалистік қалыпта бұл идеологияның дамуына үлкен үлес қосты. Ибн Тәймияның осындай бүлігін тоқтату және елдің ауызбірлігі мен тыныштығын сақтау мақсатында өз заманындағы билік тарарапынан түрмеге де жабылады.

Әрі қарай буквализмге негізделген идея XVIII ғасырда қазіргі Сауд Арабиясы Корольдігінің солтүстік өлкесінде (Нәжд өлкесі) өмір сүрген Мұхаммед ибн Абдулауahhabтың қолында қайта жаңғыртылды. Ол өзінің діни сенімге негізделген ұстанымдарының басым бөлігін «Кәшф шубуһат» (Күмәндарды әшкерелеу) кітабында негіздейді [60, 6-18]. Мұшріктерге қарсы соғысуға бұйыратын аяттардың барлығын тұра мағынасында тәпсірлеп, өздерінен басқа мұсылмандарға қарсы қару көтеруге шақырды. Осылайша, бұл агрессия сол кездегі заңды билік – Осман империясына қарсы әскери әрекеттерге ұласты. Бұлар тарихта «yahhabiler қозғалысы» деген атаумен танылды. Сонымен қатар yahhabiler сол замандағы мұсылмандарды және биліктегі мұсылман басшыларды мұшріктер мен кәпірлер деп есептеді. Әрине, оның мұндай радикалдық ұстанымдары Хазіреті Әлигे қарсы қарулы қақтығыс жасаған харижилер ұстанымдарынан туындалап жатқандай еді. Осман империясы өзінің әскери және саяси мүмкіндіктері болып тұрған шақта аталған қозғалысты екі ғасыр бойына тізгіndeумен келді. Yahhabiler XX ғасырда Осман империясы әбден әлсіреген кезде ғана өздерінің тұрақты мемлекетін құра білді. Міне, сондықтан әл-Азхар университетінің шейхы Ахмед Таиіб бұл топты: «Yahhabiler – ғасыр харижилері», – деп сипаттайды [217].

Адамдардың буквалистік тәсілмен өзін қоршаған органды және діни мәтіндерді тек тұра мағынада түсінуінің түрлі себебі бар. Соның кейбіріне тоқтала кеткен жөн деп санаймыз. Ең алдымен, буквалистік көзқарастағы адамдардың принциптік ұстанымдары солқылдақ болып келеді. Жалпы тұлғалық қасиеттің тұрақсыздығы қоршаған органдың тек сыртқы көрінісін ғана қабылдауына себеп болады. Сонымен қатар мұндай сипаттағы адамдар сөзіне берік болу, үәдені орындау және келісімшартты сақтау сияқты ұстанымдарды аяқасты етеді. Мұны біз харижилердің ісінен көреміз. Олар әзіреті Әлиді (р.а.) сахаба Абу Муса әл-Ашғаридің (р.а.) төрелігіне жүгінуге келістіреді. Бірақ сонында бұл шешімді үлкен құнә деп есептеп, екі тараپты да күпірлікте айыптайды [54, 58 б.]. Әрине, бұл жағдай аталған топтың опасыздығын көрсетеді. Тағы бірі – адам санасының төмендігі, сөздің мәнісін ұқпауы оны буквализмге жетелейді. Буквалистік көзқарастағы топтың барлығында осы сипат болды. Харижилермен хазіреті Әлидің (р.а.) өзі де, сахаба Абдулла ибн Аббас (р.а.) та сұхбаттасып, райынан қайтаруға әрекет етті. Сана мен сауаттың төмендігінен олардың көбі өздерінің буквалистік-тәкфирлік ұстанымдарынан қайтпады, өзгерпеді. Себебі екіжақты келіссөз мәнін түсінбеді. Пайғамбар (с.ғ.с.) тәкаппарлықтың адам бойындағы үлкен дерт екенін айтып өткен. Тіпті

бір хадисінде: «Бойында зәредей тәкаппарлық болған адам жаннатқа кірмейді» [218, 134 б.], – дейді. Ал тәкаппарлық деген «ақиқатты мойындауды және басқадан өзінді артық санауды» білдіреді. Буквалистік көзқарастағы кіслерге қаншалықты ақиқат айтылғанымен, негізделген әрі дәлелді уәжі болмаса да қабылдамай жатады.

Қазақстандағы буквалистік сана көрінісін Атырау облысында сәләфилік-тәкфиршілік бағыттағы азаматтардан көруге болады. Олардың біздің пікірімізге қарсы ешбір айтары болмаса да, біз сіздермен таласа алмаймыз, бірақ өзіміздің ұстанымымыз бар, сол ұстанымда берік тұрамызы деп құлақтарын басып шығып кеткен кездері болды. Бұл жағдай бізге Құрандағы: «Оларға Алланың түсірген аяттарына еріндер делінсе, олардың бабалары ештеңені түсінбеген және тұра жолды таппаған болса да, біз бабаларымыздың жолымен жүреміз деп жауап береді», – деген аятты есімізге түсіреді [5, 2:170]. Міне, осындағы тәкаппар адамға ақиқатты қабылдату мүмкін емес. Оның бойындағы теріс қасиеті алдына келген мәтіннің мәні мен мазмұнын толық түсінуге кедергі келтіреді. Нәтижесінде заһири-сыртқы мағынасын ғана түсініп, жаңсақ пікірі қалыптасады.


Буквалистердің бойындағы тағы бір ерекше сипат – олардың дінге құлшынысы және Құранға ықыласы берік болады. Абдулла ибн Аббас (р.а.) харижилермен сұхбаттасуға барғанда, олардың мандайы сәждеге көп иілгендіктен қатпарланып, намазды көп оқығандықтан екі қолы түйенің тізесі секілді сүйелденіп кеткеніне күә болады. Бірақ сол ықылас пен ниет дұрыс үндеспеді. Нактырақ айтсақ, оларда «соқыр ықылас» болды. Пайғамбар сұннеті мен ислам мақсатына сай келмеді. Сондықтан Құран мен сұннет мәтіндерін тек тұра мағынада түсініп қабылдады. Харижилер осы соқыр ықыластың кесірінен хазіреті Әлиді (р.а.) «мұшрік» деп атауға келіспеген сахаба Абдулла ибн әл-Араттың (р.а.) қанын төгеді. Ал қолдарына түскен христианға мейірімді болып, оның тегін берген құрмасын алушан бас тартып, ақшаға сатып алады [54, 60 б.]. Эрине, бұл жағдай харижилердің берік ықыласы мен діннің мазмұнын дұрыс түсінбегенін анық көрсетеді.

Демек, шарифат мәтіндерін тұра мағынада түсіну арқылы көзқарас қалыптастыру такфиризм идеясын тудырады. Мысалы, «Бақара» сұресіндегі «...кімде-кім жамандық жасаса, оны өзінің үлкен күнәсі (хатиат) қоршап алса, міне, осылар тозақтық болып, онда мәңгілік қалады» [5, 2:81] дейтін аятты тұра мағынада үлкен күнә жасаған адамды құпірлікке қатысты айыпташып және мәңгі тозақта болады деп үкім етуге болады. Себебі исламда мұсылман адам тозақта мәңгілік қалмайды. Буквалистер бұл аятты тұра мағынада түсініп, үлкен күнә жасаған адамды құпірлікке қатысты қаралады. Ал шын мәнінде, «Улкен күнә» сөзі кейде Аллаға серік қосу дегенді білдіреді. Мысалы, Нұх пайғамбардың қауымы туралы «Нұх» сұресіндегі мына аятта: «Улкен күнәларының кесірінен суға батырылып, тозаққа кірді...», – делінеді. [5, 71:25] Енді бірде Аллаға серік қосудан өзге күнәларға да қатысты болады. Мысалы, «Шуғара» сұресінде Ибраһим пайғамбардың: «Мен Алладан қиямет күні үлкен күнәмді кешіруін

үміт етемін» [5, 26:82], – деген дұғасы айтылады. Әрине, Пайғамбардың (с.ғ.с.) айтып тұрған үлкен күнәсі Аллаға серік қосу емес екені белгілі. Алла тағала «Ниса» сүресінде: «Шындығында, Алла тағала өзіне серік қосқанды кешірмейді, одан басқа күнәларды қаласа кешіреді...» [5, 4:48], – деген аятпен дініміздің серік қосуға қатысты үкімін кесіп берген.


Егер Пайғамбардың (с.ғ.с.): «Мұсылманды балағаттау – пасықтық, онымен соғысу күпірлік» [218, 64 б.], – деген хадисін тікелей мағынада түсінер болсақ, адам өлтірген мұсылманды кәпір деп есептеу қажет. Ал Құранда Алла тағала: «Қашан мұміндердің екі тобы бірімен-бірі соғысатын болса...» [5, 49:9], – дейді. Бұл аятта Алла тағала бір-бірімен соғысқан екі топты да мүмін деп атап отыр. Яғни исламның шенберінен шығармайды. Демек, хадистегі «күпірлік» сөзі «улкен күнә» деген мағынаны білдіреді. Бірақ буквалистік көзқарасты ұстанатындар аталған хадисті біріне-бірі қару көтерген мұсылмандарды күпірлікке қатысты айыптайды деп баға береді. Әрі осы түсініктің негізінде радикалдық және агрессиялық сипаттағы қарым-қатынасты қалыптастырады [219]. Демек, діндегі буквализм түбінде адамды агрессиялық және радикалдық көзқарастарға жетелейтін факторлардың бірі деп кесімді түрде түйін айта аламыз.

Елімізде жүргізілген әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің нәтижесінде мінез-құлық ерекшеліктері жағынан алғанда радикалды идеяның ықпалына бірінші кезекте биліккүмарлар, екінші кезекте пайдакунемдер, үшінші кезекте әсіредіншілдер ұшырайтыны белгілі болған. Қазақстандық зерттеуші, психолог Л. Шакимова елімізде лаңқестік әрекетке немесе оны ұйымдастыруға қатысқан тұлғалардың өмір дерегін зерттей отырып, радикалды идеологияны ұстанушыларды толық емес отбасынан шыққандар (Сурет 1) 18%, психологиялық соққы алғандар 39%, бас сүйек жарақатын алғандар 36%, сотталғандар 32%, маскүнемдікке салынғандар 61%, есірткіге тәуелділер 27%, құмар ойынына салынғандар 43% құрайтындығын анықтаған. Олардың ішінде осы аталған қыындықтардың бірнешеуін қатар өткерген немесе ішімдік, есірткі және құмар ойындарына бірдей тәуелділікке түсken тұлғалар да кездеседі [208, 26-27 б.]. Бұл көрсеткіштерден біраз ахуалды байқаймыз. Аталған тұлғалардың өмірі қалыпты болмаған, әрқайсысында психологиясына және моральдық болмысына кері әсерін тигізетін факторлар бар. Соның ішінде ең негізгі тұрақты тәуелділікке аппаратын маскүнемдік, есірткі, құмар ойыны секілді дүниелерге бой алдыруы. Демек, мұндай контингентпен жұмыс барысында психологиялық тәсілдерге жүгіну негізгі міндеттердің бірі болуы тиіс деп санаймыз.



**Сурет 1 – Лаңкестік әрекетке барған және ұйымдастыруға қатысқандар арасында жүргізілген сауалнаманың пайыздық нәтижесі**

Радикалды идеологияны ұстанушылардың білім деңгейін айқындау жұмыстары барысында олардың (Сурет 2) 36%-ы орта, ал 18%-ы жоғары білімді болған. Тұастай алғанда, лаңкестердің 84%-ы мұлде діни білімге ие болмағандығы анықталды. Сондай-ақ олардың 52%-ының тұрақты жұмыс орны жоқ. 38%-ының тұрмыс деңгейі төмен. 52%-ын баспанасыздар құрайды. 48%-ы 26 мен 35 жас аралығындағылар болса, 19%-ы 25 жасқа толмаған азаматтар болып шықты [208, 26-27 б.]. Көрсеткіштерді сарапай келе біз бірнеше ерекше проблемалы ахуалды байқаймыз. Ең бірінші көзге түсетіні лаңкестік әрекетке барған тұлғалардың басым көпшілігінің арнағы діни білімі жоқ. Бұдан азаматтардың діни сауатсыздығы және дінге эмоциялық көңілмен бет бұрын қауіпті екені анық көрінеді. Жұмыссыздық, баспанасыздық секілді әлеуметтік проблемалар да негізгі фактор ретінде байқалады. Олай болса, жастардың діни сауатын арттыруға және жамағатты ұйыты алатын дін ғалымдарын дайындауға қатысты жобаларды іске асыру кеуінге кешіктірілмейтін міндет деп білеміз.



**Сурет 2 – Радикалды идеяны ұстанушылардың білім деңгейі мен жағдайының көрсеткіштері**

Бұл идеологияны насихаттауши көсемдері мен ұйым белсендері олардың осындай әлеуметтік-психологиялық әлсіз жағын оңтайлы пайдалануды көздең отырады. Кейбір қындықтарды жартылай шеше отырып, идеологияны тарату жолына жұмысайтын да фактілер жоқ емес.

Сондай-ақ диссертациялық жұмысты жазу барысында тәкфирлік сананың салдарынан экстремистік және лаңкестік әрекеттері үшін бас бостандығынан айырылған, бүгінде жазасын өтеп жатқан 20 тұлғамен әлеуметтік зерттеу жұмысы жүргізілді (Сурет 3). Олармен байланысуға талап қатаң болғандықтан аталған мөлшерде шектелуге тұра келді. Зерттеу жұмысы кезінде олардың әлеуметтік-психологиялық және қоғамдық-рухани ахуалдары бірнеше критерий бойынша зерделеніп, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді.

1) Зерттеу контингентінің 90%-ы қазақ ұлтының өкілдері, қалған 10%-ы гана өзге ұлт өкілдері. Бұл нәтижені елімізде мемлекет құраушы қазақ ұлты болғандықтан, табиғи жайт деп білеміз.

2) Контингенттің 75%-ы – 21-35 жас аралығындағы азаматтар, қалғаны – 36-69 жас аралығындағы тұлғалар. Мұндай көрсеткіш теріс ағым идеясы мен радикалдану үрдісіне қоғамнан толық өз орнын тауып ұлгермен жастардың ұшырау мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді.

3) Зерттеу жұмысының нысаны болған тұлғалардың барлығы сәләфилик бағыттағы уағызышылардың дәрісін тыңдал, діни сауатын солардың тәлімі арқылы ашқанын баяндап отыр. Атап айтқанда, олар өз жауаптарында Сайд Бурятцкий, Эбу Омар Саситлинский, Дарын Мұбаров, Ринат Зейнуллин, Дилмурад Махамадов, т.с.с. діни лекторларды көрсетті. Сонымен қатар Мұхаммед ибн Адулауххаб, Ибн Баз, Усеймин секілді аталған ағымның тарихи діни көсемдеріне өздерінің ықыласын ашық білдірді. Бұлардың осы ықыласын

пайымдай отырып, барлығына дерлігі сәләфилік идеологияны ұстанушылар деп нақты қорытынды жасауға болады.

4) Сұхбаттасқан тұлғалардың небары 15%-ы ғана жоғары білімді, 85%-ының білімі орта деңгейде болды. Дәстүрлі емес ағым уағызшыларының көздейтіні де орта білімді жастар екені осыдан көрінеді. Себебі діни ағымдардың түпкі саяси мақсатының орындалуына сауаты жоғары тұлғалар көмектесе бермейді. Мысалы, соғыс алаңына тарту үрдісінде әдетте жоғары білімді, өмірден орнын тапқан кісілердің көзін жеткізіп, арбауға түсіру қын міндеп. Алайда орта білімді, өмірден орнын толық таба қоймаған жастарды көндіру аса қынға соқпайды.

5) Зерттеу жұмысы барысында тағы да анықталған мәселе контингеттің 15%-ының ғана сотталғанға дейін тұрақты жұмысы болған. Олардың жұмыстарының өзі интеллектуал сипатта емес. Денешынықтыру пәні мұғалімі, спорт нұсқаушысы, т.с.с. адамның бойындағы физикалық әлеуетке көбірек негізделетін қызметтер. Ал 85%-ының тұрақты жұмысы болмаған. Бұл көрсеткіш адамды қофамдағы жұмыссыздықтың радикалдық және агрессиялық көзқарастар мен әрекеттерге итермелейтінін мензейді.


6) Контингенттердің отбасылық жағдайын зерттеген кезде оладың 60%-ының отбасылы тұлғалар және әрқайсында кемінде 2-3 баладан бар екені анықталды. Қалған 25%-ы үйленбеген, 15%-ы ажырасқан тұлғалар. Мұндай нәтиже діндарлықтың дәстүрлі немесе дәстүрлі емесі болса да, отбасылық өмірге адамды көбірек ынталандыра үндейтінін дәлелдейді. Алайда сананың улану үрдісі олардың отбасы мен бала-шағасының болашағын, мұддесін ойлауына кедергі болуда.

7) Діни білім тұрғысынан зерттеу нысаны ретінде қарастырылатын тұлғалардың ешбірі іргелі тәлім алмаған. Барлығы да интернет желісі арқылы мұхиттың ар жағындағы және көрші елдегі орыс тілді уағызшылардың аудиобейне дәрісін тыңдаудан ары аспаған. Діни сауатын сол дәрістердің көмегімен ғана қалыптастырған. Демек, бұлар нақты өздері тізе тірестірген ұстаздан тәрбие көрмеген.

8) Ахуалдары зерделенген контингенттің 95%-ының әлеуметтік жағдайы орташа деңгейде болған. 5%-ының ғана жағдайы өте нашар отбасының мүшесі. Жалпы алғанда, барлығының өмірден жоғалтуға қорқатын мал-мұлкі немесе дүниелік жағдайы болмаған. Сонымен қатар жартысының балалық шағы толыққанды отбасында өтпеген. Әкесіз өсіп, тек анасы мен оның туысқандарының қамқорлығында болған.

9) Экстремистік әрекеттері үшін сотталған тұлғалармен билік өкілдері, ҚМДБ имамдары мен теологтары тұрақты тұрде түсіндіру жұмысын жүргізуде. Түсіндіру жұмысы барынша жүргізілгеннің өзінде зерттеу нысаны болған контингенттің 75%-ы билік пен оның өкілдеріне, ұлт пен ұлттық құндылықтарға қатысты теріс пікірде [220]. Қалған бөлігінің өзі оң көзқарасты шынайы білдіргеніне күмән бар. Себебі оларды салыстырмалы тұрде үш санатқа бөлуге болады.

Біріншісі, теріс ағымның идеясымен жоғары деңгейде уланған, белгілі бір деңгейде ағым идеологиясының теориялық негізdemelerін біletіn, соны насихаттап жүрген, біршама ерушілері бар және сол ағымның ғана ұстанымын абсолюттік ақиқат деп есептейтіндер. Екіншісі, ағым идеясымен санасы уланған, бірақ оның теориялық негізdemelerін bіle бермейтіn, солай бола тұра оны нағыз ақиқат деп қабылдайтындар. Бүгінгі таңда теріс ағымға ерушілердің басым көпшілігі – осы санаттағылар. Үшіншісі, өзі еріп жүрген ағымның уағыздары мен үгіт-насихаттарын енді ғана тыңдал, жаңадан уланып, екіленіп жүргендер. Соңғы санаттағылармен жұмыс аса қынға соқпайды. Бірнеше түсіндіру жұмысы немесе ақыл-кеңес айтумен ғана райынан қайтарып, дұрыс жолға салу мүмкін болады. Екінші топтың негізгі мәселесі – өз көсемдерінің пәтуасы негізінде олардан басқаны тыңдамауы. Демек, бұл санаттағы санасы уланған азаматтарға білікті теологтардан тыңдата алсақ, бірнеше дәрістерден кейін олар да түзелуі мүмкін. Ал енді бірінші санатқа қатысты мәселе өте күрделі. Бұлардың ақиқатқа бет бұрына кедергі болатын факторлар да күрделі... [221]. Біз зерделеп отырған топ осы аталғанның бірінші санатына жатады деп ойлаймын. Сондықтан бұлардың райынан қайтуы неғайбіл болып тұр. Солай бола тұра, тұрақты тұрде жүргізілген түсіндірме жұмысы және олардың отбасылық әлеуметтік қажеттіліктерін шешуге билік өкілдерінің атсалысуы райынан қайтаруға және радикалдық көңіл-күйлерін жұмасартуға себеп болары сөзсіз деп саанимыйз.



Сурет 3 – Экстремистік және лаңқестік әрекеттері үшін бас бостандығынан айырылған тұлғалар арасында жүргізілген саулнама нәтижесі

Біз дәстүрлі емес діни ағым идеясына уланған тұлғалармен, соның ішінде жастармен жұмыс барысында көптеген жайты байқаймыз. Атап айтқанда, олардың өздері шырмалған діни ағымнан шыға алмауына немесе шықпауына бір емес бірнеше фактор себеп болып жатады. Соның ішіндегі негізгі төртеуіне тоқталуды жөн көріп отырымыз.

Ең негізгі себеп, дәстүрлі емес діни ағымның жетегінде жүрген қаракөз бауырымыз өзін «ақиқат» жолында жүрмін деп есептейді. Менің жолым нағыз дұрысы, ақиредте мәңгілік бақытқа апаратын жол деп біледі [222]. Олардың көсемдері өздерінің уағыздары мен дәрістерінде осы мәселеге баса назар аударып, қайталап айта береді. Олар мұндай уағыздарында өзінің алдын ала сенімді діни ұстанымы мен көзқарасы болмаған жастарды көздейді. Сонында тыңдаушылары мен ерушілері сол идеядан басқаны мойындармайтын, қабылдамайтын халге түседі. Сондықтан оған адасып жүргені қанша айтылып ескертілгенімен, ол бұған шайтанның азғыруы, оны ақиқаттан адастырудың әрекеті ретінде қарайды.


Екіншіден, теріс ағымдардың көсемдері өздерінің ерушілеріне басқа пікірді немесе уағызшыларды, атап айтқанда, елдегі дәстүрлі діни ұстанымның өкілдерін – мешіт имамдарын тыңдауды бүрмалау арқылы шарифатқа негіздел тыйым салып тастаған [223]. Бұл деген сөз олар өз ерушілеріне жан-жақты көзқарастарды салыстыру мүмкіндігін бермейді. Нәтижесінде олар өз көсемдерінің сөзі мен пікірі ғана нағыз ақиқаттың ұшқыны деп жүре береді. Егер олар дұрыс пікір мен көзқарасқа құлақ салса, өз ұстанымдарымен салыстыра отырып, райынан қайту ықтималы күшейер еді. Бүгінде дәстүрлі ұстанымдағы мамандардың сөзі мен пікірін тыңдай білген сәләфілік бағыттағы кейбір бауырларымыздың ойларын өзгертіп жатқандары бар. Себебі ақиқат жалған пікірден әрқашан ұstem әрі ақылға қонымды болады.

Үшіншіден, тәкфирик көзқарастағы жастардың арасында жалған намысқойлығынан райынан қайта алмай жүргендер де байқалады. Себебі ол ерген ағымның идеясын ұстанатын басқа достары бар. Кеше ғана белсеніп қорғап жүрген идеяны бүгін тастайтын болса, оның достары алдында абырайсыз қалып немесе олардың тарапынан жазғырылады. Міне, осындай қофамдық-психологиялық фактордың кесірінен алған бетінен қайтпай, жастардың тілімен айтқанда өзінше «батырлық» жасаған болады. Мұның айғағын біз Атырауда қызмет етіп жүргенде көрдік. Маған дәстүрлі емес діни ағымның идеясына ерген бір жігіт келіп: «Сізге келіп сабақ алғым келеді, сіздермен бірге болғым келеді. Бірақ бұрыннан бірге келе жатқан жолдастарым түсінбей қалады. Салқын қарайды. Қысымға алуы мүмкін, сондықтан келе алмай жүрмін...», – деп жағдайын айтқан кездері де бар. Әрине, бұл жағдай дәстүрлі емес діни ағымдардың ішкі құрылымы мен көшө түсінігі секілді қалыптасқан өзара қарым-қатынастың жай-күйін көрсетеді.

Төртінші фактор, такфиризм идеясын ұстанатын ағымдардың үлкендеріне, шейхтері мен уағызшыларына байланысты деп ойлаймыз. Халық арасында «жеген ауыз ұлады» деген тәмсіл бар. Бұл ағымдардың барлығы

дерлік сырттан келіп жатқаны ақиқат. Демек, олардың қаржыландыруы бөтен елден болып отыр деген сөз. Сонымен қатар олар осы ағымның жаршысы болып жүріп іштегі кейбір қалталы азаматтарды да қаржылай пайдаланып үлгерген. Нәтижесінде, өз ағымына қаржылай кіріптар болып жүреді.

Сол сияқты мемлекеттік «Жусан» бағдарламасымен елге оралған және оңалту үдерісінен өткен әйел кісілермен де анонимдік сауалнама жүргізілді (Сурет 4). Сауалнама үлгісі қосымшада берілген (Қосымша А). Мақсаты, олардың жай-күйін анықтап, оңалту жұмыстарының берген нәтижесін байқау болды. Сондай-ақ, бұл әйелдерді радикалдық көзқарасқа жетелеген факторларды анықтау міндеттін көздедік. Сауалнамаға қатысушылардың 75%-ы діни радикалимзді діни экстремизм идеологиясына терең берілу деп санайтыны анықталды. Ал дерадикализацияны қатысушылардың барлығы сенім жүйесін өзгертумен байланыстырады. Харижилерді ислам тарихындағы ең алғашқы тәкфирлік топ ретінде таниды. Респонденттердің барлығы радикалды идеологияның тартымдылығын жеке тұлғаларға беретін құзыреттілігінде деп біледі. Жиһад ұғымын жамандықпен және адам баласының өз нәпсісімен құресуі деп көрсеткен. Қатысушылардың барлығы дінді ұстануда шектен шығуды қателік деп санайды. Исламдағы тағут сөзін шайтан деп таныстырады. Бұлардың барлығы да «тәкфир» терминін ислам шарифатында тыйым салынған күпірлікке қатысты айыптау деп есептейді. Қатысушылардың діндарлыққа бет бұруына себеп болған тұлғалар мен жағдайлар әртүрлі. Яғни 25%-ына туыстары себепші болса, енді 25%-ына жұбайлары ықпал еткен. Тағы 25%-ына таныстары мен достарының әсері болған. Қалған бөлігін өмірдегі қын сәттер дінге бет бұруға жетелеген. Оңалту жұмысының нәтижесі болуы керек, бұлар намаз оқымайтын мұсылманды күпірлікке қатысты айыптамайды. Оларды тек күнәһар мұсылман деп санайды. Аталған қорытындылар мен көрсеткіштердің негізінде «Жусан» жобасымен елге оралған және оңалту үрдісінде жүрген отбасылар радикалды райынан қайта бастады деп айтуда болады. Дегенмен сөйлесу барысында олар өздері болған аймақтағы жағдайды сыртқы ақпарат көзі және халықаралық қайымдастық өкілдері бүрмалап бейнелейді және жала жабу көптең кездеседі деген ойларын айтты. Бұл ахуал оларды шынайы оңалтуға кедергі келтіруі әбден ықтимал. Себебі сыртқы бейнеде оңалған сыңай танытса да, ішкі жандүниесі райында қалуы ғажап емес.



Сурет 4 – «Жусан» бағдарламасымен елге оралған және оқалту үдерісінен өткен әйел кісілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі

Қорыта айтқанда, елімізде, такфиризм идеясының пайда болуы мен соңғы уақытта мұсылман қоғамында етек алудының діни-теологиялық, әлеуметтік-қоғамдық, психологиялық және саяси, т.б. себептері бар. Осы тұста айта кететін өте маңызды мәселе – тәкфирлік көзқарастарының нәтижесінде діни экстремистік, радикалдық істері мен әрекеттері үшін бас бостандығынан айырылған еліміздегі тұлғалардың барлығына дерлігі – сәләфилік-уаһнабилік идеямен санауда орналасқан. Олардың көпшілігі сұхбаттасу барысында елде аталған ағымның идеологиясын насиҳаттаған Дағын Мұбаров, Х. Абдужаббаров, С. Бурятский, т.б. уағызышыларды тындау немесе солардың кітаптарын оқу арқылы дінге бет бүрғанын айтып жатады. Мұны бұрынғы ҚР Дін істері министрлігінің Басқарма басшысы Б. Мырзаев мырза өз сұхбатында айтып өтеді [224]. Олардың ешбірінің елімізде тыйым салынған «Мұсылман бауырлар» немесе «әт-тәкфир уәл-һижра» секілді діни-саяси ұйымдардың идеясын билетінін немесе көсемдерін танитынын қазірге дейін байқамадық. Соңдықтан қазіргі заманғы радикализм мен діни агрессияны көптеген сарапшы сәләфилік-уаһнабилік ағым идеологиясының әсерімен байланыстырады.

Ендігі кезекте бұл құбылыстың біздің елімізде пайда болуының себептері мен орталықтарына тоқталғанды жөн деп санаймыз. Әлемдік жағдайда такфиризм идеологиясының етек алудың жаһандану саясатының бір элементі ретінде қарастыруға болады. Соңдықтан мұндай идеялардың әлем халықтары арасында таралуы ұлттар мен халықтардың ерекшеліктерін, құндылықтарын жоюға бағытталады. Мысалы, сәләфилік ағымның идеясы «акиқат, таухид, таза ислам және Құран мен сұннет жолы» секілді ұрандардың саясында іске асуда. Осылайша, салафизм қазақ халқының және басқа да халықтардың ұлттық құндылықтарын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін шаригат шарттарымен өлшемей тұрып бидғат, ширк немесе күпір деп есептейді. Сонымен қатар бидғатқа, ширкке немесе күпірлікке қарсы бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып құресу әрбір мұсылманның парызы саналады деп үағыздайды [225]. Мұның алғышарттары қайда жатыр? Мұндай көзқарас пен қарым-қатынас қайдан бастау алады? Бұлар неге осыншалықты агрессияға берілуде?

Келесі кезекте жоғарыда айтылған талдаудың негізінде такфиризм құбылысының алғышарттарын негізгі үш бағытқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, діни-теологиялық фактор. Құрандағы аяттарды түсіну және түсіндіру мәселесінде мұсылман ғұламалары арасындағы бағыттардың көптігін айтуға болады. Құран – Алла тағала тарапынан араб тілінде түскен кітап. Мұны біз «Біз, расында оны арабша Құран етіп түсірдік...» [5, 12:2] деген аяттан көреміз. Осы аятың негізінде әhlу сунна уәл жамағат ғалымдары Құран аяттарын шарифат шарттарының шенберінде араб тілінің қолданыс ережелеріне сәйкес түсіну қажет деп есептейді. Себебі Алла тағаланың Құранды арабша түсірдік деп келтіруі бекер емес. Араб тілінде ауыспалы мағынада қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері өте көп. Біз мұны Құраннан да көреміз. Мысалы, «Янудилер Алланың қолы байлаулы деді, бірақ олардың өздерінің қолы байлаулы...» [5, 5:64] деген аят бар. Мұнда меңзелген ой тұра мағынада (хақиқа) емес. Бұл – ауыспалы (мажаз) мағынада келген аят. Ал енді Ибн Тәймия мен оның бағытын басшылыққа алушылар Құранда «хақиқамен» бірге «мажаздың» бар екенін жоққа шығарады [226, 73-75 б.]. Осылайша, Құрандағы аяттардың барлығын тек тұра мағынасында ғана түсіну қажет деп, арабтардың қолданыс ерекшеліктерін ескермейді. Ауыспалы мағынада түсінген және тәпсірлеген ғұламаларды адасушылықта немесе күпірлікте айыптайды. Шарифат қағидасы мен мақсатын таяз менгеру және сауатсыздық. Бұларды ислам ғұламаларының қойып кеткен шарттардың шенберінде менгермен тұлға өзінің адасуымен шектелмей, өзгені де адастырады. Тарихта Ибн Аббас (р.а.) харижилердің бір тобымен ғылыми тәсілмен пікір талас құрғанда, олардың 4 мыңға жуығы райынан қайтқаны айтылады [16, 2 т., 85-86 б.]. Себебі олардың негізгі кемшілігі сауатсыздық пен сана таяздығы болатын.

Тағы бір маңызды діни-рухани себеп ретінде исламдағы қасиетті жерлер – Мекке мен Медина қалаларының сәләфілік-уаһнабилікті қорғаушы биліктің қарамағында болуын айтуға болады. Себебі қарапайым мұсылмандың Мекке мен Медина қалаларына деген махаббаты, сезімі пәк екені белгілі. Міне, осы рухани құштарлық ол жақтан келіп жатқан радикалдық сипаттағы мәліметтер мен уағыз-насихатты елекten өткізбей қабылдауға апарады. Олар қасиетті өлкелердегі ғұламалардың және мамандардың қателесуі, шатасуы мүмкін емес деп ойлайды. Мұны біз елдегі аталған ағымның ерушілерінің аузынан жиестіміз.

Мұсылман қоғамында шын мәніндегі атеистік көзқарастың және риддаға аппаратын іс-әрекеттердің артуы да тәкфирлік көніл қүйді қалыптастыруға фактор болуда. Мұсылмандардың арасындағы дінге қайшы көріністердің көбеюі, БАҚ беттеріндегі материалдардың қоғамның діни талаптарын мулде ескермеуі де діндар жастарды тәкфирлік пікірге итермеледі. Олардың бойында агрессиялық және радикалдық сананың қалыптасуына себеп болды. Кейбір ғұламалар мен дін қызметкерлерінің бұл құбылыстарға немқұрайлы қарап, өз бағасын уақытында бермеуі де пайымы төмен діндар жастарды шетін көзқарасқа жетеледі [227].

Мұсылман қоғамында орта жолды ұстанатын үлгі болар діни тұлғалардың жоқтығы да діндар жастардың шетелдік діни көсемдерді үлгі тұтып, оларға еріп кетуіне тұрткі болды. Себебі белгілі біреуді өнеге тұтып, оған ұқсауға ұмтылып өмір сұру – адам баласының табиғи болмысы. Мұхиттың ар жағында уағыз жүргізіп отырған діни көсемдердің барлығы да ақ ниестте еместігі белгілі. Соның мысалы ретінде 2011-2012 жылдары еліміздің батысында лаңкестік әрекеттерге барған «Халифат әскерлері» (Жунд әл-халифат) ұйымының мүшелерін ұзақтан басқарып отырған тунистік Муаз Гарсаллауді айта аламыз [228]. Еліміздегі ракидикалды көзқарасты ұстанатын діндар жастарға билікке қарсы ұйымдастын халде қарулы қақтығыстарға шығуға пәтуа берген Әбу Мунзир әш-Шинкитиді де айтуға болады [229].

Шарифат мәтіндерінің түпкі мағынасын түсіндіру барысында бұрмалаушылыққа ұрыну. Мұның мысалы ретінде тарихтан бір оқиғаны келтірелік. Иса ибн Абурахман былай дейді: «Шағбиден Алла тағаланың «Анғам» сүресіндегі «...егер сендер оларға бойсұнсандар, мұшрік боласындар...» [5, 7:121] деген аяты туралы сұрадым. Харижилер басшыларға бағынсандар деген мағынада... түскен аят деп айтады ғой деген едім, ол кісі: «Жалған сөйлейді олар. Бұл аят мұшріктерге қатысты түскен. Олар Алла елшісінің (с.ғ.с.) сахабаларын сендер Алла өлтіргенді, яғни өлексені жемейсіндер, ал өздерің өлтіргенді жейсіндер деп жазғырды. Сол кезде Алла тағаланың аятын «Алла есімі аталмай бауыздалған малды жемендер, себебі ол күнә болады,... мұшрік боласындар...» [5, 7:121] деген сөзге дейін оқып жауап берді. Аятың мағынасы егер өлексені жессендер, оларға бойсұнсандар мұшріктерден боласындар дегенді білдіреді» деп түсіндірді» [230, 5 т., 1380-1381 б.]. Аталған оқиға бізге сол заманда аятқа бұрмалап түсіндірме беру арқылы тәкfirлік идеяға тұрткі болу құбылысының бар екенін көрсетеді.

Ислам ілімдерін терең менгерген ғұламалар ғана білетін шарифаттың нәзік мәселелерін білмеу кейбір діндарларды такфиризм дертіне шалдықтырады. Себебі ол уахи (Алла тағаланың пайғамбарларына жолдаған хабары) мәселелерін түсінбейді, мағынасы нақты аяттар (мухкам аяттар) мен бірнеше мағынаны білдіретін аяттарды (муташабиһ аяттар) ажыратпайды. Құпірлік ұғымына қатысты мәселелердің өзін менгермен болады. Бұл сипатты Пайғамбардың (с.ғ.с.) сахабаларын құпірлікте айыптаған топ – харижилердің бойынан көреміз. Пайғамбардың мына хадисінде: «...Олардың намаздарын, оразаларын көргенде, өздеріңің намаздарын мен оразаларынды түк көрмей қаласындар. Құранды оқиды, бірақ оқыған Құрандары алқымынан ары аспайды. Жебе садақтан қалай шығар болса, солай діннен лезде шығып кетеді», – делінеді [15, 6 т., 115 б.]. Демек, бұл топтың мүшелері Құранды оқиды, бірақ жүргегімен, санаасымен түсініп оқымайды. Соның себебінен қателікке бой алдырады. Олай болса, жамағаттың діни сауатын түзету және арттыру шараларын ары қарай күшету әрі жалғастыра беру өзекті болып қала бермек. Бұл міндетті атқаруда ҚМДБ-ның және оның имамдарының рөлі негізгі болатындығы белгілі.

Екіншіден, саяси-әлеуметтік фактор. Халифалыққа, яғни билікке кім лайықты деген сұрақтың айналасындағы Хазіреті Әли ибн Әбу Талиб пен Муғауия ибн Әбу Суфиянның (р.а.) арасындағы қарулы қақтығыстар тарихтағы ең негізгі саяси факторлардан болды деп айтуға болады. Себебі осы қақтығыстардың нәтижесінде харижилер пайдада болды. Олардың басшыға қатысты жеке талаптары мен көзқарастары бар еді. Сол уақыттағы халифалар олардың пікірінше билікке лайықты емес болатын. Екі тарараптың үшінші жаққа төрелікке жүгінуін діннің негізі мен иманның талабына қайшы әрекетке балады. Зұлымдық жасады деп айыптағы [231, 17-22 б.]. Адамдар діннен әділдік іздейді. Кейбір мұсылман елдердегі әлеуметтік әділетсіздік, билік органдарының қауқарсыздығынан орын алғып отырған жұмыссыздық мәселесі, т.с.с. әлеуметтік мәселелер әділдік, өзіне қамқоршы іздең жүрген қоғам мүшелерін түрлі деструктивті сипаттағы діни ағым уағызышыларының қармағына түсіріп жатыр [232]. Бұл тұста ақпараттық факторды айтпай кетуге болмайды. Такфиризм идеясын уағызыдаушылардың ақпараттық мүмкіндігі өте жоғары. Жай ғана мысал, егер бір діни мәселе бойынша интернеттен мәлімет іздеу үшін кіре қалсаңыз, жүздеген сәләфілік-уаһнабілік бағыттағы сайттар мен ресурстар шыға келеді. Оның ішінде дұрыс әрі дәстүрлі бағыттағы ақпараттар саусақпен санаңылған. Әрине, БАҚ-пен жұмыс істеу тікелей қаржылық мүмкіндікке байланысты екені белгілі. Бұл аталған діни ағым өкілдерінің артында үлкен қаржылық қолдау тұрғанын да білдіреді. Мұсылман әлеміндегі өзара қақтығыс, бірін-бірі мойындау, күпірлікке қатысты айыптау, түрлі ағымдарға бөліну және агрессиялық қарым-қатынастан кім ұтады? Бұл сұрақтың жауабын біз көп жағдайда ойлана бермейміз. Шын мәнінде, қазіргі саяси алаңда прагматикалық принцип билеп тұр. Қандай құбылыш болса да, кімнің мұддесіне саяды деген сұрақ онымен бірге жүреді. Біз осы тұста да бұл сұрақты қоюымыз қажет деп ойлаймын. Әрине, мұсылман қоғамының өзара бөлінуі, ел ішіндегі тұрақсыздық белгілі саяси тарараптардың мұддесіне қызмет етеді. Қажет болса, көп жағдайда сол саяси тарарап әртүрлі топтар мен ағымдардың шығуын өздері ұйымдастырып та отырады. Мысалы, XVIII ғасырда уаһнабілер қозғалысының ағылшын әскерінің көмегімен күш алғанын тарихшылар біледі. Сол сияқты Үндістан жеріндегі сұннетті жоққа шығаратын, тек Құранды ғана қабылдаймыз дейтін топ – құраншылардың пайдада болуын сарапшылар тікелей ағылшын отаршыларының ісі деп айтады [233, 7 т., 30-31 б.]. Дінге бет бұрған азаматтар, атап айтқанда, дәстүрлі емес діни ағымға еруші тұлғалар өз елінің билігі немесе қоғамы тарарапынан кейде орынды, кейде орынсыз қысым көріп жатады. Бұл жағдай олардың бойында ыза мен кек алу сезімін оятуы әбден ықтимал. Қысым көрсетуші тарарапты зұлымдық жасаушылар деп санайды. Бұған мысал ретінде, Египеттегі «әт-Тәкфир уә әл-нижра» ұйымының, Саид Қутуб көзқарастарының тұрмадегі көрген азаптау мен қындықтардан кейін келіп шыққанын айтуға болады. Сонын олар кек алудың түрлі жолы мен тәсілдерін қарастыра бастайды. Әрине, діни түсінік пен ұстанымдағы тұлғаның мұндай әрекеттерді діни тұрғыдан негіздел алуға

мұқтаждығы туатыны табиғи хал. Осыдан келіп, қысымшылық көрсетушілерді тек залым ғана емес, Құдайдан безгендер, кәпірлер деп бағалайды. Келесі кезекте, өздеріне олардың қанын төгу арқылы қарымта алуға рұқсат береді [227]. Жұмыссыздық пен экономикалық ахуалдың қындығы азаматтарды ашындырып, оларды радикалдық және агрессиялық пікірге жетелейді. Себебі олар қоғамдық әділдік іздең, үкімет жастарды жұмыспен қамтамасыз ету қажет деп санайды. Кімде-кім мұндай мәселеге бей-жай қарайтын болса, ол өз міндетін орындаған және үмбетің қамын жемеген болады деп ойлады. Бұл, әрине, өз кезегінде олардың бойында тәкфирлік көзқарасты туындарады [227]. Бұгінде, өкінішке орай, кейбір діни топ өздерімен келіспеген топтың барлығын құпірлікте қаралауды әдетке айналдырып алды. Қарсыластарды жазалау немесе олардың қанын төгуді осылайша ақтап әрі негізден алуға әрекет жасайды. Біз бұл жағдайды қазіргі Таяу Шығыстағы ДАИШ тобының ісінен анық көреміз. Олар өздерімен келіспеген тараптардың барлығымен дерлік соғысуды заңдастырып алу мақсатында өз қарсыластары мен пікірі қайшыларды құпірлікке қатысты айыптайды. Қазіргі таңда әлемдегі мемлекеттер, саяси жүйелер, білім беру және денсаулық сақтау жүйелерінің барлығы кәпір деп есептейді [234]. Ал бұлай ету оларға қарсы тараптардың барлығымен соғысып, қанын төгуге рұқсат беретін таяныш болады. Демек, бұл факторға қатысты негізгі жауапты тарап – мемлекеттік мекемелер деп айтуға болады. Ел ішіндегі әлеуметтік әділетсіздікті, жұмыссыздықты жою, барлық салада заңдылықты қамтамасыз ету, білім беру жүйесін дамыту т.с.с мемлекеттік деңгейдегі шараларды қабылдау қажет.

Ушіншіден, қоғамдық-психологиялық факторлар. Жастардың иманды және дұрыс көзқарастағы ортадан жырақ болуы қоғамдық-психологиялық факторға жатады. Тәрбиесі мен тәлімі оң болған ортада өскен өскелең ұрпақ агрессиялық, радикалдық және фанатистік ойлардан аулақ болады. Керісінше, егер адам баласы пікірі теріс, ниеті бұзық ортада өмір сүретін болса, оның міндетті түрде кері әсері болады. Сондықтан адам баласының өмір сүрген ортасының, отбасылық тәрбиесінің оның санасы мен көзқарастарының қалыптасуында үлкен ықпалы бар екені белгілі. Бұл жайлы хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Адам баласы өзінің жолдасының жолымен жүреді, сондықтан әркім жолдасының кім екенін дұрыстап қарасын...» [102, 4 т., 579 б.]. Сондай-ақ Әбу Қатада осы мағынада: «Өз нәпсілеріне ерушілермен бірге отырмандар, олармен дауласпаңдар. Себебі мен өздері секілді сендерді де адастыра ма немесе білгендерінен шатастыра ма деп қорқамын», – дейді [235, 55 б.]. Демек, қазақ халқының «Досыңың кім екенін айт, сенің кім екенінді айтамын» дегені сияқты, адам баласы жолдасына қарап синалады. Сондықтан радикалдық көзқарастағы ортада жүрген адам, олардан әсерленуі әбден ықтимал. Мұсылман елдердегі сауатсыздық, білім беру сапасының және халықтар мәдениетінің тәмендігі дінді атусті түсінуге және дінге санасыз үлгіде бет бұруға әкелді [222]. Діннің қоғамдағы күрделі құбылыс екені белгілі. Діни құндылықтар адам баласының жандуниеі мен санасын билеумен айналысады.

«Дін ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» деген ұлағатты сөз осыдан айтылып жүр. Егер адам баласы дін мен діни құндылықтарды ақылмен өлшеп, санамен саралап ұғына отырып қабылдамаса, қатты қателесуі мүмкін. Жастардың алдыңғы буынмен санаспай өзіндік көзқарастары мен пікірлерін қалыптастыруы, діни мәтіндерді талдаң, өз бетінше ұғынуы – такфиризм құбылысының пайда болуының алғышарты. Бұл жайлы Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жасы мен санасы кішілерден білім талап ету – қияметтің белгілері», – дейді. [236, 1 т., 612 б.]. Себебі жасөспірімдер әдетте діннің негізгі принциптері мен қағидаларын оның екінші сатыдағы тармақтарымен шатастырады. Кейбір мәтіндерді мақсатына сәйкес түсінбейді. Тек сыртқы мағынасын ғана ұғынады. Алайда олардың ықыластары мен дінге деген ұмтылышы жоғары деңгейде болуы мүмкін. Бірақ діннің қағидалары мен мақсат-мұддесін ұғынуға бұл жеткіліксіз. Тағы бір хадисте олар туралы: «Қиямет жақындағанда жас әрі санасы таяз қауым пайда болады. Алланың сөзін айтуда тырысады. Алайда олар жебенің нысананы тесіп шыққанындей, діннен тез шығып кетеді. Олардың иманы жұтқыншақтарынан ары аспайды. Оларды көрген жерде өлтіріндер. Олардың көзін жою қияметте сауап болып жазылады», – делінеді [45, 3 т., 249 б.]. Жастық және албырттық – радикалдық, тәкфирлік ұстанымдағы тұлғалардың басты сипаты. Мысалы, өткен ғасырда пайда болған әт-Тәкфир уә әл-һижра ұйымының басшысы Шукри Мұстафа радикалдық-агрессиялық көзқарастары және әрекеттерімен студенттік шағында танылдып, ерушілер ерте бастады. Сонымен қатар тәкфирлік бағыттағы топтың барлығы өздерін Құран мен сүннетті сахабалар мен табиғиндердің түсінігіне сай дінді түсінетін және ұстанатын жалғыз топ ретінде қарастырады. Осы пікірді әрдайым баса айтып, қайталай береді. Дінді бұлай ұстану немесе түсіну қарапайым діндарларды көбірек тартады. Себебі осындай бір-екі принципті жаттап алу, сақалды ұзарта өсіру және балақты қысқарта қою арқылы ол формальды түрде діни тұлғаға айналып шыға келеді [222]. Соңғы ғасырларда шаригат және діни ғылымдар салаларында сөзіне халықты ертіп, бір ауыз сезімен елді тоқтатып отыратын ғұламалар мен данышпан тұлғалар азайып барады. Дінге бет бұрған жастар ғылымды терең меңгермеген, өздерін ғалым деп есептейтін адамдардың дегенімен жүретін болып келеді. Бұл жөнінде Пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисінде былай айтылады: «Ғылым мен білімде дәрежесі жоқ кішкентай біреулерден ғылым үйрену қияметтің белгілерінен» [237, 8 т., 116 б.]. Бұл хадиске байланысты имам әл-Хатиб әл-Бағдади (1002–1071) Ибн Қутайбаның (828–889) төмендегі сөзін келтіреді: «Егер адамдар ғылымды жастардан емес, үлкен ғұламалар мен шейхтерден алса игі болады. Себебі жасы үлкен кісіде әдетте жастықтың албырттығы, қызыбалық, асығыстық және таяздық секілді кемшіліктер бола бермейді. Тәжірибесі мен көргені мол болады. Оның тәжірибелі ғалым екеніне күмән бола қоймайды. Нәпсінің арбауына ермейді. Жастарды азғыргандай, шайтан оны азғыра алмайды. Адамның жасымен бірге ұлықтық, кіслік және байсалдылық секілді қасиеттер қоса дамиды. Ал жас адамда үлкен кіслерде болмайтын мұндай кемшіліктер болуы әбден ықтимал.

Одан барып пәтуа (шариғат үкімі) сұрасаң, қате пәтуа беріп, өзін де, сені де адастыруы мүмкін» [238, 93 б.]. Тарихта бір мәселеде шектен шығу оған қарсы сипаттағы шектен шығуға себеп болған жағдайлар кездеседі. Мысалы, харижилердің пайда болуы, муржия тобының, ал жабрия тобы қадарилердің шығуына себеп болды. Сол сияқты біздің заманымызда шариғат мәселелеріне жеңіл қарау және бұрмалаушылық әрекеттер құбылысы белен алуда. Кейде Құран кәпір деп сипаттаған топтардың өзін кәпір деуге болмайды дейтін сарапшылар пайда болды. Қоғамдағы осындай ислам дінінің негіздеріне қатысты немқұрайлылық дінге ықыласы күшті жалындаған кейбір жастарды таразының екінші жағына итермелегендей болады. Атап айтқанда, оларды тәкфир ұғымын радикалды ұлгіде түсініп, іске асыруға апарады [239, 30 б.]. Аталған факторға қатысты «Отан отбасынан басталады» дейді емес пе, елімізде отбасылық институттың рухани, дәстүрлі діни әрі ұлттық болмысын нығайту қажет. Әрбір ата-ана өзінің баласының және мектептегі мұғалім-педагог шәкіртінің ортасын дұрыстаумен арнайы шұғылданбаса болмайды. Себебі, қазіргі таңда баланы отбасы немесе мектеп емес, орта тәрбиелеп жатқан жаңдай бар.

Жоғарыда аталған факторлардан басқа да себептер мен жағдайларды жалғастыра беруге болады. Себебі қазақ қоғамына қауіп төндіріп тұрған бұл құбылысқа бас ұрған әрбір тұлғаның жеке басында өзіндік себептері мен салдары бар. Елімізде агрессиялық сипат ала отырып, ұлттық мұддеге қарсы жүргізіліп жатқан мұндай үрдіс қазақ халқының ғасырлар бойы үзілмеген, өзімен бірге елді сақтап келе жатқан ұлттық және дәстүрлі діни танымы мен құндылықтарының тамырына балта шабады. Ғасырлар бойы ел мен жердің иесі болып келе жатқан ұлттың ерекшелігі жойылатын болса, жеріміз бен байлығымыздың көзделеген тараптардың уысында кетуі бек мүмкін. Себебі өз ұлты мен Отанының қадір-қасиетін жете біліп, түсінбеген ұрпақ үшін ел тізгінің өзгеге ұстата салу жаңына бата қоймайды. Діни экстремизм құбылысының артында тұрған тұрлі тараптардың мақсаты да – осы.

Қорыта келе, тәкфир мәселесінің құрделі әрі жауапкершілігі мол мәселе екенін зерттеу жұмысы барысында таныстық. «Такфиризм» құбылысын араб тілінде «Занияту тәкфир» деп атау үрдісі қалыптасты [240]. Батыс зерттеушілері бұл терминге: «Тәкфирші (арабша: تکفیری – басқа бір мұсылманды (немесе өзге ибраһимдік дін ерушісін) күпірлікте айыптаушы мұсылман», – деп ибраһимдік дін ерушісі дегенді қоса отырып анықтама береді [241]. Жоғарыда бұл құбылыстың ауыр күнә әрі мұсылман қоғамы үшін зор қауіп екені шариғат мәтіндері мен ғұламалардың пікірлеріне негізделіп сарапталды.

Бұл бөлімде күпірлік құбылысының шарифаттағы теологиялық аспектілерін, фиқхи құқықтық нормаларды және Қазақстандағы такфиризм көріністерін зерттедік. Нәтижесінде бірнеше принциптік тұжырымдарды атап өтуге болады. Атап айтқанда, Пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисінде келген ислам үмбетінің жетпіс үшке бөлінуі тұрасындағы мәлімет сенімге қатысты діни

қағидаларға қатысты шешуші мәтін болмайды. Себебі жай мутазилә мен шиғалық бағыттағы топтардың өзі хадисте аталған санның асып жатыр. Демек, тарихта және бүгінде пайда болған топтардың барлығын хадисте көрсетілген сан-мөлшердің шенберінде болады деп айту «тисе терекке, тимесе бұтаққаның» кері.

Әхлу сунна уәл жамағат ғалымдары түйіткілді аяттарды дұрыс түсіндіру жолында екі тәсілді ұстанды. Біріншіден, аятың жалпы сыртқы мағынасын түсіну. Екіншіден, аяты шартты мағынада түсіну әрі түсіндіру әдісі. Исламдағы «әл-уәлә уә әл-бара» (дос немесе дұшпан тұту) да – мұсылмандардың иманы мен діндарлығына үлкен сынақ болған мәселелердің бірі. Міне, осының ақиқатына үңіле отырып қарастырған үмбет ғұламалары Алланың кітабынан басқамен риза болмаған халде үкім ету мұсылманды діннен шығармайтынын айтады.

«Мәзһабтың лазым (міндетті) мағынасы мәзһабтың өзі емес» қағидасының негізінде мұсылманды сезінің лазым мағынасының негізінде күпірлікте айыптауға болмайды. Алайда айқын лазымның үкімі мен жөні басқа. Оны ескеру – ақыл-есі дұрыс кісілердің сезін бекер етпеу тұрғысынан лайықты әрекет. Мұсылман адамға қатысты ридда турасында үкім шығару үшін фиқір ғұламалары қойған шарттар «өзара бірауыздан келіскең және ғұламалар арасында даулы болған» екі топқа бөліп қарастырылды. Ислам ғұламалары ридданың жазасына қатысты шешімді елдің басшысы немесе оның тікелей орынбасары қабылдайтынын баса айтқан. Басшының шешімінсіз бұл жазаны өз бетінше жүзеге асыруға үзілді-кесілді тыйым салынады. Фиқір ғалымдары діннен шыққан кісіні тәубеге шақыру (истітәбә) қажеттігіне өзара келіскең. Демек, ислам шаригаты адамға өз қателігін түзетуге барынша мүмкіндік беру принципін ұстанады. Мүмін күпірлікке жатпайтын қандай ауыр әрі үлкен күнә жасаса да иманынан айырылмайды, мүмін болып қалады. Ол ақиредте күнәсінің жазасы ретінде тозаққа кіріптар болған күннің өзінде, онда мәңгілікке қалмайды. Сол сияқты күнәшар мүмін ретінде пайғамбардың (с.ғ.с.) шапағатынан үміт етуіне болады.

Араб түбегінде XVIII ғасырда өмір сүрген Ибн Абдулуахабтың тәлімі қазақ қоғамында такфиризм құбылысының орын алуына себеп болған негізгі діни фактор деп сенімді айта аламыз. Мұны жүйелі зерттеулердің нәтижесінде еліміздің көптеген сарапшысы айтып өтеді. Біз дәстүрлі емес діни ағым идеясына уланған тұлғалардың райынан қайтуына кедергі болатын факторлар анықталды. Оларды жоюға қатысты ұсыныстар берілді. Экстремистік және лаңкестік әрекеттері үшін бас бостандығынан айырылған тұлғалардың тоғыз критерий бойынша әлеуметтік-психологиялық және қоғамдық-рухани портреті жасалды. Такфиризм құбылысының алғышарттарын діни-теологиялық, саяси-әлеуметтік және қоғамдық-психологиялық секілді негізгі үш бағытқа бөліп қарастырылған.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі әлем дінаралық немесе діни негіздегі түрлі деңгейдегі шиеленістер мен текетірестерге күә болып отыр. Осындай шиеленісті ахуалдың қатысуышысы әрбір діни топ немесе ағым түрлі діни ұрандар арқылы әлемді мәнгілік бақыт пен игілікке бастайтынын алға тартады. Олар шынайы діни құндылықтардың шенберінде емес, керісінше діннің атын жамылған немесе діни ұғымдарды негізгі дұрыс түсінігінен бұрмалаған жағдайда әрекет етуде. Қоғамдағы адам психологиясына кері әсерін тигізіп, оның тұла бойын қоршаған ортасына қарсы өшпенділікке тәрбиелейді. Мұның нәтижесінде өзінің ағымдас қолдаушыларынан басқа ұстанымдағы адамдардың барлығын, соның ішінде туыстарын, ата-анасын діни тұрғыдан адасқан, кәпір, тозақы деп танып, олардан безу үрдісіне ұрынады. Дәстүрлі емес діни ағым жақтаушысының мұндай көзқарасы ел ішіндегі қоғамдық-туыстық қатынастарды ыдыратып, оның құлдырауына апарып соғады. Бұл өз кезегінде қоғам институтының әлсіреуіне және оның құндылықтарының жоғалуына себеп болып, сондай-ақ мемлекет қауіпсіздігі мен оның болашағына қатер төндіреді. Бұл құбылыс дінді үлкен саяси құрал етіп отырған тараптардың бар екенін көрсетеді.

Сондықтан аталған құбылыстардың негізгі факторы – такфиризм проблемасын ғылыми-теориялық және діни-практикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Диссертациялық жұмыста аталған проблемаға қатысты мәселелер жан-жақты сараланып, талданды. Бірінші тарау құпірлік құбылысының генезисі, діни нормативтік шарттары, тұлғадағы психо-теологиялық категорияларын, такфиризм идеологиясының қалыптасуы мен таралуының алғышарттарын зерттеуге арналды. Тәкфирлік ағымдардың пайда болуына діннің негіздеріне, басшылыққа (имамат), үлкен күнә, т.с.с. мәселелерге қатысты діни-сенімдік көзқарастар мен қорытындыларға қатысты келіспеушіліктер ықпал етті. Сондай-ақ исламды қабылдаған түрлі ұлттар мен ұлыстар, бұрын христиан, яғуди, мәжуси, т.с.с. өзге діннің өкілдері болған тұлғалар Құран аяттары мен сұннет мәтіндеріне әртүрлі бағытта түсіндірмелер жасады. Өкініштісі, әрбір топ абсолюттік ақиқаттың иесі деп тек өзін жариялады. Міне осының салдарынан исламға қатысты шииттер, мутазилә, каррамилер, муржилер, қадарилер, т.с.с. топтардың арасында бірін-бірі құпірлікте айыптау үдерісі белең алды.

Құпірлік ұғымының антонимі «иман» доктринасының түпкі мән-мазмұны ашылып, оған қатысты ислами топтардың арасындағы айырмашылықтар мен өзара қайши көзқарастары компаративистикалық тәсілмен талданды. Иман ұғымының барша тараптарға ортақ негізгі мәні – жүрекпен растау екені тұжырымдалды. Ислам ғалымдарының басым көпшілігінің көзқарасы бойынша діни амалдардың иман ұғымының өзегіне кірмейтіндігі дәлелденді. Иман мен ізгі амалдың ара-жігі ажыратылды. Бұл тұжырымға тиісті негіздемелер келтірілді. Жеке ұғымдар екені дәлелденді. Сәләфтің «Иман – жүрекпен растау, тілмен бекіту, дene мүшелерімен амал ету» дегені иманды бөлшектеу емес.

Бірнеше дүниеден құралатын нәрсенің кейбірі жоғалғанда, оның өзі толығымен жоғалмайды.

Иbn Тәймияның бұрын-соңды болмаған тәсілмен «таухид» ұғымын үшке бөліп қарау тәсілі ғылыми-теологиялық тұрғыдан сыналды. Бұлай бөлудің тақфиризм құбылысына апарып соғатыны дәлелдедік. Себебі ол «таухид улухия» мен «таухид рубубияны» қалыптастыру арқылы, өз көзқарасымен келіспеген мұсылмандарды тек «рубубины» ғана мойындайды деп пікір түйді. Келесі кезекте «улухияны» мойындаған адам күпірлікке ұрынады деп айыптады.

Діндегі «мұшрік» деген атаудың кімдерге айтылатыны талданды. Бұл турасында ғалымдар яһудилер мен насранилерді кәпірлер деп атауға өзара келіскең. Алайда оларды мұшріктер деп атауға қатысты өзара келісім жоқ. Кітап иелерінен басқа кәпірлерді мұшріктер деп атауға ғұламалар арасында бірауыздан келісім бар екені қозғалды. Сондай-ақ «зәндақа» ұғымына қатысты ғалымдардың ұстанымдары зерттелді. Оның бір түрінің әлемнің жаратушысын толығымен жоққа шығаратын және ақиредті рационалдық және физикалық контекспен де мойындағытынын анықтадық. Ал келесі бір түрі пайғамбарлардың хабарын жартылай растайды. Жаратушыға жалпы сипатта сенеді. Алайда, оның кемел әрі шексіз сипаттарын қабылдамайды. Ақиредті рационалдық-рухани тұрғыдан ғана бар деп есептейді. Адамдардың ақиредте физикалық тұрғыдан жазалануын жоққа шығарады.

Құранның бірнеше аятында айтылған «илхад» сөзінің мәні мен мағыналарын ғұламалар мен мамандардың көзқарастары негізінде нақтыладық. «Илхад» ұғымының тек құдайсыздық, дінсіздік (атеизм) деген ұғымдарды ғана білдірмейтіні көрсетілді. Ислам ғұламалары «күпірлік» ұғымын Құран аяттары мен Пайғамбар (с.ғ.с.) сұннетіне негіздей отырып түсіндіреді. Осының негізінде, диссертацияда күпірлік пен кәпір ұғымдарының типологиясы мен категориялары қалыптастырылды. Күпірліктің негізгі алты категориясын қарастырып, талдау жасалды.

Ислам ғұламалары анық айғақ немесе сенімді негіз болмаса, күпірлікте айыптауға қатаң шектеу қойды. Мұмін-мұсылман пендені кәпірге шығару жала жабу мен жалған сөйлеуден ауыр күнә болып саналды. Бұл тұрғыда ислам ғұламалары өздерінің пікірлері мен көзқарастарын нақты айтып өткен. Себебі біреуді күпірлікте айыптау – оның ар-намысына тиу. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қоштасу қажылығында мұсылманның ар-намысына тиодің харам екенін баса айтты. Хадисте «Шын мәнінде, сендердің қандарың, малдарың, ар-намыстарың бүгінгі күн және осы ай секілді бір-біріңе харам...» деп келген [15, 2 т., 191 б]. Сондай-ақ Алланы бір деп танып, пайғамбарлықты мойындаған тұрған мұмінді болмашы қателік ісі үшін күпірлікке қатысты айыпта, исламның шенберінен шығару – үлкен күнә. Әсіресе, ол исламның парыздарын орындаған, үлкен күнәлардан жырақ жүрсе әрі оның бойында исламға шынайы ниетін көрсететін белгілер болса. Демек, күпірлікке қатысты айыптау – шариғи үкім. Сондықтан ешбір нақылсыз немесе айғақсыз бір тұлғаның күпірлігіне

қатысты байлам жасауға тыйым салынады. Мұсылмандың қанын адал етуге және онымен достық қатынасты үзуге қатысты болғандықтан, білімсіз күпірлікке қатысты айыптау – қоғам үшін ең қауіпті үрдістердің бірі. Бір мұсылманды күпірлікке қатысты қаралау оның мал-мұлкін тәркілеуге, қанын төгуге және мәңгілік тозаққа кіріптар болуға апарып соқтыратын шариғаттың үкімі екені дәлелденді.

Тарихтағы такфиризм құбылысының айқын көрінісі ретінде харижилер ағымы танылады. Бұл топтың пайда болу себептері мен олардың радикалдық көзқарастарын зерделедік. XVII-XVIII ғасырларда бұлардың жолын жалғастыруши ретінде сәләфілік-уаһнабілік ағым қарастырылды. Бұл топтың негізін қалаушы Мұхаммед ибн Абдулуаһнаб әт-Тәмимидің радикалдық және тәкфирлік сипаттағы діни көзқарастарын оның «Кәшф әш-шубуһат» (Күмәндарды әшкереleу) трактаты бойынша сарапталып, қауіп-қатері көрсетілді. Оның пікірлері ислам әлеміндегі заманауи такфиризм құбылысына негіз болғандығы фактілермен дәлелденді. Ислам ғалымдары мен зерттеушілер такфиризм мәселесін қарастырғанда сұнниттік бағыттағы топтар мен ағымдарды қамтиды. Алайда шииттік бағыттың радикалдық және тәкфирлік көзқарастары қағыс қалып жатады. Осы олқылышты толықтыру мақсатында зерттеу жұмысы барысында имамиттік шиизмнің түпнұсқа еңбектеріндегі мәтіндерге негізделе отырып, аталған бағыттың идеологиясындағы тәкфирлік идеяның алғышарттарын сараладық.

Ислам ғұламалары шариғат мәтіндерін жүйелі түрде зерттей келе қалыптастырған қағидалардың бірі – Мұхаммед (с.ғ.с.) ұмбетінің ақиқатқа қарсы пікірде болған «құбыла иелерінің» ешбірін күпірлік қатысты айыптамау. «Құбыла иесі» деген ұғымның мәні-мағынасы нақтыланды. «Құбыла иесі» деп лингвистикалық тұрғыда Қағбаға қарап намаз оқушыға немесе оны құбыла деп санайтын кісіге айттылады. Ал кәләм ғалымдарының ұғымында, ол – діндегі дарурияттарды растайтын адамға айттылады. «Құбыла иесін» күпірлікке қатысты айыптамау қағидасының аясында ғұламалар арасында талқыға түскен алты ахуал баяндалып, негіздемелерін келтірілді. Олардың ішіндегі «дінде үкімі міндетті түрде жалпыға белгілі болған үкімдерді растаушы құбыла иелерінің ешбірін күпірлікке қатысты айыптамау» деген көзқарасқа негіздей отырып басымдық берілді.

Мұсылмандардың арасында сенімдік тұрғыдан дау-дамай тудырған кейбір мәселе бар. Мұндай өзара келіспеудің салдары оларды өзара күпірлікке айыптасуға жетеледі. Сол мәселелердің ішінде, «тәжсім, қидамул ғалам» ұғымдарын атап айтуға болады. Тажсім көзқарасын ұстанушылардың (мужассима) Алла тағаланы физикалық дене, басқа денелерге ұқсамайтын дене және басқа денелер секілді дене деп сипаттайтын санаттарын шариғи үкімдерімен қоса түсіндірдік. Ислам тарихында «тажсім» көзқарасымен танымал болған Ибн Тәймияның пікірлерін оның кітабы негізінде талдап, ұстанымдары мен көзқарастарының адасушылық екені көрсетілді.

Күпірлікке қатысты айыптау үрдісі ислам шариғатында нақты белгіленген әрі қатал сақталатын критерийлер мен принциптер негізінде жүзеге асады. Оларды негізгі үш санатқа бөліп қарастырдық. Атап айтқанда, 1. дінде үкімі жалпыға белгілі әрі міндettі болған мәселені жоққа шығару; 2. дінде ұлықтаған нәрсені кемсіту; 3. дінде дәріптелген нәрсені жек көру. Бұл критерийлерге жетерліктей талдау жасалып және түсіндірмелер жасалды.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауында дінтану ғылымы саласындағы күпірлікке қатысты исламдық құқықтық нормалардың ерекшеліктері, Қазақстандағы күпірлік құбылысы, тарихы, болмысы, мәзhabтық-идеологиялық ерекшеліктері мен салдары талданды. Екінші тарау бойынша төмендегілер түйінделді.

Діни мәтіндерді интерпретациялау барысында оның мазмұны мен мақсатын бұрмалауға апаратын негізгі себептерді сараладық. Солардың ішінде, тарихилық тәсіл мен герменевтикалық әдісті ислами мәтіндерді түсіндіру барысында қолданудың қаупі баяндалды. Себебі бірінші тәсіл шариғаттың қолданысын тек Пайғамбар заманымен шектеп қоюға апарды. Ал соңғысы мәтіннің мақсат-мұддесін оқырманның немесе интерпретатордың түсінігіне тәуелді етеді.

Ислам ғұламалары «тәкфир» үрдісіне қатысты сақталуға тиіс шарттармен қатар, кейбір қағидалық мәселелерді қалыптастырыған. Оларды сақтамаған тұлға үрдісті іске асыру барысында қателікке ұрынады. Солардың ішінде:

- күпірлікке қатысты айыптауда сөз иесі мен сөзге үкім берудің айырмашылығын ажыратып білу қажет. Себебі адам баласы кейде өзі көкейіне түйіп, нанбайтын сөзді тілімен айтуы мүмкін. Мұндай жағдайда оған қатысты күпірлік үкімін шығару – қателік әрі зұлымдық. Мұнымен қатар «Мәзhabтың лазым мағынасы мәзhabтың өзі ме?» қағидалық проблемасы толық сарапталды;

